ҚР ҰКП НПП РК
АТАМЕКЕН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

БЕКІТЕМІН
Басқарушы директор –
Адами капиталды дамыту
департаментінің директоры
_____ А.А.Бейсенбенов
«12» _____12_____2025 ж.

«Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі» мемлекеттік мекемесімен 2025 жылғы 24 қыркүйектегі №84 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартына сәйкес білім беру бағдарламаларының рейтингін қалыптастыру бойынша

ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕП
(3 ТОМ)

Астана қаласы, 2025 жыл

МАЗМҰНЫ

1. Аббревиатуралардың толық жазылуы…… 3
2.Шартқа қосымшада көрсетілген критерий атауларының ұсынылған есептегі қысқартылған атаулары……. 4
3. «Стоматология» білім беру бағдарламалары бойынша есеп …….. 5

4.«Сәулет» білім беру бағдарламалары бойынша есеп …..……. 36
5. «Сәулеттік дизайны» білім беру бағдарламалары бойынша есеп ….……... 70
6. «Графикалық дизайн» білім беру бағдарламалары бойынша есеп …… 98
7. «Сән дизайны» білім беру бағдарламалары бойынша есеп …….. 126
8. «Дизайн» білім беру бағдарламалары бойынша есеп …… 156
9. «Аграрлық техника және технология» білім беру бағдарламалары бойынша есеп ……... 197
10.«Бейнелеу өнері және сызу (білім беру)» білім беру бағдарламалары бойынша есеп ……... 226
11.«Жалпы медицина» білім беру бағдарламалары бойынша есеп …… 268
12.«Бастапқы әскери дайындық» білім беру бағдарламалары бойынша есеп ……. 304
13. «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламалары бойынша есеп …….. 340
14. «Аспап жасау» білім беру бағдарламалары бойынша есеп …….. 367
15. «Дінтану» білім беру бағдарламалары бойынша есеп …….. 398
16.«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім беру бағдарламалары бойынша есеп …….. 426

АББРЕВИАТУРАЛАРДЫҢ ТОЛЫҚ ЖАЗЫЛУЫ

«Атамекен» ҰКП	– «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы
ҚР ҒЖБМ	– Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
ББ	– білім беру бағдарламасы
ЖЖОКБҰ	– жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары
ЖОО	– жоғары оқу орнынан
ҰБТ	– ұлттық бірыңғай тестілеу
ПОҚ	– профессор-оқытушылар құрамыны
ЭПК	– элективті пәндер каталогы
МББ	– модульдік білім беру бағдарламасы
т.б	– тағы басқалары
IAAR	– Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі;
FIBAA	- Foundation for International Business Administration Accreditation;
IQAA	- Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі;
ASIIN	- Accreditation Agency for Degree Programs in Engineering, Computer Science, Science and Mathematics;
ABET	– Инженерлік және технологиялық бағдарламаларды аккредиттеу жөніндегі кеңес;
ACQUIN	- Accreditation, Certification and Quality Assurance Institute;
ARQA	- Аккредиттеу және білім беру сапасын сараптау тәуелсіз агенттігі;
MusiQuE	- Music Quality Enhancement;
ECAQA	- Білім беруді, денсаулық сақтауды сапамен қамсыздандыру және аккредиттеудің еуразиялық орталығы;
CAAAE	- Орталық Азия білім жүйесін аккредиттеу қауымдастығы;
ACBSP	– Бизнес мектептері мен бағдарламаларын аккредиттеу кеңесі;

Шартқа қосымшада көрсетілген критерий атауларының ұсынылған есептегі қысқартылған атаулары

№	Шарттағы атауы	Есептегі атауы
1	Білім беру бағдарламасын жұмыс берушілермен әзірлеу немесе келісу туралы мәліметтерді талдау	Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен әзірлеу және келісу
2	Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау	Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау
3	Тиісті сала бойынша профессорлық-оқытушылар құрамынан (ПОҚ) практиктерді оқу процесіне тарту туралы мәліметтерді талдау	Профессор-оқытушылар құрамының практикалық жұмыс тәжірибесі
4	ПОҚ сапасын талдау (студенттер мен оқытушылар арақатынасы (1 оқытушыға шаққандағы студенттер саны), ғылыми дәрежесі бар оқытушылардың үлесі);	Профессор-оқытушылар құрамының жетістіктері, ЖЖОКБҰ студенттері мен оқытушыларының арақатынасы, Дәрежелі оқытушылардың үлесі
5	Білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредиттеуден өтуі туралы мәліметтерді талдау	Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу
6	Білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түскендердің орташа ҰБТ балын талдау	Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы
7	Академиялық ұтқырлық шеңберінде білім алған студенттердің үлесі туралы мәліметтерді талдау	Академиялық ұтқырлық
8	Білім беру бағдарламасы бойынша оқып жатқан шетелдік студенттердің үлесі туралы мәліметтерді талдау	Шетелдік студенттердің үлесі
9	Магистратура мен резидентурада оқуын жалғастырған түлектердің үлесі туралы мәліметтерді талдау	Магистратурада/резидентурада оқуды жалғастырған түлектердің үлесі
10	2024 жылғы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін 2000 білім беру бағдарламасы бойынша түлектердің зейнетақы аударымдарының болуы немесе болмауы бойынша талдау	Түлектердің мансаптық перспективалары
11	Білім беру бағдарламаларын бағалауды талдау	Білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау

6В10110 Стоматология даярлау бағыты
ВМ087 Стоматология білім беру бағдарламасы тобы
«Стоматология» білім беру бағдарламасы бойынша
рейтингіні қалыптастыру есебі

Кіріспе

Қазақстанның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі экономиканың түрлі салалары үшін жоғары білікті мамандарды даярлауда шешуші рөлдердің бірін атқарады. Еңбек нарығының қарқынды дамуы мен халықаралық интеграция жағдайында білім беру сапасы ғана емес, сонымен қатар білім беру бағдарламаларының қазіргі заманғы сын-қатерлерге бейімделу қабілеті де маңызды. Білім беру мекемелері жұмысының тиімділігін бағалаудың маңызды құралы - мамандарды даярлау деңгейін, түлектердің бәсекеге қабілеттілігін және білім беру бағдарламаларының сапасын объективті бағалауға мүмкіндік беретін рейтингілер жасау.

Бұл есепте 2025 жылғы Қазақстанның жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі – ББ) талданады. Осы талдау шеңберінде түлектердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға және олардың еңбек нарығындағы сұранысына әсер ететін негізгі көрсеткіштер бойынша ББ кешенді салыстырмалы шолу жүргізілді.

Білім беру бағдарламаларының рейтингін қалыптастыру үшін негіздеме:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы.

2. «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы.

3. «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімшелеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығы.

4. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және білім беру жүйесіне тексеру парақтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы №166 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы №116 бірлескен бұйрығы.

Бұл есептің мақсаты – білім беру бағдарламаларына жан-жақты талдау жүргізу және осы талдау негізінде қорытынды рейтинг жасау. Рейтинг жасау барысында білім беру процесінің барлық маңызды компоненттерін қамтитын

әртүрлі критерийлер тобы ескерілді. Олардың ішінде: білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері және түлектердің мансаптық перспективалары. Бұл блоктардың әрқайсысы жалпы рейтингте белгілі бір салмаққа ие, бұл бағалауды мүмкіндігінше объективті және жан-жақты етуге мүмкіндік береді.

Бұл есептің негізгі міндеті – білім беру бағдарламаларының жағдайы туралы нақты және құрылымдық түсінік беру. «Стоматология» ББ бойынша 2025 жылғы рейтингке 9 ЖЖОКБҰ қатысты (1-қосымша).

1 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларының деректерін талдау

1.1 «Білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.1.1 «Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен әзірлеу және келісу» критерийі

ББ мазмұнын болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі мен бәсекеге қабілеттілігінің тиімділігін арттыру үшін әлеуетті немесе негізгі жұмыс берушілермен келісу қажет. Жұмыс берушілер білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде ұсыныстар, пәндердің мазмұнына өзгерістер енгізе алады, сондай-ақ зерттелетін тақырыптар мен материалдардың өзектілігі бойынша ұсыныстар мен ескертулер бере алады. Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен келісу түлектердің табысты жұмысқа орналасуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады.

ЖЖОКБҰ бұл критерий бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған ББ бойынша құжаттардың мынадай тізбесін ұсыну қажет: модульдік білім беру бағдарламасы (МББ), элективті пәндер каталогы (ЭПК), жұмыс берушіден хат, келісу хаттамасы, жұмыс берушінің рецензиясы, ұсынымдық хат, анықтама-негіздеме, ББ сараптамасы.

Осы критерийді есептеу кезінде ББ келісуге қатысатын жұмыс берушілердің санына басты назар аударылды. Бір мамандықтағы жұмыс берушілер әр түрлі болуы мүмкін, сәйкесінше, жұмыс берушілер саны неғұрлым көп болса, жұмыс ерекшеліктерін ұсыну туралы көзқарастар мен пікірлер соғұрлым көп болады.

1-кесте. «Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен әзірлеу және келісу» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ келісілген жұмыс берушілер саны	Балл
1	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	26	**5,00**
2	Семей медицина университеті	14	**3,00**
3	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	9	**2,17**
4	Қарағанды Медицина Университеті	7	**1,83**
5	Астана медицина университеті	5	**1,50**
6	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	5	**1,50**
7	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	4	**1,33**
8	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	2	**1,00**
9	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	2	**1,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

1-кестеде осы критерий бойынша нәтижелер берілген: С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті, Семей медицина университеті жетекші орынға ие болды, өйткені олардың білім беру бағдарламалары жұмыс берушілердің ең көп санымен келісілген.

1.1.2 «Профессор-оқытушылар құрамының практикалық жұмыс тәжірибесі» критерийі

Профессор-оқытушылар құрамының (ПОҚ) практикалық жұмыс тәжірибесі білім беру үдерісі сапасының маңызды құрамдас бөлігі. Тиісті кәсіби салада нақты тәжірибесі бар оқытушылар студенттерге пән туралы тереңірек және қолданбалы түсінік бере алады. Олар оқу процесіне практикадан, қолданылатын әдістер мен технологиялардан өзекті мысалдар келтіре алады, бұл студенттерді кәсіби қызметке неғұрлым тиімді дайындауға ықпал етеді.

Сонымен қатар, оқытушылардың практикалық тәжірибесі оларға саланың қазіргі тенденцияларын жақсырақ бағдарлауға және оқу бағдарламаларын еңбек нарығының өзгеретін талаптарына бейімдеуге мүмкіндік береді, осылайша түлектердің жоғары бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

ББ бойынша осы көрсеткішті анықтау үшін мынадай құжаттар талап етілді: ЖЖОКБҰ кадрлар бөлімінен оқытушылардың жұмыс өтілі туралы бекітілген анықтама.

2025 жылғы рейтинг әдістемесіне сәйкес 2010 жылғы 1 қаңтар мен 2025 жылғы 1 мамыр аралығында практикалық тәжірибесі бар оқытушылар есепке алынады.

2-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының практикалық жұмыс тәжірибесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Практикалық жұмыс өтілі бар оқытушылар саны (айлар)		Балл
		саны	өтілі	
1	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	136	17342	**4,92**
2	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	51	5307	**4,42**
3	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	32	3019	**3,68**
4	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	3	396	**2,76**
5	Қарағанды Медицина Университеті	23	1551	**2,10**
6	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	11	252	**0,78**
7	Семей медицина университеті	0	0	**0,00**
8	Астана медицина университеті	0	0	**0,00**
9	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	0	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

2-кестеден көріп отырғанымыздай, рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ-ның көпшілігінде ЖЖОКБҰ құрылымынан тыс жұмыс тәжірибесі бар оқытушылар бар. Бұл критерийдің көшбасшылары: С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы.

1.1.3 «Профессор-оқытушылар құрамының жетістіктері» критерийі

«Профессорлық-оқытушылық құрамның жетістіктері» критерийі білім беру бағдарламаларының сапасын бағалауда маңызды рөл атқарады, өйткені ол білім беру процесіне қатысатын мұғалімдердің кәсібилігі мен құзыреттілігінің деңгейін көрсетеді. Рейтинг әдіснамасына сәйкес, бұл критерий соңғы жылдардағы профессорлық-оқытушылық құрамның жетістіктерін жан-жақты бағалауға мүмкіндік беретін бірнеше ішкі критерийлерді қамтиды.

Атап айтқанда, 2015-2025 жылдар аралығында «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағына ие болған оқытушылар есепке алынады, бұл олардың педагогикалық еңбегін ЖЖОКБҰ деңгейінде мойындағанын көрсетеді. Сол кезеңде «Үздік ғылыми қызметкер» атағын алған ПОҚ да ескеріледі, бұл олардың ғылыми зерттеулерге және академиялық қоғамдастықтың дамуына қосқан үлесін көрсетеді.

3-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының жетістіктері» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атанған ПОҚ саны	«Үздік ғылыми қызметкер» сыйлығының иегерлері	Балл
1	Астана медицина университеті	2	0	**2,50**
2	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	1	0	**1,25**
3	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	1	0	**1,25**
4	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	1	0	**1,25**
5	Семей медицина университеті	0	0	**0,00**
6	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	0	0	**0,00**
7	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	0	0	**0,00**
8	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	0	0	**0,00**
9	Қарағанды Медицина Университеті	0	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

3-кестеден көріп отырғанымыздай, осы критерий Астана медицина университеті, жетекші орын ие болды.

1.1.4 «Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу» критерийі

Білім беру және кәсіптік ұйымдардың бағдарламаны аккредиттеуі бағдарламаның жоғары сапа стандарттарына сәйкестігінің көрсеткіші және оны ұлттық және халықаралық деңгейде тану және мойындау ретінде қарастырылады.

Дәл осы себепті ББ-ның мамандандырылған аккредиттеуден өткені туралы сертификаты сұралды. Бұл критерий бойынша балл білім беру бағдарламасы аккредиттеуден өткен мекеме мен аккредиттеуден өткені туралы сертификаттың жарамдылық ұзақтығына байланысты есептелді.

Ұсынылған мәліметтерге сәйкес, «Стоматология» ББ бойынша рейтингке қатысатын 9 ЖЖОКБҰ-ның 9 мамандандырылған аккредиттеуден өткен.

4-кесте. «Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Аккредитациялық орган атауы	Балл
1	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	IAAR + ECAQA	**5,00**
2	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	IAAR	**3,49**
3	Астана медицина университеті	IAAR + ECAQA	**3,49**
4	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	ECAQA	**3,20**
5	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	IQAA	**3,14**
6	Қарағанды Медицина Университеті	IAAR	**3,14**
7	Семей медицина университеті	IAAR	**3,09**
8	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	IAAR	**2,91**
9	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	IAAR	**1,75**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

4-кестеге сәйкес, осы критерий бойынша келесі ЖЖОКБҰ алдыңғы қатардан көрінді: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

1-диаграмма. Аккредиттеу органдары бөлінісіндегі аккредиттелген білім беру бағдарламалары



Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

1-диаграммадан көріп отырғанымыздай, 9 ББ-ның 7-і IAAR Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі, аккредиттеуден өткен.

1.1.5 «Білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау» критерийі

Тиісті салалардан сарапшыларды тарту арқылы білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау білім беру сапасын қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылады. Кәсіби саласында терең білімі мен тәжірибесі бар сарапшылар оқу бағдарламаларының еңбек нарығының заманауи талаптары мен кәсіби стандарттарға қаншалықты сәйкес келетінін объективті бағалай алады. Олар мазмұндағы олқылықтарды анықтап, оқу жоспарларын жаңартуды және жаңа пәндерді немесе оқыту әдістерін енгізуді ұсына алады. Мұндай сараптамалық бағалау білім беру мекемелеріне бағдарламаларды өзгермелі жағдайларға бейімдеуге, мамандарды даярлауды жақсартуға және соның салдарынан түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектеседі. Сарапшыларды тарту сонымен қатар білім беру жүйесі мен индустрия арасындағы байланысты нығайтады, бұл жұмыс берушілердің қажеттіліктерін жақсы түсінуге және білім беру бағдарламаларының практикалық маңыздылығын арттыруға ықпал етеді.

Сарапшылардың ББ бағалауы мынадай критерийлер бойынша жүргізіледі:

1) ББ-ның тәжірибеге бағдарлануы – ББ-ның білім мен дағдыларды практикалық қолдануға қаншалықты бағытталғанын бағалау;

2) Пәндердің берілген оқу нәтижелеріне логикалық өзара байланысы және сәйкестігі – бағдарлама ішіндегі пәндер бір-бірімен және оқытудың соңғы нәтижелерімен қалай байланысты екенін талдау;

3) Пәндерді оқыту кезегінің мәнділігі/қисындылығы – бағдарламаның логикалық құрылымын, пәндердің қаншалықты материалды жақсы игеруге ықпал ететін ретпен ұйымдастырылғандығын бағалау;

4) ББ мазмұнының кәсіптік стандарттарға және/немесе еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі – ББ-ның осы саладағы қолданыстағы кәсіби стандарттарға (олар бар болған жағдайда) және (немесе) қазіргі еңбек нарығының талаптарына қаншалықты сәйкес келетіндігін бағалау;

5) Элективті пәндер каталогы (ЭПК) және оның мәні – ББ икемділігі мен бейімділігін бағалау: элективті курстардың кеңдігі мен әртүрлілігі, сәйкес бағыттар мен мамандықтарды таңдау мүмкіндігі, студенттердің қажеттіліктері мен еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі, тәжірибеге бағытталған және инновациялық курстардың болуын бағалау.

ББ мазмұнын бағалау жүйесі келесі диапазондар бойынша бөлінеді:

- Өте жақсы – 9-10 балл арасы;
- Жақсы – 6-8 балл арасы;
- Қанағаттанарлық – 4-5 балл арасы;
- Қанағаттанарлықсыз – 0-3 балл арасы.

5-кесте. «Білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Сарапшының орташа бағасы	Балл
1	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	7,92	**3,96**
2	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	7,75	**3,88**
3	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	7,50	**3,75**
4	Семей медицина университеті	7,08	**3,54**
5	Астана медицина университеті	7,08	**3,54**
6	Қарағанды Медицина Университеті	7,08	**3,54**
7	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	6,58	**3,29**
8	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	6,50	**3,25**
9	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	6,50	**3,25**

Дереккөз: «Атамекен» ҰКП мәліметтері

5-кестеде ББ мазмұнын сараптамалық бағалаудың қорытындысы ұсынылған, оған сәйкес жетекші орын мынадай ЖЖОКБҰ иеленді: С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті.

1.2 «Білім беру бағдарламасының жетістіктері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.2.1 «Академиялық ұтқырлық» критерийі

ЖЖОКБҰ студенттерінің белгілі бір уақыт кезеңіне елден тыс басқа білім беру немесе ғылыми мекемеге ауысуы студенттің жеке дамуы үшін маңызды және оған мәдени байуға мүмкіндік береді, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің тиімділігін, түлектердің отандық және халықаралық еңбек нарықтарындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады, жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының тәжірибесін зерделеу және игеру есебінен кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіреді және т. б.

ЖЖОКБҰ да академиялық ұтқырлық бағдарламасын іске асыруды талдау мақсатында оқу орындарынан мынадай құжаттар талап етілді:

- академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде студенттерді шетелдік оқу орындарына жіберу туралы ректор бұйрығының көшірмесі;
- академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде шетелдік оқу орындарының студенттерін қабылдау туралы ректор бұйрығының көшірмесі.

ЖЖОКБҰ академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде ұсынылған құжаттарды «Атамекен» ҰКП менеджерлері талдап, келесі қорытындылар жасады:

6-кесте. «Академиялық ұтқырлық» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ контингенті	Академиялық ұтқырлық бағдарламаларын қолданған білім алушылар саны	Балл
1	Қарағанды Медицина Университеті	838	58	**5,00**
2	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	509	16	**2,27**
3	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	1635	48	**2,12**
4	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	1189	13	**0,79**
5	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	626	3	**0,35**
6	Астана медицина университеті	1590	4	**0,18**
7	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	964	1	**0,07**
8	Семей медицина университеті	860	0	**0,00**
9	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	349	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

6-кестеде ұсынылған деректерге сәйкес, жоғары көрсеткішті Қарағанды медицина университеті көрсетті.

1.2.2 «Білім алушылардың ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары» критерийі

Қазіргі уақытта нарықтағы технологиялық даму ЖЖОКБҰ-да тиімді ғылыми-зерттеу процесін ұйымдастыруды талап етеді, тек жаңа білімді дамытуды ғана емес, сонымен қатар нарықта коммерциялық тұрғыдан дамыған, сұранысқа ие бизнес-идеяларды өндіруді талап етеді.

Студенттік бизнес-инкубаторлар мен зертханалар жастар ортасында кәсіпкерлік қызметтің оң бейнесін қалыптастырады, жастар арасында креативті және инновациялық әлеуетті іске асырады, сондай-ақ кәсіпкерлікке және инновациялық қызметке бағдарланған ұйымдар мен жастар қауымдастықтарын қолдайды, жастар кәсіпкерлігін ақпараттық, білім беру, қаржылық және мүліктік қолдаудың бірыңғай жүйесін құрады және қамтамасыз етеді. Бұдан басқа, жастарды кәсіпкерлік қызметке білім беру, әдістемелік және ақпараттық даярлауды көрсетеді, жастар құрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің санын арттырады, жоғары білім, бизнес және өндірістік сала арасындағы өзара іс-қимыл мен әлеуметтік әріптестік үшін жағдайлар жасайды.

Сондықтан «Атамекен» ҰКП зерттеу бағытындағы пункттердің бірі ЖЖОКБҰ студенттерінің шығармашылық жетістіктерін дәріптеу және енгізу болып табылады.

Студенттердің ғылыми зерттеулерін талдау мақсатында оқу орындарынан электрондық форматта растайтын құжат (патент және авторлық құқық туралы куәлік) талап етілді:

7-кесте. «Білім алушылардың ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Ғылыми жобалардың атауы	Балл
1	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	Патент на полезную модель способ измерения площади эрозивно-язвенных поражений при заболеваниях слизистой оболочки рта	**5,00**
		Патент на полезную модель устройство для лечения дистальной окклюзии	
		Патент на полезную модель устройство для измерения глубины кариозной полости у детей с расстройством аутистического спектра	
		Авторское свидетельство методы лечения при врожденной и посттравматической рубцовой	

		синдактилии у детей: опыт университетской клиники «аксай» и центральная детская неотложная медицинская больница г. Алматы (алматы-казахстан)	
		Авторское свидетельство разработка пациент-ориентированной программы менеджмента реабилитации пациентов с хронической сердечной недостаточностью и сохранной фракцией выброса для медико-социальных организаций и абиотических факторах	
		Авторское свидетельство качество жизни пожилых в программе активного долголетия и абиотические факторы	
2	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	Влияние массовой информации на психику ребенка	**4,11**
		Влияние массовой информации на психику ребенка	
		Влияние массовой информации на психику ребенка	
		Исследование совпадения цвета универсальных композитных реставраций фронтальной группы зубов	
3	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	Özgeris	**3,89**
		Tatti-matti	
4	Қарағанды Медицина Университеті	Ата - баба мұрасы	**1,18**
5	Семей медицина университеті	Ортопедиялық стоматологияда сырқаттың ауру кітапшасын толтыру. (Оқу әдістемелік ұсыныстар)	**1,15**
6	Астана медицина университеті	"Ортопедиялық стоматологияда сырқаттың ауру кңтапшасын толтыру" (оқу-әдістемелік ұсыныстар)	**0,62**
7	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	Резекционный зуботехнический нож	**0,61**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

7-кестеде көрсетілген ЖЖОКБҰ-да түлектердің ғылыми жобаларының бар екендігі расталған: Қазақстан-Ресей медициналық университеті, М.

Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті, Қарағанды Медицина Университеті, Семей медицина университеті, Астана медицина университеті, С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті.

1.2.3 «Магистратурада/резидентурада оқуды жалғастырған түлектердің үлесі» критерийі

Қазақстанда Еуропалық жоғары білім беру аймағына (European Higher Education Area (EHEA)) кіре отырып, кадрларды даярлаудың үш деңгейлі моделін: бакалавриат, магистратура және PhD докторантураны енгізуді қамтитын жоғары білім беру жүйесін айтарлықтай қайта құрылымдау жүргізілді. Бакалавриат аяқталғаннан кейін түлектердің одан әрі дамуы үшін әртүрлі мүмкіндіктері бар, мысалы, мамандық бойынша жұмыс іздеу, екінші жоғары білім алу немесе магистратураға түсу.

Магистратура біліктілікті арттыруда және таңдаған мамандығы бойынша білімді тереңдетуде шешуші рөл атқарады, бұл оны кәсіби қалыптасудың маңызды кезеңіне айналдырады. Жыл сайын магистрлік бағдарламалар барған сайын танымал бола бастады, ал магистрлер еңбек нарығында сұранысқа ие бола бастады, бұл қазіргі заманғы экономика жағдайында білім берудің осы деңгейінің өзектілігін көрсетеді.

Бұл критерий бойынша жиналған деректер 8-кестедегідей болды.

8-кесте. «Магистратурада/резидентурада оқуды жалғастырған түлектердің үлесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Магистранттар үлесі			Балл
		Түлектер саны	Түлектер арасында магистратурада оқуды жалғастырғандар саны	үлес %	
1	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	151	10	6,62%	**5,00**
2	Семей медицина университеті	51	2	3,92%	**2,96**
3	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	103	4	3,88%	**2,93**
4	Қарағанды Медицина Университеті	84	1	1,19%	**0,90**
5	Астана медицина университеті	131	1	0,76%	**0,58**
6	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	368	0	0,00%	**0,00**
7	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	9	0	0,00%	**0,00**
8	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	194	0	0,00%	**0,00**

9	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	47	0	0,00%	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

8-кестеде осы критерий бойынша 2024 жылғы түлектерді талдау қорытындыларын көруге болады, түлектердің жалпы саны 1138 болса, оның ішінде 18 түлек әрі қарай магистратурада оқуын жалғастырған, бұл 1,58% құрайды. Кестеге сәйкес магистратураға түскен түлектердің ең көп үлесі келесі оқу орынға тиесілі: С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті.

1.2.4 «Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы» критерийі

Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсу үшін іріктеу емтихандарының нысандарының бірі.

Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы – жоғары ҰБТ нәтижелерін көрсеткен талапкерлердің көбінесе қай ЖЖОКБҰ таңдайтынын анықтайтын көрсеткіш. Бұл көрсеткіш ЖЖОКБҰ деңгейін және талапкерлер арасында оның сұранысын анықтауға мүмкіндік береді.

9-кесте. «Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Талапкерлердің орташа ҰБТ балы	Балл
1	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	111	**3,97**
2	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	105	**3,74**
3	Қарағанды Медицина Университеті	100	**3,56**
4	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	97	**3,47**
5	Астана медицина университеті	96	**3,42**
6	Семей медицина университеті	94	**3,35**
7	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	89	**3,17**
8	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	83	**2,96**
9	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	71	**2,53**

Дереккөз: «Ұлттық тестілеу орталығы» РМК

9-кестеде көрсетілгендей, 2024–2025 оқу жылында осы білім беру бағдарламасы бойынша жоғары оқу орнына түскен талапкерлердің орташа балы 94 баллды құрады. Салыстырмалы түрде жоғары балл жинаған талапкерлер келесі ЖЖОКБҰ-ны таңдады: Х.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.

1.2.5 «Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі

Шетелдік студенттер өз елдерінде қазақ тілі мен мәдени дәстүрлерінің таралуына ықпал ете отырып, Қазақстандағы заманауи білім беру жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Олардың еліміздің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқуы біздің университеттерге деген халықаралық сұраныс деігейін көрсетеді және олардың рейтингінің жоғарылауына тікелей әсер етеді.

«Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі білім беру бағдарламаларының студенттерді шетелден тарту қабілетін көрсетеді. Бұл шетелдік студенттер үшін білім беру бағдарламалары мен жоғары оқу орындарының нақты тартымдылығын объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Осы критерийді растау үшін ЖЖОКБҰ келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- шетелдік студенттерді қабылдау туралы бұйрықтар;
- шетелдік студенттердің төлқұжаттарының көшірмелері.

10-кесте. «Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Шетелдік студенттер үлесі			Балл
		ББ контингенті	Шетелдік студенттер саны	үлес, %	
1	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	509	149	29,27%	**5,00**
2	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	349	33	9,45%	**1,62**
3	Қарағанды Медицина Университеті	838	77	9,18%	**1,57**
4	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	1635	94	5,74%	**0,98**
5	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	1189	47	3,95%	**0,68**
6	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	626	25	3,99%	**0,68**
7	Астана медицина университеті	1590	61	3,83%	**0,66**
8	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	964	7	0,72%	**0,12**
9	Семей медицина университеті	860	4	0,46%	**0,08**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

10-кестеде шетелдік студенттердің «Стоматология» ББ жалпы контингентіне қатынасын көруге болады, бұл 7,4% құрайды. Шетелдік студенттердің контингентке шаққандағы ең көп үлесі келесі оқу орын анықталды: Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университет.

1.3 «ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.3.1 «ЖЖОКБҰ студенттері мен оқытушыларының арақатынасы» критерийі

Студенттер мен оқытушылардың арақатынасы ЖЖОКБҰ ұсынатын білім сапасына әсер ететін негізгі көрсеткіштердің бірі. Бұл критерий оқытуға жеке көзқарас деңгейін және әр студентке оқытушы тарапынан жеткілікті көңіл бөлінетін қолайлы білім беру ортасын құру мүмкіндігін көрсетеді.

Студенттердің оқытушыларға қатынасының төмендігі оқытушылар құрамы жеке кеңес беруге, жұмыстарды тексеруге, ғылыми зерттеулерді басқаруға және практикалық дайындыққа көбірек уақыт бөле отырып, оқушылармен тиімдірек әрекеттесе алуына көбірек мүмкіндік береді. Бұл әсіресе тәжірибеге бағытталған оқытудың жоғары дәрежесін және тереңдетілген зерттеулерді қажет ететін бағдарламалар үшін өте маңызды.

Ал бір ПОҚ шаққанда білім алушылар санының тым көп болуы оқытушыларға шамадан тыс жүктемелер артылатындығын көрсетуі мүмкін, бұл білім беру процесінің сапасын төмендетуі және студенттердің оқуға қызығушылығына теріс әсер етуі мүмкін. Қазіргі білім беру стандарттары мен еңбек нарығының талаптары жағдайында студенттер мен оқытушылар саны арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті сақтау ЖЖОКБҰ бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторына айналады.

Осылайша, осы критерийді талдау оқу орнының оқу жүктемесін ақылға қонымды бөлуді қолдай отырып және оқыту сапасын қамтамасыз ете отырып, білім беру қызметтерінің жоғары деңгейін қаншалықты қамтамасыз ете алатынын бағалауға мүмкіндік береді.

Біздің тарапымыздан ЖЖОКБҰ-да ПОҚ сапасы бойынша берілген мәліметтерді тексеру кезінде мынадай нормативтік құқықтық актілердің іске асырылуы да ескеріледі: Сот төрелігі академиясын, әскери, арнаулы оқу орындарын, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары профессор-оқытушылар құрамының жалпы санын есептеу үшін білім алушылар санының оқытушыларға орташа арақатынасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 606 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада № 17670 болып тіркелген).

11-кесте. «ЖЖОКБҰ студенттері мен оқытушыларының арақатынасы» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ штаттық ПОҚ саны	ЖЖОКБҰ контингенті	Бір ПОҚ-қа шаққандағы білім алушылар саны	Балл
1	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	686,00	6676,00	10	**5,00**
2	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	440,00	5642,00	13	**3,79**
3	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	2175,00	28441,00	13	**3,72**
4	Астана медицина университеті	887,00	11667,00	13	**3,70**
5	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	1097,00	14540,00	13	**3,67**
6	Қарағанды Медицина Университеті	598,00	8220,00	14	**3,54**
7	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	517,00	7279,00	14	**3,46**
8	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	763,00	10978,00	14	**3,38**
9	Семей медицина университеті	407,00	6182,00	15	**3,20**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

11-кестеде оқытушылардың ЖЖОКБҰ-ның жалпы контингентіне қатынасын көруге болады. Осы критерий бойынша үздік көрсеткіш Қазақстан-Ресей медициналық университеті тіркелді, ол университетте бір оқытушыға орташа есеппен 10 білім алушы келеді.

1.3.2 «Дәрежелі оқытушылардың үлесі» критерийі

Дәрежелі оқытушылардың үлесі профессор-оқытушылар құрамының академиялық біліктілігі мен кәсібилігінің маңызды көрсеткіші. Ғылыми дәрежесі (ғылыми дәрежесі және (немесе) философия докторы PhD/бейіні бойынша доктор (академиялық) дәрежесі және (немесе) ғылыми атағы және «өнер» кадрларын даярлау үшін «ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы» спорттық атағы) бар оқытушылар ЖЖОКБҰ-да білім мен ғылыми қызметтің жоғары деңгейін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Оқу орнында дәрежелі оқытушылардың едәуір санының болуы оның іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылыми әзірлемелердің нәтижелерін білім беру процесіне кіріктіру, сондай-ақ халықаралық ғылыми жобаларға қатысу мүмкіндігі туралы куәландырады. Бұл тез өзгеретін кәсіби орта жағдайында жұмысқа дайын жоғары білікті мамандарды қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасайды.

Сонымен қатар, дәрежелі оқытушылар педагогикалық құзыреттіліктің жоғары деңгейіне ие, бұл оларға білімді тиімді жеткізуге, студенттерде сыни ойлау мен аналитикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай оқытушылардың жоғары үлесі оқу орнының академиялық стандарттарға бейілділігін және білім беру бағдарламаларының сапасын үздіксіз жетілдіруге ұмтылысын көрсетеді.

Бұл критерий ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының академиялық және кәсіптік даярлықтың қазіргі заманғы талаптарына қаншалықты сәйкес келетіндігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді, сондай-ақ оның ғылыми және білім беру орталығы ретіндегі беделін нығайтуға ықпал етеді.

12-кесте. «Дәрежелі оқытушылардың үлесі» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ штаттық ПОҚ саны	Штаттық дәрежелі ПОҚ саны	Үлес, (%)	Балл
1	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	2175,00	1336,00	61%	**5,00**
2	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	763,00	396,00	52%	**4,22**
3	Семей медицина университеті	407,00	197,00	48%	**3,94**
4	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	1097,00	503,00	46%	**3,73**
5	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	686,00	308,00	45%	**3,65**
6	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	440,00	196,00	45%	**3,63**
7	Қарағанды Медицина Университеті	598,00	267,00	45%	**3,63**
8	Астана медицина университеті	887,00	393,00	44%	**3,61**
9	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	517,00	217,00	42%	**3,42**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

12-кестеде бұл ББ бойынша рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ-ның дәрежелі ПОҚ үлесі орта есеппен 50,3% құрайтынын көруге болады. Дәрежелі ПОҚ-ның ең көп үлесі мынадай ЖЖОКБҰ-да жұмыс істейді: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

1.3.3 «Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі

«Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі білім беру процесінің қаржылық қамтамасыз етілуін және оқу орнының оқытудың негізгі аспектілеріне қаражат салуға дайындығын бағалауға мүмкіндік беретін маңызды көрсеткіштердің бірі. Бұл критерийде бағдарламалық қамтамасыз ету және кітапхана қорын дамыту шығындары ескеріледі.

Бағдарламалық қамтамасыз ету шығындары әртүрлі пәндерге арналған арнайы бағдарламалар, оқу процесін басқару жүйелері және оқытудың тиімділігі мен интерактивтілігін арттыратын басқа да цифрлық құралдар сияқты оқу процестеріне қажетті лицензиялық бағдарламаларды сатып алу және жаңарту шығындарын қамтиды. Бұл ББ өзектілігін сақтау және студенттерді заманауи технологиялармен жұмыс істеуге дайындау үшін маңызды.

Кітапхана қорын дамыту шығындарына студенттердің өзекті және сапалы оқу және ғылыми ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін қажетті жаңа оқулықтарды, ғылыми әдебиеттерді, электрондық ресурстар мен дерекқорларды сатып алу шығындары кіреді. Кітапхана қорын дамыту білімді тереңдетуге және ғылыми зерттеулер жүргізуге ықпал ететін академиялық ортаның маңызды құрамдас бөлігі.

13-кесте. «Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ контингенті	1 студентке шаққандағы шығындар көлемі (теңге)	Балл
1	Қарағанды Медицина Университеті	8220,00	91318,00	**5,00**
2	Семей медицина университеті	6182,00	51441,62	**3,14**
3	Астана медицина университеті	11667,00	43069,30	**2,74**
4	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	7279,00	24798,40	**1,89**
5	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	6676,00	20670,38	**1,70**
6	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	5642,00	16348,00	**1,49**
7	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	28441,00	13547,00	**1,36**
8	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	14540,00	6294,00	**1,02**
9	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	10978,00	5783,00	**1,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

13-кестеде көрсетілген 1 студентке бөлінген қаражатты талдау бойынша келесі ЖЖОКБҰ жоғары нәтиже көрсетті: Қарағанды Медицина Университеті.

1.3.4 «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі

«Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі оқытушыларды қаржылық қолдау деңгейін және жанама түрде оқу орнындағы білім беру процесінің сапасын көрсететін маңызды көрсеткіш. Медианалық жалақы – оқытушылардың жартысы жалақыны осы деңгейден жоғары, ал екінші жартысы төмен алатын бөліну нүктесі. Бұл көрсеткіштің орташа жалақыдан айырмашылығы, оған өте жоғары немесе өте төмен жалақы сияқты шекті мәндер әсер етпейді.

Медианалық жалақы деңгейі оқытушылардың мотивациясымен және олардың жұмысқа қанағаттануымен тығыз байланысты. Жалақының жоғары деңгейі университетке білікті мамандарды тартуға және ұстап қалуға мүмкіндік береді, ол дегеніміз оқыту мен ғылыми қызметтің сапасына оң әсер етеді. Лайықты жалақы алатын оқытушылар үнемі кәсіби дамуға, ғылыми зерттеулерге қатысуға және студенттермен белсенді қарым-қатынасқа ынталы болады.

Сонымен қатар, медианалық жалақы көрсеткіші ЖЖОКБҰ-ның қаржылық тұрақтылығын және оның басқа оқу орындарымен салыстырғанда бәсекеге қабілетті жалақы деңгейін ұстап тұру қабілетін көрсете алады.

Әдістемеге сәйкес осы критерийді саралау кезінде оқытушы жұмыс істейтін аймақтың күнкөріс деңгейі есепке алынады.

14-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ПОҚ медианалық жалақысы (теңге)	Балл
1	Қарағанды Медицина Университеті	725310,0	**5,00**
2	Семей медицина университеті	721234,0	**4,53**
3	Астана медицина университеті	718566,5	**4,19**
4	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	574074,6	**3,65**
5	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	658242,8	**3,63**
6	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	628211,1	**3,34**
7	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	584038,9	**2,92**
8	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	428287,3	**2,05**
9	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	359303,4	**1,00**

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

14-кестеде «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі бойынша талдау нәтижелерін көрсетілген: «Стоматология» ББ бойынша ПОҚ орташа медианалық жалақысы 2025 жылы 599 730 теңгені құрады. ББ бойынша рейтингке қатысқан ЖЖОКБҰ арасында Қарағанды Медицина Университеті – 725 310 теңге Семей медицина университеті – 721 234 теңге көрсеткіштерін көрсетіп, алғашқы орындарды иеленді.

1.4 «Түлектердің мансаптық перспективалары» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.4.1 «Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі» критерийі

«Түлектердің мансаптық перспективалары» критерийлер тобы түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді. Топ үш критерийден тұрады: түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі, түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы, түлектердің медианалық жалақысы. Бұл критерийлер бойынша білім беру бағдарламаларының 2024 жылғы түлектері талданады. Олардың оқу бітіргеннен кейін, 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңдегі зейнетақы жарналары арқылы талдау жүргізіледі.

«Жұмысқа орналасу деңгейі» көрсеткіші түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін тікелей көрсетеді. Бұл өлшем «тұрақты жұмыспен қамту» және «шартты жұмыспен қамту»болып бөлінеді.

Тұрақты жұмысқа орналасу – 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңде қатарынан кемінде 3 ай тұрақты зейнетақы жарналарын алған жұмысқа орналастырылған түлектердің пайызын көрсететін көрсеткіш.

Шартты жұмыспен қамту – 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңде тұрақты емес негізде зейнетақы аударымдарын алған түлектердің пайызын көрсететін көрсеткіш (яғни тұрақты жұмыспен қамту жағдайларын қоспағанда, тұрақсыз табыс).

Жұмыспен қамтылуды есептеу барысында тұрақты жұмыспен қамтылған түлектердің үлесі жоғары нәтиже береді.

Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін неғұрлым сенімді есептеу үшін жалпы түлектер санынан мынадай санаттар алынып тасталды:

- Магистратурада (резидентурада) оқуды жалғастырған түлектер;
- Шетел азаматтары;
- Декреттік демалыстағы түлектер;
- Мерзімді әскери қызметке шақырылған түлектер;
- Шетелде білім алатын түлектер;
- Шетелде жұмыс істейтін түлектер;
- 1-2 топтағы мүгедектігі бар түлектер;
- Күш құрылымдарының қызметкерлері;
- Жас ерекшелігіне байланысты есептелмейтін түлектер (1996 жылғы және одан үлкен);
- Қайтыс болған түлектер.

2-диаграмма. «Стоматология» ББ бойынша түлектердің жалпы саны мен құрамы



2-диаграммаға сәйкес ББ бойынша түлектердің жалпы саны 1217 адамды құрады, оның ішінде: декреттік демалыста – 51; магистратурада (резидентурада) оқуды жалғастырғандар – 18; шетелде білім алатын түлектер – 1; шетел азаматтары – 47; 1-2 топтағы мүгедектігі бар түлектер – 1; 1996 жылғы және одан үлкен – 79.

15-кесте. «Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Түлектердің жалпы саны	Жұмысқа орналасу деңгейі, %	Тұрақты жұмыс, %	Шартты жұмыс, %	Балл
1	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	70	84%	81%	3%	**4,13**
2	Астана медицина университеті	88	84%	76%	8%	**3,97**
3	Қарағанды Медицина Университеті	48	88%	73%	15%	**3,94**
4	Семей медицина университеті	47	78%	74%	4%	**3,81**
5	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	112	75%	66%	9%	**3,48**
6	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	250	57%	49%	8%	**2,60**
7	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	40	63%	40%	23%	**2,45**
8	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	96	64%	36%	28%	**2,39**
9	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	5	60%	20%	40%	**1,80**

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды.*

15-кестеге сәйкес, «Стоматология» ББ бойынша жұмысқа орналасудың орташа деңгейі 72,6% құрады. Жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары ЖЖОКБҰ: М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті. Олардың түлектерінің жұмысқа орналасу деңгейі 84,3%. Соңғы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті болды, онда жұмысқа орналасудың жалпы пайызы 60%.

3-диаграмма. Түлектерің жұмысқа орналасу деңгейі



3-диаграммадан ББ бойынша түлектердің 59%-ы тұрақты, ал 7%-ы шартты түрде жұмыс істейтінін көруге болады. Түлектердің 34%-ы жұмысқа орналаспаған.

16-кесте. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін салыстырмалы талдау

№	ЖЖОКБҰ атауы	Жұмысқа орналасу деңгейі, %		
		2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.
1	Қарағанды Медицина Университеті	91%	77%	88%
2	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	82%	79%	84%
3	Астана медицина университеті	89%	82%	84%
4	Семей медицина университеті	85%	69%	78%
5	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	83%	84%	75%
6	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	74%	50%	64%
7	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	88%	63%	63%
8	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	-	-	60%
9	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	71%	69%	57%

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*

— - рейтингке қатыспаған

16-кестедегі салыстырмалы талдауға сәйкес бұл критерий бойынша өткен жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда келесі оқу орындарының көрсеткіштері жақсарған: Қарағанды Медицина Университеті, Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Астана медицина университеті, Семей медицина университеті, Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті. Ал көрсеткіштердің нашарлауы мынадай ЖЖОКБҰ-да байқалады: Қазақстан-Ресей медициналық университеті, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті.

4-диаграмма. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін салыстырмалы талдау



4-диаграмма еңбек нарығында ББ түлектеріне сұраныстың динамикасын көрсетеді. Алдыңғы рейтингтермен салыстырғанда осы критерий көрсеткіштері нашарлады: 2023 жылы жұмысқа орналасудың орташа деңгейі - 75%, 2024 жылы - 95%, ал 2025 жылы - 80% құрады.

1.4.2 «Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы» критерийі

Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы түлектердің оқуды бітіргеннен кейін қаншалықты жылдам жұмыс таба алатынын көрсететін маңызды көрсеткіш. Бұл көрсеткіш нақты білім беру бағдарламасы мен ЖЖОКБҰ дайындаған еңбек нарығындағы мамандардың сұраныс деңгейін көрсетеді.

Жұмыс іздеудің қысқа кезеңі түлектердің жоғары бәсекеге қабілеттілігін, оқу орнының жақсы беделін және білім беру бағдарламасының жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкестігін көрсетеді. Жұмыс іздеудің ұзақ кезеңі түлектердің жеткіліксіз дайындығын, олардың дағдыларының еңбек нарығының талаптарына сәйкес келмеуін немесе белгілі бір салада жұмысқа орналасудың жалпы күрделілігін көрсетуі мүмкін.

Жұмыс іздеу ұзақтығын талдау білім беру ұйымдарына өз бағдарламаларының тиімділігін бағалауға және қажет болған жағдайда түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелерін жақсарту үшін түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

17-кесте. «Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Жұмыс іздеу ұзақтығы (аймен)	Балл
1	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	2,69	**4,23**
2	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	3,00	**4,09**
3	Астана медицина университеті	3,06	**4,06**
4	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	3,31	**3,95**
5	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	3,41	**3,90**
6	Қарағанды Медицина Университеті	3,54	**3,85**
7	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	3,57	**3,83**
8	Семей медицина университеті	3,63	**3,80**
9	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	5,16	**3,11**

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*

17-кестеде түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығының нәтижелері көрсетілген. Келесі ЖЖОКБҰ-да түлектер 3 айдан аз уақыт ішінде жұмысқа орналасқан: М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті.

5-диаграмма. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығын салыстырмалы талдау



5-диаграмма еңбек нарығында «Стоматология» ББ бойынша түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығындағы өзгерістерді көрсетеді. Өткен жылдармен салыстырғанда осы критерийдің көрсеткіштері жақсарған. Бұл өзгерістер ББ түлектеріне сұраныс динамикасын көрсетеді. 2023 жылы жұмыс іздеудің орташа ұзақтығы 3,00 айды, 2024 жылы 3,70 айды, ал 2025 жылы 3,40 айды құрады.

1.4.3 «Түлектердің медианалық жалақысы» критерийі

Медианалық жалақы оқуды бітіргеннен кейінгі алғашқы жылы жұмысқа орналасқан түлектердің табыс деңгейін көрсетеді. Жоғары бастапқы жалақы көбінесе білім беру бағдарламасының сапасының және оны кәсіби ортаның мойындауының көрсеткіші.

Түлектердің медианалық жалақысы туралы мәліметтер оқу орнын таңдау кезінде талапкерлер үшін бағдар бола алады, өйткені олар осы бағдарламаның түлектерінің жұмысқа орналасу және лайықты жалақы алу үшін жақсы перспективалары бар екеніне сенімді бола алады. Сонымен қатар, медианалық жалақысы жоғары бағдарламалар жұмыс берушілердің де назарын аударады, бұл тез мансаптық өсу мен тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады.

Есепте соңғы үш жылдағы түлектердің медианалық жалақысының динамикасы қарастырылады, бұл еңбек нарығындағы трендтерді анықтауға және белгілі бір білім беру бағдарламаларының түлектерінің қаншалықты табысты екенін бағалауға мүмкіндік береді.

Әдістемеге сәйкес осы критерийді саралау кезінде түлектің жұмыс істейтін аймақтың күнкөріс деңгейі есепке алынады.

18-кесте. «Түлектердің медианалық жалақысы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Медианалық жалақы, теңге	Балл
1	Қарағанды Медицина Университеті	150000,0	**5,00**
2	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	140229,9	**4,72**
3	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	150000,0	**4,02**
4	Семей медицина университеті	137700,5	**3,63**
5	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	124980,0	**3,63**
6	Астана медицина университеті	143636,4	**3,60**
7	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	141107,1	**3,47**
8	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	100000,0	**1,33**
9	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	101295,0	**1,00**

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*

18-кестеде осы критерий бойынша талдау көрсетілген. Осы көрсеткіш бойынша көшбасшы: Қарағанды Медицина Университеті. Ең төменгі көрсеткішті Қазақстан-Ресей медициналық университеті көрсетті.

2 Білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі

Білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі білім беру процесінің сапасын, түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін, сондай-ақ жоғары оқу орындары қызметінің жалпы көрсеткіштерін көрсететін барлық критерийлерді жан-жақты талдаудың нәтижесі болып табылады. Бұл бөлімде критерийлердің бірнеше тобы бойынша бағалау негізінде қалыптастырылған «Стоматология» ББ бойынша қорытынды рейтинг ұсынылған: білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері, түлектердің мансаптық перспективалары.

2025 жылғы рейтинг жоғарыда аталған блоктар бойынша топтастырылған 17 критерий негізінде құрылды. Әрбір критерийдің жалпы бағалау процесінде оның маңыздылығын көрсететін белгілі бір салмағы бар.

Қорытынды рейтингтің негізгі мақсаты – талапкерлерге, жұмыс берушілерге және басқа да мүдделі тараптарға ақпараттандырылған таңдау жасауға көмектесетін білім беру бағдарламаларына объективті баға беру. Сондай-ақ, рейтинг нәтижелері ЖЖОКБҰ үшін өздерінің білім беру бағдарламаларын жетілдіру және олардың ұлттық және халықаралық деңгейлердегі бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағытында бағдар бола алады.

19-кесте. «Стоматология» ББ бойынша қорытынды рейтинг

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ атауы	Жалпы қорытынды	Рейтингтегі орны
1	Қарағанды Медицина Университеті	6В10115 Стоматология	3,457	1 / 9
2	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	6В10118 Стоматология	3,420	2 / 9
3	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	6В10110 Стоматология	3,178	3 / 9
4	Астана медицина университеті	6В10124 Стоматология	3,032	4 / 9
5	Семей медицина университеті	6В10115 Стоматология	2,991	5 / 9
6	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	6В10189 Стоматология	2,798	6 / 9
7	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	6В10114 Стоматология	2,372	7 / 9
8	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	6В10113 Стоматология	2,363	8 / 9
9	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	6В10117 Стоматология	2,221	9 / 9

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты рейтингте орын алмады*

19-кестеде «Стоматология» ББ бойынша 2025 жылғы рейтингті талдау қорытындылары ұсынылған. Деректерге сәйкес, ТОП-3 құрамына Қарағанды Медицина Университеті, С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті, М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті сияқты ЖЖОКБҰ кірді.

20-кесте. 2023-2025 жылдардағы «Стоматология» ББ бойынша рейтингтегі орындары

№	ЖЖОКБҰ атауы	Рейтингтегі орны		
		2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.
1	Қарағанды Медицина Университеті	1 / 8	2 / 8	1 / 9
2	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	2 / 8	1 / 8	2 / 9
3	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	5 / 8	6 / 8	3 / 9
4	Астана медицина университеті	4 / 8	4 / 8	4 / 9
5	Семей медицина университеті	3 / 8	3 / 8	5 / 9
6	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	6 / 8	8 / 8	6 / 9
7	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	8 / 8	5 / 8	7 / 9
8	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	-	-	8 / 9
9	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	7 / 8	7 / 8	9 / 9

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты рейтингте орын алмады*
— - рейтингке қатыспаған

20-кестеде 2023-2025 жылдары «Стоматология» ББ бойынша рейтингке қатысқан оқу орындарының рейтингте алған орындары салыстырылды.

2023 жылы рейтинг көшбасшылары қатарында Қарағанды Медицина Университеті болды.

2024 жылы көшбасшылар тізімі сәл өзгерді: С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті.

2025 жылы көшбасшылар ретінде келесі жоғары оқу орындары қалды: Қарағанды Медицина Университеті және С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті.

Үш жыл бойы Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы соңғы орындарды иеленді.

2025 жылғы білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында «Стоматология» саласында мамандар даярлаудың әртүрлілігі мен сапасын көрсетеді. Талдау көрсеткендей, еңбек нарығының талаптары мен халықаралық стандарттарға бейімделе отырып, өз бағдарламаларын белсенді түрде жетілдіретін білім беру мекемелері жетекші орындарға ие болды.

Қарағанды Медицина Университеті және С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті сияқты университеттердің жоғары нәтижелері олардың бәсекеге қабілеттілігін және түлектерінің сұранысын растайды. Бұл оқу орындары түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі, орташа

жалақы және білім беру бағдарламаларының сапасы сияқты бірқатар критерийлер бойынша жоғары нәтижелер көрсетті.

Рейтинг нәтижелері талапкерлер, жұмыс берушілер және жоғары оқу орындары үшін құнды бағдар болып табылады, әрбір білім беру бағдарламасының мықты жақтарын анықтауға көмектеседі. Болашақта білім беру стандарттарын жақсарту және халықаралық ынтымақтастықты арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру Қазақстанның білім беру жүйесін одан әрі дамыту үшін маңызды қадам болады.

Қорытынды

2025 жылғы ББ бойынша білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін жақсарту үшін елеулі жетістіктер мен салаларды анықтауға мүмкіндік берді. Рейтингте жетекші орындарды білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері, түлектердің мансаптық перспективалары сияқты критерийлер топтары бойынша жоғары нәтижелер көрсете алған университеттер иеленді.

Талдау көрсеткендей, рейтингтің жоғарғы қатарында тұрған ЖЖОКБҰ студенттерді теориялық біліммен ғана емес, сонымен қатар еңбек нарығында сұранысқа ие практикалық дағдылармен қамтамасыз ете отырып, өздерінің білім беру бағдарламаларын жетілдіру бойынша белсенді жұмыс істейді. Алдыңғы қатардағы жоғары оқу орындары жұмыс берушілермен өзара іс-қимылға және халықаралық сапа стандарттарын интеграциялауға ерекше назар аударатынын атап өту керек, себебі бұл олардың түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай арттырады.

Сонымен бірге, есеп назар аударуды қажет ететін кейбір кемшіліктерді анықтады. Мысалы, бірқатар ЖЖОКБҰ-да студенттердің академиялық ұтқырлығы мен ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары, шетелдік студенттер үлесі бойынша төмен көрсеткіштер байқалады, бұл осы бағыттарды одан әрі дамыту қажеттігін көрсетеді. Сондай-ақ, оқу орындарының бір студентке шаққандағы қаржылық шығындар көлемінде айтарлықтай айырмашылықтар байқалды.

Рейтинг нәтижелері барлық мүдделі тараптар үшін маңызды құрал. Талапкерлер мен олардың ата-аналары үшін рейтинг оқу орнын таңдау кезінде бағдар, жұмыс берушілер үшін – мамандарды даярлау сапасының индикаторы, ал жоғары оқу орындарының өздері үшін – өз бағдарламаларын жақсартуға және бәсекелестік ортадағы позицияларын нығайтуға ынталандыру ретінде қызмет етеді.

Қорытындыны келесідей жасауға болады: елеулі жетістіктерге қарамастан, Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі жаңғыртуды және жаңа сын-тегеуріндерге бейімделуді жалғастыруда. Әр ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының жоғары деңгейін қолдап қана қоймай, еңбек нарығындағы өзгерістер мен қоғамның қажеттіліктерін ескере отырып, оларды үнемі жақсартуға ұмтылуы тиіс. 2025 жылғы қорытынды рейтинг жаһандық аренада қазақстандық білім берудің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ете отырып, осы мақсаттарға қол жеткізу жолындағы маңызды қадамдардың бірі. Білім беру бағдарламаларын жетілдіруді жалғастыру және түлектерді тез өзгеретін әлемде табысты кәсіби қызмет үшін қажетті білім мен дағдылармен қамтамасыз ету үшін жан-жақты жұмыс жасау өте маңызды.

Қосымша 1

«Стоматология» ББ бойынша рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ тізімі

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ атауы
1	Семей медицина университеті	6В10115 Стоматология
2	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	6В10118 Стоматология
3	Астана медицина университеті	6В10124 Стоматология
4	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	6В10114 Стоматология
5	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	6В10113 Стоматология
6	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	6В10189-Стоматология
7	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	6В10110 Стоматология
8	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	6В10117-Стоматология
9	Қарағанды Медицина Университеті	6В10115 Стоматология

6В07301 Сәулет даярлау бағыты
В073 Сәулет білім беру бағдарламасы тобы
«Сәулет» білім беру бағдарламасы бойынша
рейтингіні қалыптастыру есебі

Кіріспе

Қазақстанның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі экономиканың түрлі салалары үшін жоғары білікті мамандарды даярлауда шешуші рөлдердің бірін атқарады. Еңбек нарығының қарқынды дамуы мен халықаралық интеграция жағдайында білім беру сапасы ғана емес, сонымен қатар білім беру бағдарламаларының қазіргі заманғы сын-қатерлерге бейімделу қабілеті де маңызды. Білім беру мекемелері жұмысының тиімділігін бағалаудың маңызды құралы - мамандарды даярлау деңгейін, түлектердің бәсекеге қабілеттілігін және білім беру бағдарламаларының сапасын объективті бағалауға мүмкіндік беретін рейтингілер жасау.

Бұл есепте 2025 жылғы Қазақстанның жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі – ББ) талданады. Осы талдау шеңберінде түлектердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға және олардың еңбек нарығындағы сұранысына әсер ететін негізгі көрсеткіштер бойынша ББ кешенді салыстырмалы шолу жүргізілді.

Білім беру бағдарламаларының рейтингін қалыптастыру үшін негіздеме:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы.

2. «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы.

3. «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімшелеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығы.

4. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және білім беру жүйесіне тексеру парақтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы №166 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы №116 бірлескен бұйрығы.

Бұл есептің мақсаты – білім беру бағдарламаларына жан-жақты талдау жүргізу және осы талдау негізінде қорытынды рейтинг жасау. Рейтинг жасау барысында білім беру процесінің барлық маңызды компоненттерін қамтитын

әртүрлі критерийлер тобы ескерілді. Олардың ішінде: білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері және түлектердің мансаптық перспективалары. Бұл блоктардың әрқайсысы жалпы рейтингте белгілі бір салмаққа ие, бұл бағалауды мүмкіндігінше объективті және жан-жақты етуге мүмкіндік береді.

Бұл есептің негізгі міндеті – білім беру бағдарламаларының жағдайы туралы нақты және құрылымдық түсінік беру. «Сәулет» ББ бойынша 2025 жылғы рейтингке 9 ЖЖОКБҰ қатысты (1-қосымша). Кейбір ЖЖОКБҰ осы ББ бойынша түлектерінің санының аз болуына байланысты рейтингте орын алған жоқ (ББ бойынша 2024 жылғы түлек саны 5 түлектен аз), олардың ішінде Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті бар.

1 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларының деректерін талдау

1.1 «Білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.1.1 «Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен әзірлеу және келісу» критерийі

ББ мазмұнын болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі мен бәсекеге қабілеттілігінің тиімділігін арттыру үшін әлеуетті немесе негізгі жұмыс берушілермен келісу қажет. Жұмыс берушілер білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде ұсыныстар, пәндердің мазмұнына өзгерістер енгізе алады, сондай-ақ зерттелетін тақырыптар мен материалдардың өзектілігі бойынша ұсыныстар мен ескертулер бере алады. Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен келісу түлектердің табысты жұмысқа орналасуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады.

ЖЖОКБҰ бұл критерий бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған ББ бойынша құжаттардың мынадай тізбесін ұсыну қажет: модульдік білім беру бағдарламасы (МББ), элективті пәндер каталогы (ЭПК), жұмыс берушіден хат, келісу хаттамасы, жұмыс берушінің рецензиясы, ұсынымдық хат, анықтама-негіздеме, ББ сараптамасы.

Осы критерийді есептеу кезінде ББ келісуге қатысатын жұмыс берушілердің санына басты назар аударылды. Бір мамандықтағы жұмыс берушілер әр түрлі болуы мүмкін, сәйкесінше, жұмыс берушілер саны неғұрлым көп болса, жұмыс ерекшеліктерін ұсыну туралы көзқарастар мен пікірлер соғұрлым көп болады.

1-кесте. «Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен әзірлеу және келісу» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ келісілген жұмыс берушілер саны	Балл
1	Халықаралық білім беру корпорациясы	12	**5,00**
2	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	12	**5,00**
3	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	8	**3,55**
4	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	5	**2,45**
5	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	3	**1,73**

6	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	3	**1,73**
7	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	2	**1,36**
8	Торайғыров университеті	1	**1,00**
9	Каспий қоғамдық университеті	1	**1,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

1-кестеде осы критерий бойынша нәтижелер берілген: Халықаралық білім беру корпорациясы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

1.1.2 «Профессор-оқытушылар құрамының практикалық жұмыс тәжірибесі» критерийі

Профессор-оқытушылар құрамының (ПОҚ) практикалық жұмыс тәжірибесі білім беру үдерісі сапасының маңызды құрамдас бөлігі. Тиісті кәсіби салада нақты тәжірибесі бар оқытушылар студенттерге пән туралы тереңірек және қолданбалы түсінік бере алады. Олар оқу процесіне практикадан, қолданылатын әдістер мен технологиялардан өзекті мысалдар келтіре алады, бұл студенттерді кәсіби қызметке неғұрлым тиімді дайындауға ықпал етеді.

Сонымен қатар, оқытушылардың практикалық тәжірибесі оларға саланың қазіргі тенденцияларын жақсырақ бағдарлауға және оқу бағдарламаларын еңбек нарығының өзгеретін талаптарына бейімдеуге мүмкіндік береді, осылайша түлектердің жоғары бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

ББ бойынша осы көрсеткішті анықтау үшін мынадай құжаттар талап етілді: ЖЖОКБҰ кадрлар бөлімінен оқытушылардың жұмыс өтілі туралы бекітілген анықтама.

2025 жылғы рейтинг әдістемесіне сәйкес 2010 жылғы 1 қаңтар мен 2025 жылғы 1 мамыр аралығында практикалық тәжірибесі бар оқытушылар есепке алынады.

2-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының практикалық жұмыс тәжірибесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Практикалық жұмыс өтілі бар оқытушылар саны (айлар)		Балл
		саны	өтілі	
1	Халықаралық білім беру корпорациясы	14	1719	**3,92**
2	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	2	330	**2,93**
3	Каспий қоғамдық университеті	13	1148	**2,45**
4	Торайғыров университеті	5	654	**2,33**
5	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	14	1296	**0,84**
6	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	12	809	**0,81**
7	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	3	263	**0,71**
8	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	6	429	**0,60**
9	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	4	290	**0,18**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

2-кестеден көріп отырғанымыздай, рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ-ның көпшілігінде ЖЖОКБҰ құрылымынан тыс жұмыс тәжірибесі бар оқытушылар бар. Бұл критерийдің көшбасшысы: Халықаралық білім беру корпорациясы.

1.1.3 «Профессор-оқытушылар құрамының жетістіктері» критерийі

«Профессорлық-оқытушылық құрамның жетістіктері» критерийі білім беру бағдарламаларының сапасын бағалауда маңызды рөл атқарады, өйткені ол білім беру процесіне қатысатын мұғалімдердің кәсібилігі мен құзыреттілігінің деңгейін көрсетеді. Рейтинг әдіснамасына сәйкес, бұл критерий соңғы жылдардағы профессорлық-оқытушылық құрамның

жетістіктерін жан-жақты бағалауға мүмкіндік беретін бірнеше ішкі критерийлерді қамтиды.

Атап айтқанда, 2015-2025 жылдар аралығында «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағына ие болған оқытушылар есепке алынады, бұл олардың педагогикалық еңбегін ЖЖОКБҰ деңгейінде мойындағанын көрсетеді. Сол кезеңде «Үздік ғылыми қызметкер» атағын алған ПОҚ да ескеріледі, бұл олардың ғылыми зерттеулерге және академиялық қоғамдастықтың дамуына қосқан үлесін көрсетеді.

3-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының жетістіктері» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атанған ПОҚ саны	«Үздік ғылыми қызметкер» сыйлығының иегерлері	Балл
1	Каспий қоғамдық университеті	1	2	**3,13**
2	Халықаралық білім беру корпорациясы	4	0	**2,50**
3	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	2	1	**2,50**
4	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	0	1	**1,25**
5	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	0	0	**0,00**
6	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	0	0	**0,00**
7	Торайғыров университеті	0	0	**0,00**
8	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	0	0	**0,00**
9	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	0	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

3-кестеден көріп отырғанымыздай, осы критерий бойынша Каспий қоғамдық университеті жетекші орын ие болды.

1.1.4 «Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу» критерийі

Білім беру және кәсіптік ұйымдардың бағдарламаны аккредиттеуі бағдарламаның жоғары сапа стандарттарына сәйкестігінің көрсеткіші және оны ұлттық және халықаралық деңгейде тану және мойындау ретінде қарастырылады.

Дәл осы себепті ББ-ның мамандандырылған аккредиттеуден өткені туралы сертификаты сұралды. Бұл критерий бойынша балл білім беру бағдарламасы аккредиттеуден өткен мекеме мен аккредиттеуден өткені туралы сертификаттың жарамдылық ұзақтығына байланысты есептелді.

Ұсынылған мәліметтерге сәйкес, «Сәулет» ББ бойынша рейтингке қатысатын 9 ЖЖОКБҰ-ның 9 мамандандырылған аккредиттеуден өткен.

4-кесте. «Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Аккредитациялық орган атауы	Балл
1	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	CAAAE	**5,00**
2	Халықаралық білім беру корпорациясы	IQAA	**4,17**
3	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	IAAR	**4,17**
4	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	IAAR	**3,54**
5	Торайғыров университеті	IAAR	**3,48**
6	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	IQAA	**3,33**
7	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	НКЦА (NKCA)	**2,71**
8	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	IAAR	**1,67**
9	Каспий қоғамдық университеті	IQAA	**0,56**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

4-кестеге сәйкес, осы критерий бойынша келесі ЖЖОКБҰ алдыңғы қатардан көрінді: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті**.**

1-диаграмма. Аккредиттеу органдары бөлінісіндегі аккредиттелген білім беру бағдарламалары



Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

1-диаграммадан көріп отырғанымыздай, 9 ББ-ның 4 IAAR – Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі аккредиттеуден өткен.

1.1.5 «Білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау» критерийі

Тиісті салалардан сарапшыларды тарту арқылы білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау білім беру сапасын қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылады. Кәсіби саласында терең білімі мен тәжірибесі бар сарапшылар оқу бағдарламаларының еңбек нарығының заманауи талаптары мен кәсіби стандарттарға қаншалықты сәйкес келетінін объективті бағалай алады. Олар мазмұндағы олқылықтарды анықтап, оқу жоспарларын жаңартуды және жаңа пәндерді немесе оқыту әдістерін енгізуді ұсына алады. Мұндай сараптамалық бағалау білім беру мекемелеріне бағдарламаларды өзгермелі жағдайларға бейімдеуге, мамандарды даярлауды жақсартуға және соның салдарынан түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектеседі. Сарапшыларды тарту сонымен қатар білім беру жүйесі мен индустрия арасындағы байланысты нығайтады, бұл жұмыс берушілердің қажеттіліктерін жақсы түсінуге және білім беру бағдарламаларының практикалық маңыздылығын арттыруға ықпал етеді.

Сарапшылардың ББ бағалауы мынадай критерийлер бойынша жүргізіледі:

1) ББ-ның тәжірибеге бағдарлануы – ББ-ның білім мен дағдыларды практикалық қолдануға қаншалықты бағытталғанын бағалау;

2) Пәндердің берілген оқу нәтижелеріне логикалық өзара байланысы және сәйкестігі – бағдарлама ішіндегі пәндер бір-бірімен және оқытудың соңғы нәтижелерімен қалай байланысты екенін талдау;

3) Пәндерді оқыту кезегінің мәнділігі/қисындылығы – бағдарламаның логикалық құрылымын, пәндердің қаншалықты материалды жақсы игеруге ықпал ететін ретпен ұйымдастырылғандығын бағалау;

4) ББ мазмұнының кәсіптік стандарттарға және/немесе еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі – ББ-ның осы саладағы қолданыстағы кәсіби стандарттарға (олар бар болған жағдайда) және (немесе) қазіргі еңбек нарығының талаптарына қаншалықты сәйкес келетіндігін бағалау;

5) Элективті пәндер каталогы (ЭПК) және оның мәні – ББ икемділігі мен бейімділігін бағалау: элективті курстардың кеңдігі мен әртүрлілігі, сәйкес бағыттар мен мамандықтарды таңдау мүмкіндігі, студенттердің қажеттіліктері мен еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі, тәжірибеге бағытталған және инновациялық курстардың болуын бағалау.

ББ мазмұнын бағалау жүйесі келесі диапазондар бойынша бөлінеді:

- Өте жақсы – 9-10 балл арасы;
- Жақсы – 6-8 балл арасы;
- Қанағаттанарлық – 4-5 балл арасы;
- Қанағаттанарлықсыз – 0-3 балл арасы.

5-кесте. «Білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Сарапшының орташа бағасы	Балл
1	Торайғыров университеті	8,17	**4,09**
2	Каспий қоғамдық университеті	7,75	**3,88**
3	Халықаралық білім беру корпорациясы	7,75	**3,88**
4	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	7,73	**3,87**
5	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	7,67	**3,84**
6	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	7,58	**3,79**
7	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	7,50	**3,75**
8	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	7,42	**3,71**
9	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	7,25	**3,63**

Дереккөз: «Атамекен» ҰКП мәліметтері

5-кестеде ББ мазмұнын сараптамалық бағалаудың қорытындысы ұсынылған, оған сәйкес жетекші орын Торайғыров университеті иеленді.

1.2 «Білім беру бағдарламасының жетістіктері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.2.1 «Академиялық ұтқырлық» критерийі

ЖЖОКБҰ студенттерінің белгілі бір уақыт кезеңіне елден тыс басқа білім беру немесе ғылыми мекемеге ауысуы студенттің жеке дамуы үшін маңызды және оған мәдени байуға мүмкіндік береді, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің тиімділігін, түлектердің отандық және халықаралық еңбек нарықтарындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады, жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының тәжірибесін зерделеу және игеру есебінен кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіреді және т. б.

ЖЖОКБҰ да академиялық ұтқырлық бағдарламасын іске асыруды талдау мақсатында оқу орындарынан мынадай құжаттар талап етілді:

- академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде студенттерді шетелдік оқу орындарына жіберу туралы ректор бұйрығының көшірмесі;
- академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде шетелдік оқу орындарының студенттерін қабылдау туралы ректор бұйрығының көшірмесі.

ЖЖОКБҰ академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде ұсынылған құжаттарды «Атамекен» ҰКП менеджерлері талдап, келесі қорытындылар жасады:

6-кесте. «Академиялық ұтқырлық» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ контингенті	Академиялық ұтқырлық бағдарламаларын қолданған білім алушылар саны	Балл
1	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	158	8	**5,00**
2	Торайғыров университеті	298	2	**0,66**
3	Халықаралық білім беру корпорациясы	321	2	**0,62**
4	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	958	5	**0,52**
5	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	1514	4	**0,26**
6	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	329	0	**0,00**

7	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	574	0	**0,00**
8	Каспий қоғамдық университеті	373	0	**0,00**
9	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	1099	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

6-кестеде ұсынылған деректерге сәйкес, жоғары көрсеткішті Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті.

1.2.2 «Білім алушылардың ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары» критерийі

Қазіргі уақытта нарықтағы технологиялық даму ЖЖОКБҰ-да тиімді ғылыми-зерттеу процесін ұйымдастыруды талап етеді, тек жаңа білімді дамытуды ғана емес, сонымен қатар нарықта коммерциялық тұрғыдан дамыған, сұранысқа ие бизнес-идеяларды өндіруді талап етеді.

Студенттік бизнес-инкубаторлар мен зертханалар жастар ортасында кәсіпкерлік қызметтің оң бейнесін қалыптастырады, жастар арасында креативті және инновациялық әлеуетті іске асырады, сондай-ақ кәсіпкерлікке және инновациялық қызметке бағдарланған ұйымдар мен жастар қауымдастықтарын қолдайды, жастар кәсіпкерлігін ақпараттық, білім беру, қаржылық және мүліктік қолдаудың бірыңғай жүйесін құрады және қамтамасыз етеді. Бұдан басқа, жастарды кәсіпкерлік қызметке білім беру, әдістемелік және ақпараттық даярлауды көрсетеді, жастар құрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің санын арттырады, жоғары білім, бизнес және өндірістік сала арасындағы өзара іс-қимыл мен әлеуметтік әріптестік үшін жағдайлар жасайды.

Сондықтан «Атамекен» ҰКП зерттеу бағытындағы пункттердің бірі ЖЖОКБҰ студенттерінің шығармашылық жетістіктерін дәріптеу және енгізу болып табылады.

Студенттердің ғылыми зерттеулерін талдау мақсатында оқу орындарынан электрондық форматта растайтын құжат (патент және авторлық құқық туралы куәлік) талап етілді:

7-кесте. «Білім алушылардың ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Ғылыми жобалардың атауы	Балл
1	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	Мобильное приложение для СМИ «Videolicious»	**5,00**

2	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	Сборное каркасно-щитовое строение	**0,52**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

7-кестеде көрсетілген ЖЖОКБҰ-да түлектердің ғылыми жобаларының бар екендігі расталған: Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті.

1.2.3 «Магистратурада/резидентурада оқуды жалғастырған түлектердің үлесі» критерийі

Қазақстанда Еуропалық жоғары білім беру аймағына (European Higher Education Area (EHEA)) кіре отырып, кадрларды даярлаудың үш деңгейлі моделін: бакалавриат, магистратура және PhD докторантураны енгізуді қамтитын жоғары білім беру жүйесін айтарлықтай қайта құрылымдау жүргізілді. Бакалавриат аяқталғаннан кейін түлектердің одан әрі дамуы үшін әртүрлі мүмкіндіктері бар, мысалы, мамандық бойынша жұмыс іздеу, екінші жоғары білім алу немесе магистратураға түсу.

Магистратура біліктілікті арттыруда және таңдаған мамандығы бойынша білімді тереңдетуде шешуші рөл атқарады, бұл оны кәсіби қалыптасудың маңызды кезеңіне айналдырады. Жыл сайын магистрлік бағдарламалар барған сайын танымал бола бастады, ал магистрлер еңбек нарығында сұранысқа ие бола бастады, бұл қазіргі заманғы экономика жағдайында білім берудің осы деңгейінің өзектілігін көрсетеді.

Бұл критерий бойынша жиналған деректер 8-кестедегідей болды.

8-кесте. «Магистратурада/резидентурада оқуды жалғастырған түлектердің үлесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Магистранттар үлесі			Балл
		Түлектер саны	Түлектер арасында магистратурада оқуды жалғастырғандар саны	үлес %	
1	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	64	13	20,3%	**5,00**
2	Торайғыров университеті	20	3	15%	**3,69**
3	Халықаралық білім беру корпорациясы	38	4	10,5%	**2,59**

4	Каспий қоғамдық университеті	51	2	3,9%	**0,97**
5	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	93	2	2,1%	**0,53**
6	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	8	0	0	**0,00**
7	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	20	0	0	**0,00**
8	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	95	0	0	**0,00**
9	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	70	0	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

8-кестеде осы критерий бойынша 2024 жылғы түлектерді талдау қорытындыларын көруге болады, түлектердің жалпы саны 459 болса, оның ішінде 24 түлек әрі қарай магистратурада оқуын жалғастырған, бұл 5,2% құрайды. Кестеге сәйкес магистратураға түскен түлектердің ең көп үлесі келесі оқу орнына тиесілі: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

1.2.4 «Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы» критерийі

Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсу үшін іріктеу емтихандарының нысандарының бірі.

Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы – жоғары ҰБТ нәтижелерін көрсеткен талапкерлердің көбінесе қай ЖЖОКБҰ таңдайтынын анықтайтын көрсеткіш. Бұл көрсеткіш ЖЖОКБҰ деңгейін және талапкерлер арасында оның сұранысын анықтауға мүмкіндік береді.

9-кесте. «Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Талапкерлердің орташа ҰБТ балы	Балл
1	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	101	**3,59**
2	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	46	**1,63**
3	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	40	**1,42**
4	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	39	**1,38**
5	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	36	**1,27**
6	Торайғыров университеті	33	**1,19**
7	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	32	**1,15**
8	Халықаралық білім беру корпорациясы	31	**1,11**
9	Каспий қоғамдық университеті	30	**1,06**

Дереккөз: «Ұлттық тестілеу орталығы» РМК

9-кестеде көрсетілгендей, ББ бойынша 2024-2025 оқу жылында жоғары оқу орнына оқуға түскен талапкерлердің орташа балы 43 балды құраған. Салыстырмалы түрде жоғары балл жинаған талапкерлер келесі ЖЖОКБҰ-ны таңдаған: Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті.

1.2.5 «Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі

Шетелдік студенттер өз елдерінде қазақ тілі мен мәдени дәстүрлерінің таралуына ықпал ете отырып, Қазақстандағы заманауи білім беру жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Олардың еліміздің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқуы біздің университеттерге деген халықаралық сұраныс деігейін көрсетеді және олардың рейтингінің жоғарылауына тікелей әсер етеді.

«Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі білім беру бағдарламаларының студенттерді шетелден тарту қабілетін көрсетеді. Бұл шетелдік студенттер үшін білім беру бағдарламалары мен жоғары оқу орындарының нақты тартымдылығын объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Осы критерийді растау үшін ЖЖОКБҰ келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- шетелдік студенттерді қабылдау туралы бұйрықтар;
- шетелдік студенттердің төлқұжаттарының көшірмелері.

10-кесте. «Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Шетелдік студенттер үлесі			Балл
		ББ контингенті	Шетелдік студенттер саны	үлес, %	
1	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	158	12	7,5%	**5,00**
2	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	958	49	5,1%	**3,37**
3	Торайғыров университеті	298	11	3,6%	**2,43**
4	Халықаралық білім беру корпорациясы	321	8	2,4%	**1,64**
5	Каспий қоғамдық университеті	373	9	2,4%	**1,59**
6	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	1514	33	2,1%	**1,43**
7	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	329	6	1,8%	**1,20**
8	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	1099	8	0,7%	**0,48**
9	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	574	2	0,3%	0,23

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

10-кестеде шетелдік студенттердің «Сәулет» ББ жалпы контингентіне қатынасын көруге болады, бұл 2,4% құрайды. Шетелдік студенттердің контингентке шаққандағы ең көп үлесі келесі оқу орын анықталды: Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті.

1.3 «ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.3.1 «ЖЖОКБҰ студенттері мен оқытушыларының арақатынасы» критерийі

Студенттер мен оқытушылардың арақатынасы ЖЖОКБҰ ұсынатын білім сапасына әсер ететін негізгі көрсеткіштердің бірі. Бұл критерий оқытуға жеке көзқарас деңгейін және әр студентке оқытушы тарапынан жеткілікті көңіл бөлінетін қолайлы білім беру ортасын құру мүмкіндігін көрсетеді.

Студенттердің оқытушыларға қатынасының төмендігі оқытушылар құрамы жеке кеңес беруге, жұмыстарды тексеруге, ғылыми зерттеулерді басқаруға және практикалық дайындыққа көбірек уақыт бөле отырып, оқушылармен тиімдірек әрекеттесе алуына көбірек мүмкіндік береді. Бұл әсіресе тәжірибеге бағытталған оқытудың жоғары дәрежесін және тереңдетілген зерттеулерді қажет ететін бағдарламалар үшін өте маңызды.

Ал бір ПОҚ шаққанда білім алушылар санының тым көп болуы оқытушыларға шамадан тыс жүктемелер артылатындығын көрсетуі мүмкін, бұл білім беру процесінің сапасын төмендетуі және студенттердің оқуға қызығушылығына теріс әсер етуі мүмкін. Қазіргі білім беру стандарттары мен еңбек нарығының талаптары жағдайында студенттер мен оқытушылар саны арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті сақтау ЖЖОКБҰ бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторына айналады.

Осылайша, осы критерийді талдау оқу орнының оқу жүктемесін ақылға қонымды бөлуді қолдай отырып және оқыту сапасын қамтамасыз ете отырып, білім беру қызметтерінің жоғары деңгейін қаншалықты қамтамасыз ете алатынын бағалауға мүмкіндік береді.

Біздің тарапымыздан ЖЖОКБҰ-да ПОҚ сапасы бойынша берілген мәліметтерді тексеру кезінде мынадай нормативтік құқықтық актілердің іске асырылуы да ескеріледі: Сот төрелігі академиясын, әскери, арнаулы оқу орындарын, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары профессор-оқытушылар құрамының жалпы санын есептеу үшін білім алушылар санының оқытушыларға орташа арақатынасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 606 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада № 17670 болып тіркелген).

11-кесте. «ЖЖОКБҰ студенттері мен оқытушыларының арақатынасы» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ штаттық ПОҚ саны	ЖЖОКБҰ контингенті	Бір ПОҚ-қа шаққандағы білім алушылар саны	Балл
1	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	929,00	12917,00	14	**5,00**
2	Каспий қоғамдық университеті	312,00	4496,00	14	**4,82**
3	Торайғыров университеті	511,00	8878,00	17	**4,00**
4	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	824,00	14443,00	18	**3,97**
5	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	1370,00	25914,00	19	**3,68**
6	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	1163,00	22327,00	19	**3,62**
7	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	380,00	13823,00	36	**1,91**
8	Халықаралық білім беру корпорациясы	288,00	11574,00	40	**1,73**
9	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	270,00	11010,00	41	**1,70**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

11-кестеде оқытушылардың ЖЖОКБҰ-ның жалпы контингентіне қатынасын көруге болады С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Каспий қоғамдық университеті.

1.3.2 «Дәрежелі оқытушылардың үлесі» критерийі

Дәрежелі оқытушылардың үлесі профессор-оқытушылар құрамының академиялық біліктілігі мен кәсібилігінің маңызды көрсеткіші. Ғылыми дәрежесі (ғылыми дәрежесі және (немесе) философия докторы PhD/бейіні бойынша доктор (академиялық) дәрежесі және (немесе) ғылыми атағы және «өнер» кадрларын даярлау үшін «ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы» спорттық атағы) бар оқытушылар ЖЖОКБҰ-да білім мен ғылыми қызметтің жоғары деңгейін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Оқу орнында дәрежелі оқытушылардың едәуір санының болуы оның іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылыми әзірлемелердің нәтижелерін білім беру процесіне кіріктіру, сондай-ақ халықаралық ғылыми жобаларға қатысу мүмкіндігі туралы куәландырады. Бұл тез өзгеретін кәсіби

орта жағдайында жұмысқа дайын жоғары білікті мамандарды қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасайды.

Сонымен қатар, дәрежелі оқытушылар педагогикалық құзыреттіліктің жоғары деңгейіне ие, бұл оларға білімді тиімді жеткізуге, студенттерде сыни ойлау мен аналитикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай оқытушылардың жоғары үлесі оқу орнының академиялық стандарттарға бейілділігін және білім беру бағдарламаларының сапасын үздіксіз жетілдіруге ұмтылысын көрсетеді.

Бұл критерий ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының академиялық және кәсіптік даярлықтың қазіргі заманғы талаптарына қаншалықты сәйкес келетіндігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді, сондай-ақ оның ғылыми және білім беру орталығы ретіндегі беделін нығайтуға ықпал етеді.

12-кесте. «Дәрежелі оқытушылардың үлесі» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ штаттық ПОҚ саны	Штаттық дәрежелі ПОҚ саны	Үлес, (%)	Балл
6	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	1370,00	1014,00	74%	**5,00**
5	Халықаралық білім беру корпорациясы	288,00	191,00	66%	**4,48**
7	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	929,00	548,00	59%	**3,98**
1	Торайғыров университеті	511,00	299,00	58%	**3,95**
8	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	824,00	447,00	54%	**3,66**
4	Каспий қоғамдық университеті	312,00	168,00	54%	**3,64**
2	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	380,00	178,00	47%	**3,16**
3	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	270,00	119,00	44%	**2,98**
9	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	1163,00	367,00	31%	**2,13**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

12-кестеде бұл ББ бойынша рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ-ның дәрежелі ПОҚ үлесі орта есеппен 54% құрайтынын көруге болады. Дәрежелі ПОҚ-ның ең көп үлесі мынадай ЖЖОКБҰ-да жұмыс істейді Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.

1.3.3 «Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі

«Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі білім беру процесінің қаржылық қамтамасыз етілуін және оқу орнының оқытудың негізгі аспектілеріне қаражат салуға дайындығын бағалауға мүмкіндік беретін маңызды көрсеткіштердің бірі. Бұл критерийде бағдарламалық қамтамасыз ету және кітапхана қорын дамыту шығындары ескеріледі.

Бағдарламалық қамтамасыз ету шығындары әртүрлі пәндерге арналған арнайы бағдарламалар, оқу процесін басқару жүйелері және оқытудың тиімділігі мен интерактивтілігін арттыратын басқа да цифрлық құралдар сияқты оқу процестеріне қажетті лицензиялық бағдарламаларды сатып алу және жаңарту шығындарын қамтиды. Бұл ББ өзектілігін сақтау және студенттерді заманауи технологиялармен жұмыс істеуге дайындау үшін маңызды.

Кітапхана қорын дамыту шығындарына студенттердің өзекті және сапалы оқу және ғылыми ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін қажетті жаңа оқулықтарды, ғылыми әдебиеттерді, электрондық ресурстар мен дерекқорларды сатып алу шығындары кіреді. Кітапхана қорын дамыту білімді тереңдетуге және ғылыми зерттеулер жүргізуге ықпал ететін академиялық ортаның маңызды құрамдас бөлігі.

13-кесте. «Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ контингенті	1 студентке шаққандағы шығындар көлемі (теңге)	Балл
1	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	25914,00	42419,00	**5,00**
2	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	14443,00	13982,00	**2,16**
3	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	22327,00	11075,39	**1,87**
4	Каспий қоғамдық университеті	4496,00	7381,15	**1,50**
5	Торайғыров университеті	8878,00	5092,18	**1,27**
6	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	12917,00	3998,00	**1,16**
7	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	13823,00	3077,00	**1,07**
8	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	11010,00	2481,49	**1,01**
9	Халықаралық білім беру корпорациясы	11574,00	2404,00	**1,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

13-кестеде көрсетілген 1 студентке бөлінген қаражатты талдау бойынша келесі ЖЖОКБҰ ең жоғары нәтиже көрсетті Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.

1.3.4 «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі

«Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі оқытушыларды қаржылық қолдау деңгейін және жанама түрде оқу орнындағы білім беру процесінің сапасын көрсететін маңызды көрсеткіш. Медианалық жалақы – оқытушылардың жартысы жалақыны осы деңгейден жоғары, ал екінші жартысы төмен алатын бөліну нүктесі. Бұл көрсеткіштің орташа жалақыдан айырмашылығы, оған өте жоғары немесе өте төмен жалақы сияқты шекті мәндер әсер етпейді.

Медианалық жалақы деңгейі оқытушылардың мотивациясымен және олардың жұмысқа қанағаттануымен тығыз байланысты. Жалақының жоғары деңгейі университетке білікті мамандарды тартуға және ұстап қалуға мүмкіндік береді, ол дегеніміз оқыту мен ғылыми қызметтің сапасына оң әсер етеді. Лайықты жалақы алатын оқытушылар үнемі кәсіби дамуға, ғылыми зерттеулерге қатысуға және студенттермен белсенді қарым-қатынасқа ынталы болады.

Сонымен қатар, медианалық жалақы көрсеткіші ЖЖОКБҰ-ның қаржылық тұрақтылығын және оның басқа оқу орындарымен салыстырғанда бәсекеге қабілетті жалақы деңгейін ұстап тұру қабілетін көрсете алады.

Әдістемеге сәйкес осы критерийді саралау кезінде оқытушы жұмыс істейтін аймақтың күнкөріс деңгейі есепке алынады.

14-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ПОҚ медианалық жалақысы (теңге)	Балл
1	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	673821,9	**5,00**
2	Халықаралық білім беру корпорациясы	554940,0	**3,49**
3	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	554746,4	**3,49**
4	Каспий қоғамдық университеті	531702,5	**3,19**
5	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	465758,9	**2,73**
6	Торайғыров университеті	380524,9	**1,88**
7	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	349320,9	**1,60**
8	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	402483,8	**1,51**
9	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	339645,0	**1,00**

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

14-кестеде «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі бойынша талдау нәтижелерін көрсетілген: «Сәулет» ББ бойынша ПОҚ орташа медианалық жалақысы 2025 жылы 472 549 теңгені құрады. ББ бойынша рейтингке қатысқан ЖЖОКБҰ арасында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті – 673 822 теңге, Халықаралық білім беру корпорациясы – 554 940 теңге көрсеткіштерін көрсетіп, алғашқы орындарды иеленді.

1.4 «Түлектердің мансаптық перспективалары» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.4.1 «Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі» критерийі

«Түлектердің мансаптық перспективалары» критерийлер тобы түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді. Топ үш критерийден тұрады: түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі, түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы, түлектердің медианалық жалақысы. Бұл критерийлер бойынша білім беру бағдарламаларының 2024 жылғы түлектері талданады. Олардың оқу бітіргеннен кейін, 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңдегі зейнетақы жарналары арқылы талдау жүргізіледі.

«Жұмысқа орналасу деңгейі» көрсеткіші түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін тікелей көрсетеді. Бұл өлшем «тұрақты жұмыспен қамту» және «шартты жұмыспен қамту» болып бөлінеді.

Тұрақты жұмысқа орналасу – 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңде қатарынан кемінде 3 ай тұрақты зейнетақы жарналарын алған жұмысқа орналастырылған түлектердің пайызын көрсететін көрсеткіш.

Шартты жұмыспен қамту – 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңде тұрақты емес негізде зейнетақы аударымдарын алған түлектердің пайызын көрсететін көрсеткіш (яғни тұрақты жұмыспен қамту жағдайларын қоспағанда, тұрақсыз табыс).

Жұмыспен қамтылуды есептеу барысында тұрақты жұмыспен қамтылған түлектердің үлесі жоғары нәтиже береді.

Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін неғұрлым сенімді есептеу үшін жалпы түлектер санынан мынадай санаттар алынып тасталды:

- Магистратурада (резидентурада) оқуды жалғастырған түлектер;
- Шетел азаматтары;
- Декреттік демалыстағы түлектер;
- Мерзімді әскери қызметке шақырылған түлектер;
- Шетелде білім алатын түлектер;
- Шетелде жұмыс істейтін түлектер;
- 1-2 топтағы мүгедектігі бар түлектер;
- Күш құрылымдарының қызметкерлері;
- Жас ерекшелігіне байланысты есептелмейтін түлектер (1996 жылғы және одан үлкен);
- Қайтыс болған түлектер.

Жұмыспен қамтылуды есептеу барысында тұрақты жұмыспен қамтылған түлектердің үлесі жоғары нәтиже береді.

Түлектердің саны 5 адамнан аз болатын келесі ЖЖОКБҰ-да есептеулер тек статистикалық деректер бойынша және сараптамалық бөлім бойынша жүргізілді, өйткені «түлектердің мансаптық перспективалары» блогы бойынша есептеу үшін деректердің аздығына байланысты көрсеткіштер дұрыс

болмауы мүмкін: Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті.

2-диаграмма. «Сәулет» ББ бойынша түлектердің жалпы саны мен құрамы

2-диаграммаға сәйкес ББ бойынша түлектердің жалпы саны 469 адамды құрады, оның ішінде: Магистранттар/резиденттер – 22; Шетел азаматтары – 4; Декреттік демалыстағы түлектер – 11; Мерзімді әскери қызметтегілер– 1; Шетелде білім алатындар – 2; Түлек (ерекше мәртебесі жоқ)– 419; Типтік емес жастағы түлек – 10.

15-кесте. «Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Түлектердің жалпы саны	Жұмысқа орналасу деңгейі, %	Тұрақты жұмыс, %	Шартты жұмыс, %	Балл
1	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	74	91%	86%	5%	**4,43**
2	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	53	93%	74%	19%	**4,06**
3	Халықаралық білім беру корпорациясы	34	86%	71%	15%	**3,82**

4	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	68	79%	69%	10%	**3,66**
5	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	19	74%	63%	11%	**3,37**
6	Торайғыров университеті	14	100%	57%	43%	**3,29**
7	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	84	79%	55%	24%	**3,21**
8	Каспий қоғамдық университеті	48	77%	46%	31%	**2,92**
*	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	0	0	0	0	**0**

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*

15-кестеге сәйкес, «Сәулет» ББ бойынша жұмысқа орналасудың орташа деңгейі 84,8% құрады. Жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары ЖЖОКБҰ: С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті. Оның түлектерінің жұмысқа орналасу деңгейі 91,9% құрайды. Соңғы позицияларда Каспий қоғамдық университеті орналасқан, онда жалпы жұмысқа орналасу пайызы 77,1% құрайды.

3-диаграмма. Түлектерің жұмысқа орналасу деңгейі



3-диаграммадан ББ бойынша түлектердің 66%-ы тұрақты, ал 18%-ы шартты түрде жұмыс істейтінін көруге болады. Түлектердің 16%-ы жұмысқа орналаспаған.

16-кесте. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін салыстырмалы талдау

№	ЖЖОКБҰ атауы	Жұмысқа орналасу деңгейі, %		
		2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.
1	Торайғыров университеті	82%	53%	100%
2	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	83%	80%	93%
3	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	85%	86%	91%
4	Халықаралық білім беру корпорациясы	71%	73%	86%
5	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	83%	72%	79%
6	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	64%	73%	79%
7	Каспий қоғамдық университеті	-	71%	77%
8	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	-	-	74%
*	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	-	-	-

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*

— - рейтингке қатыспаған

16-кестедегі салыстырмалы талдауға сәйкес бұл критерий бойынша өткен жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда келесі оқу орындарының көрсеткіштері жақсарған: Торайғыров университеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Халықаралық білім беру корпорациясы, Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Каспий қоғамдық университеті. С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің көрсеткіші үш жыл ойы үнемі өсуде.

4-диаграмма. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін салыстырмалы талдау



4-диаграмма еңбек нарығында ББ түлектеріне сұраныстың динамикасын көрсетеді. Алдыңғы рейтингтермен салыстырғанда осы критерий көрсеткіштері жақсарды: 2023 жылы жұмысқа орналасудың орташа деңгейі - 52%, 2024 жылы - 56%, ал 2025 жылы - 75% құрады.

1.4.2 «Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы» критерийі

Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы түлектердің оқуды бітіргеннен кейін қаншалықты жылдам жұмыс таба алатынын көрсететін маңызды көрсеткіш. Бұл көрсеткіш нақты білім беру бағдарламасы мен ЖЖОКБҰ дайындаған еңбек нарығындағы мамандардың сұраныс деңгейін көрсетеді.

Жұмыс іздеудің қысқа кезеңі түлектердің жоғары бәсекеге қабілеттілігін, оқу орнының жақсы беделін және білім беру бағдарламасының жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкестігін көрсетеді. Жұмыс іздеудің ұзақ кезеңі түлектердің жеткіліксіз дайындығын, олардың дағдыларының еңбек нарығының талаптарына сәйкес келмеуін немесе белгілі бір салада жұмысқа орналасудың жалпы күрделілігін көрсетуі мүмкін.

Жұмыс іздеу ұзақтығын талдау білім беру ұйымдарына өз бағдарламаларының тиімділігін бағалауға және қажет болған жағдайда түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелерін жақсарту үшін түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

17-кесте. «Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Жұмыс іздеу ұзақтығы (аймен)	Балл
1	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	2,14	**4,48**
2	Халықаралық білім беру корпорациясы	2,33	**4,39**
3	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	2,55	**4,30**
4	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	2,83	**4,17**
5	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	3,38	**3,92**
6	Каспий қоғамдық университеті	3,40	**3,91**
7	Торайғыров университеті	3,56	**3,84**
8	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	3,94	**3,66**
*	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	0,00	**0,00**

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*

17-кестеде түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығының нәтижелері көрсетілген. Келесі ЖЖОКБҰ-да түлектер 2,6 айдан аз уақыт ішінде жұмысқа орналасқан: Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Халықаралық білім беру корпорациясы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.

5-диаграмма. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығын салыстырмалы талдау



5-диаграмма еңбек нарығында «Сәулет» ББ бойынша түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығындағы өзгерістерді көрсетеді. Өткен жылдармен салыстырғанда осы критерийдің көрсеткіштері жақсарған. Бұл өзгерістер ББ түлектеріне сұраныс динамикасын көрсетеді. 2023 жылы жұмыс іздеудің орташа ұзақтығы 3,20 айды, 2024 жылы 3,30 айды, ал 2025 жылы 3,00 айды құрады.

1.4.3 «Түлектердің медианалық жалақысы» критерийі

Медианалық жалақы оқуды бітіргеннен кейінгі алғашқы жылы жұмысқа орналасқан түлектердің табыс деңгейін көрсетеді. Жоғары бастапқы жалақы көбінесе білім беру бағдарламасының сапасының және оны кәсіби ортаның мойындауының көрсеткіші.

Түлектердің медианалық жалақысы туралы мәліметтер оқу орнын таңдау кезінде талапкерлер үшін бағдар бола алады, өйткені олар осы бағдарламаның түлектерінің жұмысқа орналасу және лайықты жалақы алу үшін жақсы перспективалары бар екеніне сенімді бола алады. Сонымен қатар, медианалық жалақысы жоғары бағдарламалар жұмыс берушілердің де назарын аударады, бұл тез мансаптық өсу мен тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады.

Есепте соңғы үш жылдағы түлектердің медианалық жалақысының динамикасы қарастырылады, бұл еңбек нарығындағы трендтерді анықтауға және белгілі бір білім беру бағдарламаларының түлектерінің қаншалықты табысты екенін бағалауға мүмкіндік береді.

Әдістемеге сәйкес осы критерийді саралау кезінде түлектің жұмыс істейтін аймақтың күнкөріс деңгейі есепке алынады.

18-кесте. «Түлектердің медианалық жалақысы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Медианалық жалақы, теңге	Балл
1	Халықаралық білім беру корпорациясы	276980,2	**5,00**
2	Торайғыров университеті	237028,9	**4,87**
3	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	204969,9	**3,95**
4	Каспий қоғамдық университеті	195609,0	**3,82**
5	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	180710,0	**3,61**
6	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	180655,5	**3,60**
7	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	125494,4	**2,93**
8	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	97372,0	**2,64**
*	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	0,00	**0,00**

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*

18-кестеде осы критерий бойынша талдау көрсетілген. Осы көрсеткіш бойынша көшбасшы: Халықаралық білім беру корпорациясы. Ең төменгі көрсеткішті Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті көрсетті, Торайғыров университеті.

2 Білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі

Білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі білім беру процесінің сапасын, түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін, сондай-ақ жоғары оқу орындары қызметінің жалпы көрсеткіштерін көрсететін барлық критерийлерді жан-жақты талдаудың нәтижесі болып табылады. Бұл бөлімде критерийлердің бірнеше тобы бойынша бағалау негізінде қалыптастырылған «Сәулет» ББ бойынша қорытынды рейтинг ұсынылған: білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері, түлектердің мансаптық перспективалары.

2025 жылғы рейтинг жоғарыда аталған блоктар бойынша топтастырылған 17 критерий негізінде құрылды. Әрбір критерийдің жалпы бағалау процесінде оның маңыздылығын көрсететін белгілі бір салмағы бар.

Қорытынды рейтингтің негізгі мақсаты – талапкерлерге, жұмыс берушілерге және басқа да мүдделі тараптарға ақпараттандырылған таңдау жасауға көмектесетін білім беру бағдарламаларына объективті баға беру. Сондай-ақ, рейтинг нәтижелері ЖЖОКБҰ үшін өздерінің білім беру бағдарламаларын жетілдіру және олардың ұлттық және халықаралық деңгейлердегі бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағытында бағдар бола алады.

19-кесте. «Сәулет» ББ бойынша қорытынды рейтинг

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ атауы	Жалпы қорытынды	Рейтингтегі орны
1	Халықаралық білім беру корпорациясы	6В07311 6В07311 Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттар сәулеті	3,455	1 / 8
2	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	6В07307 Сәулет	3,450	2 / 8
3	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	6В07320 6В07311 Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттар сәулеті	3,423	3 / 8
4	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	6В07301 Сәулет	2,956	4 / 8
5	Торайғыров университеті	6В07301 Сәулет	2,886	5 / 8
6	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	6В07310 Саулет	2,761	6 / 8
7	Каспий қоғамдық университеті	6В07325 Сәулет	2,588	7 / 8
8	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	6В07301 Сәулет	2,453	8 / 8

*	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	6В07310 Сәулет	0,801	*

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты рейтингте орын алмады*

19-кестеде «Сәулет» ББ бойынша 2025 жылғы рейтингті талдау қорытындылары ұсынылған. Деректерге сәйкес, ТОП-3 құрамына Халықаралық білім беру корпорациясы, Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті сияқты ЖЖОКБҰ кірді.

20-кесте. 2023-2025 жылдардағы «Сәулет» ББ бойынша рейтингтегі орындары

№	ЖЖОКБҰ атауы	Рейтингтегі орны		
		2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.
1	Халықаралық білім беру корпорациясы	7 / 11	6 / 10	1 / 8
2	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	9 / 11	4 / 10	2 / 8
3	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	1 / 11	2 / 10	3 / 8
4	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	4 / 11	1 / 10	4 / 8
5	Торайғыров университеті	2 / 11	7 / 10	5 / 8
6	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	6 / 11	8 / 10	6 / 8
7	Каспий қоғамдық университеті	-	9 / 10	7 / 8
8	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	-	-	8 / 8
*	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	-	-	-

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты рейтингте орын алмады*
— - рейтингке қатыспаған

20-кестеде 2023–2025 жылдары «Сәулет» ББ бойынша рейтингке қатысқан оқу орындарының алған орындары салыстырылған.

2023 жылы рейтингте көшбасшы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті болды.

2024 жылы көшбасшы С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті атанды.

2025 жылы рейтинг көшбасшылары қатарында Халықаралық білім беру корпорациясы болды.

2025 жылғы білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында «Сәулет» саласында мамандар даярлаудың әртүрлілігі мен сапасын көрсетеді. Талдау көрсеткендей, еңбек нарығының талаптары мен халықаралық стандарттарға бейімделе отырып, өз

бағдарламаларын белсенді түрде жетілдіретін білім беру мекемелері жетекші орындарға ие болды.

Халықаралық білім беру корпорациясы, Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті және Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті сияқты университеттердің жоғары нәтижелері олардың бәсекеге қабілеттілігін және түлектерінің сұранысын растайды. Бұл оқу орындары түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі, орташа жалақы және білім беру бағдарламаларының сапасы сияқты бірқатар критерийлер бойынша жоғары нәтижелер көрсетті.

Рейтинг нәтижелері талапкерлер, жұмыс берушілер және жоғары оқу орындары үшін құнды бағдар болып табылады, әрбір білім беру бағдарламасының мықты жақтарын анықтауға көмектеседі. Болашақта білім беру стандарттарын жақсарту және халықаралық ынтымақтастықты арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру Қазақстанның білім беру жүйесін одан әрі дамыту үшін маңызды қадам болады.

Қорытынды

2025 жылғы ББ бойынша білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін жақсарту үшін елеулі жетістіктер мен салаларды анықтауға мүмкіндік берді. Рейтингте жетекші орындарды білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері, түлектердің мансаптық перспективалары сияқты критерийлер топтары бойынша жоғары нәтижелер көрсете алған университеттер иеленді.

Талдау көрсеткендей, рейтингтің жоғарғы қатарында тұрған ЖЖОКБҰ студенттерді теориялық біліммен ғана емес, сонымен қатар еңбек нарығында сұранысқа ие практикалық дағдылармен қамтамасыз ете отырып, өздерінің білім беру бағдарламаларын жетілдіру бойынша белсенді жұмыс істейді. Алдыңғы қатардағы жоғары оқу орындары жұмыс берушілермен өзара іс-қимылға және халықаралық сапа стандарттарын интеграциялауға ерекше назар аударатынын атап өту керек, себебі бұл олардың түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай арттырады.

Сонымен бірге, есеп назар аударуды қажет ететін кейбір кемшіліктерді анықтады. Мысалы, бірқатар ЖЖОКБҰ-да студенттердің академиялық ұтқырлығы мен ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары, шетелдік студенттер үлесі бойынша төмен көрсеткіштер байқалады, бұл осы бағыттарды одан әрі дамыту қажеттігін көрсетеді. Сондай-ақ, оқу орындарының бір студентке шаққандағы қаржылық шығындар көлемінде айтарлықтай айырмашылықтар байқалды.

Рейтинг нәтижелері барлық мүдделі тараптар үшін маңызды құрал. Талапкерлер мен олардың ата-аналары үшін рейтинг оқу орнын таңдау кезінде бағдар, жұмыс берушілер үшін – мамандарды даярлау сапасының индикаторы, ал жоғары оқу орындарының өздері үшін – өз бағдарламаларын жақсартуға және бәсекелестік ортадағы позицияларын нығайтуға ынталандыру ретінде қызмет етеді.

Қорытындыны келесідей жасауға болады: елеулі жетістіктерге қарамастан, Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі жаңғыртуды және жаңа сын-тегеуріндерге бейімделуді жалғастыруда. Әр ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының жоғары деңгейін қолдап қана қоймай, еңбек нарығындағы өзгерістер мен қоғамның қажеттіліктерін ескере отырып, оларды үнемі жақсартуға ұмтылуы тиіс. 2025 жылғы қорытынды рейтинг жаһандық аренада қазақстандық білім берудің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ете отырып, осы мақсаттарға қол жеткізу жолындағы маңызды қадамдардың бірі. Білім беру бағдарламаларын жетілдіруді жалғастыру және түлектерді тез өзгеретін әлемде табысты кәсіби қызмет үшін қажетті білім мен дағдылармен қамтамасыз ету үшін жан-жақты жұмыс жасау өте маңызды.

Қосымша 1

«Сәулет» ББ бойынша рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ тізімі

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ атауы
1	Торайғыров университеті	6В07301 Сәулет
2	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	6В07310 Сәулет
3	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті	6В07301 Сәулет
4	Каспий қоғамдық университеті	6В07325 Сәулет
5	Халықаралық білім беру корпорациясы	6В07311 6В07311 Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттар сәулеті
6	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	6В07320 6В07311 Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттар сәулеті
7	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	6В07301 Сәулет
8	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	6В07307 Сәулет
9	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	6В07310 Саулет

6В02121 Сәулеттік дизайны даярлау бағыты
В031 Сән, дизайн білім беру бағдарламасы тобы
«Сәулеттік дизайны» білім беру бағдарламасы бойынша рейтингіні қалыптастыру есебі

Кіріспе

Қазақстанның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі экономиканың түрлі салалары үшін жоғары білікті мамандарды даярлауда шешуші рөлдердің бірін атқарады. Еңбек нарығының қарқынды дамуы мен халықаралық интеграция жағдайында білім беру сапасы ғана емес, сонымен қатар білім беру бағдарламаларының қазіргі заманғы сын-қатерлерге бейімделу қабілеті де маңызды. Білім беру мекемелері жұмысының тиімділігін бағалаудың маңызды құралы - мамандарды даярлау деңгейін, түлектердің бәсекеге қабілеттілігін және білім беру бағдарламаларының сапасын объективті бағалауға мүмкіндік беретін рейтингілер жасау.

Бұл есепте 2025 жылғы Қазақстанның жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі – ББ) талданады. Осы талдау шеңберінде түлектердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға және олардың еңбек нарығындағы сұранысына әсер ететін негізгі көрсеткіштер бойынша ББ кешенді салыстырмалы шолу жүргізілді.

Білім беру бағдарламаларының рейтингін қалыптастыру үшін негіздеме:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы.

2. «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы.

3. «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімшелеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығы.

4. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және білім беру жүйесіне тексеру парақтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы №166 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы №116 бірлескен бұйрығы.

Бұл есептің мақсаты – білім беру бағдарламаларына жан-жақты талдау жүргізу және осы талдау негізінде қорытынды рейтинг жасау. Рейтинг жасау барысында білім беру процесінің барлық маңызды компоненттерін қамтитын

әртүрлі критерийлер тобы ескерілді. Олардың ішінде: білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері және түлектердің мансаптық перспективалары. Бұл блоктардың әрқайсысы жалпы рейтингте белгілі бір салмаққа ие, бұл бағалауды мүмкіндігінше объективті және жан-жақты етуге мүмкіндік береді.

Бұл есептің негізгі міндеті – білім беру бағдарламаларының жағдайы туралы нақты және құрылымдық түсінік беру. «Сәулеттік дизайны» ББ бойынша 2025 жылғы рейтингке 4 ЖЖОКБҰ қатысты (1-қосымша)

1 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларының деректерін талдау

1.1 «Білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.1.1 «Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен әзірлеу және келісу» критерийі

ББ мазмұнын болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі мен бәсекеге қабілеттілігінің тиімділігін арттыру үшін әлеуетті немесе негізгі жұмыс берушілермен келісу қажет. Жұмыс берушілер білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде ұсыныстар, пәндердің мазмұнына өзгерістер енгізе алады, сондай-ақ зерттелетін тақырыптар мен материалдардың өзектілігі бойынша ұсыныстар мен ескертулер бере алады. Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен келісу түлектердің табысты жұмысқа орналасуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады.

ЖЖОКБҰ бұл критерий бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған ББ бойынша құжаттардың мынадай тізбесін ұсыну қажет: модульдік білім беру бағдарламасы (МББ), элективті пәндер каталогы (ЭПК), жұмыс берушіден хат, келісу хаттамасы, жұмыс берушінің рецензиясы, ұсынымдық хат, анықтама-негіздеме, ББ сараптамасы.

Осы критерийді есептеу кезінде ББ келісуге қатысатын жұмыс берушілердің санына басты назар аударылды. Бір мамандықтағы жұмыс берушілер әр түрлі болуы мүмкін, сәйкесінше, жұмыс берушілер саны неғұрлым көп болса, жұмыс ерекшеліктерін ұсыну туралы көзқарастар мен пікірлер соғұрлым көп болады.

1-кесте. «Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен әзірлеу және келісу» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ келісілген жұмыс берушілер саны	Балл
1	Халықаралық білім беру корпорациясы	5	**5,00**
2	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	5	**5,00**
3	Орталық Азия Инновациялық Университеті	2	**2,00**
4	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	1	**1,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

1-кестеде осы критерий бойынша нәтижелер берілген: Халықаралық білім беру корпорациясы, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті жетекші орынға ие болды, өйткен оның білім беру бағдарламалары жұмыс берушілердің ең көп санымен келісілген.

1.1.2 «Профессор-оқытушылар құрамының практикалық жұмыс тәжірибесі» критерийі

Профессор-оқытушылар құрамының (ПОҚ) практикалық жұмыс тәжірибесі білім беру үдерісі сапасының маңызды құрамдас бөлігі. Тиісті кәсіби салада нақты тәжірибесі бар оқытушылар студенттерге пән туралы тереңірек және қолданбалы түсінік бере алады. Олар оқу процесіне практикадан, қолданылатын әдістер мен технологиялардан өзекті мысалдар келтіре алады, бұл студенттерді кәсіби қызметке неғұрлым тиімді дайындауға ықпал етеді.

Сонымен қатар, оқытушылардың практикалық тәжірибесі оларға саланың қазіргі тенденцияларын жақсырақ бағдарлауға және оқу бағдарламаларын еңбек нарығының өзгеретін талаптарына бейімдеуге мүмкіндік береді, осылайша түлектердің жоғары бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

ББ бойынша осы көрсеткішті анықтау үшін мынадай құжаттар талап етілді: ЖЖОКБҰ кадрлар бөлімінен оқытушылардың жұмыс өтілі туралы бекітілген анықтама.

2025 жылғы рейтинг әдістемесіне сәйкес 2010 жылғы 1 қаңтар мен 2025 жылғы 1 мамыр аралығында практикалық тәжірибесі бар оқытушылар есепке алынады.

2-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының практикалық жұмыс тәжірибесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Практикалық жұмыс өтілі бар оқытушылар саны (айлар)		Балл
		саны	өтілі	
1	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	2	360	**3,28**
2	Орталық Азия Инновациялық Университеті	4	422	**2,78**
3	Халықаралық білім беру корпорациясы	13	1255	**2,28**
4	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	2	192	**1,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

2-кестеден көріп отырғанымыздай, рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ-ның ЖЖОКБҰ құрылымынан тыс жұмыс тәжірибесі бар оқытушылар бар. Бұл критерийдің көшбасшысы: М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті.

1.1.3 «Профессор-оқытушылар құрамының жетістіктері» критерийі

«Профессорлық-оқытушылық құрамның жетістіктері» критерийі білім беру бағдарламаларының сапасын бағалауда маңызды рөл атқарады, өйткені ол білім беру процесіне қатысатын мұғалімдердің кәсібилігі мен құзыреттілігінің деңгейін көрсетеді. Рейтинг әдіснамасына сәйкес, бұл критерий соңғы жылдардағы профессорлық-оқытушылық құрамның жетістіктерін жан-жақты бағалауға мүмкіндік беретін бірнеше ішкі критерийлерді қамтиды.

Атап айтқанда, 2015-2025 жылдар аралығында «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағына ие болған оқытушылар есепке алынады, бұл олардың педагогикалық еңбегін ЖЖОКБҰ деңгейінде мойындағанын көрсетеді. Сол кезеңде «Үздік ғылыми қызметкер» атағын алған ПОҚ да ескеріледі, бұл олардың ғылыми зерттеулерге және академиялық қоғамдастықтың дамуына қосқан үлесін көрсетеді.

3-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының жетістіктері» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атанған ПОҚ саны	«Үздік ғылыми қызметкер» сыйлығының иегерлері	Балл
1	Халықаралық білім беру корпорациясы	2	0	**2,50**
2	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	1	0	**1,25**
3	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	0	0	**0,00**
4	Орталық Азия Инновациялық Университеті	0	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

3-кестеден көріп отырғанымыздай, Халықаралық білім беру корпорациясы осы критерий бойынша жетекші орын ие болды.

1.1.4 «Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу» критерийі

Білім беру және кәсіптік ұйымдардың бағдарламаны аккредиттеуі бағдарламаның жоғары сапа стандарттарына сәйкестігінің көрсеткіші және оны ұлттық және халықаралық деңгейде тану және мойындау ретінде қарастырылады.

Дәл осы себепті ББ-ның мамандандырылған аккредиттеуден өткені туралы сертификаты сұралды. Бұл критерий бойынша балл білім беру бағдарламасы аккредиттеуден өткен мекеме мен аккредиттеуден өткені туралы сертификаттың жарамдылық ұзақтығына байланысты есептелді.

Ұсынылған мәліметтерге сәйкес, «Сәулеттік дизайны» ББ бойынша рейтингке қатысатын 4 ЖЖОКБҰ-ның 3 мамандандырылған аккредиттеуден өткен.

4-кесте. «Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Аккредитациялық орган атауы	Балл
1	Халықаралық білім беру корпорациясы	IQAA	**5,00**
2	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	CAAAE	**4,90**
4	Орталық Азия Инновациялық Университеті	IAAR	**4,28**
3	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	-	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

4-кестеге сәйкес, осы критерий бойынша келесі ЖЖОКБҰ алдыңғы қатардан көрінді: Халықаралық білім беру корпорациясы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Орталық Азия Инновациялық Университеті.

1-диаграмма. Аккредиттеу органдары бөлінісіндегі аккредиттелген білім беру бағдарламалары



Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

1-диаграммадан көріп отырғанымыздай, 4 ББ-ның 3 аккредиттеуден өткен.

1.1.5 «Білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау» критерийі

Тиісті салалардан сарапшыларды тарту арқылы білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау білім беру сапасын қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылады. Кәсіби саласында терең білімі мен тәжірибесі бар сарапшылар оқу бағдарламаларының еңбек нарығының заманауи талаптары мен кәсіби стандарттарға қаншалықты сәйкес келетінін объективті бағалай алады. Олар мазмұндағы олқылықтарды анықтап, оқу жоспарларын жаңартуды және жаңа пәндерді немесе оқыту әдістерін енгізуді ұсына алады. Мұндай сараптамалық бағалау білім беру мекемелеріне бағдарламаларды өзгермелі жағдайларға бейімдеуге, мамандарды даярлауды жақсартуға және соның салдарынан түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектеседі. Сарапшыларды тарту сонымен қатар білім беру жүйесі мен индустрия арасындағы байланысты нығайтады, бұл жұмыс берушілердің қажеттіліктерін жақсы түсінуге және білім беру бағдарламаларының практикалық маңыздылығын арттыруға ықпал етеді.

Сарапшылардың ББ бағалауы мынадай критерийлер бойынша жүргізіледі:

1) ББ-ның тәжірибеге бағдарлануы – ББ-ның білім мен дағдыларды практикалық қолдануға қаншалықты бағытталғанын бағалау;

2) Пәндердің берілген оқу нәтижелеріне логикалық өзара байланысы және сәйкестігі – бағдарлама ішіндегі пәндер бір-бірімен және оқытудың соңғы нәтижелерімен қалай байланысты екенін талдау;

3) Пәндерді оқыту кезегінің мәнділігі/қисындылығы – бағдарламаның логикалық құрылымын, пәндердің қаншалықты материалды жақсы игеруге ықпал ететін ретпен ұйымдастырылғандығын бағалау;

4) ББ мазмұнының кәсіптік стандарттарға және/немесе еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі – ББ-ның осы саладағы қолданыстағы кәсіби стандарттарға (олар бар болған жағдайда) және (немесе) қазіргі еңбек нарығының талаптарына қаншалықты сәйкес келетіндігін бағалау;

5) Элективті пәндер каталогы (ЭПК) және оның мәні – ББ икемділігі мен бейімділігін бағалау: элективті курстардың кеңдігі мен әртүрлілігі, сәйкес бағыттар мен мамандықтарды таңдау мүмкіндігі, студенттердің қажеттіліктері мен еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі, тәжірибеге бағытталған және инновациялық курстардың болуын бағалау.

ББ мазмұнын бағалау жүйесі келесі диапазондар бойынша бөлінеді:

- Өте жақсы – 9-10 балл арасы;
- Жақсы – 6-8 балл арасы;
- Қанағаттанарлық – 4-5 балл арасы;
- Қанағаттанарлықсыз – 0-3 балл арасы.

5-кесте. «Білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Сарапшының орташа бағасы	Балл
1	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	7,83	**3,92**
2	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	7,50	**3,75**
3	Халықаралық білім беру корпорациясы	7,08	**3,54**
4	Орталық Азия Инновациялық Университеті	7,08	**3,54**

Дереккөз: «Атамекен» ҰКП мәліметтері

5-кестеде ББ мазмұнын сараптамалық бағалаудың қорытындысы ұсынылған, оған сәйкес жетекші орын мынадай ЖЖОКБҰ иеленді: М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті.

1.2 «Білім беру бағдарламасының жетістіктері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.2.1 «Академиялық ұтқырлық» критерийі

ЖЖОКБҰ студенттерінің белгілі бір уақыт кезеңіне елден тыс басқа білім беру немесе ғылыми мекемеге ауысуы студенттің жеке дамуы үшін маңызды және оған мәдени байуға мүмкіндік береді, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің тиімділігін, түлектердің отандық және халықаралық еңбек нарықтарындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады, жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының тәжірибесін зерделеу және игеру есебінен кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіреді және т. б.

ЖЖОКБҰ да академиялық ұтқырлық бағдарламасын іске асыруды талдау мақсатында оқу орындарынан мынадай құжаттар талап етілді:

- академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде студенттерді шетелдік оқу орындарына жіберу туралы ректор бұйрығының көшірмесі;
- академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде шетелдік оқу орындарының студенттерін қабылдау туралы ректор бұйрығының көшірмесі.

ЖЖОКБҰ академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде ұсынылған құжаттарды «Атамекен» ҰКП менеджерлері талдап, келесі қорытындылар жасады:

6-кесте. «Академиялық ұтқырлық» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ контингенті	Академиялық ұтқырлық бағдарламаларын қолданған білім алушылар саны	Балл
1	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	153	7	**5,00**
2	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	307	6	**2,14**
3	Халықаралық білім беру корпорациясы	508	0	**0,00**
4	Орталық Азия Инновациялық Университеті	145	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

6-кестеде көрсетілген мәліметтерге сәйкес, академиялық ұтқырлық бағдарламаларын қолданған білім алушылар тек М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті және Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде анықталды.

1.2.2 «Білім алушылардың ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары» критерийі

Қазіргі уақытта нарықтағы технологиялық даму ЖЖОКБҰ-да тиімді ғылыми-зерттеу процесін ұйымдастыруды талап етеді, тек жаңа білімді дамытуды ғана емес, сонымен қатар нарықта коммерциялық тұрғыдан дамыған, сұранысқа ие бизнес-идеяларды өндіруді талап етеді.

Студенттік бизнес-инкубаторлар мен зертханалар жастар ортасында кәсіпкерлік қызметтің оң бейнесін қалыптастырады, жастар арасында креативті және инновациялық әлеуетті іске асырады, сондай-ақ кәсіпкерлікке және инновациялық қызметке бағдарланған ұйымдар мен жастар қауымдастықтарын қолдайды, жастар кәсіпкерлігін ақпараттық, білім беру, қаржылық және мүліктік қолдаудың бірыңғай жүйесін құрады және қамтамасыз етеді. Бұдан басқа, жастарды кәсіпкерлік қызметке білім беру, әдістемелік және ақпараттық даярлауды көрсетеді, жастар құрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің санын арттырады, жоғары білім, бизнес және өндірістік сала арасындағы өзара іс-қимыл мен әлеуметтік әріптестік үшін жағдайлар жасайды.

Сондықтан «Атамекен» ҰКП зерттеу бағытындағы пункттердің бірі ЖЖОКБҰ студенттерінің шығармашылық жетістіктерін дәріптеу және енгізу болып табылады.

Студенттердің ғылыми зерттеулерін талдау мақсатында оқу орындарынан электрондық форматта растайтын құжат (патент және авторлық құқық туралы куәлік) талап етілді:

Ұсынылған құжаттар негізінде келесі мәліметтер алынды:
ЖЖОКБҰ ұсынған деректерге сәйкес, жоғары оқу орындарының ешқайсысында ғылыми-кәсіпкерлік бастамалардың болу фактісі расталған жоқ.

1.2.3 «Магистратурада/резидентурада оқуды жалғастырған түлектердің үлесі» критерийі

Қазақстанда Еуропалық жоғары білім беру аймағына (European Higher Education Area (EHEA)) кіре отырып, кадрларды даярлаудың үш деңгейлі моделін: бакалавриат, магистратура және PhD докторантураны енгізуді қамтитын жоғары білім беру жүйесін айтарлықтай қайта құрылымдау жүргізілді. Бакалавриат аяқталғаннан кейін түлектердің одан әрі дамуы үшін әртүрлі мүмкіндіктері бар, мысалы, мамандық бойынша жұмыс іздеу, екінші жоғары білім алу немесе магистратураға түсу.

Магистратура біліктілікті арттыруда және таңдаған мамандығы бойынша білімді тереңдетуде шешуші рөл атқарады, бұл оны кәсіби қалыптасудың маңызды кезеңіне айналдырады. Жыл сайын магистрлік бағдарламалар барған сайын танымал бола бастады, ал магистрлер еңбек

нарығында сұранысқа ие бола бастады, бұл қазіргі заманғы экономика жағдайында білім берудің осы деңгейінің өзектілігін көрсетеді.

Бұл критерий бойынша жиналған деректер 8-кестедегідей болды.

7-кесте. «Магистратурада/резидентурада оқуды жалғастырған түлектердің үлесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Магистранттар үлесі			Балл
		Түлектер саны	Түлектер арасында магистратурада оқуды жалғастырғандар саны	үлес %	
1	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	24	1	4,1%	**5,00**
2	Халықаралық білім беру корпорациясы	63	2	3,1%	**3,81**
3	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	14	0	0,0%	**0,00**
4	Орталық Азия Инновациялық Университеті	15	0	0,0%	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

7-кестеде осы критерий бойынша 2024 жылғы түлектерді талдау қорытындыларын көруге болады, түлектердің жалпы саны 116 болса, оның ішінде 3 түлек әрі қарай магистратурада оқуын жалғастырған, бұл 2,58% құрайды. Кестеге сәйкес магистратураға түскен түлектердің тек келесі оқу орындарына тиесілі: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Халықаралық білім беру корпорациясы.

1.2.4 «Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы» критерийі.

Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсу үшін іріктеу емтихандарының нысандарының бірі.

Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы – жоғары ҰБТ нәтижелерін көрсеткен талапкерлердің көбінесе қай ЖЖОКБҰ таңдайтынын анықтайтын көрсеткіш. Бұл көрсеткіш ЖЖОКБҰ деңгейін және талапкерлер арасында оның сұранысын анықтауға мүмкіндік береді.

8-кесте. «Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Талапкерлердің орташа ҰБТ балы	Балл
1	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	42	**1,52**
2	Орталық Азия Инновациялық Университеті	37	**1,33**
3	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	32	**1,13**
4	Халықаралық білім беру корпорациясы	30	**1,09**

Дереккөз: «Ұлттық тестілеу орталығы» РМК

8-кестеде көрсетілгендей, ББ бойынша 2024-2025 оқу жылында жоғары оқу орнына оқуға түскен талапкерлердің орташа балы 35 балды құраған. Салыстырмалы түрде жоғары балл жинаған талапкерлер келесі ЖЖОКБҰ-ны таңдаған: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.

1.2.5 «Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі

Шетелдік студенттер өз елдерінде қазақ тілі мен мәдени дәстүрлерінің таралуына ықпал ете отырып, Қазақстандағы заманауи білім беру жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Олардың еліміздің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқуы біздің университеттерге деген халықаралық сұраныс деігейін көрсетеді және олардың рейтингінің жоғарылауына тікелей әсер етеді.

«Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі білім беру бағдарламаларының студенттерді шетелден тарту қабілетін көрсетеді. Бұл шетелдік студенттер үшін білім беру бағдарламалары мен жоғары оқу орындарының нақты тартымдылығын объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Осы критерийді растау үшін ЖЖОКБҰ келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- шетелдік студенттерді қабылдау туралы бұйрықтар;
- шетелдік студенттердің төлқұжаттарының көшірмелері.

9-кесте. «Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Шетелдік студенттер үлесі			Бал л
		ББ контингенті	Шетелдік студенттер саны	үлес, %	
1	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	307,00	24,00	7,81%	**5,00**
2	Халықаралық білім беру корпорациясы	508,00	8,00	1,57%	**1,01**
3	Орталық Азия Инновациялық Университеті	145,00	1,00	0,68%	**0,44**
4	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	153,00	1,00	0,65%	**0,42**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

9-кестеде шетелдік студенттердің «Сәулеттік дизайны» ББ жалпы контингентіне қатынасын көруге болады, бұл 3% құрайды. Шетелдік студенттердің контингенті ке шаққандағы ең көп үлесі келесі оқу орындарында анықталды: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.

1.3 «ЖЖОКБҰ» жалпы көрсеткіштері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.3.1 «ЖЖОКБҰ» студенттері мен оқытушыларының арақатынасы» критерийі

Студенттер мен оқытушылардың арақатынасы ЖЖОКБҰ ұсынатын білім сапасына әсер ететін негізгі көрсеткіштердің бірі. Бұл критерий оқытуға жеке көзқарас деңгейін және әр студентке оқытушы тарапынан жеткілікті көңіл бөлінетін қолайлы білім беру ортасын құру мүмкіндігін көрсетеді.

Студенттердің оқытушыларға қатынасының төмендігі оқытушылар құрамы жеке кеңес беруге, жұмыстарды тексеруге, ғылыми зерттеулерді басқаруға және практикалық дайындыққа көбірек уақыт бөле отырып, оқушылармен тиімдірек әрекеттесе алуына көбірек мүмкіндік береді. Бұл әсіресе тәжірибеге бағытталған оқытудың жоғары дәрежесін және тереңдетілген зерттеулерді қажет ететін бағдарламалар үшін өте маңызды.

Ал бір ПОҚ шаққанда білім алушылар санының тым көп болуы оқытушыларға шамадан тыс жүктемелер артылатындығын көрсетуі мүмкін, бұл білім беру процесінің сапасын төмендетуі және студенттердің оқуға қызығушылығына теріс әсер етуі мүмкін. Қазіргі білім беру стандарттары мен еңбек нарығының талаптары жағдайында студенттер мен оқытушылар саны арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті сақтау ЖЖОКБҰ бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторына айналады.

Осылайша, осы критерийді талдау оқу орнының оқу жүктемесін ақылға қонымды бөлуді қолдай отырып және оқыту сапасын қамтамасыз ете отырып, білім беру қызметтерінің жоғары деңгейін қаншалықты қамтамасыз ете алатынын бағалауға мүмкіндік береді.

Біздің тарапымыздан ЖЖОКБҰ-да ПОҚ сапасы бойынша берілген мәліметтерді тексеру кезінде мынадай нормативтік құқықтық актілердің іске асырылуы да ескеріледі: Сот төрелігі академиясын, әскери, арнаулы оқу орындарын, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары профессор-оқытушылар құрамының жалпы санын есептеу үшін білім алушылар санының оқытушыларға орташа арақатынасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 606 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада № 17670 болып тіркелген).

10-кесте. «ЖЖОКБҰ студенттері мен оқытушыларының арақатынасы» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ штаттық ПОҚ саны	ЖЖОКБҰ контингенті	Бір ПОҚ-қа шаққандағы білім алушылар саны	Балл
1	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	1370	25914	19	**5,00**
2	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	290	6458	22	**4,25**
3	Халықаралық білім беру корпорациясы	288	11574	40	**2,35**
4	Орталық Азия Инновациялық Университеті	364	16067	44	**2,14**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

10-кестеде оқытушылардың ЖЖОКБҰ-ның жалпы контингентіне қатынасын көруге болады. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, ол университетте бір оқытушыға орташа есеппен 19 білім алушы келеді.

1.3.2 «Дәрежелі оқытушылардың үлесі» критерийі

Дәрежелі оқытушылардың үлесі профессор-оқытушылар құрамының академиялық біліктілігі мен кәсібилігінің маңызды көрсеткіші. Ғылыми дәрежесі (ғылыми дәрежесі және (немесе) философия докторы PhD/бейіні бойынша доктор (академиялық) дәрежесі және (немесе) ғылыми атағы және «өнер» кадрларын даярлау үшін «ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы» спорттық атағы) бар оқытушылар ЖЖОКБҰ-да білім мен ғылыми қызметтің жоғары деңгейін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Оқу орнында дәрежелі оқытушылардың едәуір санының болуы оның іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылыми әзірлемелердің нәтижелерін білім беру процесіне кіріктіру, сондай-ақ халықаралық ғылыми жобаларға қатысу мүмкіндігі туралы куәландырады. Бұл тез өзгеретін кәсіби орта жағдайында жұмысқа дайын жоғары білікті мамандарды қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасайды.

Сонымен қатар, дәрежелі оқытушылар педагогикалық құзыреттіліктің жоғары деңгейіне ие, бұл оларға білімді тиімді жеткізуге, студенттерде сыни ойлау мен аналитикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай оқытушылардың жоғары үлесі оқу орнының академиялық стандарттарға бейілділігін және білім беру бағдарламаларының сапасын үздіксіз жетілдіруге ұмтылысын көрсетеді.

Бұл критерий ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының академиялық және кәсіптік даярлықтың қазіргі заманғы талаптарына қаншалықты сәйкес келетіндігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді, сондай-ақ оның ғылыми және білім беру орталығы ретіндегі беделін нығайтуға ықпал етеді.

11-кесте. «Дәрежелі оқытушылардың үлесі» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ штаттық ПОҚ саны	Штаттық дәрежелі ПОҚ саны	Үлес, (%)	Балл
1	Халықаралық білім беру корпорациясы	288	191	66%	**5,00**
2	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	290	141	49%	**2,43**
3	Орталық Азия Инновациялық Университеті	364	163	45%	**2,24**
4	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	1370	548	40%	**2,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

11-кестеде бұл ББ бойынша рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ-ның дәрежелі ПОҚ үлесі орта есеппен 50% құрайтынын көруге болады. Дәрежелі ПОҚ-ның ең көп үлесі мынадай ЖЖОКБҰ-да жұмыс істейді: Халықаралық білім беру корпорациясы.

1.3.3 «Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі

«Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі білім беру процесінің қаржылық қамтамасыз етілуін және оқу орнының оқытудың негізгі аспектілеріне қаражат салуға дайындығын бағалауға мүмкіндік беретін маңызды көрсеткіштердің бірі. Бұл критерийде бағдарламалық қамтамасыз ету және кітапхана қорын дамыту шығындары ескеріледі.

Бағдарламалық қамтамасыз ету шығындары әртүрлі пәндерге арналған арнайы бағдарламалар, оқу процесін басқару жүйелері және оқытудың тиімділігі мен интерактивтілігін арттыратын басқа да цифрлық құралдар сияқты оқу процестеріне қажетті лицензиялық бағдарламаларды сатып алу және жаңарту шығындарын қамтиды. Бұл ББ өзектілігін сақтау және студенттерді заманауи технологиялармен жұмыс істеуге дайындау үшін маңызды.

Кітапхана қорын дамыту шығындарына студенттердің өзекті және

сапалы оқу және ғылыми ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін қажетті жаңа оқулықтарды, ғылыми әдебиеттерді, электрондық ресурстар мен дерекқорларды сатып алу шығындары кіреді. Кітапхана қорын дамыту білімді тереңдетуге және ғылыми зерттеулер жүргізуге ықпал ететін академиялық ортаның маңызды құрамдас бөлігі.

12-кесте. «Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау»

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ контингенті	1 студентке шаққандағы шығындар көлемі (теңге)	Балл
1	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	6458,00	4486,00	**5,00**
2	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	25914,00	3998,00	**4,06**
3	Орталық Азия Инновациялық Университеті	16067,00	3608,39	**3,31**
4	Халықаралық білім беру корпорациясы	11574,00	2404,00	**1,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

12-кестеде көрсетілген 1 студентке бөлінген қаражатты талдау бойынша келесі ЖЖОКБҰ жоғары нәтиже көрсетті: М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті.

1.3.4 «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі

«Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі оқытушыларды қаржылық қолдау деңгейін және жанама түрде оқу орнындағы білім беру процесінің сапасын көрсететін маңызды көрсеткіш. Медианалық жалақы – оқытушылардың жартысы жалақыны осы деңгейден жоғары, ал екінші жартысы төмен алатын бөліну нүктесі. Бұл көрсеткіштің орташа жалақыдан айырмашылығы, оған өте жоғары немесе өте төмен жалақы сияқты шекті мәндер әсер етпейді.

Медианалық жалақы деңгейі оқытушылардың мотивациясымен және олардың жұмысқа қанағаттануымен тығыз байланысты. Жалақының жоғары деңгейі университетке білікті мамандарды тартуға және ұстап қалуға мүмкіндік береді, ол дегеніміз оқыту мен ғылыми қызметтің сапасына оң әсер етеді. Лайықты жалақы алатын оқытушылар үнемі кәсіби дамуға, ғылыми зерттеулерге қатысуға және студенттермен белсенді қарым-қатынасқа ынталы болады.

Сонымен қатар, медианалық жалақы көрсеткіші ЖЖОКБҰ-ның қаржылық тұрақтылығын және оның басқа оқу орындарымен салыстырғанда бәсекеге қабілетті жалақы деңгейін ұстап тұру қабілетін көрсете алады.

13-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ПОҚ медианалық жалақысы (теңге)	Балл
1	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	673821,9	**5,00**
2	Халықаралық білім беру корпорациясы	554940,0	**3,30**
3	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	383676,3	**1,77**
4	Орталық Азия Инновациялық Университеті	371175,6	**1,00**

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

13-кестеде «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі бойынша талдау нәтижелерін көрсетілген: «Сәулеттік дизайны» ББ бойынша ПОҚ орташа медианалық жалақысы 2025 жылы 495 903 теңгені құрады. ББ бойынша рейтингке қатысқан ЖЖОКБҰ арасында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті - 673 822, Халықаралық білім беру корпорациясы – 554 940 өрсеткіштерін көрсетіп, алғашқы орындарды иеленді.

1.4 «Түлектердің мансаптық перспективалары» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.4.1 «Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі» критерийі

«Түлектердің мансаптық перспективалары» критерийлер тобы түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді. Топ үш критерийден тұрады: түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі, түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы, түлектердің медианалық жалақысы. Бұл критерийлер бойынша білім беру бағдарламаларының 2024 жылғы түлектері талданады. Олардың оқу бітіргеннен кейін, 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңдегі зейнетақы жарналары арқылы талдау жүргізіледі.

«Жұмысқа орналасу деңгейі» көрсеткіші түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін тікелей көрсетеді. Бұл өлшем «тұрақты жұмыспен қамту» және «шартты жұмыспен қамту»болып бөлінеді.

Тұрақты жұмысқа орналасу – 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңде қатарынан кемінде 3 ай тұрақты зейнетақы жарналарын алған жұмысқа орналастырылған түлектердің пайызын көрсететін көрсеткіш.

Шартты жұмыспен қамту – 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңде тұрақты емес негізде зейнетақы аударымдарын алған түлектердің пайызын көрсететін көрсеткіш (яғни тұрақты жұмыспен қамту жағдайларын қоспағанда, тұрақсыз табыс).

Жұмыспен қамтылуды есептеу барысында тұрақты жұмыспен қамтылған түлектердің үлесі жоғары нәтиже береді.

Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін неғұрлым сенімді есептеу үшін жалпы түлектер санынан мынадай санаттар алынып тасталды:

- Магистратурада (резидентурада) оқуды жалғастырған түлектер;
- Шетел азаматтары;
- Декреттік демалыстағы түлектер;
- Мерзімді әскери қызметке шақырылған түлектер;
- Шетелде білім алатын түлектер;
- Шетелде жұмыс істейтін түлектер;
- 1-2 топтағы мүгедектігі бар түлектер;
- Күш құрылымдарының қызметкерлері;
- Жас ерекшелігіне байланысты есептелмейтін түлектер (1996 жылғы және одан үлкен);
- Қайтыс болған түлектер.

2-диаграмма. «Сәулеттік дизайны» ББ бойынша түлектердің жалпы саны мен құрамы



2-диаграммаға сәйкес ББ бойынша түлектердің жалпы саны 116 адамды құрады, оның ішінде: декреттік демалыста – 4; м магистратурада (резидентурада) оқуды жалғастырғандар – 3; шетел азаматтары – 8;

14-кесте. «Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Түлектердің жалпы саны	Жұмысқа орналасу деңгейі, %	Тұрақты жұмыс, %	Шартты жұмыс, %	Балл
1	Халықаралық білім беру корпорациясы	62	66%	50%	16%	**2,82**
2	Орталық Азия Инновациялық Университеті	11	55%	55%	0%	**2,73**
3	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	16	69%	44%	25%	**2,69**
4	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	12	58%	50%	8%	**2,67**

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

14-кестеге сәйкес, «Сәулеттік дизайны» ББ бойынша жұмысқа орналасудың орташа деңгейі 62 % құрады. Жұмысқа орналасу көрсеткіштері жоғары ЖЖОКБҰ: Халықаралық білім беру корпорациясы. Соңғы позицияда М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті болды, онда жұмысқа орналасу деңгейі 58,3%-ды құрады.

3-диаграмма. Түлектерің жұмысқа орналасу деңгейі



3-диаграммадан ББ бойынша түлектердің 49%-ы тұрақты, ал 15%-ы шартты түрде жұмыс істейтінін көруге болады. Түлектердің 36%-ы жұмысқа орналаспаған.

15-кесте. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін салыстырмалы талдау

№	ЖЖОКБҰ атауы	Жұмысқа орналасу деңгейі, %		
		2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.
1	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	65%	92%	69%
2	Халықаралық білім беру корпорациясы	66%	69%	66%
3	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	-	-	58%
4	Орталық Азия Инновациялық Университеті	-	-	55%

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

— - рейтингке қатыспаған

15-кестедегі салыстырмалы талдауға сәйкес бұл критерий бойынша өткен жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда оқу орындарының көрсеткіштері нашарған.

4-диаграмма. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін салыстырмалы талдау



4-диаграмма еңбек нарығында ББ түлектеріне сұраныстың динамикасын көрсетеді. Алдыңғы рейтингтермен салыстырғанда осы критерий көрсеткіштері жақсарды: 2023 жылы жұмысқа орналасудың орташа деңгейі - 33%, 2024 жылы - 40%, ал 2025 жылы - 62% құрады.

1.4.2 «Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы» критерийі

Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы түлектердің оқуды бітіргеннен кейін қаншалықты жылдам жұмыс таба алатынын көрсететін маңызды көрсеткіш. Бұл көрсеткіш нақты білім беру бағдарламасы мен ЖЖОКБҰ дайындаған еңбек нарығындағы мамандардың сұраныс деңгейін көрсетеді.

Жұмыс іздеудің қысқа кезеңі түлектердің жоғары бәсекеге қабілеттілігін, оқу орнының жақсы беделін және білім беру бағдарламасының жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкестігін көрсетеді. Жұмыс іздеудің ұзақ кезеңі түлектердің жеткіліксіз дайындығын, олардың дағдыларының еңбек нарығының талаптарына сәйкес келмеуін немесе белгілі бір салада жұмысқа орналасудың жалпы күрделілігін көрсетуі мүмкін.

Жұмыс іздеу ұзақтығын талдау білім беру ұйымдарына өз бағдарламаларының тиімділігін бағалауға және қажет болған жағдайда түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелерін жақсарту үшін түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

16-кесте. «Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Жұмыс іздеу ұзақтығы (аймен)	Балл
1	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	1,90	**4,59**
2	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	2,36	**4,38**
3	Орталық Азия Инновациялық Университеті	2,44	**4,34**
4	Халықаралық білім беру корпорациясы	2,86	**4,16**

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

16-кестеде түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығының нәтижелері көрсетілген. Келесі ЖЖОКБҰ-да түлектер 2 айдан аз уақыт ішінде жұмысқа орналасқан: М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті.

5-диаграмма. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығын салыстырмалы талдау



5-диаграмма еңбек нарығында «Сәулеттік дизайны» ББ бойынша түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығындағы өзгерістерді көрсетеді. Өткен жылдармен салыстырғанда осы критерийдің көрсеткіштері жақсарған. Бұл өзгерістер ББ түлектеріне сұраныс динамикасын көрсетеді. 2023 жылы жұмыс іздеудің орташа ұзақтығы 3,60 айды, 2024 жылы 4,60 айды, ал 2025 жылы 2,35 айды құрады.

1.4.3 «Түлектердің медианалық жалақысы» критерийі

Медианалық жалақы оқуды бітіргеннен кейінгі алғашқы жылы жұмысқа орналасқан түлектердің табыс деңгейін көрсетеді. Жоғары бастапқы жалақы көбінесе білім беру бағдарламасының сапасының және оны кәсіби ортаның мойындауының көрсеткіші.

Түлектердің медианалық жалақысы туралы мәліметтер оқу орнын таңдау кезінде талапкерлер үшін бағдар бола алады, өйткені олар осы бағдарламаның түлектерінің жұмысқа орналасу және лайықты жалақы алу үшін жақсы перспективалары бар екеніне сенімді бола алады. Сонымен қатар, медианалық жалақысы жоғары бағдарламалар жұмыс берушілердің де назарын аударады, бұл тез мансаптық өсу мен тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады.

Есепте соңғы үш жылдағы түлектердің медианалық жалақысының динамикасы қарастырылады, бұл еңбек нарығындағы трендтерді анықтауға және белгілі бір білім беру бағдарламаларының түлектерінің қаншалықты табысты екенін бағалауға мүмкіндік береді.

Әдістемеге сәйкес осы критерийді саралау кезінде түлектің жұмыс істейтін аймақтың күнкөріс деңгейі есепке алынады.

17-кесте. «Түлектердің медианалық жалақысы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Медианалық жалақы, теңге	Балл
1	Орталық Азия Инновациялық Университеті	221577,9	**5,00**
2	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	130692,9	**1,91**
3	Халықаралық білім беру корпорациясы	110000,0	**1,31**
4	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	85000,0	**1,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

17-кестеде осы критерий бойынша талдау көрсетілген. Осы көрсеткіш бойынша көшбасшы: Орталық Азия Инновациялық Университеті. Ең төменгі көрсеткішті М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті көрсетті.

2 Білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі

Білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі білім беру процесінің сапасын, түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін, сондай-ақ жоғары оқу орындары қызметінің жалпы көрсеткіштерін көрсететін барлық критерийлерді жан-жақты талдаудың нәтижесі болып табылады. Бұл бөлімде критерийлердің бірнеше тобы бойынша бағалау негізінде қалыптастырылған «Сәулеттік дизайны» ББ бойынша қорытынды рейтинг ұсынылған: білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері, түлектердің мансаптық перспективалары.

2025 жылғы рейтинг жоғарыда аталған блоктар бойынша топтастырылған 17 критерий негізінде құрылды. Әрбір критерийдің жалпы бағалау процесінде оның маңыздылығын көрсететін белгілі бір салмағы бар.

Қорытынды рейтингтің негізгі мақсаты – талапкерлерге, жұмыс берушілерге және басқа да мүдделі тараптарға ақпараттандырылған таңдау жасауға көмектесетін білім беру бағдарламаларына объективті баға беру. Сондай-ақ, рейтинг нәтижелері ЖЖОКБҰ үшін өздерінің білім беру бағдарламаларын жетілдіру және олардың ұлттық және халықаралық деңгейлердегі бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағытында бағдар бола алады.

18-кесте. «Сәулеттік дизайны» ББ бойынша қорытынды рейтинг

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ атауы	Жалпы қорытынды	Рейтингтегі орны
1	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	6В02121 Сәулеттік дизайны	2,990	1 / 4
2	Халықаралық білім беру корпорациясы	6В02121 Сәулеттік дизайны	2,838	2 / 4
3	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	6В02124 Интерьер дизайны	2,561	3 / 4
4	Орталық Азия Инновациялық Университеті	6В02101 Сән, интерьер дизайны және өнеркәсіптік дизайн	2,553	4 / 4

18-кестеде «Сәулеттік дизайны» ББ бойынша 2025 жылғы рейтингті талдау қорытындылары ұсынылған. Деректерге сәйкес, жетекші орында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.

19-кесте. 2023-2025 жылдардағы «Сәулеттік дизайны» ББ бойынша рейтингтегі орындары

№	ЖЖОКБҰ атауы	Рейтингтегі орны		
		2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.
1	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	1 / 3	1 / 4	1 / 4
2	Халықаралық білім беру корпорациясы	2 / 3	4 / 4	2 / 4
3	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	-	-	3 / 4
4	Орталық Азия Инновациялық Университеті	-	-	4 / 4
*	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	-	2 / 4	-

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты рейтингте орын алмады*
— - рейтингке қатыспаған

19-кестеде 2023-2025 жылдары «Сәулеттік дизайны» ББ бойынша рейтингке қатысқан оқу орындарының рейтингте алған орындары салыстырылды.

Үш жыл ойы 1-ші орынды Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті иеленуде.

2023 және 2025 жылдары рейтинг көшбасшылары қатарында Халықаралық білім беру корпорациясы болды.

2024 жылы көшбасшылар қатарында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті де болды.

Биыл М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті мен Орталық Азия Инновациялық Университеті соңғы орындарды иеленді.

2025 жылғы білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында «Сәулеттік дизайны» саласында мамандар даярлаудың әртүрлілігі мен сапасын көрсетеді. Талдау көрсеткендей, еңбек нарығының талаптары мен халықаралық стандарттарға бейімделе отырып, өз бағдарламаларын белсенді түрде жетілдіретін білім беру мекемелері жетекші орындарға ие болды.

М.с. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті және Халықаралық білім беру корпорациясы сияқты университеттердің жоғары нәтижелері олардың бәсекеге қабілеттілігін және түлектерінің сұранысын растайды. Бұл оқу орындары түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі, орташа жалақы және білім беру бағдарламаларының сапасы сияқты бірқатар критерийлер бойынша жоғары нәтижелер көрсетті.

Рейтинг нәтижелері талапкерлер, жұмыс берушілер және жоғары оқу орындары үшін құнды бағдар болып табылады, әрбір білім беру бағдарламасының мықты жақтарын анықтауға көмектеседі. Болашақта білім беру стандарттарын жақсарту және халықаралық ынтымақтастықты арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру Қазақстанның білім беру жүйесін одан әрі дамыту үшін маңызды қадам болады.

Қорытынды

2025 жылғы ББ бойынша білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін жақсарту үшін елеулі жетістіктер мен салаларды анықтауға мүмкіндік берді. Рейтингте жетекші орындарды білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері, түлектердің мансаптық перспективалары сияқты критерийлер топтары бойынша жоғары нәтижелер көрсете алған университеттер иеленді.

Талдау көрсеткендей, рейтингтің жоғарғы қатарында тұрған ЖЖОКБҰ студенттерді теориялық біліммен ғана емес, сонымен қатар еңбек нарығында сұранысқа ие практикалық дағдылармен қамтамасыз ете отырып, өздерінің білім беру бағдарламаларын жетілдіру бойынша белсенді жұмыс істейді. Алдыңғы қатардағы жоғары оқу орындары жұмыс берушілермен өзара іс-қимылға және халықаралық сапа стандарттарын интеграциялауға ерекше назар аударатынын атап өту керек, себебі бұл олардың түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай арттырады.

Сонымен бірге, есеп назар аударуды қажет ететін кейбір кемшіліктерді анықтады. Мысалы, бірқатар ЖЖОКБҰ-да студенттердің академиялық ұтқырлығы мен ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары, шетелдік студенттер үлесі бойынша төмен көрсеткіштер байқалады, бұл осы бағыттарды одан әрі дамыту қажеттігін көрсетеді. Сондай-ақ, оқу орындарының бір студентке шаққандағы қаржылық шығындар көлемінде айтарлықтай айырмашылықтар байқалды.

Рейтинг нәтижелері барлық мүдделі тараптар үшін маңызды құрал. Талапкерлер мен олардың ата-аналары үшін рейтинг оқу орнын таңдау кезінде бағдар, жұмыс берушілер үшін – мамандарды даярлау сапасының индикаторы, ал жоғары оқу орындарының өздері үшін – өз бағдарламаларын жақсартуға және бәсекелестік ортадағы позицияларын нығайтуға ынталандыру ретінде қызмет етеді.

Қорытындыны келесідей жасауға болады: елеулі жетістіктерге қарамастан, Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі жаңғыртуды және жаңа сын-тегеуріндерге бейімделуді жалғастыруда. Әр ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының жоғары деңгейін қолдап қана қоймай, еңбек нарығындағы өзгерістер мен қоғамның қажеттіліктерін ескере отырып, оларды үнемі жақсартуға ұмтылуы тиіс. 2025 жылғы қорытынды рейтинг жаһандық аренада қазақстандық білім берудің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ете отырып, осы мақсаттарға қол жеткізу жолындағы маңызды қадамдардың бірі. Білім беру бағдарламаларын жетілдіруді жалғастыру және түлектерді тез өзгеретін әлемде табысты кәсіби қызмет үшін қажетті білім мен дағдылармен қамтамасыз ету үшін жан-жақты жұмыс жасау өте маңызды.

Қосымша 1

«Сәулеттік дизайны» ББ бойынша рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ тізімі

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ атауы
1	Халықаралық білім беру корпорациясы	6В02121 Сәулеттік дизайны
2	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	6В02121 Сәулеттік дизайны
3	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	6В02124 Интерьер дизайны
4	Орталық Азия Инновациялық Университеті	6В02101 Сән, интерьер дизайны және өнеркәсіптік дизайн

6В02122 Графикалық дизайн даярлау бағыты
В031 Сән, дизайн білім беру бағдарламасы тобы
«Графикалық дизайн» білім беру бағдарламасы бойынша рейтингіні қалыптастыру есебі

Кіріспе

Қазақстанның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі экономиканың түрлі салалары үшін жоғары білікті мамандарды даярлауда шешуші рөлдердің бірін атқарады. Еңбек нарығының қарқынды дамуы мен халықаралық интеграция жағдайында білім беру сапасы ғана емес, сонымен қатар білім беру бағдарламаларының қазіргі заманғы сын-қатерлерге бейімделу қабілеті де маңызды. Білім беру мекемелері жұмысының тиімділігін бағалаудың маңызды құралы - мамандарды даярлау деңгейін, түлектердің бәсекеге қабілеттілігін және білім беру бағдарламаларының сапасын объективті бағалауға мүмкіндік беретін рейтингілер жасау.

Бұл есепте 2025 жылғы Қазақстанның жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі – ББ) талданады. Осы талдау шеңберінде түлектердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға және олардың еңбек нарығындағы сұранысына әсер ететін негізгі көрсеткіштер бойынша ББ кешенді салыстырмалы шолу жүргізілді.

Білім беру бағдарламаларының рейтингін қалыптастыру үшін негіздеме:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы.

2. «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы.

3. «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімшелеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығы.

4. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және білім беру жүйесіне тексеру парақтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы №166 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы №116 бірлескен бұйрығы.

Бұл есептің мақсаты – білім беру бағдарламаларына жан-жақты талдау жүргізу және осы талдау негізінде қорытынды рейтинг жасау. Рейтинг жасау барысында білім беру процесінің барлық маңызды компоненттерін қамтитын

әртүрлі критерийлер тобы ескерілді. Олардың ішінде: білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері және түлектердің мансаптық перспективалары. Бұл блоктардың әрқайсысы жалпы рейтингте белгілі бір салмаққа ие, бұл бағалауды мүмкіндігінше объективті және жан-жақты етуге мүмкіндік береді.

Бұл есептің негізгі міндеті – білім беру бағдарламаларының жағдайы туралы нақты және құрылымдық түсінік беру. ««Графикалық дизайн»» ББ бойынша 2025 жылғы рейтингке 4 ЖЖОКБҰ қатысты (1-қосымша).

1 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларының деректерін талдау

1.1 «Білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.1.1 «Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен әзірлеу және келісу» критерийі

ББ мазмұнын болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі мен бәсекеге қабілеттілігінің тиімділігін арттыру үшін әлеуетті немесе негізгі жұмыс берушілермен келісу қажет. Жұмыс берушілер білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде ұсыныстар, пәндердің мазмұнына өзгерістер енгізе алады, сондай-ақ зерттелетін тақырыптар мен материалдардың өзектілігі бойынша ұсыныстар мен ескертулер бере алады. Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен келісу түлектердің табысты жұмысқа орналасуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады.

ЖЖОКБҰ бұл критерий бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған ББ бойынша құжаттардың мынадай тізбесін ұсыну қажет: модульдік білім беру бағдарламасы (МББ), элективті пәндер каталогы (ЭПК), жұмыс берушіден хат, келісу хаттамасы, жұмыс берушінің рецензиясы, ұсынымдық хат, анықтама-негіздеме, ББ сараптамасы.

Осы критерийді есептеу кезінде ББ келісуге қатысатын жұмыс берушілердің санына басты назар аударылды. Бір мамандықтағы жұмыс берушілер әр түрлі болуы мүмкін, сәйкесінше, жұмыс берушілер саны неғұрлым көп болса, жұмыс ерекшеліктерін ұсыну туралы көзқарастар мен пікірлер соғұрлым көп болады.

1-кесте. «Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен әзірлеу және келісу» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ келісілген жұмыс берушілер саны	Балл
1	Халықаралық білім беру корпорациясы	6	**5,00**
2	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	2	**1,80**
3	Л.Н.Гумилева тындағы Еуразия ұлттық университеті	1	**1,00**
4	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	1	**1,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

1-кестеде осы критерий бойынша нәтижелер берілген: Халықаралық білім беру корпорациясы.

1.1.2 «Профессор-оқытушылар құрамының практикалық жұмыс тәжірибесі» критерийі

Профессор-оқытушылар құрамының (ПОҚ) практикалық жұмыс тәжірибесі білім беру үдерісі сапасының маңызды құрамдас бөлігі. Тиісті кәсіби салада нақты тәжірибесі бар оқытушылар студенттерге пән туралы тереңірек және қолданбалы түсінік бере алады. Олар оқу процесіне практикадан, қолданылатын әдістер мен технологиялардан өзекті мысалдар келтіре алады, бұл студенттерді кәсіби қызметке неғұрлым тиімді дайындауға ықпал етеді.

Сонымен қатар, оқытушылардың практикалық тәжірибесі оларға саланың қазіргі тенденцияларын жақсырақ бағдарлауға және оқу бағдарламаларын еңбек нарығының өзгеретін талаптарына бейімдеуге мүмкіндік береді, осылайша түлектердің жоғары бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

ББ бойынша осы көрсеткішті анықтау үшін мынадай құжаттар талап етілді: ЖЖОКБҰ кадрлар бөлімінен оқытушылардың жұмыс өтілі туралы бекітілген анықтама.

2025 жылғы рейтинг әдістемесіне сәйкес 2010 жылғы 1 қаңтар мен 2025 жылғы 1 мамыр аралығында практикалық тәжірибесі бар оқытушылар есепке алынады.

2-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының практикалық жұмыс тәжірибесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Практикалық жұмыс өтілі бар оқытушылар саны (айлар)		Балл
		саны	өтілі	
1	Халықаралық білім беру корпорациясы	12	946	**4,55**
2	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	2	192	**3,26**
3	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	2	98	**2,82**
4	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	0	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

2-кестеден көріп отырғанымыздай, рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ-ның көпшілігінде ЖЖОКБҰ құрылымынан тыс жұмыс тәжірибесі бар оқытушылар бар. Бұл критерийдің көшбасшысы: Халықаралық білім беру корпорациясы.

1.1.3 «Профессор-оқытушылар құрамының жетістіктері» критерийі

«Профессорлық-оқытушылық құрамның жетістіктері» критерийі білім беру бағдарламаларының сапасын бағалауда маңызды рөл атқарады, өйткені ол білім беру процесіне қатысатын мұғалімдердің кәсібилігі мен құзыреттілігінің деңгейін көрсетеді. Рейтинг әдіснамасына сәйкес, бұл критерий соңғы жылдардағы профессорлық-оқытушылық құрамның жетістіктерін жан-жақты бағалауға мүмкіндік беретін бірнеше ішкі критерийлерді қамтиды.

Атап айтқанда, 2015-2025 жылдар аралығында «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағына ие болған оқытушылар есепке алынады, бұл олардың педагогикалық еңбегін ЖЖОКБҰ деңгейінде мойындағанын көрсетеді. Сол кезеңде «Үздік ғылыми қызметкер» атағын алған ПОҚ да ескеріледі, бұл олардың ғылыми зерттеулерге және академиялық қоғамдастықтың дамуына қосқан үлесін көрсетеді.

3-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының жетістіктері» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атанған ПОҚ саны	«Үздік ғылыми қызметкер» сыйлығының иегерлері	Балл
1	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	1	3	**3,75**
2	Халықаралық білім беру корпорациясы	2	0	**2,50**
3	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	1	0	**1,25**
4	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	0	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

3-кестеден көріп отырғанымыздай, осы критерий бойынша М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті жетекші орынға ие болды.

1.1.4 «Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу» критерийі

Білім беру және кәсіптік ұйымдардың бағдарламаны аккредиттеуі бағдарламаның жоғары сапа стандарттарына сәйкестігінің көрсеткіші және оны ұлттық және халықаралық деңгейде тану және мойындау ретінде қарастырылады.

Дәл осы себепті ББ-ның мамандандырылған аккредиттеуден өткені туралы сертификаты сұралды. Бұл критерий бойынша балл білім беру бағдарламасы аккредиттеуден өткен мекеме мен аккредиттеуден өткені

туралы сертификаттың жарамдылық ұзақтығына байланысты есептелді.

Ұсынылған мәліметтерге сәйкес, «Графикалық дизайн» ББ бойынша рейтингке қатысатын 4 ЖЖОКБҰ-ның 4 мамандандырылған аккредиттеуден өткен.

4-кесте. «Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Аккредитациялық орган атауы	Балл
1	Халықаралық білім беру корпорациясы	IQAA	**5,00**
2	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	ARQA	**1,76**
3	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	KAZSEE	**0,74**
4	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	FIBAA	**0,65**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

4-кестеге сәйкес, осы критерий бойынша келесі ЖЖОКБҰ алдыңғы қатардан көрінді: Халықаралық білім беру корпорациясы.

1-диаграмма. Аккредиттеу органдары бөлінісіндегі аккредиттелген білім беру бағдарламалары



Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

1-диаграммадан көріп отырғанымыздай, 4 ББ-ның 4 аккредиттеуден өткен.

1.1.5 «Білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау» критерийі

Тиісті салалардан сарапшыларды тарту арқылы білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау білім беру сапасын қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылады. Кәсіби саласында терең білімі мен тәжірибесі бар сарапшылар оқу бағдарламаларының еңбек нарығының заманауи талаптары мен кәсіби стандарттарға қаншалықты сәйкес келетінін объективті бағалай алады. Олар мазмұндағы олқылықтарды анықтап, оқу жоспарларын жаңартуды және жаңа пәндерді немесе оқыту әдістерін енгізуді ұсына алады. Мұндай сараптамалық бағалау білім беру мекемелеріне бағдарламаларды өзгермелі жағдайларға бейімдеуге, мамандарды даярлауды жақсартуға және соның салдарынан түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектеседі. Сарапшыларды тарту сонымен қатар білім беру жүйесі мен индустрия арасындағы байланысты нығайтады, бұл жұмыс берушілердің қажеттіліктерін жақсы түсінуге және білім беру бағдарламаларының практикалық маңыздылығын арттыруға ықпал етеді.

Сарапшылардың ББ бағалауы мынадай критерийлер бойынша жүргізіледі:

1) ББ-ның тәжірибеге бағдарлануы – ББ-ның білім мен дағдыларды практикалық қолдануға қаншалықты бағытталғанын бағалау;

2) Пәндердің берілген оқу нәтижелеріне логикалық өзара байланысы және сәйкестігі – бағдарлама ішіндегі пәндер бір-бірімен және оқытудың соңғы нәтижелерімен қалай байланысты екенін талдау;

3) Пәндерді оқыту кезегінің мәнділігі/қисындылығы – бағдарламаның логикалық құрылымын, пәндердің қаншалықты материалды жақсы игеруге ықпал ететін ретпен ұйымдастырылғандығын бағалау;

4) ББ мазмұнының кәсіптік стандарттарға және/немесе еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі – ББ-ның осы саладағы қолданыстағы кәсіби стандарттарға (олар бар болған жағдайда) және (немесе) қазіргі еңбек нарығының талаптарына қаншалықты сәйкес келетіндігін бағалау;

5) Элективті пәндер каталогы (ЭПК) және оның мәні – ББ икемділігі мен бейімділігін бағалау: элективті курстардың кеңдігі мен әртүрлілігі, сәйкес бағыттар мен мамандықтарды таңдау мүмкіндігі, студенттердің қажеттіліктері мен еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі, тәжірибеге бағытталған және инновациялық курстардың болуын бағалау.

ББ мазмұнын бағалау жүйесі келесі диапазондар бойынша бөлінеді:

- Өте жақсы – 9-10 балл арасы;
- Жақсы – 6-8 балл арасы;
- Қанағаттанарлық – 4-5 балл арасы;
- Қанағаттанарлықсыз – 0-3 балл арасы.

5-кесте. «Білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Сарапшының орташа бағасы	Балл
1	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	7,67	**3,84**
2	М.Х.Дулати атындағы Тара университеті	7,33	**3,67**
3	Халықаралық білім беру корпорациясы	7,08	**3,54**
4	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	7,08	**3,54**

Дереккөз: «Атамекен» ҰКП мәліметтері

5-кестеде ББ мазмұнын сараптамалық бағалаудың қорытындысы ұсынылған, оған сәйкес жетекші орын мынадай ЖЖОКБҰ иеленді: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.

1.2 «Білім беру бағдарламасының жетістіктері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.2.1 «Академиялық ұтқырлық» критерийі

ЖЖОКБҰ студенттерінің белгілі бір уақыт кезеңіне елден тыс басқа білім беру немесе ғылыми мекемеге ауысуы студенттің жеке дамуы үшін маңызды және оған мәдени байуға мүмкіндік береді, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің тиімділігін, түлектердің отандық және халықаралық еңбек нарықтарындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады, жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының тәжірибесін зерделеу және игеру есебінен кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіреді және т. б.

ЖЖОКБҰ да академиялық ұтқырлық бағдарламасын іске асыруды талдау мақсатында оқу орындарынан мынадай құжаттар талап етілді:

- академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде студенттерді шетелдік оқу орындарына жіберу туралы ректор бұйрығының көшірмесі;
- академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде шетелдік оқу орындарының студенттерін қабылдау туралы ректор бұйрығының көшірмесі.

ЖЖОКБҰ академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде ұсынылған құжаттарды «Атамекен» ҰКП менеджерлері талдап, келесі қорытындылар жасады:

6-кесте. «Академиялық ұтқырлық» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ контингенті	Академиялық ұтқырлық бағдарламаларын қолданған білім алушылар саны	Балл
1	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	219	6	**5,00**
2	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	350	1	**0,52**
3	Халықаралық білім беру корпорациясы	400	1	**0,46**
4	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	108	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

6-кестеде ұсынылған деректерге сәйкес, жоғары көрсеткіш Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде.

1.2.2 «Білім алушылардың ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары» критерийі

Қазіргі уақытта нарықтағы технологиялық даму ЖЖОКБҰ-да тиімді ғылыми-зерттеу процесін ұйымдастыруды талап етеді, тек жаңа білімді дамытуды ғана емес, сонымен қатар нарықта коммерциялық тұрғыдан дамыған, сұранысқа ие бизнес-идеяларды өндіруді талап етеді.

Студенттік бизнес-инкубаторлар мен зертханалар жастар ортасында кәсіпкерлік қызметтің оң бейнесін қалыптастырады, жастар арасында креативті және инновациялық әлеуетті іске асырады, сондай-ақ кәсіпкерлікке және инновациялық қызметке бағдарланған ұйымдар мен жастар қауымдастықтарын қолдайды, жастар кәсіпкерлігін ақпараттық, білім беру, қаржылық және мүліктік қолдаудың бірыңғай жүйесін құрады және қамтамасыз етеді. Бұдан басқа, жастарды кәсіпкерлік қызметке білім беру, әдістемелік және ақпараттық даярлауды көрсетеді, жастар құрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің санын арттырады, жоғары білім, бизнес және өндірістік сала арасындағы өзара іс-қимыл мен әлеуметтік әріптестік үшін жағдайлар жасайды.

Сондықтан «Атамекен» ҰКП зерттеу бағытындағы пункттердің бірі ЖЖОКБҰ студенттерінің шығармашылық жетістіктерін дәріптеу және енгізу болып табылады.

Студенттердің ғылыми зерттеулерін талдау мақсатында оқу орындарынан электрондық форматта растайтын құжат (патент және авторлық құқық туралы куәлік) талап етілді:

7-кесте. «Білім алушылардың ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Ғылыми жобалардың атауы	Балл
1	М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті	Международный конкурс плакатов Поиним! Гордимся!	**5,00**
		Пропилей искусства, Дизайн, фирменный стиль.	
		Международный конкурс плакатов Поиним! Гордимся!	
		XVI Республикалық пәндік олимпиадасы.	
		Пропилей искусства, Дизайн, фирменный стиль.	
		Международный конкурс плакатов Поиним! Гордимся!	
		Международный конкурс плакатов Поиним! Гордимся!	

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

7-кестеде көрсетілген ЖЖОКБҰ-да түлектердің ғылыми жобаларының бар екендігі М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінде ғана расталған.

1.2.3 «Магистратурада/резидентурада оқуды жалғастырған түлектердің үлесі» критерийі

Қазақстанда Еуропалық жоғары білім беру аймағына (European Higher Education Area (EHEA)) кіре отырып, кадрларды даярлаудың үш деңгейлі моделін: бакалавриат, магистратура және PhD докторантураны енгізуді қамтитын жоғары білім беру жүйесін айтарлықтай қайта құрылымдау жүргізілді. Бакалавриат аяқталғаннан кейін түлектердің одан әрі дамуы үшін әртүрлі мүмкіндіктері бар, мысалы, мамандық бойынша жұмыс іздеу, екінші жоғары білім алу немесе магистратураға түсу.

Магистратура біліктілікті арттыруда және таңдаған мамандығы бойынша білімді тереңдетуде шешуші рөл атқарады, бұл оны кәсіби қалыптасудың маңызды кезеңіне айналдырады. Жыл сайын магистрлік бағдарламалар барған сайын танымал бола бастады, ал магистрлер еңбек нарығында сұранысқа ие бола бастады, бұл қазіргі заманғы экономика жағдайында білім берудің осы деңгейінің өзектілігін көрсетеді.

Бұл критерий бойынша жиналған деректер 8-кестедегідей болды.

8-кесте. «Магистратурада/резидентурада оқуды жалғастырған түлектердің үлесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Магистранттар үлесі			Балл
		Түлектер саны	Түлектер арасында магистратурада оқуды жалғастырғандар саны	үлес %	
1	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	7	0	0,0%	**0,00**
2	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	7	0	0,0%	**0,00**
3	Халықаралық білім беру корпорациясы	52	0	0,0%	**0,00**
4	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	10	0	0,0%	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

8-кестеде осы критерий бойынша 2024 жылғы түлектерді талдау қорытындыларын көруге болады, түлектердің жалпы саны 76 болса, магистратурада оқуды жалғастырғандар жоқ.

1.2.4 «Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы» критерийі

Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсу үшін іріктеу емтихандарының нысандарының бірі.

Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы – жоғары ҰБТ нәтижелерін көрсеткен талапкерлердің көбінесе қай ЖЖОКБҰ таңдайтынын анықтайтын көрсеткіш. Бұл көрсеткіш ЖЖОКБҰ деңгейін және талапкерлер арасында оның сұранысын анықтауға мүмкіндік береді.

9-кесте. «Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Талапкерлердің орташа ҰБТ балы	Балл
1	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	33	**1,19**
2	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	32	**1,15**
3	Халықаралық білім беру корпорациясы	31	**1,10**
4	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	26	**0,93**

Дереккөз: «Ұлттық тестілеу орталығы» РМК

9-кестеде көрсетілгендей, ББ бойынша 2024-2025 оқу жылында жоғары оқу орнына оқуға түскен талапкерлердің орташа балы 30 балды құраған. Салыстырмалы түрде жоғары балл жинаған талапкерлер келесі ЖЖОКБҰ-ны таңдаған: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.

1.2.5 «Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі

Шетелдік студенттер өз елдерінде қазақ тілі мен мәдени дәстүрлерінің таралуына ықпал ете отырып, Қазақстандағы заманауи білім беру жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Олардың еліміздің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқуы біздің университеттерге деген халықаралық сұраныс деігейін көрсетеді және олардың рейтингінің жоғарылауына тікелей әсер етеді.

«Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі білім беру бағдарламаларының студенттерді шетелден тарту қабілетін көрсетеді. Бұл шетелдік студенттер үшін білім беру бағдарламалары мен жоғары оқу орындарының нақты тартымдылығын объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Осы критерийді растау үшін ЖЖОКБҰ келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- шетелдік студенттерді қабылдау туралы бұйрықтар;
- шетелдік студенттердің төлқұжаттарының көшірмелері.
-

10-кесте. «Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Шетелдік студенттер үлесі			Балл
		ББ контингенті	Шетелдік студенттер саны	үлес, %	
1	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	219	19	8,6%	**5,00**
2	Халықаралық білім беру корпорациясы	400	11	2,7%	**1,58**
3	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	108	1	0,9%	**0,53**
4	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	350	0	0,0%	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

10-кестеде шетелдік студенттердің «Графикалық дизайн» ББ жалпы контингентіне қатынасын көруге болады, бұл 2,8% құрайды. Шетелдік студенттердің контингентке шаққандағы ең көп үлесі келесі оқу орында анықталды: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.

1.3 «ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.3.1 «ЖЖОКБҰ студенттері мен оқытушыларының арақатынасы» критерийі

Студенттер мен оқытушылардың арақатынасы ЖЖОКБҰ ұсынатын білім сапасына әсер ететін негізгі көрсеткіштердің бірі. Бұл критерий оқытуға жеке көзқарас деңгейін және әр студентке оқытушы тарапынан жеткілікті көңіл бөлінетін қолайлы білім беру ортасын құру мүмкіндігін көрсетеді.

Студенттердің оқытушыларға қатынасының төмендігі оқытушылар құрамы жеке кеңес беруге, жұмыстарды тексеруге, ғылыми зерттеулерді басқаруға және практикалық дайындыққа көбірек уақыт бөле отырып, оқушылармен тиімдірек әрекеттесе алуына көбірек мүмкіндік береді. Бұл әсіресе тәжірибеге бағытталған оқытудың жоғары дәрежесін және тереңдетілген зерттеулерді қажет ететін бағдарламалар үшін өте маңызды.

Ал бір ПОҚ шаққанда білім алушылар санының тым көп болуы оқытушыларға шамадан тыс жүктемелер артылатындығын көрсетуі мүмкін, бұл білім беру процесінің сапасын төмендетуі және студенттердің оқуға қызығушылығына теріс әсер етуі мүмкін. Қазіргі білім беру стандарттары мен еңбек нарығының талаптары жағдайында студенттер мен оқытушылар саны арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті сақтау ЖЖОКБҰ бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторына айналады.

Осылайша, осы критерийді талдау оқу орнының оқу жүктемесін ақылға қонымды бөлуді қолдай отырып және оқыту сапасын қамтамасыз ете отырып, білім беру қызметтерінің жоғары деңгейін қаншалықты қамтамасыз ете алатынын бағалауға мүмкіндік береді.

Біздің тарапымыздан ЖЖОКБҰ-да ПОҚ сапасы бойынша берілген мәліметтерді тексеру кезінде мынадай нормативтік құқықтық актілердің іске асырылуы да ескеріледі: Сот төрелігі академиясын, әскери, арнаулы оқу орындарын, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары профессор-оқытушылар құрамының жалпы санын есептеу үшін білім алушылар санының оқытушыларға орташа арақатынасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 606 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада № 17670 болып тіркелген).

11-кесте. «ЖЖОКБҰ студенттері мен оқытушыларының арақатынасы» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ штаттық ПОҚ саны	ЖЖОКБҰ контингенті	Бір ПОҚ-қа шаққандағы білім алушылар саны	Балл
1	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	695	11391,00	16	**5,00**
2	Халықаралық білім беру корпорациясы	288	4939,00	17	**4,78**
3	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	457	7979,00	17	**4,69**
4	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	1370	25914,00	18	**4,33**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

11-кестеде оқытушылардың ЖЖОКБҰ-ның жалпы контингентіне қатынасын көруге болады. Осы критерий бойынша үздік көрсеткіш М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті тіркелді, ол университетте бір оқытушыға орташа есеппен 16 білім алушы келеді.

1.3.2 «Дәрежелі оқытушылардың үлесі» критерийі

Дәрежелі оқытушылардың үлесі профессор-оқытушылар құрамының академиялық біліктілігі мен кәсібилігінің маңызды көрсеткіші. Ғылыми дәрежесі (ғылыми дәрежесі және (немесе) философия докторы PhD/бейіні бойынша доктор (академиялық) дәрежесі және (немесе) ғылыми атағы және «өнер» кадрларын даярлау үшін «ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы» спорттық атағы) бар оқытушылар ЖЖОКБҰ-да білім мен ғылыми қызметтің жоғары деңгейін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Оқу орнында дәрежелі оқытушылардың едәуір санының болуы оның іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылыми әзірлемелердің нәтижелерін білім беру процесіне кіріктіру, сондай-ақ халықаралық ғылыми жобаларға қатысу мүмкіндігі туралы куәландырады. Бұл тез өзгеретін кәсіби орта жағдайында жұмысқа дайын жоғары білікті мамандарды қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасайды.

Сонымен қатар, дәрежелі оқытушылар педагогикалық құзыреттіліктің жоғары деңгейіне ие, бұл оларға білімді тиімді жеткізуге, студенттерде сыни ойлау мен аналитикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай оқытушылардың жоғары үлесі оқу орнының академиялық стандарттарға бейілділігін және білім беру бағдарламаларының сапасын үздіксіз жетілдіруге ұмтылысын көрсетеді.

Бұл критерий ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының академиялық және кәсіптік даярлықтың қазіргі заманғы талаптарына қаншалықты сәйкес келетіндігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді, сондай-ақ оның ғылыми және білім беру орталығы ретіндегі беделін нығайтуға ықпал етеді.

12-кесте. «Дәрежелі оқытушылардың үлесі» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ штаттық ПОҚ саны	Штаттық дәрежелі ПОҚ саны	Үлес, (%)	Балл
1	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	1370,00	1014,00	74%	**5,00**
2	Халықаралық білім беру корпорациясы	288,00	191,00	66%	**4,48**
3	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	457,00	158,00	34%	**2,34**
4	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	695,00	236,00	34%	**2,29**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

12-кестеде бұл ББ бойынша рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ-ның дәрежелі ПОҚ үлесі орта есеппен 57% құрайтынын көруге болады. Дәрежелі ПОҚ-ның ең көп үлесі мынадай ЖЖОКБҰ-да жұмыс істейді: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Халықаралық білім беру корпорациясы.

1.3.3 «Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі

«Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі білім беру процесінің қаржылық қамтамасыз етілуін және оқу орнының оқытудың негізгі аспектілеріне қаражат салуға дайындығын бағалауға мүмкіндік беретін маңызды көрсеткіштердің бірі. Бұл критерийде бағдарламалық қамтамасыз ету және кітапхана қорын дамыту шығындары ескеріледі.

Бағдарламалық қамтамасыз ету шығындары әртүрлі пәндерге арналған арнайы бағдарламалар, оқу процесін басқару жүйелері және оқытудың тиімділігі мен интерактивтілігін арттыратын басқа да цифрлық құралдар сияқты оқу процестеріне қажетті лицензиялық бағдарламаларды сатып алу және жаңарту шығындарын қамтиды. Бұл ББ өзектілігін сақтау және студенттерді заманауи технологиялармен жұмыс істеуге дайындау үшін маңызды.

Кітапхана қорын дамыту шығындарына студенттердің өзекті және

сапалы оқу және ғылыми ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін қажетті жаңа оқулықтарды, ғылыми әдебиеттерді, электрондық ресурстар мен дерекқорларды сатып алу шығындары кіреді. Кітапхана қорын дамыту білімді тереңдетуге және ғылыми зерттеулер жүргізуге ықпал ететін академиялық ортаның маңызды құрамдас бөлігі.

13-кесте. «Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ контингенті	1 студентке шаққандағы шығындар көлемі (теңге)	Балл
1	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	25914,00	42419,00	**5,00**
2	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	11391,00	2779,00	**1,23**
3	Халықаралық білім беру корпорациясы	4939,00	2404,00	**1,19**
4	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	7979,00	358,70	**1,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

13-кестеде көрсетілген 1 студентке бөлінген қаражатты талдау бойынша келесі ЖЖОКБҰ жоғары нәтиже көрсетті: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.

1.3.4 «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі

«Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі оқытушыларды қаржылық қолдау деңгейін және жанама түрде оқу орнындағы білім беру процесінің сапасын көрсететін маңызды көрсеткіш. Медианалық жалақы – оқытушылардың жартысы жалақыны осы деңгейден жоғары, ал екінші жартысы төмен алатын бөліну нүктесі. Бұл көрсеткіштің орташа жалақыдан айырмашылығы, оған өте жоғары немесе өте төмен жалақы сияқты шекті мәндер әсер етпейді.

Медианалық жалақы деңгейі оқытушылардың мотивациясымен және олардың жұмысқа қанағаттануымен тығыз байланысты. Жалақының жоғары деңгейі университетке білікті мамандарды тартуға және ұстап қалуға мүмкіндік береді, ол дегеніміз оқыту мен ғылыми қызметтің сапасына оң әсер етеді. Лайықты жалақы алатын оқытушылар үнемі кәсіби дамуға, ғылыми зерттеулерге қатысуға және студенттермен белсенді қарым-қатынасқа ынталы болады.

Сонымен қатар, медианалық жалақы көрсеткіші ЖЖОКБҰ-ның қаржылық тұрақтылығын және оның басқа оқу орындарымен салыстырғанда бәсекеге қабілетті жалақы деңгейін ұстап тұру қабілетін көрсете алады.

Әдістемеге сәйкес осы критерийді саралау кезінде оқытушы жұмыс істейтін аймақтың күнкөріс деңгейі есепке алынады.

14-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ПОҚ медианалық жалақысы (теңге)	Балл
1	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	673821,9	**5,00**
2	Халықаралық білім беру корпорациясы	554940,0	**2,88**
3	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	489515,0	**2,33**
4	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	403490,2	**1,00**

Дереккөз: ҚР ҚР ҒЖБМ мәліметтері

14-кестеде «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі бойынша талдау нәтижелерін көрсетілген: «Графикалық дизайн» ББ бойынша ПОҚ орташа медианалық жалақысы 2025 жылы 530 442 теңгені құрады. ББ бойынша рейтингке қатысқан ЖЖОКБҰ арасында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті – 673 822 көрсеткіштерін көрсетіп, Халықаралық білім беру корпорациясы - 554 940 алғашқы орындарды иеленді.

1.4 «Түлектердің мансаптық перспективалары» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.4.1 «Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі» критерийі

«Түлектердің мансаптық перспективалары» критерийлер тобы түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді. Топ үш критерийден тұрады: түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі, түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы, түлектердің медианалық жалақысы. Бұл критерийлер бойынша білім беру бағдарламаларының 2024 жылғы түлектері талданады. Олардың оқу бітіргеннен кейін, 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңдегі зейнетақы жарналары арқылы талдау жүргізіледі.

«Жұмысқа орналасу деңгейі» көрсеткіші түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін тікелей көрсетеді. Бұл өлшем «тұрақты жұмыспен қамту» және «шартты жұмыспен қамту»болып бөлінеді.

Тұрақты жұмысқа орналасу – 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңде қатарынан кемінде 3 ай тұрақты зейнетақы жарналарын алған жұмысқа орналастырылған түлектердің пайызын көрсететін көрсеткіш.

Шартты жұмыспен қамту – 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңде тұрақты емес негізде зейнетақы аударымдарын алған түлектердің пайызын көрсететін көрсеткіш (яғни тұрақты жұмыспен қамту жағдайларын қоспағанда, тұрақсыз табыс).

Жұмыспен қамтылуды есептеу барысында тұрақты жұмыспен қамтылған түлектердің үлесі жоғары нәтиже береді.

Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін неғұрлым сенімді есептеу үшін жалпы түлектер санынан мынадай санаттар алынып тасталды:

- Магистратурада (резидентурада) оқуды жалғастырған түлектер;
- Шетел азаматтары;
- Декреттік демалыстағы түлектер;
- Мерзімді әскери қызметке шақырылған түлектер;
- Шетелде білім алатын түлектер;
- Шетелде жұмыс істейтін түлектер;
- 1-2 топтағы мүгедектігі бар түлектер;
- Күш құрылымдарының қызметкерлері;
- Жас ерекшелігіне байланысты есептелмейтін түлектер (1996 жылғы және одан үлкен);
- Қайтыс болған түлектер.

2-диаграмма. «Графикалық дизайн» ББ бойынша түлектердің жалпы саны мен құрамы

2-диаграммаға сәйкес ББ бойынша түлектердің жалпы саны 76 адамды құрады, оның ішінде: декреттік демалыста – 1; шетел азаматтары – 4; 1-2 топтағы мүгедектігі бар түлектер – 1; Ешқандай санатқа жатпайтын түлектер – 70;

15-кесте. «Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Түлектердің жалпы саны	Жұмысқа орналасу деңгейі, %	Тұрақты жұмыс, %	Шартты жұмыс, %	Балл
1	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	6	100%	50%	50%	**3,50**
2	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	6	83%	50%	33%	**3,17**
3	Халықаралық білім беру корпорациясы	52	68%	58%	10%	**3,08**
4	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	6	50%	50%	0%	**2,50**

Дереккөз: ҚР ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*

15-кестеге сәйкес, «Графикалық дизайн» ББ бойынша жұмысқа орналасудың орташа деңгейі 75,25% құрады. Жұмысқа орналасу пайызы

жоғары ЖЖОКБҰ: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Олардың түлектерінің жұмысқа орналасу деңгейі 100%. Соңғы позицияларда Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті болды, онда жұмысқа орналасудың жалпы пайызы 50%.

3-диаграмма. Түлектерің жұмысқа орналасу деңгейі



3-диаграммадан ББ бойынша түлектердің 56%-ы тұрақты, ал 14%-ы шартты түрде жұмыс істейтінін көруге болады. Түлектердің 30%-ы жұмысқа орналаспаған.

16-кесте. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін салыстырмалы талдау

№	ЖЖОКБҰ атауы	Жұмысқа орналасу деңгейі, %		
		2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.
1	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	56%	77%	100%
2	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	-	-	83%
3	Халықаралық білім беру корпорациясы	67%	75%	68%
4	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	78%	44%	50%

Дереккөз: ҚР ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*
— - рейтингке қатыспаған

16-кестедегі салыстырмалы талдауға сәйкес бұл критерий бойынша өткен жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің көрсеткіштері жақсарған. Ал көрсеткіштердің нашарлауы мынадай ЖЖОКБҰ-да байқалады: Халықаралық білім беру корпорациясы.

4-диаграмма. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін салыстырмалы талдау



4-диаграмма еңбек нарығында ББ түлектеріне сұраныстың динамикасын көрсетеді. Алдыңғы рейтингтермен салыстырғанда осы критерий көрсеткіштері жақсарды: 2023 жылы жұмысқа орналасудың орташа деңгейі - 67%, 2024 жылы - 65%, ал 2025 жылы - 75% құрады.

1.4.2 «Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы» критерийі

Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы түлектердің оқуды бітіргеннен кейін қаншалықты жылдам жұмыс таба алатынын көрсететін маңызды көрсеткіш. Бұл көрсеткіш нақты білім беру бағдарламасы мен ЖЖОКБҰ дайындаған еңбек нарығындағы мамандардың сұраныс деңгейін көрсетеді.

Жұмыс іздеудің қысқа кезеңі түлектердің жоғары бәсекеге қабілеттілігін, оқу орнының жақсы беделін және білім беру бағдарламасының жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкестігін көрсетеді. Жұмыс іздеудің ұзақ кезеңі түлектердің жеткіліксіз дайындығын, олардың дағдыларының еңбек нарығының талаптарына сәйкес келмеуін немесе белгілі бір салада жұмысқа орналасудың жалпы күрделілігін көрсетуі мүмкін.

Жұмыс іздеу ұзақтығын талдау білім беру ұйымдарына өз бағдарламаларының тиімділігін бағалауға және қажет болған жағдайда түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелерін жақсарту үшін түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

17-кесте. «Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Жұмыс іздеу ұзақтығы (аймен)	Балл
2	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	1,33	**4,85**
1	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	3,00	**4,09**
3	Халықаралық білім беру корпорациясы	3,21	**3,99**
4	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	4,20	**3,55**

Дереккөз: ҚР ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*

17-кестеде түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығының нәтижелері көрсетілген. Келесі ЖЖОКБҰ-да түлектер 2 айдан аз уақыт ішінде жұмысқа орналасқан: Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті.

5-диаграмма. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығын салыстырмалы талдау



5-диаграмма еңбек нарығында «Графикалық дизайн» ББ бойынша түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығындағы өзгерістерді көрсетеді. Өткен жылдармен салыстырғанда осы критерийдің көрсеткіштері жақсарған. Бұл өзгерістер ББ түлектеріне сұраныс динамикасын көрсетеді. 2023 жылы жұмыс іздеудің орташа ұзақтығы 4,40 айды, 2024 жылы 4,51 айды, ал 2025 жылы 2,94 айды құрады.

1.4.3 «Түлектердің медианалық жалақысы» критерийі

Медианалық жалақы оқуды бітіргеннен кейінгі алғашқы жылы жұмысқа орналасқан түлектердің табыс деңгейін көрсетеді. Жоғары бастапқы жалақы көбінесе білім беру бағдарламасының сапасының және оны кәсіби ортаның мойындауының көрсеткіші.

Түлектердің медианалық жалақысы туралы мәліметтер оқу орнын таңдау кезінде талапкерлер үшін бағдар бола алады, өйткені олар осы бағдарламаның түлектерінің жұмысқа орналасу және лайықты жалақы алу үшін жақсы перспективалары бар екеніне сенімді бола алады. Сонымен қатар, медианалық жалақысы жоғары бағдарламалар жұмыс берушілердің де назарын аударады, бұл тез мансаптық өсу мен тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады.

Есепте соңғы үш жылдағы түлектердің медианалық жалақысының динамикасы қарастырылады, бұл еңбек нарығындағы трендтерді анықтауға және белгілі бір білім беру бағдарламаларының түлектерінің қаншалықты табысты екенін бағалауға мүмкіндік береді.

Әдістемеге сәйкес осы критерийді саралау кезінде түлектің жұмыс істейтін аймақтың күнкөріс деңгейі есепке алынады.

18-кесте. «Түлектердің медианалық жалақысы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Медианалық жалақы, теңге	Балл
1	Халықаралық білім беру корпорациясы	181725,5	**5,00**
2	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	147634,2	**4,02**
3	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	90424,0	**1,67**
4	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	85000,0	**1,00**

Дереккөз: ҚР ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*

18-кестеде осы критерий бойынша талдау көрсетілген. Осы көрсеткіш бойынша көшбасшы: Халықаралық білім беру корпорациясы. Ең төменгі көрсеткішті Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті көрсетті.

2 Білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі

Білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі білім беру процесінің сапасын, түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін, сондай-ақ жоғары оқу орындары қызметінің жалпы көрсеткіштерін көрсететін барлық критерийлерді жан-жақты талдаудың нәтижесі болып табылады. Бұл бөлімде критерийлердің бірнеше тобы бойынша бағалау негізінде қалыптастырылған «Графикалық дизайн» ББ бойынша қорытынды рейтинг ұсынылған: білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері, түлектердің мансаптық перспективалары.

2025 жылғы рейтинг жоғарыда аталған блоктар бойынша топтастырылған 17 критерий негізінде құрылды. Әрбір критерийдің жалпы бағалау процесінде оның маңыздылығын көрсететін белгілі бір салмағы бар.

Қорытынды рейтингтің негізгі мақсаты – талапкерлерге, жұмыс берушілерге және басқа да мүдделі тараптарға ақпараттандырылған таңдау жасауға көмектесетін білім беру бағдарламаларына объективті баға беру. Сондай-ақ, рейтинг нәтижелері ЖЖОКБҰ үшін өздерінің білім беру бағдарламаларын жетілдіру және олардың ұлттық және халықаралық деңгейлердегі бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағытында бағдар бола алады.

19-кесте. «Графикалық дизайн» ББ бойынша қорытынды рейтинг

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ атауы	Жалпы қорытынды	Рейтингтегі орны
1	Халықаралық білім беру корпорациясы	6В02122 Графикалық дизайн	3,165	1 / 4
2	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	6В02120 Графикалық дизайн	3,107	2 / 4
3	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	6В02102 Дизайн және компьютерлік графика	2,380	3 / 4
4	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	6В02112 Жарнама дизайны	2,341	4 / 4

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты рейтингте орын алмады*

19-кестеде “Графикалық дизайн” білім беру бағдарламасы бойынша 2025 жылғы рейтингті талдау қорытындылары ұсынылған. Деректерге сәйкес, жетекші орында Халықаралық білім беру корпорациясы і.

20-кесте. 2023-2025 жылдардағы «Графикалық дизайн» ББ бойынша рейтингтегі орындары

№	ЖЖОКБҰ атауы	Рейтингтегі орны		
		2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.
1	Халықаралық білім беру корпорациясы	1 / 5	4 / 4	1 / 4
2	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	4 / 5	1 / 4	2 / 4
3	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	3 / 5	3 / 4	3 / 4
4	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	-	-	4 / 4
*	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	-	2 / 4	-
*	Астана Халықаралық университеті	2 / 5		

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты рейтингте орын алмады*
— - рейтингке қатыспаған

20-кестеде 2023-2025 жылдары «Графикалық дизайн» ББ бойынша рейтингке қатысқан оқу орындарының рейтингте алған орындары салыстырылды.

2023 жылы рейтинг көшбасшылары қатарында Халықаралық білім беру корпорациясы және Астана Халықаралық университеті болды.

2024 жылы көшбасшылар тізімі сәл өзгерді: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті.

2025 жылы бірінші орындағы Халықаралық білім беру корпорациясы және Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ие болды.

Биыл соңғы орынды алған М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті.

2025 жылғы білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында «Графикалық дизайн» саласында мамандар даярлаудың әртүрлілігі мен сапасын көрсетеді. Талдау көрсеткендей, еңбек нарығының талаптары мен халықаралық стандарттарға бейімделе отырып, өз бағдарламаларын белсенді түрде жетілдіретін білім беру мекемелері жетекші орындарға ие болды.

Халықаралық білім беру корпорациясы сияқты университеттердің жоғары нәтижелері олардың бәсекеге қабілеттілігін және түлектерінің сұранысын растайды. Бұл оқу орындары түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі, орташа жалақы және білім беру бағдарламаларының сапасы сияқты бірқатар критерийлер бойынша жоғары нәтижелер көрсетті.

Рейтинг нәтижелері талапкерлер, жұмыс берушілер және жоғары оқу орындары үшін құнды бағдар болып табылады, әрбір білім беру бағдарламасының мықты жақтарын анықтауға көмектеседі. Болашақта білім беру стандарттарын жақсарту және халықаралық ынтымақтастықты арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру Қазақстанның білім беру жүйесін одан әрі дамыту үшін маңызды қадам болады.

Қорытынды

2025 жылғы ББ бойынша білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін жақсарту үшін елеулі жетістіктер мен салаларды анықтауға мүмкіндік берді. Рейтингте жетекші орындарды білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері, түлектердің мансаптық перспективалары сияқты критерийлер топтары бойынша жоғары нәтижелер көрсете алған университеттер иеленді.

Талдау көрсеткендей, рейтингтің жоғарғы қатарында тұрған ЖЖОКБҰ студенттерді теориялық біліммен ғана емес, сонымен қатар еңбек нарығында сұранысқа ие практикалық дағдылармен қамтамасыз ете отырып, өздерінің білім беру бағдарламаларын жетілдіру бойынша белсенді жұмыс істейді. Алдыңғы қатардағы жоғары оқу орындары жұмыс берушілермен өзара іс-қимылға және халықаралық сапа стандарттарын интеграциялауға ерекше назар аударатынын атап өту керек, себебі бұл олардың түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай арттырады.

Сонымен бірге, есеп назар аударуды қажет ететін кейбір кемшіліктерді анықтады. Мысалы, бірқатар ЖЖОКБҰ-да студенттердің академиялық ұтқырлығы мен ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары, шетелдік студенттер үлесі бойынша төмен көрсеткіштер байқалады, бұл осы бағыттарды одан әрі дамыту қажеттігін көрсетеді. Сондай-ақ, оқу орындарының бір студентке шаққандағы қаржылық шығындар көлемінде айтарлықтай айырмашылықтар байқалды.

Рейтинг нәтижелері барлық мүдделі тараптар үшін маңызды құрал. Талапкерлер мен олардың ата-аналары үшін рейтинг оқу орнын таңдау кезінде бағдар, жұмыс берушілер үшін – мамандарды даярлау сапасының индикаторы, ал жоғары оқу орындарының өздері үшін – өз бағдарламаларын жақсартуға және бәсекелестік ортадағы позицияларын нығайтуға ынталандыру ретінде қызмет етеді.

Қорытындыны келесідей жасауға болады: елеулі жетістіктерге қарамастан, Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі жаңғыртуды және жаңа сын-тегеуріндерге бейімделуді жалғастыруда. Әр ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының жоғары деңгейін қолдап қана қоймай, еңбек нарығындағы өзгерістер мен қоғамның қажеттіліктерін ескере отырып, оларды үнемі жақсартуға ұмтылуы тиіс. 2025 жылғы қорытынды рейтинг жаһандық аренада қазақстандық білім берудің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ете отырып, осы мақсаттарға қол жеткізу жолындағы маңызды қадамдардың бірі. Білім беру бағдарламаларын жетілдіруді жалғастыру және түлектерді тез өзгеретін әлемде табысты кәсіби қызмет үшін қажетті білім мен дағдылармен қамтамасыз ету үшін жан-жақты жұмыс жасау өте маңызды.

Қосымша 1

«Графикалық дизайн» ББ бойынша рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ тізімі

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ атауы
1	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	6В02112 Жарнама дизайны
2	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	6В02102 Дизайн және компьютерлік графика
3	Халықаралық білім беру корпорациясы	6В02122 Графикалық дизайн
4	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	6В02122 Графикалық дизайн

6В02111 Сән дизайны даярлау бағыты
В031 Сән, дизайн білім беру бағдарламасы тобы
«Сән, дизайн» білім беру бағдарламасы бойынша рейтингіні қалыптастыру есебі

Кіріспе

Қазақстанның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі экономиканың түрлі салалары үшін жоғары білікті мамандарды даярлауда шешуші рөлдердің бірін атқарады. Еңбек нарығының қарқынды дамуы мен халықаралық интеграция жағдайында білім беру сапасы ғана емес, сонымен қатар білім беру бағдарламаларының қазіргі заманғы сын-қатерлерге бейімделу қабілеті де маңызды. Білім беру мекемелері жұмысының тиімділігін бағалаудың маңызды құралы - мамандарды даярлау деңгейін, түлектердің бәсекеге қабілеттілігін және білім беру бағдарламаларының сапасын объективті бағалауға мүмкіндік беретін рейтингілер жасау.

Бұл есепте 2025 жылғы Қазақстанның жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі – ББ) талданады. Осы талдау шеңберінде түлектердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға және олардың еңбек нарығындағы сұранысына әсер ететін негізгі көрсеткіштер бойынша ББ кешенді салыстырмалы шолу жүргізілді.

Білім беру бағдарламаларының рейтингін қалыптастыру үшін негіздеме:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы.

2. «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы.

3. «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімшелеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығы.

4. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және білім беру жүйесіне тексеру парақтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы №166 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы №116 бірлескен бұйрығы.

Бұл есептің мақсаты – білім беру бағдарламаларына жан-жақты талдау жүргізу және осы талдау негізінде қорытынды рейтинг жасау. Рейтинг жасау барысында білім беру процесінің барлық маңызды компоненттерін қамтитын

әртүрлі критерийлер тобы ескерілді. Олардың ішінде: білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері және түлектердің мансаптық перспективалары. Бұл блоктардың әрқайсысы жалпы рейтингте белгілі бір салмаққа ие, бұл бағалауды мүмкіндігінше объективті және жан-жақты етуге мүмкіндік береді.

Бұл есептің негізгі міндеті – білім беру бағдарламаларының жағдайы туралы нақты және құрылымдық түсінік беру. «Сән, дизайн» ББ бойынша 2025 жылғы рейтингке 5 ЖЖОКБҰ қатысты (1-қосымша). Кейбір ЖЖОКБҰ осы ББ бойынша түлектерінің санының аз болуына байланысты рейтингте орын алған жоқ (ББ бойынша 2024 жылғы түлек саны 5 түлектен аз), олардың ішінде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетібар.

1 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларының деректерін талдау

1.1 «Білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.1.1 «Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен әзірлеу және келісу» критерийі

ББ мазмұнын болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі мен бәсекеге қабілеттілігінің тиімділігін арттыру үшін әлеуетті немесе негізгі жұмыс берушілермен келісу қажет. Жұмыс берушілер білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде ұсыныстар, пәндердің мазмұнына өзгерістер енгізе алады, сондай-ақ зерттелетін тақырыптар мен материалдардың өзектілігі бойынша ұсыныстар мен ескертулер бере алады. Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен келісу түлектердің табысты жұмысқа орналасуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады.

ЖЖОКБҰ бұл критерий бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған ББ бойынша құжаттардың мынадай тізбесін ұсыну қажет: модульдік білім беру бағдарламасы (МББ), элективті пәндер каталогы (ЭПК), жұмыс берушіден хат, келісу хаттамасы, жұмыс берушінің рецензиясы, ұсынымдық хат, анықтама-негіздеме, ББ сараптамасы.

Осы критерийді есептеу кезінде ББ келісуге қатысатын жұмыс берушілердің санына басты назар аударылды. Бір мамандықтағы жұмыс берушілер әр түрлі болуы мүмкін, сәйкесінше, жұмыс берушілер саны неғұрлым көп болса, жұмыс ерекшеліктерін ұсыну туралы көзқарастар мен пікірлер соғұрлым көп болады.

1-кесте. «Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен әзірлеу және келісу» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ келісілген жұмыс берушілер саны	Балл
1	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	8	**5,00**
2	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	5	**3,29**
3	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	1	**1,00**
4	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	1	**1,00**
5	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	1	**1,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

1-кестеде осы критерий бойынша нәтижелер берілген: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті жетекші орынға ие болды, өйткені оның білім беру бағдарламалары жұмыс берушілердің ең көп санымен келісілген.

1.1.2 «Профессор-оқытушылар құрамының практикалық жұмыс тәжірибесі» критерийі

Профессор-оқытушылар құрамының (ПОҚ) практикалық жұмыс тәжірибесі білім беру үдерісі сапасының маңызды құрамдас бөлігі. Тиісті кәсіби салада нақты тәжірибесі бар оқытушылар студенттерге пән туралы тереңірек және қолданбалы түсінік бере алады. Олар оқу процесіне практикадан, қолданылатын әдістер мен технологиялардан өзекті мысалдар келтіре алады, бұл студенттерді кәсіби қызметке неғұрлым тиімді дайындауға ықпал етеді.

Сонымен қатар, оқытушылардың практикалық тәжірибесі оларға саланың қазіргі тенденцияларын жақсырақ бағдарлауға және оқу бағдарламаларын еңбек нарығының өзгеретін талаптарына бейімдеуге мүмкіндік береді, осылайша түлектердің жоғары бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

ББ бойынша осы көрсеткішті анықтау үшін мынадай құжаттар талап етілді: ЖЖОКБҰ кадрлар бөлімінен оқытушылардың жұмыс өтілі туралы бекітілген анықтама.

2025 жылғы рейтинг әдістемесіне сәйкес 2010 жылғы 1 қаңтар мен 2025 жылғы 1 мамыр аралығында практикалық тәжірибесі бар оқытушылар есепке алынады.

2-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының практикалық жұмыс тәжірибесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Практикалық жұмыс өтілі бар оқытушылар саны (айлар)		Балл
		саны	өтілі	
1	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	3	534	**4,97**
2	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	2	360	**4,42**
3	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	6	135	**1,72**
4	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	1	106	**1,68**
5	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	0	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

2-кестеден көріп отырғанымыздай, рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ-ның көпшілігінде ЖЖОКБҰ құрылымынан тыс жұмыс тәжірибесі бар оқытушылар бар. Бұл критерийдің көшбасшылары: Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті.

1.1.3 «Профессор-оқытушылар құрамының жетістіктері» критерийі

«Профессорлық-оқытушылық құрамның жетістіктері» критерийі білім беру бағдарламаларының сапасын бағалауда маңызды рөл атқарады, өйткені ол білім беру процесіне қатысатын мұғалімдердің кәсібилігі мен құзыреттілігінің деңгейін көрсетеді. Рейтинг әдіснамасына сәйкес, бұл критерий соңғы жылдардағы профессорлық-оқытушылық құрамның жетістіктерін жан-жақты бағалауға мүмкіндік беретін бірнеше ішкі критерийлерді қамтиды.

Атап айтқанда, 2015-2025 жылдар аралығында «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағына ие болған оқытушылар есепке алынады, бұл олардың педагогикалық еңбегін ЖЖОКБҰ деңгейінде мойындағанын көрсетеді. Сол кезеңде «Үздік ғылыми қызметкер» атағын алған ПОҚ да ескеріледі, бұл олардың ғылыми зерттеулерге және академиялық қоғамдастықтың дамуына қосқан үлесін көрсетеді.

3-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының жетістіктері» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атанған ПОҚ саны	«Үздік ғылыми қызметкер» сыйлығының иегерлері	Балл
1	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	2	3	**5,00**
2	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	2	1	**3,33**
3	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	0	1	**0,83**
4	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	0	0	**0,00**
5	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	0	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

3-кестеден көріп отырғанымыздай, осы критерий бойынша: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті жетекші орынға ие болды.

1.1.4 «Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу» критерийі

Білім беру және кәсіптік ұйымдардың бағдарламаны аккредиттеуі бағдарламаның жоғары сапа стандарттарына сәйкестігінің көрсеткіші және оны ұлттық және халықаралық деңгейде тану және мойындау ретінде қарастырылады.

Дәл осы себепті ББ-ның мамандандырылған аккредиттеуден өткені

туралы сертификаты сұралды. Бұл критерий бойынша балл білім беру бағдарламасы аккредиттеуден өткен мекеме мен аккредиттеуден өткені туралы сертификаттың жарамдылық ұзақтығына байланысты есептелді.

Ұсынылған мәліметтерге сәйкес, «Сән, дизайн» ББ бойынша рейтингке қатысатын 5 ЖЖОКБҰ-ның 4 мамандандырылған аккредиттеуден өткен.

4-кесте. «Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Аккредитациялық орган атауы	Балл
1	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	IQAA	**5,00**
2	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	Өзге	**4,62**
3	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	IAAR	**3,87**
4	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	FIBAA	**1,05**
5	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	IAAR	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

4-кестеге сәйкес, осы критерий бойынша келесі ЖЖОКБҰ алдыңғы қатардан көрінді: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті.

1-диаграмма. Аккредиттеу органдары бөлінісіндегі аккредиттелген білім беру бағдарламалары



Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

1-диаграммадан көріп отырғанымыздай, 5 ББ-ның 2-і IAAR – Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі тек аккредиттеуден өткен.

1.1.5 «Білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау» критерийі

Тиісті салалардан сарапшыларды тарту арқылы білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау білім беру сапасын қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылады. Кәсіби саласында терең білімі мен тәжірибесі бар сарапшылар оқу бағдарламаларының еңбек нарығының заманауи талаптары мен кәсіби стандарттарға қаншалықты сәйкес келетінін объективті бағалай алады. Олар мазмұндағы олқылықтарды анықтап, оқу жоспарларын жаңартуды және жаңа пәндерді немесе оқыту әдістерін енгізуді ұсына алады. Мұндай сараптамалық бағалау білім беру мекемелеріне бағдарламаларды өзгермелі жағдайларға бейімдеуге, мамандарды даярлауды жақсартуға және соның салдарынан түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектеседі. Сарапшыларды тарту сонымен қатар білім беру жүйесі мен индустрия арасындағы байланысты нығайтады, бұл жұмыс берушілердің қажеттіліктерін жақсы түсінуге және білім беру бағдарламаларының практикалық маңыздылығын арттыруға ықпал етеді.

Сарапшылардың ББ бағалауы мынадай критерийлер бойынша жүргізіледі:

1) ББ-ның тәжірибеге бағдарлануы – ББ-ның білім мен дағдыларды практикалық қолдануға қаншалықты бағытталғанын бағалау;

2) Пәндердің берілген оқу нәтижелеріне логикалық өзара байланысы және сәйкестігі – бағдарлама ішіндегі пәндер бір-бірімен және оқытудың соңғы нәтижелерімен қалай байланысты екенін талдау;

3) Пәндерді оқыту кезегінің мәнділігі/қисындылығы – бағдарламаның логикалық құрылымын, пәндердің қаншалықты материалды жақсы игеруге ықпал ететін ретпен ұйымдастырылғандығын бағалау;

4) ББ мазмұнының кәсіптік стандарттарға және/немесе еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі – ББ-ның осы саладағы қолданыстағы кәсіби стандарттарға (олар бар болған жағдайда) және (немесе) қазіргі еңбек нарығының талаптарына қаншалықты сәйкес келетіндігін бағалау;

5) Элективті пәндер каталогы (ЭПК) және оның мәні – ББ икемділігі мен бейімділігін бағалау: элективті курстардың кеңдігі мен әртүрлілігі, сәйкес бағыттар мен мамандықтарды таңдау мүмкіндігі, студенттердің қажеттіліктері мен еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі, тәжірибеге бағытталған және инновациялық курстардың болуын бағалау.

ББ мазмұнын бағалау жүйесі келесі диапазондар бойынша бөлінеді:

- Өте жақсы – 9-10 балл арасы;
- Жақсы – 6-8 балл арасы;
- Қанағаттанарлық – 4-5 балл арасы;
- Қанағаттанарлықсыз – 0-3 балл арасы.

5-кесте. «Білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Сарапшының орташа бағасы	Балл
2	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	7,75	**3,88**
4	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	7,75	**3,88**
3	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	7,58	**3,79**
5	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	7,33	**3,67**
1	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	7,25	**3,63**

Дереккөз: «Атамекен» ҰКП мәліметтері

5-кестеде білім беру бағдарламасының мазмұнын сараптамалық бағалаудың нәтижесі көрсетілген, оған сәйкес жетекші орындарды Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті иеленді.

1.2 «Білім беру бағдарламасының жетістіктері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.2.1 «Академиялық ұтқырлық» критерийі

ЖЖОКБҰ студенттерінің белгілі бір уақыт кезеңіне елден тыс басқа білім беру немесе ғылыми мекемеге ауысуы студенттің жеке дамуы үшін маңызды және оған мәдени байуға мүмкіндік береді, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің тиімділігін, түлектердің отандық және халықаралық еңбек нарықтарындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады, жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының тәжірибесін зерделеу және игеру есебінен кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіреді және т. б.

ЖЖОКБҰ да академиялық ұтқырлық бағдарламасын іске асыруды талдау мақсатында оқу орындарынан мынадай құжаттар талап етілді:

- академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде студенттерді шетелдік оқу орындарына жіберу туралы ректор бұйрығының көшірмесі;
- академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде шетелдік оқу орындарының студенттерін қабылдау туралы ректор бұйрығының көшірмесі.

ЖЖОКБҰ академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде ұсынылған құжаттарды «Атамекен» ҰКП менеджерлері талдап, келесі қорытындылар жасады:

6-кесте. «Академиялық ұтқырлық» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ контингенті	Академиялық ұтқырлық бағдарламаларын қолданған білім алушылар саны	Балл
1	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы.	82	3	**5,00**
2	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	115	2	**2,38**
3	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	71	1	**1,92**
4	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	292	2	**0,94**
5	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	336	2	**0,81**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

6-кестеде ұсынылған деректерге сәйкес, жоғары көрсеткішті Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы.

1.2.2 «Білім алушылардың ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары» критерийі

Қазіргі уақытта нарықтағы технологиялық даму ЖЖОКБҰ-да тиімді ғылыми-зерттеу процесін ұйымдастыруды талап етеді, тек жаңа білімді дамытуды ғана емес, сонымен қатар нарықта коммерциялық тұрғыдан дамыған, сұранысқа ие бизнес-идеяларды өндіруді талап етеді.

Студенттік бизнес-инкубаторлар мен зертханалар жастар ортасында кәсіпкерлік қызметтің оң бейнесін қалыптастырады, жастар арасында креативті және инновациялық әлеуетті іске асырады, сондай-ақ кәсіпкерлікке және инновациялық қызметке бағдарланған ұйымдар мен жастар қауымдастықтарын қолдайды, жастар кәсіпкерлігін ақпараттық, білім беру, қаржылық және мүліктік қолдаудың бірыңғай жүйесін құрады және қамтамасыз етеді. Бұдан басқа, жастарды кәсіпкерлік қызметке білім беру, әдістемелік және ақпараттық даярлауды көрсетеді, жастар құрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің санын арттырады, жоғары білім, бизнес және өндірістік сала арасындағы өзара іс-қимыл мен әлеуметтік әріптестік үшін жағдайлар жасайды.

Сондықтан «Атамекен» ҰКП зерттеу бағытындағы пункттердің бірі ЖЖОКБҰ студенттерінің шығармашылық жетістіктерін дәріптеу және енгізу болып табылады.

Студенттердің ғылыми зерттеулерін талдау мақсатында оқу орындарынан электрондық форматта растайтын құжат (патент және авторлық құқық туралы куәлік) талап етілді:

7-кесте. «Білім алушылардың ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Ғылыми жобалардың атауы	Балл
1	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	Коллекция женских вечерних платьев «BIBÍ»	5,00
		Коллекция "Wander light"	
		Мужской комплект с использованием техники оригами	
		Женское пальто на основе визуального кода европейского женского костюма 19-го века	
		Топтама "Сокпақ"	
		Эскизы коллекции одежды "Neo Folk - East-Steppe"	
		Коллекция "Медуза Горгона"	

2	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	"Әйелдерге арналған заманауи ""Шынжара"" атты этномәдени нақыштағы киім жиынтығын жобалау"	**1,60**
		Заманауи костюм үлгісін жобалауда ұлттық киімнің элементтерін пайдалану арқылы жаңаша пішінде киім жиынтығын әзірлеу	
		Жастарға арналған этно стильдегі заманауи ерлер киімі	
		Жастарға арналған этно стильдегі «Жалын» атты заманауи ерлер киімін жобалау	
		Костюмдегі пішіннің қалыптасуын талдау негізінде авторлық «Арал» топтамасын жобалау	
		Қазақ ою-өрнектерінің элементтерін креативті безендіру әдістерімен үйлестіре отырып «Бейбітшілік теңізі» атты заманауи костюм топтамасын жобалау	
		"Заманауи ұлттық бағытта бойжеткен қыздарға арнайы «үкілі» Киім топтамасын жобалау"	
		Заманауи классикалық стилде ою өрнектермен кестелеп сәндеген Прет-а- порте стильдегі «Alau» топтамасын жобалау	
3	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	The best for clothing design	**1,57**
		The best for clothing design	
		The best for clothing design	
		The best for clothing design	
		The best for clothing design	
		Студент зерттеуші	

		Республиканский конкурс Молодых дизайнеров моды "Інжу-дизайн"	
		Пропилеи искусства, тестиль	
		Enactus Kazakhstan national expo 2023	

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

7-кестеде көрсетілген ЖЖОКБҰ-да түлектердің ғылыми жобаларының бар екендігі расталған: Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті.

1.2.3 «Магистратурада/резидентурада оқуды жалғастырған түлектердің үлесі» критерийі

Қазақстанда Еуропалық жоғары білім беру аймағына (European Higher Education Area (EHEA)) кіре отырып, кадрларды даярлаудың үш деңгейлі моделін: бакалавриат, магистратура және PhD докторантураны енгізуді қамтитын жоғары білім беру жүйесін айтарлықтай қайта құрылымдау жүргізілді. Бакалавриат аяқталғаннан кейін түлектердің одан әрі дамуы үшін әртүрлі мүмкіндіктері бар, мысалы, мамандық бойынша жұмыс іздеу, екінші жоғары білім алу немесе магистратураға түсу.

Магистратура біліктілікті арттыруда және таңдаған мамандығы бойынша білімді тереңдетуде шешуші рөл атқарады, бұл оны кәсіби қалыптасудың маңызды кезеңіне айналдырады. Жыл сайын магистрлік бағдарламалар барған сайын танымал бола бастады, ал магистрлер еңбек нарығында сұранысқа ие бола бастады, бұл қазіргі заманғы экономика жағдайында білім берудің осы деңгейінің өзектілігін көрсетеді.

Бұл критерий бойынша жиналған деректер 8-кестедегідей болды.

8-кесте. «Магистратурада/резидентурада оқуды жалғастырған түлектердің үлесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Магистранттар үлесі			Балл
		Түлектер саны	Түлектер арасында магистратурада оқуды жалғастырғандар	үлес %	
1	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	4	1	25%	**5,00**
2	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	22	4	18%	**3,64**
3	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	25	2	8%	**1,60**
4	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	20	1	5%	**1,00**
5	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	5	0	0%	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

8-кестеде осы критерий бойынша 2024 жылғы түлектерді талдау қорытындыларын көруге болады, түлектердің жалпы саны 76 болса, оның ішінде 8 түлек әрі қарай магистратурада оқуын жалғастырған, бұл 10,5% құрайды. Кестеге сәйкес магистратураға түскен түлектердің ең көп үлесі келесі оқу орынға тиесілі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті.

1.2.4 «Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы» критерийі

Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсу үшін іріктеу емтихандарының нысандарының бірі.

Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы – жоғары ҰБТ нәтижелерін көрсеткен талапкерлердің көбінесе қай ЖЖОКБҰ таңдайтынын анықтайтын көрсеткіш. Бұл көрсеткіш ЖЖОКБҰ деңгейін және талапкерлер арасында оның сұранысын анықтауға мүмкіндік береді.

9-кесте. «Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Талапкерлердің орташа ҰБТ балы	Балл
1	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	25	**1,43**
2	М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті	20	**1,32**
3	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	4	**1,19**
4	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	22	**1,09**
5	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	5	**0,70**

Дереккөз: «Ұлттық тестілеу орталығы» РМК

9-кестеде көрсетілгендей, ББ бойынша 2024-2025 оқу жылында жоғары оқу орнына оқуға түскен талапкерлердің орташа балы 15 балды құраған. Салыстырмалы түрде жоғары балл жинаған талапкерлер келесі ЖЖОКБҰ-ны таңдаған: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті.

1.2.5 «Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі

Шетелдік студенттер өз елдерінде қазақ тілі мен мәдени дәстүрлерінің таралуына ықпал ете отырып, Қазақстандағы заманауи білім беру жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Олардың еліміздің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқуы біздің университеттерге деген халықаралық сұраныс деігейін көрсетеді және олардың рейтингінің жоғарылауына тікелей әсер етеді.

«Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі білім беру бағдарламаларының студенттерді шетелден тарту қабілетін көрсетеді. Бұл шетелдік студенттер үшін білім беру бағдарламалары мен жоғары оқу орындарының нақты тартымдылығын объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Осы критерийді растау үшін ЖЖОКБҰ келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- шетелдік студенттерді қабылдау туралы бұйрықтар;
- шетелдік студенттердің төлқұжаттарының көшірмелері.

10-кесте. «Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Шетелдік студенттер үлесі			Балл
		ББ контингенті	Шетелдік студенттер саны	үлес, %	
1	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	115	5	4,3%	**5,00**
2	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	292	8	2,7%	**3,15**
3	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	82	2	2,4%	**2,80**
4	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	336	0	0,0%	**0,00**
5	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	71	0	0,0%	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

10-кестеде шетелдік студенттердің «Сән, дизайн» ББ жалпы контингентіне қатынасын көруге болады, бұл 1,7% құрайды. Шетелдік студенттердің контингентке шаққандағы ең көп үлесі келесі оқу орындарында анықталды: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті.

1.3 «ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.3.1 «ЖЖОКБҰ студенттері мен оқытушыларының арақатынасы» критерийі

Студенттер мен оқытушылардың арақатынасы ЖЖОКБҰ ұсынатын білім сапасына әсер ететін негізгі көрсеткіштердің бірі. Бұл критерий оқытуға жеке көзқарас деңгейін және әр студентке оқытушы тарапынан жеткілікті көңіл бөлінетін қолайлы білім беру ортасын құру мүмкіндігін көрсетеді.

Студенттердің оқытушыларға қатынасының төмендігі оқытушылар құрамы жеке кеңес беруге, жұмыстарды тексеруге, ғылыми зерттеулерді басқаруға және практикалық дайындыққа көбірек уақыт бөле отырып, оқушылармен тиімдірек әрекеттесе алуына көбірек мүмкіндік береді. Бұл әсіресе тәжірибеге бағытталған оқытудың жоғары дәрежесін және тереңдетілген зерттеулерді қажет ететін бағдарламалар үшін өте маңызды.

Ал бір ПОҚ шаққанда білім алушылар санының тым көп болуы оқытушыларға шамадан тыс жүктемелер артылатындығын көрсетуі мүмкін, бұл білім беру процесінің сапасын төмендетуі және студенттердің оқуға қызығушылығына теріс әсер етуі мүмкін. Қазіргі білім беру стандарттары мен еңбек нарығының талаптары жағдайында студенттер мен оқытушылар саны арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті сақтау ЖЖОКБҰ бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторына айналады.

Осылайша, осы критерийді талдау оқу орнының оқу жүктемесін ақылға қонымды бөлуді қолдай отырып және оқыту сапасын қамтамасыз ете отырып, білім беру қызметтерінің жоғары деңгейін қаншалықты қамтамасыз ете алатынын бағалауға мүмкіндік береді.

Біздің тарапымыздан ЖЖОКБҰ-да ПОҚ сапасы бойынша берілген мәліметтерді тексеру кезінде мынадай нормативтік құқықтық актілердің іске асырылуы да ескеріледі: Сот төрелігі академиясын, әскери, арнаулы оқу орындарын, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары профессор-оқытушылар құрамының жалпы санын есептеу үшін білім алушылар санының оқытушыларға орташа арақатынасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 606 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада № 17670 болып тіркелген).

11-кесте. «ЖЖОКБҰ студенттері мен оқытушыларының арақатынасы» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ штаттық ПОҚ саны	ЖЖОКБҰ контингенті	Бір ПОҚ-қа шаққандағы білім алушылар саны	Балл
1	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	369,00	2064,00	6	**5,00**
2	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	695,00	11391,00	16	**1,71**
3	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	1163,00	22327,00	19	**1,46**
4	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	872,00	17207,00	20	**1,42**
5	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	290,00	6458,00	22	**1,26**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

11-кестеде оқытушылардың ЖЖОКБҰ-ның жалпы контингентіне қатынасын көруге болады. Осы критерий бойынша үздік көрсеткіш Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы тіркелді, ол университетте бір оқытушыға орташа есеппен 6 білім алушы келеді.

1.3.2 «Дәрежелі оқытушылардың үлесі» критерийі

Дәрежелі оқытушылардың үлесі профессор-оқытушылар құрамының академиялық біліктілігі мен кәсібилігінің маңызды көрсеткіші. Ғылыми дәрежесі (ғылыми дәрежесі және (немесе) философия докторы PhD/бейіні бойынша доктор (академиялық) дәрежесі және (немесе) ғылыми атағы және «өнер» кадрларын даярлау үшін «ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы» спорттық атағы) бар оқытушылар ЖЖОКБҰ-да білім мен ғылыми қызметтің жоғары деңгейін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Оқу орнында дәрежелі оқытушылардың едәуір санының болуы оның іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылыми әзірлемелердің нәтижелерін білім беру процесіне кіріктіру, сондай-ақ халықаралық ғылыми жобаларға қатысу мүмкіндігі туралы куәландырады. Бұл тез өзгеретін кәсіби орта жағдайында жұмысқа дайын жоғары білікті мамандарды қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасайды.

Сонымен қатар, дәрежелі оқытушылар педагогикалық құзыреттіліктің жоғары деңгейіне ие, бұл оларға білімді тиімді жеткізуге, студенттерде сыни ойлау мен аналитикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай оқытушылардың жоғары үлесі оқу орнының академиялық стандарттарға

бейілділігін және білім беру бағдарламаларының сапасын үздіксіз жетілдіруге ұмтылысын көрсетеді.

Бұл критерий ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының академиялық және кәсіптік даярлықтың қазіргі заманғы талаптарына қаншалықты сәйкес келетіндігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді, сондай-ақ оның ғылыми және білім беру орталығы ретіндегі беделін нығайтуға ықпал етеді.

12-кесте. «Дәрежелі оқытушылардың үлесі» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ штаттық ПОҚ саны	Штаттық дәрежелі ПОҚ саны	Үлес, (%)	Балл
1	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	872,00	502,00	57%	**5,00**
2	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	290,00	141,00	49%	**4,22**
3	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	369,00	161,00	44%	**3,79**
4	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	695,00	236,00	39%	**2,95**
5	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	1163,00	367,00	32%	**2,74**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

12-кестеде бұл ББ бойынша рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ-ның дәрежелі ПОҚ үлесі орта есеппен 41,5% құрайтынын көруге болады. Дәрежелі ПОҚ-ның ең көп үлесі мынадай ЖЖОКБҰ-да жұмыс істейді: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті.

1.3.3 «Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі

«Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі білім беру процесінің қаржылық қамтамасыз етілуін және оқу орнының оқытудың негізгі аспектілеріне қаражат салуға дайындығын бағалауға мүмкіндік беретін маңызды көрсеткіштердің бірі. Бұл критерийде бағдарламалық қамтамасыз ету және кітапхана қорын дамыту шығындары ескеріледі.

Бағдарламалық қамтамасыз ету шығындары әртүрлі пәндерге арналған арнайы бағдарламалар, оқу процесін басқару жүйелері және оқытудың тиімділігі мен интерактивтілігін арттыратын басқа да цифрлық құралдар сияқты оқу процестеріне қажетті лицензиялық бағдарламаларды сатып алу және жаңарту шығындарын қамтиды. Бұл ББ өзектілігін сақтау және студенттерді заманауи технологиялармен жұмыс істеуге дайындау үшін маңызды.

Кітапхана қорын дамыту шығындарына студенттердің өзекті және сапалы оқу және ғылыми ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін қажетті жаңа оқулықтарды, ғылыми әдебиеттерді, электрондық ресурстар мен дерекқорларды сатып алу шығындары кіреді. Кітапхана қорын дамыту білімді тереңдетуге және ғылыми зерттеулер жүргізуге ықпал ететін академиялық ортаның маңызды құрамдас бөлігі.

13-кесте. «Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ контингенті	1 студентке шаққандағы шығындар көлемі (теңге)	Балл
1	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	17207,00	13401,00	**5,00**
2	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	22327,00	11075,00	**4,12**
3	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	2064,00	7794,00	**2,89**
4	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	6458,00	4486,00	**1,64**
5	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	11391,00	2779,00	**1,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

13-кестеде көрсетілген 1 студентке бөлінген қаражатты талдау бойынша келесі ЖЖОКБҰ жоғары нәтиже көрсетті: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті.

1.3.4 «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі

«Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі оқытушыларды қаржылық қолдау деңгейін және жанама түрде оқу орнындағы білім беру процесінің сапасын көрсететін маңызды көрсеткіш. Медианалық жалақы – оқытушылардың жартысы жалақыны осы деңгейден жоғары, ал екінші жартысы төмен алатын бөліну нүктесі. Бұл көрсеткіштің орташа жалақыдан айырмашылығы, оған өте жоғары немесе өте төмен жалақы сияқты шекті мәндер әсер етпейді.

Медианалық жалақы деңгейі оқытушылардың мотивациясымен және олардың жұмысқа қанағаттануымен тығыз байланысты. Жалақының жоғары деңгейі университетке білікті мамандарды тартуға және ұстап қалуға мүмкіндік береді, ол дегеніміз оқыту мен ғылыми қызметтің сапасына оң әсер етеді. Лайықты жалақы алатын оқытушылар үнемі кәсіби дамуға, ғылыми зерттеулерге қатысуға және студенттермен белсенді қарым-қатынасқа ынталы болады.

Сонымен қатар, медианалық жалақы көрсеткіші ЖЖОКБҰ-ның қаржылық тұрақтылығын және оның басқа оқу орындарымен салыстырғанда бәсекеге қабілетті жалақы деңгейін ұстап тұру қабілетін көрсете алады.

Әдістемеге сәйкес осы критерийді саралау кезінде оқытушы жұмыс істейтін аймақтың күнкөріс деңгейі есепке алынады.

14-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ПОҚ медианалық жалақысы (теңге)	Балл
1	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	707984,0	**5,00**
2	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	555141,3	**2,64**
3	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	465758,9	**1,74**
4	М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті	403490,2	**1,03**
5	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	383676,3	**1,00**

Дереккөз: ҚР ҚР ҒЖБМ мәліметтері

14-кестеде «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі бойынша талдау нәтижелерін көрсетілген: «Сән, дизайн» ББ бойынша ПОҚ орташа медианалық жалақысы 2025 жылы 503 210 теңгені құрады. ББ бойынша рейтингке қатысқан ЖЖОКБҰ арасында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті – 707 984,0 теңге, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы – 555 141,3 теңге көрсеткіштерін көрсетіп, алғашқы орындарды иеленді.

1.4 «Түлектердің мансаптық перспективалары» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.4.1 «Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі» критерийі

«Түлектердің мансаптық перспективалары» критерийлер тобы түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді. Топ үш критерийден тұрады: түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі, түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы, түлектердің медианалық жалақысы. Бұл критерийлер бойынша білім беру бағдарламаларының 2024 жылғы түлектері талданады. Олардың оқу бітіргеннен кейін, 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңдегі зейнетақы жарналары арқылы талдау жүргізіледі.

«Жұмысқа орналасу деңгейі» көрсеткіші түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін тікелей көрсетеді. Бұл өлшем «тұрақты жұмыспен қамту» және «шартты жұмыспен қамту»болып бөлінеді.

Тұрақты жұмысқа орналасу – 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңде қатарынан кемінде 3 ай тұрақты зейнетақы жарналарын алған жұмысқа орналастырылған түлектердің пайызын көрсететін көрсеткіш.

Шартты жұмыспен қамту – 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңде тұрақты емес негізде зейнетақы аударымдарын алған түлектердің пайызын көрсететін көрсеткіш (яғни тұрақты жұмыспен қамту жағдайларын қоспағанда, тұрақсыз табыс).

Жұмыспен қамтылуды есептеу барысында тұрақты жұмыспен қамтылған түлектердің үлесі жоғары нәтиже береді.

Жұмыспен қамтылуды есептеу барысында тұрақты жұмыспен қамтылған түлектердің үлесі жоғары нәтиже береді.

Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін неғұрлым сенімді есептеу үшін жалпы түлектер санынан мынадай санаттар алынып тасталды:

- Магистратурада (резидентурада) оқуды жалғастырған түлектер;
- Шетел азаматтары;
- Декреттік демалыстағы түлектер;
- Мерзімді әскери қызметке шақырылған түлектер;
- Шетелде білім алатын түлектер;
- Шетелде жұмыс істейтін түлектер;
- 1-2 топтағы мүгедектігі бар түлектер;
- Күш құрылымдарының қызметкерлері;
- Жас ерекшелігіне байланысты есептелмейтін түлектер (1996 жылғы және одан үлкен);
- Қайтыс болған түлектер.

Түлектердің саны 5 адамнан аз болатын келесі ЖЖОКБҰ-да есептеулер тек статистикалық деректер бойынша және сараптамалық бөлім бойынша жүргізілді, өйткені «түлектердің мансаптық перспективалары» блогы бойынша есептеу үшін деректердің аздығына байланысты көрсеткіштер дұрыс

болмауы мүмкі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті.

2-диаграмма. «Сән, дизайн» ББ бойынша түлектердің жалпы саны мен құрамы



2-диаграммаға сәйкес ББ бойынша түлектердің жалпы саны 77 адамды құрады, оның ішінде: декреттік демалыста – 10; магистратурада (резидентурада) оқуды жалғастырғандар – 8; 1-2 топтағы мүгедектігі бар түлектер – 1; 1996 жылғы және одан үлкен – 58.

15-кесте. «Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Түлектердің жалпы саны	Жұмысқа орналасу деңгейі, %	Тұрақты жұмыс, %	Шартты жұмыс, %	Балл
1	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	18	89%	78%	11%	**4,11**
2	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	17	53%	35%	18%	**2,12**
3	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	12	41%	33%	8%	**1,83**
*	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	0	0%	0%	0%	**0,00**
*	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	0	0%	0%	0%	**0,00**

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*

15-кестеге сәйкес, «Сән, дизайн» ББ бойынша жұмысқа орналасудың орташа деңгейі 61,1% құрады. Жұмысқа орналасу пайызы жоғары ЖЖОКБҰ: Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы. Олардың түлектерінің жұмысқа орналасу деңгейі 88,9%-дан асады. Соңғы позицияларда М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті болды, онда жұмысқа орналасудың жалпы пайызы 41,7%-дан төмен.

3-диаграмма. Түлектерің жұмысқа орналасу деңгейі



3-диаграммадан ББ бойынша түлектердің 91%-ы тұрақты, ал 2%-ы шартты түрде жұмыс істейтінін көруге болады. Түлектердің 7%-ы жұмысқа орналаспаған.

16-кесте. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін салыстырмалы талдау

№	ЖЖОКБҰ атауы	Жұмысқа орналасу деңгейі, %		
		2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.
1	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	-	59%	89%
2	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	100%	-	53%
3	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	58%	-	41%
*	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	67%	41%	-
*	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	65%	-	-

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*

— - рейтингке қатыспаған

16-кестедегі салыстырмалы талдауға сәйкес бұл критерий бойынша өткен жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда келесі оқу орын көрсеткіштері жақсарған: Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы. Ал көрсеткіштердің нашарлауы мынадай ЖЖОКБҰ-да байқалады: М.Х.Дулати

атындағы Тараз университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті.

4-диаграмма. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін салыстырмалы талдау



4-диаграмма еңбек нарығында ББ түлектеріне сұраныстың динамикасын көрсетеді. Алдыңғы рейтингтермен салыстырғанда осы критерий көрсеткіштері жақсарды: 2023 жылы жұмысқа орналасудың орташа деңгейі 61%, 2024 жылы - 50%, ал 2025 жылы - 80% құрады.

1.4.2 «Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы» критерийі

Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы түлектердің оқуды бітіргеннен кейін қаншалықты жылдам жұмыс таба алатынын көрсететін маңызды көрсеткіш. Бұл көрсеткіш нақты білім беру бағдарламасы мен ЖЖОКБҰ дайындаған еңбек нарығындағы мамандардың сұраныс деңгейін көрсетеді.

Жұмыс іздеудің қысқа кезеңі түлектердің жоғары бәсекеге қабілеттілігін, оқу орнының жақсы беделін және білім беру бағдарламасының жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкестігін көрсетеді. Жұмыс іздеудің ұзақ кезеңі түлектердің жеткіліксіз дайындығын, олардың дағдыларының еңбек нарығының талаптарына сәйкес келмеуін немесе белгілі бір салада жұмысқа орналасудың жалпы күрделілігін көрсетуі мүмкін.

Жұмыс іздеу ұзақтығын талдау білім беру ұйымдарына өз бағдарламаларының тиімділігін бағалауға және қажет болған жағдайда түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелерін жақсарту үшін түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

17-кесте. «Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Жұмыс іздеу ұзақтығы (аймен)	Балл
1	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	2,44	**4,34**
2	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	2,80	**4,18**
3	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	4,00	**3,64**
*	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	-	-
*	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	-	-

Дереккөз: ҚР ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*

— - рейтингке қатыспаған

17-кестеде түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығының нәтижелері көрсетілген. Келесі ЖЖОКБҰ-да түлектер 3 айдан аз уақыт ішінде жұмысқа орналасқан: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы.

5-диаграмма. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығын салыстырмалы талдау



5-диаграмма еңбек нарығында «Сән, дизайн» ББ бойынша түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығындағы өзгерістерді көрсетеді. Өткен жылдармен салыстырғанда осы критерийдің көрсеткіштері жақсарған. Бұл өзгерістер ББ түлектеріне сұраныс динамикасын көрсетеді. 2023 жылы жұмыс іздеудің орташа ұзақтығы 3,60 айды, 2024 жылы 4,36 айды, ал 2025 жылы 3,00 айды құрады.

1.4.3 «Түлектердің медианалық жалақысы» критерийі

Медианалық жалақы оқуды бітіргеннен кейінгі алғашқы жылы жұмысқа орналасқан түлектердің табыс деңгейін көрсетеді. Жоғары бастапқы жалақы көбінесе білім беру бағдарламасының сапасының және оны кәсіби ортаның мойындауының көрсеткіші.

Түлектердің медианалық жалақысы туралы мәліметтер оқу орнын таңдау кезінде талапкерлер үшін бағдар бола алады, өйткені олар осы бағдарламаның түлектерінің жұмысқа орналасу және лайықты жалақы алу үшін жақсы перспективалары бар екеніне сенімді бола алады. Сонымен қатар, медианалық жалақысы жоғары бағдарламалар жұмыс берушілердің де назарын аударады, бұл тез мансаптық өсу мен тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады.

Есепте соңғы үш жылдағы түлектердің медианалық жалақысының динамикасы қарастырылады, бұл еңбек нарығындағы трендтерді анықтауға және белгілі бір білім беру бағдарламаларының түлектерінің қаншалықты табысты екенін бағалауға мүмкіндік береді.

Әдістемеге сәйкес осы критерийді саралау кезінде түлектің жұмыс істейтін аймақтың күнкөріс деңгейі есепке алынады.

18-кесте. «Түлектердің медианалық жалақысы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Медианалық жалақы, теңге	Балл
1	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	138125,00	**5,00**
2	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	85000,00	**3,75**
3	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	85000,00	**3,62**
*	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	0,00	**0,00**
*	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	0,00	**0,00**

Дереккөз: ҚР ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*

18-кестеде осы критерий бойынша талдау көрсетілген. Осы көрсеткіш бойынша көшбасшы: Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы.

2 Білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі

Білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі білім беру процесінің сапасын, түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін, сондай-ақ жоғары оқу орындары қызметінің жалпы көрсеткіштерін көрсететін барлық критерийлерді жан-жақты талдаудың нәтижесі болып табылады. Бұл бөлімде критерийлердің бірнеше тобы бойынша бағалау негізінде қалыптастырылған «Сән, дизайн» ББ бойынша қорытынды рейтинг ұсынылған: білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері, түлектердің мансаптық перспективалары.

2025 жылғы рейтинг жоғарыда аталған блоктар бойынша топтастырылған 17 критерий негізінде құрылды. Әрбір критерийдің жалпы бағалау процесінде оның маңыздылығын көрсететін белгілі бір салмағы бар.

Қорытынды рейтингтің негізгі мақсаты – талапкерлерге, жұмыс берушілерге және басқа да мүдделі тараптарға ақпараттандырылған таңдау жасауға көмектесетін білім беру бағдарламаларына объективті баға беру. Сондай-ақ, рейтинг нәтижелері ЖЖОКБҰ үшін өздерінің білім беру бағдарламаларын жетілдіру және олардың ұлттық және халықаралық деңгейлердегі бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағытында бағдар бола алады.

19-кесте. «Сән, дизайн» ББ бойынша қорытынды рейтинг

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ атауы	Жалпы қорытынды	Рейтингтегі орны
1	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	6В02100 Сән және Костюм дизайны	3,744	1 / 3
2	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	6В02170 Сән дизайны	2,677	2 / 3
3	М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті	6В02111 Сән дизайны	2,065	3 / 3
*	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	6В02118 Сән дизайны	1,488	*
*	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	6В02123 Сән және Костюм дизайны	0,920	*

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты рейтингте орын алмады*

2025 жылғы 19-кестеге сәйкес, «Сән, дизайн» білім беру бағдарламасы бойынша жетекші орын Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясына тиесілі.

20-кесте. 2023-2025 жылдардағы «Сән, дизайн» ББ бойынша рейтингтегі орындары

№	ЖЖОКБҰ атауы	Рейтингтегі орны		
		2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.
1	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	-	1 / 2	1 / 3
2	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	5 / 6	-	2 / 3
3	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	1 / 6	-	3 / 3
*	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	4 / 6	2 / 2	-
*	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	3 / 6	-	-

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты рейтингте орын алмады*
— - рейтингке қатыспаған

20-кестеде 2023-2025 жылдары «Сән, дизайн» ББ бойынша рейтингке қатысқан оқу орындарының рейтингте алған орындары салыстырылды.

2023 жылы рейтинг көшбасшылары қатарында М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті болды.

2024-2025 жылдарыы көшбасшы Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы.

2025 жылғы білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында «Сән, дизайн» саласында мамандар даярлаудың әртүрлілігі мен сапасын көрсетеді. Талдау көрсеткендей, еңбек нарығының талаптары мен халықаралық стандарттарға бейімделе отырып, өз бағдарламаларын белсенді түрде жетілдіретін білім беру мекемелері жетекші орындарға ие болды.

М.с. Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы сияқты университеттердің жоғары нәтижелері олардың бәсекеге қабілеттілігін және түлектерінің сұранысын растайды. Бұл оқу орындары түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі, орташа жалақы және білім беру бағдарламаларының сапасы сияқты бірқатар критерийлер бойынша жоғары нәтижелер көрсетті.

Рейтинг нәтижелері талапкерлер, жұмыс берушілер және жоғары оқу орындары үшін құнды бағдар болып табылады, әрбір білім беру бағдарламасының мықты жақтарын анықтауға көмектеседі. Болашақта білім беру стандарттарын жақсарту және халықаралық ынтымақтастықты арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру Қазақстанның білім беру жүйесін одан әрі дамыту үшін маңызды қадам болады.

Қорытынды

2025 жылғы ББ бойынша білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін жақсарту үшін елеулі жетістіктер мен салаларды анықтауға мүмкіндік берді. Рейтингте жетекші орындарды білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері, түлектердің мансаптық перспективалары сияқты критерийлер топтары бойынша жоғары нәтижелер көрсете алған университеттер иеленді.

Талдау көрсеткендей, рейтингтің жоғарғы қатарында тұрған ЖЖОКБҰ студенттерді теориялық біліммен ғана емес, сонымен қатар еңбек нарығында сұранысқа ие практикалық дағдылармен қамтамасыз ете отырып, өздерінің білім беру бағдарламаларын жетілдіру бойынша белсенді жұмыс істейді. Алдыңғы қатардағы жоғары оқу орындары жұмыс берушілермен өзара іс-қимылға және халықаралық сапа стандарттарын интеграциялауға ерекше назар аударатынын атап өту керек, себебі бұл олардың түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай арттырады.

Сонымен бірге, есеп назар аударуды қажет ететін кейбір кемшіліктерді анықтады. Мысалы, бірқатар ЖЖОКБҰ-да студенттердің академиялық ұтқырлығы мен ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары, шетелдік студенттер үлесі бойынша төмен көрсеткіштер байқалады, бұл осы бағыттарды одан әрі дамыту қажеттігін көрсетеді. Сондай-ақ, оқу орындарының бір студентке шаққандағы қаржылық шығындар көлемінде айтарлықтай айырмашылықтар байқалды.

Рейтинг нәтижелері барлық мүдделі тараптар үшін маңызды құрал. Талапкерлер мен олардың ата-аналары үшін рейтинг оқу орнын таңдау кезінде бағдар, жұмыс берушілер үшін – мамандарды даярлау сапасының индикаторы, ал жоғары оқу орындарының өздері үшін – өз бағдарламаларын жақсартуға және бәсекелестік ортадағы позицияларын нығайтуға ынталандыру ретінде қызмет етеді.

Қорытындыны келесідей жасауға болады: елеулі жетістіктерге қарамастан, Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі жаңғыртуды және жаңа сын-тегеуріндерге бейімделуді жалғастыруда. Әр ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының жоғары деңгейін қолдап қана қоймай, еңбек нарығындағы өзгерістер мен қоғамның қажеттіліктерін ескере отырып, оларды үнемі жақсартуға ұмтылуы тиіс. 2025 жылғы қорытынды рейтинг жаһандық аренада қазақстандық білім берудің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ете отырып, осы мақсаттарға қол жеткізу жолындағы маңызды қадамдардың бірі. Білім беру бағдарламаларын жетілдіруді жалғастыру және түлектерді тез өзгеретін әлемде табысты кәсіби қызмет үшін қажетті білім мен дағдылармен қамтамасыз ету үшін жан-жақты жұмыс жасау өте маңызды.

Қосымша 1

«Сән, дизайн» ББ бойынша рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ тізімі

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ атауы
1	М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті	6В02100 Сән және Костюм дизайны
2	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	6В02170 Сән дизайны
3	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	6В02111 Сән дизайны
4	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	6В02118 Сән дизайны
5	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	6В02123 Сән және Костюм дизайны

6В02102 Дизайн даярлау бағыты
В031 Сән, дизайн білім беру бағдарламасы тобы
«Дизайн» білім беру бағдарламасы бойынша рейтингіні қалыптастыру есебі

Кіріспе

Қазақстанның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі экономиканың түрлі салалары үшін жоғары білікті мамандарды даярлауда шешуші рөлдердің бірін атқарады. Еңбек нарығының қарқынды дамуы мен халықаралық интеграция жағдайында білім беру сапасы ғана емес, сонымен қатар білім беру бағдарламаларының қазіргі заманғы сын-қатерлерге бейімделу қабілеті де маңызды. Білім беру мекемелері жұмысының тиімділігін бағалаудың маңызды құралы - мамандарды даярлау деңгейін, түлектердің бәсекеге қабілеттілігін және білім беру бағдарламаларының сапасын объективті бағалауға мүмкіндік беретін рейтингілер жасау.

Бұл есепте 2025 жылғы Қазақстанның жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі – ББ) талданады. Осы талдау шеңберінде түлектердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға және олардың еңбек нарығындағы сұранысына әсер ететін негізгі көрсеткіштер бойынша ББ кешенді салыстырмалы шолу жүргізілді.

Білім беру бағдарламаларының рейтингін қалыптастыру үшін негіздеме:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы.

2. «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы.

3. «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімшелеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығы.

4. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және білім беру жүйесіне тексеру парақтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы №166 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы №116 бірлескен бұйрығы.

Бұл есептің мақсаты – білім беру бағдарламаларына жан-жақты талдау жүргізу және осы талдау негізінде қорытынды рейтинг жасау. Рейтинг жасау барысында білім беру процесінің барлық маңызды компоненттерін қамтитын

әртүрлі критерийлер тобы ескерілді. Олардың ішінде: білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері және түлектердің мансаптық перспективалары. Бұл блоктардың әрқайсысы жалпы рейтингте белгілі бір салмаққа ие, бұл бағалауды мүмкіндігінше объективті және жан-жақты етуге мүмкіндік береді.

Бұл есептің негізгі міндеті – білім беру бағдарламаларының жағдайы туралы нақты және құрылымдық түсінік беру. «Дизайн» ББ бойынша 2025 жылғы рейтингке 24 ЖЖОКБҰ қатысты (1-қосымша). Кейбір ЖЖОКБҰ осы ББ бойынша түлектерінің санының аз болуына байланысты рейтингте орын алған жоқ (ББ бойынша 2024 жылғы түлек саны 5 түлектен аз), олардың ішінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қызылорда «Болашақ» университеті, Жұмабек Ахметұлы Тәшенов атындағы университетбар.

1 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларының деректерін талдау

1.1 «Білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.1.1 «Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен әзірлеу және келісу» критерийі

ББ мазмұнын болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі мен бәсекеге қабілеттілігінің тиімділігін арттыру үшін әлеуетті немесе негізгі жұмыс берушілермен келісу қажет. Жұмыс берушілер білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде ұсыныстар, пәндердің мазмұнына өзгерістер енгізе алады, сондай-ақ зерттелетін тақырыптар мен материалдардың өзектілігі бойынша ұсыныстар мен ескертулер бере алады. Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен келісу түлектердің табысты жұмысқа орналасуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады.

ЖЖОКБҰ бұл критерий бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған ББ бойынша құжаттардың мынадай тізбесін ұсыну қажет: модульдік білім беру бағдарламасы (МББ), элективті пәндер каталогы (ЭПК), жұмыс берушіден хат, келісу хаттамасы, жұмыс берушінің рецензиясы, ұсынымдық хат, анықтама-негіздеме, ББ сараптамасы.

Осы критерийді есептеу кезінде ББ келісуге қатысатын жұмыс берушілердің санына басты назар аударылды. Бір мамандықтағы жұмыс берушілер әр түрлі болуы мүмкін, сәйкесінше, жұмыс берушілер саны неғұрлым көп болса, жұмыс ерекшеліктерін ұсыну туралы көзқарастар мен пікірлер соғұрлым көп болады.

1-кесте. «Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен әзірлеу және келісу» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ келісілген жұмыс берушілер саны	Балл
1	«Тұран-Астана» университеті	11	**5,00**
2	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	8	**3,80**
3	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	8	**3,80**
4	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	6	**3,00**
5	Қызылорда «Болашақ» университеті	6	**3,00**
6	Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті	5	**2,60**
7	Алматы технологиялық университеті	4	**2,20**
8	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	4	**2,20**
9	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	3	**1,80**
10	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	3	**1,80**
11	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	3	**1,80**

12	Халықаралық білім беру корпорациясы	3	**1,80**
13	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	3	**1,80**
14	Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті	3	**1,80**
15	Торайғыров университеті	2	**1,40**
16	Жұмабек Ахметұлы Тәшенов атындағы университет	2	**1,40**
17	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	2	**1,40**
18	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	2	**1,40**
19	Астана халықаралық университеті	2	**1,40**
20	Орталық Азия Инновациялық Университеті	2	**1,40**
21	Еуразия технологиялық университеті	2	**1,40**
22	Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті	1	**1,00**
23	Каспий қоғамдық университеті	1	**1,00**
24	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	1	**1,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

1-кестеде осы критерий бойынша нәтижелер берілген: «Тұран-Астана» университеті жетекші орынға ие болды, өйткені оның білім беру бағдарламалары жұмыс берушілердің ең көп санымен келісілген.

1.1.2 «Профессор-оқытушылар құрамының практикалық жұмыс тәжірибесі» критерийі

Профессор-оқытушылар құрамының (ПОҚ) практикалық жұмыс тәжірибесі білім беру үдерісі сапасының маңызды құрамдас бөлігі. Тиісті кәсіби салада нақты тәжірибесі бар оқытушылар студенттерге пән туралы тереңірек және қолданбалы түсінік бере алады. Олар оқу процесіне практикадан, қолданылатын әдістер мен технологиялардан өзекті мысалдар келтіре алады, бұл студенттерді кәсіби қызметке неғұрлым тиімді дайындауға ықпал етеді.

Сонымен қатар, оқытушылардың практикалық тәжірибесі оларға саланың қазіргі тенденцияларын жақсырақ бағдарлауға және оқу бағдарламаларын еңбек нарығының өзгеретін талаптарына бейімдеуге мүмкіндік береді, осылайша түлектердің жоғары бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

ББ бойынша осы көрсеткішті анықтау үшін мынадай құжаттар талап етілді: ЖЖОКБҰ кадрлар бөлімінен оқытушылардың жұмыс өтілі туралы бекітілген анықтама.

2025 жылғы рейтинг әдістемесіне сәйкес 2010 жылғы 1 қаңтар мен 2025 жылғы 1 мамыр аралығында практикалық тәжірибесі бар оқытушылар есепке алынады.

2-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының практикалық жұмыс тәжірибесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Практикалық жұмыс өтілі бар оқытушылар саны (айлар)		Балл
		саны	өтілі	
1	Еуразия технологиялық университеті	5	900	**3,90**
2	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	9	816	**3,76**
3	Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті	11	1171	**3,63**
4	Алматы технологиялық университеті	14	2006	**2,77**
5	Орталық Азия Инновациялық Университеті	2	360	**2,60**
6	Торайғыров университеті	6	619	**2,57**
7	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	1	180	**2,56**
8	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	5	707	**2,35**
9	Каспий қоғамдық университеті	17	1154	**2,34**
10	Астана халықаралық университеті	9	682	**2,30**
11	Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті	25	2169	**2,28**
12	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	12	575	**2,27**
13	Халықаралық білім беру корпорациясы	5	512	**2,11**
14	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	5	357	**2,01**
15	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	3	334	**1,82**
16	Қызылорда «Болашақ» университеті	2	50	**1,79**
17	«Тұран-Астана» университеті	7	533	**1,78**
18	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	3	243	**1,71**
19	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	2	98	**1,30**
20	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	3	62	**0,61**
21	Жұмабек Ахметұлы Тәшенов атындағы университет	2	40	**0,56**
22	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	0	0	**0,00**
23	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	0	0	**0,00**
24	Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті	0	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

2-кестеден көріп отырғанымыздай, рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ-ның көпшілігінде ЖЖОКБҰ құрылымынан тыс жұмыс тәжірибесі бар оқытушылар бар. Бұл критерийдің көшбасшылары: Еуразия технологиялық университеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті.

1.1.3 «Профессор-оқытушылар құрамының жетістіктері» критерийі

«Профессорлық-оқытушылық құрамның жетістіктері» критерийі білім беру бағдарламаларының сапасын бағалауда маңызды рөл атқарады, өйткені ол білім беру процесіне қатысатын мұғалімдердің кәсібилігі мен құзыреттілігінің деңгейін көрсетеді. Рейтинг әдіснамасына сәйкес, бұл критерий соңғы жылдардағы профессорлық-оқытушылық құрамның жетістіктерін жан-жақты бағалауға мүмкіндік беретін бірнеше ішкі критерийлерді қамтиды.

Атап айтқанда, 2015-2025 жылдар аралығында «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағына ие болған оқытушылар есепке алынады, бұл олардың педагогикалық еңбегін ЖЖОКБҰ деңгейінде мойындағанын көрсетеді. Сол кезеңде «Үздік ғылыми қызметкер» атағын алған ПОҚ да ескеріледі, бұл олардың ғылыми зерттеулерге және академиялық қоғамдастықтың дамуына қосқан үлесін көрсетеді.

3-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының жетістіктері» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атанған ПОҚ саны	«Үздік ғылыми қызметкер» сыйлығының иегерлері	Балл
1	Каспий қоғамдық университеті	4	1	**3,13**
2	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	4	0	**2,50**
3	Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті	0	4	**2,50**
4	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	3	1	**2,50**
5	Еуразия технологиялық университеті	2	1	**1,88**
6	«Тұран-Астана» университеті	2	0	**1,25**
7	Халықаралық білім беру корпорациясы	2	0	**1,25**
8	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	2	0	**1,25**
9	Қызылорда «Болашақ» университеті	0	1	**0,63**
10	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	1	0	**0,63**
11	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	1	0	**0,63**

12	Торайғыров университеті	0	0	**0,00**
13	Жұмабек Ахметұлы Тәшенов атындағы университет	0	0	**0,00**
14	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	0	0	**0,00**
15	Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті	0	0	**0,00**
16	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	0	0	**0,00**
17	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	0	0	**0,00**
18	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	0	0	**0,00**
19	Алматы технологиялық университеті	0	0	**0,00**
20	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	0	0	**0,00**
21	Астана халықаралық университеті	0	0	**0,00**
22	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	0	0	**0,00**
23	Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті	0	0	**0,00**
24	Орталық Азия Инновациялық Университеті	0	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

3-кестеден көріп отырғанымыздай, осы критерий бойынша Каспий қоғамдық университеті жетекші орын ие болды.

1.1.4 «Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу» критерийі

Білім беру және кәсіптік ұйымдардың бағдарламаны аккредиттеуі бағдарламаның жоғары сапа стандарттарына сәйкестігінің көрсеткіші және оны ұлттық және халықаралық деңгейде тану және мойындау ретінде қарастырылады.

Дәл осы себепті ББ-ның мамандандырылған аккредиттеуден өткені туралы сертификаты сұралды. Бұл критерий бойынша балл білім беру бағдарламасы аккредиттеуден өткен мекеме мен аккредиттеуден өткені туралы сертификаттың жарамдылық ұзақтығына байланысты есептелді.

Ұсынылған мәліметтерге сәйкес, «Дизайн» ББ бойынша рейтингке қатысатын 24 ЖЖОКБҰ-ның 22 мамандандырылған аккредиттеуден өткен.

4-кесте. «Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Аккредитациялық орган атауы	Балл
1	«Тұран-Астана» университеті	ACQUIN	**5,00**
2	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	CAAAE	**3,40**
3	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	НКЦА (NKCA)	**2,83**
4	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	IAAR	**2,39**
5	Халықаралық білім беру корпорациясы	IQAA	**2,31**
6	Торайғыров университеті	Өзге	**1,87**
7	Астана халықаралық университеті	IQAA	**1,87**
8	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	НКЦА (NKCA)	**1,61**
9	Алматы технологиялық университеті	Өзге	**1,61**
10	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	IQAA	**1,40**
11	Қызылорда «Болашақ» университеті	Өзге	**1,40**
12	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	IAAR	**1,35**
13	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	IQAA	**1,31**
14	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	IQAA	**1,31**
15	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	IQAA	**1,27**
16	Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті	IQAA	**0,83**
17	Еуразия технологиялық университеті	Өзге	**0,83**
18	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	IAAR	**0,74**
19	Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті	IQAA	**0,74**
20	Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті	IAAR	**0,26**
21	Каспий қоғамдық университеті	IQAA	**0,22**
22	Жұмабек Ахметұлы Тәшенов атындағы университет	IQAA	**0,04**
23	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	0	**0,00**
24	Орталық Азия Инновациялық Университеті	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

4-кестеге сәйкес, осы критерий бойынша келесі ЖЖОКБҰ алдыңғы қатардан көрінді: «Тұран-Астана» университеті.

1-диаграмма. Аккредиттеу органдары бөлінісіндегі аккредиттелген білім беру бағдарламалары



Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

1-диаграммадан көріп отырғанымыздай, 24 ББ-ның 10 IQAA - Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігінде аккредиттеуден өткен.

1.1.5 «Білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау» критерийі

Тиісті салалардан сарапшыларды тарту арқылы білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау білім беру сапасын қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылады. Кәсіби саласында терең білімі мен тәжірибесі бар сарапшылар оқу бағдарламаларының еңбек нарығының заманауи талаптары мен кәсіби стандарттарға қаншалықты сәйкес келетінін объективті бағалай алады. Олар мазмұндағы олқылықтарды анықтап, оқу жоспарларын жаңартуды және жаңа пәндерді немесе оқыту әдістерін енгізуді ұсына алады. Мұндай сараптамалық бағалау білім беру мекемелеріне бағдарламаларды өзгермелі жағдайларға бейімдеуге, мамандарды даярлауды жақсартуға және соның салдарынан түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектеседі. Сарапшыларды тарту сонымен қатар білім беру жүйесі мен индустрия арасындағы байланысты нығайтады, бұл жұмыс берушілердің қажеттіліктерін жақсы түсінуге және білім беру бағдарламаларының практикалық маңыздылығын арттыруға ықпал етеді.

Сарапшылардың ББ бағалауы мынадай критерийлер бойынша жүргізіледі:

1) ББ-ның тәжірибеге бағдарлануы – ББ-ның білім мен дағдыларды практикалық қолдануға қаншалықты бағытталғанын бағалау;

2) Пәндердің берілген оқу нәтижелеріне логикалық өзара байланысы және сәйкестігі – бағдарлама ішіндегі пәндер бір-бірімен және оқытудың соңғы нәтижелерімен қалай байланысты екенін талдау;

3) Пәндерді оқыту кезегінің мәнділігі/қисындылығы – бағдарламаның логикалық құрылымын, пәндердің қаншалықты материалды жақсы игеруге ықпал ететін ретпен ұйымдастырылғандығын бағалау;

4) ББ мазмұнының кәсіптік стандарттарға және/немесе еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі – ББ-ның осы саладағы қолданыстағы кәсіби стандарттарға (олар бар болған жағдайда) және (немесе) қазіргі еңбек нарығының талаптарына қаншалықты сәйкес келетіндігін бағалау;

5) Элективті пәндер каталогы (ЭПК) және оның мәні – ББ икемділігі мен бейімділігін бағалау: элективті курстардың кеңдігі мен әртүрлілігі, сәйкес бағыттар мен мамандықтарды таңдау мүмкіндігі, студенттердің қажеттіліктері мен еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі, тәжірибеге бағытталған және инновациялық курстардың болуын бағалау.

ББ мазмұнын бағалау жүйесі келесі диапазондар бойынша бөлінеді:

- Өте жақсы – 9-10 балл арасы;
- Жақсы – 6-8 балл арасы;
- Қанағаттанарлық – 4-5 балл арасы;
- Қанағаттанарлықсыз – 0-3 балл арасы.

5-кесте. «Білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Сарапшының орташа бағасы	Балл
1	Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті	9,08	**4,54**
2	Астана халықаралық университеті	9,00	**4,50**
3	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	8,58	**4,29**
4	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	8,50	**4,25**
5	Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті	8,42	**4,21**
6	Халықаралық білім беру корпорациясы	8,42	**4,21**
7	Жұмабек Ахметұлы Тәшенов атындағы университет	8,25	**4,13**
8	Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті	8,25	**4,13**
9	Қызылорда «Болашақ» университеті	8,17	**4,09**
10	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	8,08	**4,04**
11	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	8,08	**4,04**
12	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	8,08	**4,04**
13	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	8,08	**4,04**
14	Еуразия технологиялық университеті	8,00	**4,00**
15	«Тұран-Астана» университеті	7,92	**3,96**
16	Каспий қоғамдық университеті	7,75	**3,88**
17	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	7,67	**3,84**
18	Торайғыров университеті	7,58	**3,79**
19	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	7,50	**3,75**
20	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	7,42	**3,71**

21	Алматы технологиялық университеті	7,17	**3,59**
22	Орталық Азия Инновациялық Университеті	7,17	**3,59**
23	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	6,83	**3,42**
24	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	6,17	**3,09**

Дереккөз: «Атамекен» ҰКП мәліметтері

5-кестеде ББ мазмұнын сараптамалық бағалаудың қорытындысы ұсынылған, оған сәйкес жетекші орындарды мынадай ЖЖОКБҰ иеленді: Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті, Астана халықаралық университет.

1.2 «Білім беру бағдарламасының жетістіктері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.2.1 «Академиялық ұтқырлық» критерийі

ЖЖОКБҰ студенттерінің белгілі бір уақыт кезеңіне елден тыс басқа білім беру немесе ғылыми мекемеге ауысуы студенттің жеке дамуы үшін маңызды және оған мәдени байуға мүмкіндік береді, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің тиімділігін, түлектердің отандық және халықаралық еңбек нарықтарындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады, жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының тәжірибесін зерделеу және игеру есебінен кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіреді және т. б.

ЖЖОКБҰ да академиялық ұтқырлық бағдарламасын іске асыруды талдау мақсатында оқу орындарынан мынадай құжаттар талап етілді:

- академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде студенттерді шетелдік оқу орындарына жіберу туралы ректор бұйрығының көшірмесі;
- академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде шетелдік оқу орындарының студенттерін қабылдау туралы ректор бұйрығының көшірмесі.

ЖЖОКБҰ академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде ұсынылған құжаттарды «Атамекен» ҰКП менеджерлері талдап, келесі қорытындылар жасады:

6-кесте. «Академиялық ұтқырлық» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ контингенті	Академиялық ұтқырлық бағдарламаларын қолданған білім алушылар саны	Балл
1	Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті	125	10	**5,00**
2	Жұмабек Ахметұлы Тәшенов атындағы университет	173	9	**3,25**
3	Алматы технологиялық университеті	440	22	**3,13**
4	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	210	8	**2,38**
5	Торайғыров университеті	129	2	**0,97**
6	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	195	3	**0,96**
7	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	79	1	**0,79**
8	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	88	1	**0,71**

9	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	271	3	**0,69**
10	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	125	1	**0,50**
11	Астана халықаралық университеті	177	1	**0,35**
12	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	227	1	**0,28**
13	Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті	571	2	**0,22**
14	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	315	1	**0,20**
15	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	120	0	**0,00**
16	Қызылорда «Болашақ» университеті	34	0	**0,00**
17	Каспий қоғамдық университеті	298	0	**0,00**
18	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	383	0	**0,00**
19	«Тұран-Астана» университеті	236	0	**0,00**
20	Халықаралық білім беру корпорациясы	179	0	**0,00**
21	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	183	0	**0,00**
22	Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті	233	0	**0,00**
23	Орталық Азия Инновациялық Университеті	485	0	**0,00**
24	Еуразия технологиялық университеті	87	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

6-кестеде ұсынылған деректерге сәйкес, жоғары көрсеткіш Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінде.

1.2.2 «Білім алушылардың ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары» критерийі

Қазіргі уақытта нарықтағы технологиялық даму ЖЖОКБҰ-да тиімді ғылыми-зерттеу процесін ұйымдастыруды талап етеді, тек жаңа білімді дамытуды ғана емес, сонымен қатар нарықта коммерциялық тұрғыдан дамыған, сұранысқа ие бизнес-идеяларды өндіруді талап етеді.

Студенттік бизнес-инкубаторлар мен зертханалар жастар ортасында кәсіпкерлік қызметтің оң бейнесін қалыптастырады, жастар арасында креативті және инновациялық әлеуетті іске асырады, сондай-ақ кәсіпкерлікке және инновациялық қызметке бағдарланған ұйымдар мен жастар қауымдастықтарын қолдайды, жастар кәсіпкерлігін ақпараттық, білім беру, қаржылық және мүліктік қолдаудың бірыңғай жүйесін құрады және қамтамасыз етеді. Бұдан басқа, жастарды кәсіпкерлік қызметке білім беру,

әдістемелік және ақпараттық даярлауды көрсетеді, жастар құрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің санын арттырады, жоғары білім, бизнес және өндірістік сала арасындағы өзара іс-қимыл мен әлеуметтік әріптестік үшін жағдайлар жасайды.

Сондықтан «Атамекен» ҰКП зерттеу бағытындағы пункттердің бірі ЖЖОКБҰ студенттерінің шығармашылық жетістіктерін дәріптеу және енгізу болып табылады.

Студенттердің ғылыми зерттеулерін талдау мақсатында оқу орындарынан электрондық форматта растайтын құжат (патент және авторлық құқық туралы куәлік) талап етілді:

7-кесте. «Білім алушылардың ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Ғылыми жобалардың атауы	Балл
1	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	"Патенттану" пәнінің оқу-әдістемелік кешені	**5,00**
		"Патенттану" пәнінің оқу-әдістемелік кешені	
		"Патенттану" пәнінің оқу-әдістемелік кешені	
		"Патенттану" пәнінің оқу-әдістемелік кешені	
		"Патенттану" пәнінің оқу-әдістемелік кешені	
2	Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті	"Традиции и инновации в современной художественно-материальной культуре Казахстана. Этностиль".	**4,71**
		Проектирование коллекции моделей одежды на основе исследования цвета и символики в казахском костюме.	
		«Сырға салу» дәстүріне арналған қалындықтың ұлттық киім (бас киімі бар) топтамасын жобалау.	
		Создание минималистичного интерьера, где традиционные этнические элементы выступают ключевыми акцентами, подчеркивая их красоту и функциональность.	

		Дизайн-проект наружной рекламы печатных материалов и оформления сцены для международного фестиваля этнической региональной музыки с использованием графических инструментов.	
		Исследование и внедрение традиционных казахских мотивов убранства юрты, орнаментов и цветовой палитры в современный дизайн интерьера.	
3	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	Оқу үй-жайының көрнекі ортасын графикалық безендірудің стильдік ерекшеліктері.	**2,42**
		"М. Әуезов атындағы ОҚУ университетінің №8 ғимаратының оқу залының ішкі көрінісінің жобасын классикалық бағытта жасау".	
		М.Әуезов атындағы университетіндегі 8-ғимараттың асқанасын лофт стилінде жобасын жасау.	
4	Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті	ЖОО студенттері арасында өткен 2023 жылғы студенттердің ҒЗЖ-ның Республикалық конкурсы	**1,28**
		"Сәулет дизайны" ББББ "Сәулеттік дизайн нысандарын жобалау" пәні бойынша Республикалық пәндік олимпиада	
		Международный конкурс молодых дизайнеров Zhas-Orken 2023 коллекция Gusto del tempo	
		Международный конкурс молодых дизайнеров Zhas-Orken 2024 коллекция Ай-Ару	
5	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	«Тарих тағылымы»	**0,87**
6	Алматы технологиялық университеті	Стакан для кофе.	**0,42**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

7-кестеде көрсетілген ЖЖОКБҰ-да түлектердің ғылыми жобаларының бар екендігі расталған: Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті, М.Әуезов атындағы

Оңтүстік Қазақстан университеті, Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы технологиялық университеті.

1.2.3 «Магистратурада/резидентурада оқуды жалғастырған түлектердің үлесі» критерийі

Қазақстанда Еуропалық жоғары білім беру аймағына (European Higher Education Area (EHEA)) кіре отырып, кадрларды даярлаудың үш деңгейлі моделін: бакалавриат, магистратура және PhD докторантураны енгізуді қамтитын жоғары білім беру жүйесін айтарлықтай қайта құрылымдау жүргізілді. Бакалавриат аяқталғаннан кейін түлектердің одан әрі дамуы үшін әртүрлі мүмкіндіктері бар, мысалы, мамандық бойынша жұмыс іздеу, екінші жоғары білім алу немесе магистратураға түсу.

Магистратура біліктілікті арттыруда және таңдаған мамандығы бойынша білімді тереңдетуде шешуші рөл атқарады, бұл оны кәсіби қалыптасудың маңызды кезеңіне айналдырады. Жыл сайын магистрлік бағдарламалар барған сайын танымал бола бастады, ал магистрлер еңбек нарығында сұранысқа ие бола бастады, бұл қазіргі заманғы экономика жағдайында білім берудің осы деңгейінің өзектілігін көрсетеді.

Бұл критерий бойынша жиналған деректер 8-кестедегідей болды.

8-кесте. «Магистратурада/резидентурада оқуды жалғастырған түлектердің үлесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Магистранттар үлесі			Балл
		Түлектер саны	Түлектер арасында магистратурада оқуды жалғастырғандар саны	үлес %	
1	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	29	5	17,24%	**5,00**
2	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	10	1	10,00%	**2,90**
3	Астана халықаралық университеті	22	2	9,09%	**2,64**
4	Торайғыров университеті	17	1	5,88%	**1,71**
5	«Тұран-Астана» университеті	18	1	5,56%	**1,61**
6	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	28	1	3,57%	**1,04**
7	Алматы технологиялық университеті	28	1	3,57%	**1,04**
8	Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті	79	2	2,53%	**0,73**

9	Жұмабек Ахметұлы Тәшенов атындағы университет	4	0	0,00%	**0,00**
10	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	13	0	0,00%	**0,00**
11	Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті	12	0	0,00%	**0,00**
12	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	5	0	0,00%	**0,00**
13	Қызылорда «Болашақ» университеті	4	0	0,00%	**0,00**
14	Каспий қоғамдық университеті	68	0	0,00%	**0,00**
15	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	13	0	0,00%	**0,00**
16	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	9	0	0,00%	**0,00**
17	Халықаралық білім беру корпорациясы	12	0	0,00%	**0,00**
18	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	13	0	0,00%	**0,00**
19	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	13	0	0,00%	**0,00**
20	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	35	0	0,00%	**0,00**
21	Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті	22	0	0,00%	**0,00**
22	Орталық Азия Инновациялық Университеті	26	0	0,00%	**0,00**
23	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	17	0	0,00%	**0,00**
24	Еуразия технологиялық университеті	10	0	0,00%	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

8-кестеде осы критерий бойынша 2024 жылғы түлектерді талдау қорытындыларын көруге болады, түлектердің жалпы саны 507 болса, оның ішінде 14 түлек әрі қарай магистратурада оқуын жалғастырған, бұл 2,7% құрайды. Кестеге сәйкес магистратураға түскен түлектердің ең көп үлесі келесі оқу орынға тиесілі: Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті.

1.2.4 «Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы» критерийі

Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсу үшін іріктеу емтихандарының нысандарының бірі.

Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы – жоғары ҰБТ нәтижелерін көрсеткен талапкерлердің көбінесе қай ЖЖОКБҰ таңдайтынын анықтайтын көрсеткіш. Бұл көрсеткіш ЖЖОКБҰ деңгейін және талапкерлер арасында оның сұранысын анықтауға мүмкіндік береді.

9-кесте. «Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Талапкерлердің орташа ҰБТ балы	Балл
1	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	112	**4,00**
2	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	72	**2,58**
3	«Тұран-Астана» университеті	51	**1,83**
4	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	45	**1,60**
5	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	43	**1,54**
6	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	41	**1,45**
7	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	38	**1,34**
8	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	35	**1,25**
9	Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті	35	**1,24**
10	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	34	**1,21**
11	Халықаралық білім беру корпорациясы	33	**1,18**
12	Орталық Азия Инновациялық Университеті	33	**1,17**
13	Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті	32	**1,15**
14	Торайғыров университеті	31	**1,10**
15	Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті	31	**1,09**
16	Еуразия технологиялық университеті	30	**1,08**
17	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	29	**1,03**
18	Жұмабек Ахметұлы Тәшенов атындағы университет	28	**1,01**
19	Каспий қоғамдық университеті	28	**1,01**
20	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	28	**1,01**
21	Алматы технологиялық университеті	28	**0,98**
22	Қызылорда «Болашақ» университеті	25	**0,90**
23	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	25	**0,89**
24	Астана халықаралық университеті	25	**0,89**

Дереккөз: «Ұлттық тестілеу орталығы» РМК

9-кестеде көрсетілгендей, 2024–2025 оқу жылында осы білім беру бағдарламасы бойынша жоғары оқу орнына қабылданған талапкерлердің орташа балы 38 балды құрады. Салыстырмалы түрде жоғары балл жинаған талапкерлер келесі ЖЖОКБҰ-ны таңдаған: Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті.

1.2.5 «Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі

Шетелдік студенттер өз елдерінде қазақ тілі мен мәдени дәстүрлерінің таралуына ықпал ете отырып, Қазақстандағы заманауи білім беру жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Олардың еліміздің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқуы біздің университеттерге

деген халықаралық сұраныс деігейін көрсетеді және олардың рейтингінің жоғарылауына тікелей әсер етеді.

«Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі білім беру бағдарламаларының студенттерді шетелден тарту қабілетін көрсетеді. Бұл шетелдік студенттер үшін білім беру бағдарламалары мен жоғары оқу орындарының нақты тартымдылығын объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Осы критерийді растау үшін ЖЖОКБҰ келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- шетелдік студенттерді қабылдау туралы бұйрықтар;
- шетелдік студенттердің төлқұжаттарының көшірмелері.

10-кесте. «Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Шетелдік студенттер үлесі			Балл
		ББ контингенті	Шетелдік студенттер саны	үлес, %	
1	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	88	8	9,09%	**5,00**
2	Еуразия технологиялық университеті	87	5	5,75%	**3,16**
3	Халықаралық білім беру корпорациясы	179	8	4,47%	**2,46**
4	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	271	10	3,69%	**2,03**
5	Алматы технологиялық университеті	440	14	3,18%	**1,75**
6	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	79	2	2,53%	**1,39**
7	Торайғыров университеті	129	3	2,33%	**1,28**
8	Астана халықаралық университеті	177	2	1,13%	**0,62**
9	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	195	2	1,03%	**0,56**
10	Каспий қоғамдық университеті	298	3	1,01%	**0,55**
11	«Тұран-Астана» университеті	236	2	0,85%	**0,47**
12	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	120	1	0,83%	**0,46**
13	Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті	125	1	0,80%	**0,44**
14	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	125	1	0,80%	**0,44**
15	Жұмабек Ахметұлы Тәшенов атындағы университет	173	1	0,58%	**0,32**
16	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	315	1	0,32%	**0,17**
17	Орталық Азия Инновациялық Университеті	485	1	0,21%	**0,11**

18	Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті	571	1	0,18%	**0,10**
19	Қызылорда «Болашақ» университеті	34	0	0,00%	**0,00**
20	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	383	0	0,00%	**0,00**
21	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	210	0	0,00%	**0,00**
22	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	183	0	0,00%	**0,00**
23	Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті	233	0	0,00%	**0,00**
24	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	227	0	0,00%	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

10-кестеде шетелдік студенттердің «Дизайн» ББ жалпы контингентіне қатынасын көруге болады, бұл 1,62% құрайды. Шетелдік студенттердің контингентке шаққандағы ең көп үлесі келесі оқу орын анықталды: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

1.3 «ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.3.1 «ЖЖОКБҰ студенттері мен оқытушыларының арақатынасы» критерийі

Студенттер мен оқытушылардың арақатынасы ЖЖОКБҰ ұсынатын білім сапасына әсер ететін негізгі көрсеткіштердің бірі. Бұл критерий оқытуға жеке көзқарас деңгейін және әр студентке оқытушы тарапынан жеткілікті көңіл бөлінетін қолайлы білім беру ортасын құру мүмкіндігін көрсетеді.

Студенттердің оқытушыларға қатынасының төмендігі оқытушылар құрамы жеке кеңес беруге, жұмыстарды тексеруге, ғылыми зерттеулерді басқаруға және практикалық дайындыққа көбірек уақыт бөле отырып, оқушылармен тиімдірек әрекеттесе алуына көбірек мүмкіндік береді. Бұл әсіресе тәжірибеге бағытталған оқытудың жоғары дәрежесін және тереңдетілген зерттеулерді қажет ететін бағдарламалар үшін өте маңызды.

Ал бір ПОҚ шаққанда білім алушылар санының тым көп болуы оқытушыларға шамадан тыс жүктемелер артылатындығын көрсетуі мүмкін, бұл білім беру процесінің сапасын төмендетуі және студенттердің оқуға қызығушылығына теріс әсер етуі мүмкін. Қазіргі білім беру стандарттары мен еңбек нарығының талаптары жағдайында студенттер мен оқытушылар саны арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті сақтау ЖЖОКБҰ бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторына айналады.

Осылайша, осы критерийді талдау оқу орнының оқу жүктемесін ақылға қонымды бөлуді қолдай отырып және оқыту сапасын қамтамасыз ете отырып, білім беру қызметтерінің жоғары деңгейін қаншалықты қамтамасыз ете алатынын бағалауға мүмкіндік береді.

Біздің тарапымыздан ЖЖОКБҰ-да ПОҚ сапасы бойынша берілген мәліметтерді тексеру кезінде мынадай нормативтік құқықтық актілердің іске асырылуы да ескеріледі: Сот төрелігі академиясын, әскери, арнаулы оқу орындарын, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары профессор-оқытушылар құрамының жалпы санын есептеу үшін білім алушылар санының оқытушыларға орташа арақатынасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 606 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада № 17670 болып тіркелген).

11-кесте. «ЖЖОКБҰ студенттері мен оқытушыларының арақатынасы» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ штаттық ПОҚ саны	ЖЖОКБҰ контингенті	Бір ПОҚ-қа шаққандағы білім алушылар саны	Балл
1	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	369,00	2064,00	6	**5,00**
2	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	2175,00	28441,00	13	**2,14**
3	Каспий қоғамдық университеті	312,00	4496,00	14	**1,94**
4	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	763,00	10978,00	14	**1,94**
5	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	396,00	5806,00	15	**1,91**
6	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	885,00	13916,00	16	**1,78**
7	Еуразия технологиялық университеті	100,00	1693,00	17	**1,65**
8	Торайғыров университеті	511,00	8878,00	17	**1,61**
9	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	193,00	3651,00	19	**1,48**
10	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	1163,00	22327,00	19	**1,46**
11	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	407,00	7975,00	20	**1,43**
12	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	395,00	7902,00	20	**1,40**
13	Алматы технологиялық университеті	388,00	7979,00	21	**1,36**
14	Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті	311,00	6524,00	21	**1,33**
15	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	508,00	11566,00	23	**1,23**
16	Астана халықаралық университеті	426,00	9888,00	23	**1,20**
17	«Тұран-Астана» университеті	165,00	4115,00	25	**1,12**
18	Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті	186,00	5020,00	27	**1,04**
19	Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті	278,00	9352,00	34	**0,83**
20	Қызылорда «Болашақ» университеті	142,00	4843,00	34	**0,82**
21	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	380,00	13823,00	36	**0,77**
22	Халықаралық білім беру корпорациясы	288,00	11574,00	40	**0,70**
23	Жұмабек Ахметұлы Тәшенов атындағы университет	249,00	10645,00	36	**0,65**
24	Орталық Азия Инновациялық Университеті	364,00	16067,00	44	**0,63**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

11-кестеде оқытушылардың ЖЖОКБҰ-ның жалпы контингентіне қатынасын көруге болады. Осы критерий бойынша үздік көрсеткіш Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы тіркелді, ол университетте бір оқытушыға орташа есеппен 6 білім алушы келеді.

1.3.2 «Дәрежелі оқытушылардың үлесі» критерийі

Дәрежелі оқытушылардың үлесі профессор-оқытушылар құрамының академиялық біліктілігі мен кәсібилігінің маңызды көрсеткіші. Ғылыми дәрежесі (ғылыми дәрежесі және (немесе) философия докторы PhD/бейіні бойынша доктор (академиялық) дәрежесі және (немесе) ғылыми атағы және «өнер» кадрларын даярлау үшін «ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы» спорттық атағы) бар оқытушылар ЖЖОКБҰ-да білім мен ғылыми қызметтің жоғары деңгейін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Оқу орнында дәрежелі оқытушылардың едәуір санының болуы оның іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылыми әзірлемелердің нәтижелерін білім беру процесіне кіріктіру, сондай-ақ халықаралық ғылыми жобаларға қатысу мүмкіндігі туралы куәландырады. Бұл тез өзгеретін кәсіби орта жағдайында жұмысқа дайын жоғары білікті мамандарды қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасайды.

Сонымен қатар, дәрежелі оқытушылар педагогикалық құзыреттіліктің жоғары деңгейіне ие, бұл оларға білімді тиімді жеткізуге, студенттерде сыни ойлау мен аналитикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай оқытушылардың жоғары үлесі оқу орнының академиялық стандарттарға бейілділігін және білім беру бағдарламаларының сапасын үздіксіз жетілдіруге ұмтылысын көрсетеді.

Бұл критерий ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының академиялық және кәсіптік даярлықтың қазіргі заманғы талаптарына қаншалықты сәйкес келетіндігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді, сондай-ақ оның ғылыми және білім беру орталығы ретіндегі беделін нығайтуға ықпал етеді.

12-кесте. «Дәрежелі оқытушылардың үлесі» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ штаттық ПОҚ саны	Штаттық дәрежелі ПОҚ саны	Үлес, (%)	Балл
1	Халықаралық білім беру корпорациясы	288,00	191,00	66,3%	**5,00**
2	Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті	278,00	175,00	62,9%	**4,75**
3	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	2175,00	1336,00	61,4%	**4,63**

4	Алматы технологиялық университеті	388,00	232,00	59,8%	**4,51**
5	Торайғыров университеті	511,00	299,00	58,5%	**4,41**
6	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	395,00	231,00	58,5%	**4,41**
7	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	193,00	110,00	57,0%	**4,30**
8	Каспий қоғамдық университеті	312,00	168,00	53,8%	**4,06**
9	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	763,00	396,00	51,9%	**3,91**
10	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	508,00	253,00	49,8%	**3,75**
11	«Тұран-Астана» университеті	165,00	79,00	49,7%	**3,61**
12	Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті	311,00	148,00	47,6%	**3,59**
13	Жұмабек Ахметұлы Тәшенов атындағы университет	249,00	118,00	40,1%	**3,57**
14	Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті	186,00	88,00	47,3%	**3,57**
15	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	380,00	178,00	46,8%	**3,53**
16	Еуразия технологиялық университеті	100,00	45,00	45,0%	**3,39**
17	Орталық Азия Инновациялық Университеті	364,00	163,00	44,8%	**3,38**
18	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	369,00	161,00	43,6%	**3,29**
19	Қызылорда «Болашақ» университеті	142,00	59,00	41,5%	**3,13**
20	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	885,00	366,00	41,4%	**3,12**
21	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	407,00	146,00	35,9%	**2,70**
22	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	396,00	140,00	35,4%	**2,67**
23	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	1163,00	367,00	31,6%	**2,38**
24	Астана халықаралық университеті	426,00	105,00	24,6%	**1,86**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

12-кестеде бұл ББ бойынша рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ-ның дәрежелі ПОҚ үлесі орта есеппен 48,1% құрайтынын көруге болады. Дәрежелі ПОҚ-ның ең көп үлесі мынадай ЖЖОКБҰ-да жұмыс істейді: Халықаралық білім беру корпорациясы.

1.3.3 «Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі

«Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі білім беру процесінің қаржылық қамтамасыз етілуін және оқу орнының оқытудың негізгі аспектілеріне қаражат салуға дайындығын бағалауға мүмкіндік беретін маңызды көрсеткіштердің бірі. Бұл критерийде

бағдарламалық қамтамасыз ету және кітапхана қорын дамыту шығындары ескеріледі.

Бағдарламалық қамтамасыз ету шығындары әртүрлі пәндерге арналған арнайы бағдарламалар, оқу процесін басқару жүйелері және оқытудың тиімділігі мен интерактивтілігін арттыратын басқа да цифрлық құралдар сияқты оқу процестеріне қажетті лицензиялық бағдарламаларды сатып алу және жаңарту шығындарын қамтиды. Бұл ББ өзектілігін сақтау және студенттерді заманауи технологиялармен жұмыс істеуге дайындау үшін маңызды.

Кітапхана қорын дамыту шығындарына студенттердің өзекті және сапалы оқу және ғылыми ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін қажетті жаңа оқулықтарды, ғылыми әдебиеттерді, электрондық ресурстар мен дерекқорларды сатып алу шығындары кіреді. Кітапхана қорын дамыту білімді тереңдетуге және ғылыми зерттеулер жүргізуге ықпал ететін академиялық ортаның маңызды құрамдас бөлігі.

13-кесте. «Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ контингенті	1 студентке шаққандағы шығындар көлемі (теңге)	Балл
1	«Тұран-Астана» университеті	4115,00	21353,00	**5,00**
2	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	3651,00	14605,00	**3,73**
3	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	28441,00	13547,00	**3,53**
4	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	22327,00	11075,00	**3,06**
5	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	7975,00	10181,00	**2,89**
6	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	7902,00	9411,00	**2,75**
7	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	11566,00	9097,00	**2,69**
8	Еуразия технологиялық университеті	1693,00	9110,00	**2,69**
9	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	2064,00	7794,00	**2,44**
10	Каспий қоғамдық университеті	4496,00	7381,00	**2,37**
11	Қызылорда «Болашақ» университеті	4843,00	7287,59	**2,35**
12	Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті	5020,00	6715,55	**2,24**
13	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	10978,00	5783,00	**2,07**
14	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	13916,00	5563,46	**2,02**
15	Астана халықаралық университеті	9888,00	5310,00	**1,98**

16	Торайғыров университеті	8878,00	5092,18	**1,94**
17	Жұмабек Ахметұлы Тәшенов атындағы университет	10645,00	4138,00	**1,76**
18	Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті	6524,00	3956,50	**1,72**
19	Орталық Азия Инновациялық Университеті	16067,00	3608,39	**1,66**
20	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	5806,00	3511,00	**1,64**
21	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	13823,00	3077,00	**1,56**
22	Халықаралық білім беру корпорациясы	11574,00	2404,00	**1,43**
23	Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті	9352,00	1625,57	**1,28**
24	Алматы технологиялық университеті	7979,00	129,00	**1,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

13-кестеде көрсетілген 1 студентке бөлінген қаражатты талдау бойынша келесі ЖЖОКБҰ жоғары нәтиже көрсетті: «Тұран-Астана» университеті.

1.3.4 «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі

«Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі оқытушыларды қаржылық қолдау деңгейін және жанама түрде оқу орнындағы білім беру процесінің сапасын көрсететін маңызды көрсеткіш. Медианалық жалақы – оқытушылардың жартысы жалақыны осы деңгейден жоғары, ал екінші жартысы төмен алатын бөліну нүктесі. Бұл көрсеткіштің орташа жалақыдан айырмашылығы, оған өте жоғары немесе өте төмен жалақы сияқты шекті мәндер әсер етпейді.

Медианалық жалақы деңгейі оқытушылардың мотивациясымен және олардың жұмысқа қанағаттануымен тығыз байланысты. Жалақының жоғары деңгейі университетке білікті мамандарды тартуға және ұстап қалуға мүмкіндік береді, ол дегеніміз оқыту мен ғылыми қызметтің сапасына оң әсер етеді. Лайықты жалақы алатын оқытушылар үнемі кәсіби дамуға, ғылыми зерттеулерге қатысуға және студенттермен белсенді қарым-қатынасқа ынталы болады.

Сонымен қатар, медианалық жалақы көрсеткіші ЖЖОКБҰ-ның қаржылық тұрақтылығын және оның басқа оқу орындарымен салыстырғанда бәсекеге қабілетті жалақы деңгейін ұстап тұру қабілетін көрсете алады.

Әдістемеге сәйкес осы критерийді саралау кезінде оқытушы жұмыс істейтін аймақтың күнкөріс деңгейі есепке алынады.

14-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ПОҚ медианалық жалақысы (теңге)	Балл
19	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	518221,1	**5,00**
5	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	584038,9	**4,89**
10	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	536553,5	**4,72**
11	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	518832,2	**4,56**
15	Халықаралық білім беру корпорациясы	554940,0	**4,47**
16	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	555141,3	**4,47**
23	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	497805,0	**4,41**
13	Алматы технологиялық университеті	546778,9	**4,35**
17	Астана халықаралық университеті	542465,8	**4,27**
7	Каспий қоғамдық университеті	531702,5	**4,14**
22	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	465758,9	**3,63**
8	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	428287,3	**3,58**
9	Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті	481000,0	**3,39**
18	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	388153,2	**3,14**
14	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	425727,2	**3,04**
4	Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті	423584,5	**2,85**
1	Торайғыров университеті	380524,9	**2,68**
2	Жұмабек Ахметұлы Тәшенов атындағы университет	400289,3	**2,63**
12	«Тұран-Астана» университеті	400864,4	**2,24**
21	Орталық Азия Инновациялық Университеті	371175,6	**2,18**
24	Еуразия технологиялық университеті	394231,4	**2,16**
3	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	339645,0	**1,70**
20	Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті	331408,4	**1,26**
6	Қызылорда «Болашақ» университеті	263069,0	**1,00**

Дереккөз: ҚР ҚР ҒЖБМ мәліметтері

14-кестеде «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі бойынша талдау нәтижелерін көрсетілген: «Дизайн» ББ бойынша ПОҚ орташа медианалық жалақысы 2025 жылы 453 342 теңгені құрады. ББ бойынша рейтингке қатысқан ЖЖОКБҰ арасында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті – 518 221, көрсеткіштерін көрсетіп, алғашқы орындарды иеленді.

1.4 «Түлектердің мансаптық перспективалары» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.4.1 «Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі» критерийі

«Түлектердің мансаптық перспективалары» критерийлер тобы түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді. Топ үш критерийден тұрады: түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі, түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы, түлектердің медианалық жалақысы. Бұл критерийлер бойынша білім беру бағдарламаларының 2024 жылғы түлектері талданады. Олардың оқу бітіргеннен кейін, 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңдегі зейнетақы жарналары арқылы талдау жүргізіледі.

«Жұмысқа орналасу деңгейі» көрсеткіші түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін тікелей көрсетеді. Бұл өлшем «тұрақты жұмыспен қамту» және «шартты жұмыспен қамту»болып бөлінеді.

Тұрақты жұмысқа орналасу – 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңде қатарынан кемінде 3 ай тұрақты зейнетақы жарналарын алған жұмысқа орналастырылған түлектердің пайызын көрсететін көрсеткіш.

Шартты жұмыспен қамту – 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңде тұрақты емес негізде зейнетақы аударымдарын алған түлектердің пайызын көрсететін көрсеткіш (яғни тұрақты жұмыспен қамту жағдайларын қоспағанда, тұрақсыз табыс).

Жұмыспен қамтылуды есептеу барысында тұрақты жұмыспен қамтылған түлектердің үлесі жоғары нәтиже береді.

Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін неғұрлым сенімді есептеу үшін жалпы түлектер санынан мынадай санаттар алынып тасталды:

- Магистратурада (резидентурада) оқуды жалғастырған түлектер;
- Шетел азаматтары;
- Декреттік демалыстағы түлектер;
- Мерзімді әскери қызметке шақырылған түлектер;
- Шетелде білім алатын түлектер;
- Шетелде жұмыс істейтін түлектер;
- 1-2 топтағы мүгедектігі бар түлектер;
- Күш құрылымдарының қызметкерлері;
- Жас ерекшелігіне байланысты есептелмейтін түлектер (1996 жылғы және одан үлкен);
- Қайтыс болған түлектер.

Түлектердің саны 5 адамнан аз болатын келесі ЖЖОКБҰ-да есептеулер тек статистикалық деректер бойынша және сараптамалық бөлім бойынша жүргізілді, өйткені «түлектердің мансаптық перспективалары» блогы бойынша есептеу үшін деректердің аздығына байланысты көрсеткіштер дұрыс болмауы мүмкін: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қызылорда «Болашақ» университеті, Жұмабек Ахметұлы Тәшенов атындағы университет.

2-диаграмма. «Дизайн» ББ бойынша түлектердің жалпы саны мен құрамы

2-диаграммаға сәйкес ББ бойынша түлектердің жалпы саны 518 адамды құрады, оның ішінде: декреттік демалыста – 31; магистратурада (резидентурада) оқуды жалғастырғандар – 14; шетел азаматтары – 2; 1-2 топтағы мүгедектігі бар түлектер – 2; 1996 жылғы және одан үлкен – 11.

15-кесте. «Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Түлектердің жалпы саны	Жұмысқа орналасу деңгейі, %	Тұрақты жұмыс, %	Шартты жұмыс, %	Балл
1	Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті	22	90%	62%	28%	**3,67**
2	Торайғыров университеті	17	85%	54%	31%	**3,31**
3	Орталық Азия Инновациялық Университеті	26	71%	53%	18%	**3,00**
4	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	13	64%	55%	9%	**2,91**
5	Астана халықаралық университеті	22	95%	30%	65%	**2,80**
6	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	13	63%	50%	13%	**2,75**
7	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	28	62%	50%	12%	**2,73**

8	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	17	63%	45%	18%	**2,64**
9	Алматы технологиялық университеті	28	65%	43%	22%	**2,61**
10	Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті	12	88%	25%	63%	**2,50**
11	Халықаралық білім беру корпорациясы	12	50%	50%	0%	**2,50**
12	Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті	79	65%	40%	25%	**2,48**
13	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	35	57%	43%	14%	**2,43**
14	Еуразия технологиялық университеті	10	72%	29%	43%	**2,29**
15	Каспий қоғамдық университеті	68	61%	33%	28%	**2,21**
16	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	29	53%	37%	16%	**2,16**
17	«Тұран-Астана» университеті	18	63%	25%	38%	**2,00**
18	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	13	50%	30%	20%	**1,90**
19	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	9	60%	20%	40%	**1,80**
20	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	10	33%	33%	0%	**1,67**
21	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	13	33%	17%	17%	**1,17**
*	Жұмабек Ахметұлы Тәшенов атындағы университет	4	0%	0%	0%	**0,00**
*	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	5	0%	0%	0%	**0,00**
*	Қызылорда «Болашақ» университеті	4	0%	0%	0%	**0,00**

Дереккөз: ҚР ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*

15-кестеге сәйкес, «Дизайн» ББ бойынша жұмысқа орналасудың орташа деңгейі 63,8% құрады. Жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары ЖЖОКБҰ: Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті. Олардың түлектерінің жұмысқа орналасу деңгейі 90%-дан асады. Соңғы Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті, онда жұмысқа орналасудың жалпы пайызы 33%.

3-диаграмма. Түлектерің жұмысқа орналасу деңгейі



3-диаграммадан ББ бойынша түлектердің 41-ы тұрақты, ал 24-ы шартты түрде жұмыс істейтінін көруге болады. Түлектердің 35-ы жұмысқа орналаспаған.

16-кесте. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін салыстырмалы талдау

№	ЖЖОКБҰ атауы	Жұмысқа орналасу деңгейі, %		
		2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.
1	Астана халықаралық университеті	77%	56%	95%
2	Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті	-	60%	90%
3	Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті	68%	50%	88%
4	Торайғыров университеті	50%	72%	85%
5	Еуразия технологиялық университеті	70%	80%	72%
6	Орталық Азия Инновациялық Университеті	50%	-	71%
7	Алматы технологиялық университеті	64%	68%	65%
8	Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті	65%	67%	65%
9	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	67%	75%	64%
10	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	-	-	63%
11	«Тұран-Астана» университеті	67%	64%	63%
12	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	94%	65%	63%
13	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	50%	57%	62%
14	Каспий қоғамдық университеті	57%	69%	61%
15	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	50%	40%	60%
16	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	75%	54%	57%
17	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	68%	70%	53%
18	Халықаралық білім беру корпорациясы	67%	37%	50%

19	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	92%	33%	50%
20	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	57%	83%	33%
21	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	-	43%	33%
*	Жұмабек Ахметұлы Тәшенов атындағы университет	-	-	-
*	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	-	-	-
*	Қызылорда «Болашақ» университеті	-	-	-

Дереккөз: ҚР ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*

— - рейтингке қатыспаған

16-кестедегі салыстырмалы талдауға сәйкес бұл критерий бойынша өткен жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда көрсеткіштері үш жыл бойы өскен Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті.

Ал көрсеткіштердің нашарлауы ең айқын көрінетіні Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті – 42 % төмендеді.

4-диаграмма. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін салыстырмалы талдау



4-диаграмма еңбек нарығында ББ түлектеріне сұраныстың динамикасын көрсетеді. Алдыңғы рейтингтермен салыстырғанда осы критерий көрсеткіштері жақсарды: 2023 жылы жұмысқа орналасудың орташа деңгейі - 66%, 2024 жылы - 60%, ал 2025 жылы - 64% құрады.

1.4.2 «Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы» критерийі

Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы түлектердің оқуды бітіргеннен кейін қаншалықты жылдам жұмыс таба алатынын көрсететін маңызды көрсеткіш. Бұл көрсеткіш нақты білім беру бағдарламасы мен ЖЖОКБҰ дайындаған еңбек нарығындағы мамандардың сұраныс деңгейін көрсетеді.

Жұмыс іздеудің қысқа кезеңі түлектердің жоғары бәсекеге қабілеттілігін, оқу орнының жақсы беделін және білім беру бағдарламасының

жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкестігін көрсетеді. Жұмыс іздеудің ұзақ кезеңі түлектердің жеткіліксіз дайындығын, олардың дағдыларының еңбек нарығының талаптарына сәйкес келмеуін немесе белгілі бір салада жұмысқа орналасудың жалпы күрделілігін көрсетуі мүмкін.

Жұмыс іздеу ұзақтығын талдау білім беру ұйымдарына өз бағдарламаларының тиімділігін бағалауға және қажет болған жағдайда түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелерін жақсарту үшін түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

17-кесте. «Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Жұмыс іздеу ұзақтығы (аймен)	Балл
1	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	1,00	**5,00**
2	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	1,00	**5,00**
3	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	1,00	**5,00**
4	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	1,38	**4,83**
5	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	1,60	**4,73**
6	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	1,65	**4,70**
7	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	2,13	**4,48**
8	Еуразия технологиялық университеті	2,20	**4,45**
9	Каспий қоғамдық университеті	2,28	**4,42**
10	Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті	2,38	**4,38**
11	Алматы технологиялық университеті	2,38	**4,38**
12	Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті	2,43	**4,35**
13	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	2,63	**4,26**
14	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	2,64	**4,26**
15	Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті	2,67	**4,24**
16	Астана халықаралық университеті	2,82	**4,17**
17	Орталық Азия Инновациялық Университеті	3,09	**4,05**
18	«Тұран-Астана» университеті	3,40	**3,91**
19	Торайғыров университеті	4,10	**3,59**
20	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	4,71	**3,31**
21	Халықаралық білім беру корпорациясы	4,75	**3,30**
*	Жұмабек Ахметұлы Тәшенов атындағы университет	*	*
*	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	*	*
*	Қызылорда «Болашақ» университеті	*	*

Дереккөз: ҚР ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*

17-кестеде түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығының нәтижелері көрсетілген. Келесі ЖЖОКБҰ-да түлектер 2 айдан аз уақыт ішінде жұмысқа орналасқан: Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы

университеті, Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті.

5-диаграмма. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығын салыстырмалы талдау



5-диаграмма еңбек нарығында «Дизайн» ББ бойынша түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығындағы өзгерістерді көрсетеді. Өткен жылдармен салыстырғанда осы критерийдің көрсеткіштері жақсарған. Бұл өзгерістер ББ түлектеріне сұраныс динамикасын көрсетеді. 2023 жылы жұмыс іздеудің орташа ұзақтығы 3,10 айды, 2024 жылы 3,70 айды, ал 2025 жылы 2,49 айды құрады.

1.4.3 «Түлектердің медианалық жалақысы» критерийі

Медианалық жалақы оқуды бітіргеннен кейінгі алғашқы жылы жұмысқа орналасқан түлектердің табыс деңгейін көрсетеді. Жоғары бастапқы жалақы көбінесе білім беру бағдарламасының сапасының және оны кәсіби ортаның мойындауының көрсеткіші.

Түлектердің медианалық жалақысы туралы мәліметтер оқу орнын таңдау кезінде талапкерлер үшін бағдар бола алады, өйткені олар осы бағдарламаның түлектерінің жұмысқа орналасу және лайықты жалақы алу үшін жақсы перспективалары бар екеніне сенімді бола алады. Сонымен қатар, медианалық жалақысы жоғары бағдарламалар жұмыс берушілердің де назарын аударады, бұл тез мансаптық өсу мен тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады.

Есепте соңғы үш жылдағы түлектердің медианалық жалақысының динамикасы қарастырылады, бұл еңбек нарығындағы трендтерді анықтауға және белгілі бір білім беру бағдарламаларының түлектерінің қаншалықты табысты екенін бағалауға мүмкіндік береді.

Әдістемеге сәйкес осы критерийді саралау кезінде түлектің жұмыс істейтін аймақтың күнкөріс деңгейі есепке алынады.

18-кесте. «Түлектердің медианалық жалақысы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Медианалық жалақы, теңге	Балл
1	Еуразия технологиялық университеті	279586,1	**5,00**
2	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	233600,0	**4,34**
3	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	209384,1	**4,19**
4	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	189599,9	**4,12**
5	Орталық Азия Инновациялық Университеті	187826,9	**3,86**
6	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	169362,6	**3,58**
7	Каспий қоғамдық университеті	174141,1	**3,49**
8	Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті	148091,3	**3,12**
9	Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті	142239,6	**3,03**
10	Алматы технологиялық университеті	139588,8	**3,00**
11	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	116609,9	**2,84**
12	Торайғыров университеті	106988,4	**2,73**
13	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	104170,0	**2,70**
14	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	99113,9	**2,69**
15	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	100000,0	**2,53**
16	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	96571,7	**2,49**
17	«Тұран-Астана» университеті	103103,3	**2,47**
18	Астана халықаралық университеті	94726,5	**2,35**
19	Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті	85000,0	**2,27**
20	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	82571,4	**2,26**
21	Халықаралық білім беру корпорациясы	85000,0	**2,22**
*	Жұмабек Ахметұлы Тәшенов атындағы университет	0,0	**0,00**
*	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	0,0	**0,00**
*	Қызылорда «Болашақ» университеті	0,0	**0,00**

Дереккөз: ҚР ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*

18-кестеде осы критерий бойынша талдау көрсетілген. Осы көрсеткіш бойынша көшбасшы: Еуразия технологиялық университеті. Ең төменгі көрсеткішті Халықаралық білім беру корпорациясы көрсетті.

2 Білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі

Білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі білім беру процесінің сапасын, түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін, сондай-ақ жоғары оқу орындары қызметінің жалпы көрсеткіштерін көрсететін барлық критерийлерді жан-жақты талдаудың нәтижесі болып табылады. Бұл бөлімде критерийлердің бірнеше тобы бойынша бағалау негізінде қалыптастырылған «Дизайн» ББ бойынша қорытынды рейтинг ұсынылған: білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері, түлектердің мансаптық перспективалары.

2025 жылғы рейтинг жоғарыда аталған блоктар бойынша топтастырылған 17 критерий негізінде құрылды. Әрбір критерийдің жалпы бағалау процесінде оның маңыздылығын көрсететін белгілі бір салмағы бар.

Қорытынды рейтингтің негізгі мақсаты – талапкерлерге, жұмыс берушілерге және басқа да мүдделі тараптарға ақпараттандырылған таңдау жасауға көмектесетін білім беру бағдарламаларына объективті баға беру. Сондай-ақ, рейтинг нәтижелері ЖЖОКБҰ үшін өздерінің білім беру бағдарламаларын жетілдіру және олардың ұлттық және халықаралық деңгейлердегі бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағытында бағдар бола алады.

19-кесте. «Дизайн» ББ бойынша қорытынды рейтинг

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ атауы	Жалпы қорытынды	Рейтингтегі орны
1	Алматы технологиялық университеті	6В02101 Дизайн	2,625	1/21
2	Торайғыров университеті	6В02102 Дизайн	2,616	2/21
3	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	6В02190 Дизайн	2,604	3/21
4	Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті	6В02101 Дизайн	2,530	4/21
5	Еуразия технологиялық университеті	6В02104 Дизайн	2,5004	5/21
6	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	6В02101 Дизайн	2,5000	6/21
7	Астана халықаралық университеті	6В02102 Дизайн	2,489	7/21
8	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	6В02103 Салалар және таңдалған бағыт бойынша Дизайнер, білім беру жүйесіндегі суретші-дизайнер	2,470	8/21

9	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	6В02101 Дизайн	2,461	9/21
10	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	6В02126 Дизайн	2,438	10/21
11	«Тұран-Астана» университеті	6В02101 Дизайн	2,436	11/21
12	Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті	6В02101 Дизайн	2,428	12/21
13	Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті	6В02100 Дизайн	2,424	13/21
14	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	6В02171 Дизайн	2,414	14/21
15	Халықаралық білім беру корпорациясы	6В02123 Өнеркәсіптік дизайн	2,386	15/21
16	Орталық Азия Инновациялық Университеті	6В02103 Дизайн	2,297	16/21
17	Каспий қоғамдық университеті	6В02102 Дизайн	2,289	17/21
18	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	6В02132 Дизайн	2,169	18/21
19	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	6В02101 Дизайн	2,165	19/21
20	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	6В02140 Дизайн	2,155	20/21
21	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	6В02110 Дизайн	1,892	21/21
*	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	6В02102 Дизайн	1,424	*
*	Қызылорда «Болашақ» университеті	6В02102 Дизайн	0,764	*
*	Жұмабек Ахметұлы Тәшенов атындағы университет	6В02101 Дизайн	0,763	*

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты рейтингте орын алмады*

19-кестеде «Дизайн» ББ бойынша 2025 жылғы рейтингті талдау қорытындылары ұсынылған. Деректерге сәйкес, жетекші орында Алматы технологиялық университеті.

20-кесте. 2023-2025 жылдардағы «Дизайн» ББ бойынша рейтингтегі орындары

№	ЖЖОКБҰ атауы	Рейтингтегі орны		
		2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.
1	Алматы технологиялық университеті	13 / 20	3 / 24	1 / 21
2	Торайғыров университеті	12 / 20	5 / 24	2 / 21
3	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	1 / 20	2 / 24	3 / 21
4	Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті	-	11 / 24	4 / 21
5	Еуразия технологиялық университеті	6 / 20	1 / 24	5 / 21
6	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	14 / 20	7 / 24	6 / 21
7	Астана халықаралық университеті	7 / 20	14 / 24	7/ 21
8	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	11 / 20	10 / 24	8 / 21
9	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	9 / 20	9 / 24	9 / 21
10	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	19 / 20	12 / 24	10 / 21
11	«Тұран-Астана» университеті	4 / 20	13 / 24	11 / 21
12	Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті	10 / 20	22 / 24	12 / 21
13	Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті	15 / 20	19 / 24	13 / 21
14	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	-	-	14 / 21
15	Халықаралық білім беру корпорациясы	3 / 20	18 / 24	15 / 21
16	Орталық Азия Инновациялық Университеті	20 / 20	-	16 / 21
17	Каспий қоғамдық университеті	8 / 20	8 / 24	17 / 21
18	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	2 / 20	17 / 24	18 / 21
19	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	-	20 / 24	19 / 21
20	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	18 / 20	23 / 24	20 / 21
21	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	17 / 20	16 / 24	21 / 21
*	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	-	-	-
*	Қызылорда «Болашақ» университеті	-	-	-
*	Жұмабек Ахметұлы Тәшенов атындағы университет	-	-	-

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты рейтингте орын алмады*
— - рейтингке қатыспаған

20-кестеде 2023-2025 жылдары «Дизайн» ББ бойынша рейтингке қатысқан оқу орындарының рейтингте алған орындары салыстырылды.

2023 жылы рейтинг көшбасшылары қатарында Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы болды.

2024 жылы көшбасшылар тізімі сәл өзгерді: Еуразия технологиялық университеті.

2025 жылы көшбасшы Алматы технологиялық университеті болды, сондай-ақ өткен жылы да көшбасшы болған.

БиылАбай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті мен Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті соңғы орын иеленді.

2025 жылғы білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында «Дизайн» саласында мамандар даярлаудың әртүрлілігі мен сапасын көрсетеді. Талдау көрсеткендей, еңбек нарығының талаптары мен халықаралық стандарттарға бейімделе отырып, өз бағдарламаларын белсенді түрде жетілдіретін білім беру мекемелері жетекші орындарға ие болды.

Алматы технологиялық университеті сияқты университеттердің жоғары нәтижелері олардың бәсекеге қабілеттілігін және түлектерінің сұранысын растайды. Бұл оқу орындары түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі, орташа жалақы және білім беру бағдарламаларының сапасы сияқты бірқатар критерийлер бойынша жоғары нәтижелер көрсетті.

Рейтинг нәтижелері талапкерлер, жұмыс берушілер және жоғары оқу орындары үшін құнды бағдар болып табылады, әрбір білім беру бағдарламасының мықты жақтарын анықтауға көмектеседі. Болашақта білім беру стандарттарын жақсарту және халықаралық ынтымақтастықты арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру Қазақстанның білім беру жүйесін одан әрі дамыту үшін маңызды қадам болады.

Қорытынды

2025 жылғы ББ бойынша білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін жақсарту үшін елеулі жетістіктер мен салаларды анықтауға мүмкіндік берді. Рейтингте жетекші орындарды білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері, түлектердің мансаптық перспективалары сияқты критерийлер топтары бойынша жоғары нәтижелер көрсете алған университеттер иеленді.

Талдау көрсеткендей, рейтингтің жоғарғы қатарында тұрған ЖЖОКБҰ студенттерді теориялық біліммен ғана емес, сонымен қатар еңбек нарығында сұранысқа ие практикалық дағдылармен қамтамасыз ете отырып, өздерінің білім беру бағдарламаларын жетілдіру бойынша белсенді жұмыс істейді. Алдыңғы қатардағы жоғары оқу орындары жұмыс берушілермен өзара іс-қимылға және халықаралық сапа стандарттарын интеграциялауға ерекше назар аударатынын атап өту керек, себебі бұл олардың түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай арттырады.

Сонымен бірге, есеп назар аударуды қажет ететін кейбір кемшіліктерді анықтады. Мысалы, бірқатар ЖЖОКБҰ-да студенттердің академиялық ұтқырлығы мен ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары, шетелдік студенттер үлесі бойынша төмен көрсеткіштер байқалады, бұл осы бағыттарды одан әрі дамыту қажеттігін көрсетеді. Сондай-ақ, оқу орындарының бір студентке шаққандағы қаржылық шығындар көлемінде айтарлықтай айырмашылықтар байқалды.

Рейтинг нәтижелері барлық мүдделі тараптар үшін маңызды құрал. Талапкерлер мен олардың ата-аналары үшін рейтинг оқу орнын таңдау кезінде бағдар, жұмыс берушілер үшін – мамандарды даярлау сапасының индикаторы, ал жоғары оқу орындарының өздері үшін – өз бағдарламаларын жақсартуға және бәсекелестік ортадағы позицияларын нығайтуға ынталандыру ретінде қызмет етеді.

Қорытындыны келесідей жасауға болады: елеулі жетістіктерге қарамастан, Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі жаңғыртуды және жаңа сын-тегеуріндерге бейімделуді жалғастыруда. Әр ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының жоғары деңгейін қолдап қана қоймай, еңбек нарығындағы өзгерістер мен қоғамның қажеттіліктерін ескере отырып, оларды үнемі жақсартуға ұмтылуы тиіс. 2025 жылғы қорытынды рейтинг жаһандық аренада қазақстандық білім берудің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ете отырып, осы мақсаттарға қол жеткізу жолындағы маңызды қадамдардың бірі. Білім беру бағдарламаларын жетілдіруді жалғастыру және түлектерді тез өзгеретін әлемде табысты кәсіби қызмет үшін қажетті білім мен дағдылармен қамтамасыз ету үшін жан-жақты жұмыс жасау өте маңызды.

Қосымша 1

«Дизайн» ББ бойынша рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ тізімі

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ атауы
1	Торайғыров университеті	6В02102 Дизайн
2	Жұмабек Ахметұлы Тәшенов атындағы университет	6В02101 Дизайн
3	Академик А. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті	6В02110 Дизайн
4	Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті	6В02101 Дизайн
5	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	6В02102 Дизайн
6	Қызылорда «Болашақ» университеті	6В02102 Дизайн
7	Каспий қоғамдық университеті	6В02102 Дизайн
8	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	6В02126 Дизайн
9	Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті	6В02100 Дизайн
10	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	6В02101 Дизайн
11	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	6В02101 Дизайн
12	«Тұран-Астана» университеті	6В02101 Дизайн
13	Алматы технологиялық университеті	6В02101 Дизайн
14	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	6В02140 Дизайн
15	Халықаралық білім беру корпорациясы	6В02123 Өнеркәсіптік дизайн
16	Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы	6В02190 Дизайн
17	Астана халықаралық университеті	6В02102 Дизайн
18	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	6В02132 Дизайн
19	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	6В02103 Салалар және таңдалған бағыт бойынша Дизайнер, білім беру жүйесіндегі суретші-дизайнер
20	Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті	6В02101 Дизайн
21	Орталық Азия Инновациялық Университеті	6В02103 Дизайн
22	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	6В02171 Дизайн
23	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	6В02101 Дизайн
24	Еуразия технологиялық университеті	6В02104 Дизайн

6В087 Агроинженерия даярлау бағыты
В183 Агроинженерия білім беру бағдарламасы тобы
«Аграрлық техника және технология» білім беру бағдарламасы бойынша рейтингіні қалыптастыру есебі

Кіріспе

Қазақстанның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі экономиканың түрлі салалары үшін жоғары білікті мамандарды даярлауда шешуші рөлдердің бірін атқарады. Еңбек нарығының қарқынды дамуы мен халықаралық интеграция жағдайында білім беру сапасы ғана емес, сонымен қатар білім беру бағдарламаларының қазіргі заманғы сын-қатерлерге бейімделу қабілеті де маңызды. Білім беру мекемелері жұмысының тиімділігін бағалаудың маңызды құралы - мамандарды даярлау деңгейін, түлектердің бәсекеге қабілеттілігін және білім беру бағдарламаларының сапасын объективті бағалауға мүмкіндік беретін рейтингілер жасау.

Бұл есепте 2025 жылғы Қазақстанның жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі – ББ) талданады. Осы талдау шеңберінде түлектердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға және олардың еңбек нарығындағы сұранысына әсер ететін негізгі көрсеткіштер бойынша ББ кешенді салыстырмалы шолу жүргізілді.

Білім беру бағдарламаларының рейтингін қалыптастыру үшін негіздеме:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы.

2. «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы.

3. «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімшелеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығы.

4. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және білім беру жүйесіне тексеру парақтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы №166 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы №116 бірлескен бұйрығы.

Бұл есептің мақсаты – білім беру бағдарламаларына жан-жақты талдау жүргізу және осы талдау негізінде қорытынды рейтинг жасау. Рейтинг жасау барысында білім беру процесінің барлық маңызды компоненттерін қамтитын

әртүрлі критерийлер тобы ескерілді. Олардың ішінде: білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері және түлектердің мансаптық перспективалары. Бұл блоктардың әрқайсысы жалпы рейтингте белгілі бір салмаққа ие, бұл бағалауды мүмкіндігінше объективті және жан-жақты етуге мүмкіндік береді.

Бұл есептің негізгі міндеті – білім беру бағдарламаларының жағдайы туралы нақты және құрылымдық түсінік беру. «Аграрлық техника және технология» ББ бойынша 2025 жылғы рейтингке 6 ЖЖОКБҰ қатысты (1-қосымша).

Кейбір ЖЖОКБҰ осы ББ бойынша түлектерінің санының аз болуына байланысты рейтингте орын алған жоқ (ББ бойынша 2024 жылғы түлек саны 5 түлектен аз), оның ішінде Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті бар.

1 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларының деректерін талдау

1.1 «Білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.1.1 «Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен әзірлеу және келісу» критерийі

ББ мазмұнын болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі мен бәсекеге қабілеттілігінің тиімділігін арттыру үшін әлеуетті немесе негізгі жұмыс берушілермен келісу қажет. Жұмыс берушілер білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде ұсыныстар, пәндердің мазмұнына өзгерістер енгізе алады, сондай-ақ зерттелетін тақырыптар мен материалдардың өзектілігі бойынша ұсыныстар мен ескертулер бере алады. Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен келісу түлектердің табысты жұмысқа орналасуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады.

ЖЖОКБҰ бұл критерий бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған ББ бойынша құжаттардың мынадай тізбесін ұсыну қажет: модульдік білім беру бағдарламасы (МББ), элективті пәндер каталогы (ЭПК), жұмыс берушіден хат, келісу хаттамасы, жұмыс берушінің рецензиясы, ұсынымдық хат, анықтама-негіздеме, ББ сараптамасы.

Осы критерийді есептеу кезінде ББ келісуге қатысатын жұмыс берушілердің санына басты назар аударылды. Бір мамандықтағы жұмыс берушілер әр түрлі болуы мүмкін, сәйкесінше, жұмыс берушілер саны неғұрлым көп болса, жұмыс ерекшеліктерін ұсыну туралы көзқарастар мен пікірлер соғұрлым көп болады.

1-кесте. «Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен әзірлеу және келісу» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ келісілген жұмыс берушілер саны	Балл
1	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	10	**5,00**
2	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	7	**3,50**
3	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті	3	**1,50**
4	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	2	**1,00**
5	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті	2	**1,00**
6	М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті	2	**1,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

1-кестеде осы критерий бойынша нәтижелер берілген: С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті мен М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті жетекші орынға ие болды, өйткені олардың

білім беру бағдарламалары жұмыс берушілердің ең көп санымен келісілген.

1.1.2 «Профессор-оқытушылар құрамының практикалық жұмыс тәжірибесі» критерийі

Профессор-оқытушылар құрамының (ПОҚ) практикалық жұмыс тәжірибесі білім беру үдерісі сапасының маңызды құрамдас бөлігі. Тиісті кәсіби салада нақты тәжірибесі бар оқытушылар студенттерге пән туралы тереңірек және қолданбалы түсінік бере алады. Олар оқу процесіне практикадан, қолданылатын әдістер мен технологиялардан өзекті мысалдар келтіре алады, бұл студенттерді кәсіби қызметке неғұрлым тиімді дайындауға ықпал етеді.

Сонымен қатар, оқытушылардың практикалық тәжірибесі оларға саланың қазіргі тенденцияларын жақсырақ бағдарлауға және оқу бағдарламаларын еңбек нарығының өзгеретін талаптарына бейімдеуге мүмкіндік береді, осылайша түлектердің жоғары бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

ББ бойынша осы көрсеткішті анықтау үшін мынадай құжаттар талап етілді: ЖЖОКБҰ кадрлар бөлімінен оқытушылардың жұмыс өтілі туралы бекітілген анықтама.

2025 жылғы рейтинг әдістемесіне сәйкес 2010 жылғы 1 қаңтар мен 2025 жылғы 1 мамыр аралығында практикалық тәжірибесі бар оқытушылар есепке алынады.

2-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының практикалық жұмыс тәжірибесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Практикалық жұмыс өтілі бар оқытушылар саны (айлар)		Балл
		саны	өтілі	
1	М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті	8	986	**4,12**
2	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	3	480	**4,01**
3	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті	3	389	**1,91**
4	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	4	279	**1,35**
5	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	6	335	**1,00**
6	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті	5	386	**0,94**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

2-кестеден көріп отырғанымыздай, рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ-ның көпшілігінде ЖЖОКБҰ құрылымынан тыс жұмыс тәжірибесі бар оқытушылар бар. Бұл критерийдің көшбасшылары: М.Дулатов атындағы

Қостанай инженерлік-экономикалық университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті.

1.1.3 «Профессор-оқытушылар құрамының жетістіктері» критерийі

«Профессорлық-оқытушылық құрамның жетістіктері» критерийі білім беру бағдарламаларының сапасын бағалауда маңызды рөл атқарады, өйткені ол білім беру процесіне қатысатын мұғалімдердің кәсібилігі мен құзыреттілігінің деңгейін көрсетеді. Рейтинг әдіснамасына сәйкес, бұл критерий соңғы жылдардағы профессорлық-оқытушылық құрамның жетістіктерін жан-жақты бағалауға мүмкіндік беретін бірнеше ішкі критерийлерді қамтиды.

Атап айтқанда, 2015-2025 жылдар аралығында «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағына ие болған оқытушылар есепке алынады, бұл олардың педагогикалық еңбегін ЖЖОКБҰ деңгейінде мойындағанын көрсетеді. Сол кезеңде «Үздік ғылыми қызметкер» атағын алған ПОҚ да ескеріледі, бұл олардың ғылыми зерттеулерге және академиялық қоғамдастықтың дамуына қосқан үлесін көрсетеді.

Осыған байланысты, «Аграрлық техника және технология» білім беру бағдарламасы бұл критерий бойынша қатыса алмады, себебі көрсетілген кезеңде аталған ЖОО-да «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» немесе «Үздік ғылыми қызметкер» атақтарына ие болған профессор-оқытушылар құрамының өкілдері болмады.

1.1.4 «Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу» критерийі

Білім беру және кәсіптік ұйымдардың бағдарламаны аккредиттеуі бағдарламаның жоғары сапа стандарттарына сәйкестігінің көрсеткіші және оны ұлттық және халықаралық деңгейде тану және мойындау ретінде қарастырылады.

Дәл осы себепті ББ-ның мамандандырылған аккредиттеуден өткені туралы сертификаты сұралды. Бұл критерий бойынша балл білім беру бағдарламасы аккредиттеуден өткен мекеме мен аккредиттеуден өткені туралы сертификаттың жарамдылық ұзақтығына байланысты есептелді.

Ұсынылған мәліметтерге сәйкес, «Аграрлық техника және технология» ББ бойынша рейтингке қатысатын 6 ЖЖОКБҰ-ның 6-ы да мамандандырылған аккредиттеуден өткен.

4-кесте. «Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Аккредитациялық орган атауы	Балл
1	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті	CAAAE	**5,00**
2	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	IQAA	**3,57**
3	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті	CAAAE	**3,57**
4	М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті	IAAR	**3,57**
5	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	IQAA	**3,57**
6	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	ASIIN	**2,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

4-кестеге сәйкес, осы критерий бойынша барлық ЖЖОКБҰ аккредиттеуден өткендігін көруге болады.

1-диаграмма. Аккредиттеу органдары бөлінісіндегі аккредиттелген білім беру бағдарламалары

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

1-диаграммадан көріп отырғанымыздай, 6 ББ-ның 2-і IQAA - Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігінде аккредиттеуден өтсе, ал тағы 2-і CAAAE - Орталық Азия білім жүйесін аккредиттеу қауымдастығының аккредиттеуінен өткен.

1.1.5 «Білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау» критерийі

Тиісті салалардан сарапшыларды тарту арқылы білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау білім беру сапасын қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылады. Кәсіби саласында терең білімі мен тәжірибесі бар сарапшылар оқу бағдарламаларының еңбек нарығының заманауи талаптары мен кәсіби стандарттарға қаншалықты сәйкес келетінін объективті бағалай алады. Олар мазмұндағы олқылықтарды анықтап, оқу жоспарларын жаңартуды және жаңа пәндерді немесе оқыту әдістерін енгізуді ұсына алады. Мұндай сараптамалық бағалау білім беру мекемелеріне бағдарламаларды өзгермелі жағдайларға бейімдеуге, мамандарды даярлауды жақсартуға және соның салдарынан түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектеседі. Сарапшыларды тарту сонымен қатар білім беру жүйесі мен индустрия арасындағы байланысты нығайтады, бұл жұмыс берушілердің қажеттіліктерін жақсы түсінуге және білім беру бағдарламаларының практикалық маңыздылығын арттыруға ықпал етеді.

Сарапшылардың ББ бағалауы мынадай критерийлер бойынша жүргізіледі:

1) ББ-ның тәжірибеге бағдарлануы – ББ-ның білім мен дағдыларды практикалық қолдануға қаншалықты бағытталғанын бағалау;

2) Пәндердің берілген оқу нәтижелеріне логикалық өзара байланысы және сәйкестігі – бағдарлама ішіндегі пәндер бір-бірімен және оқытудың соңғы нәтижелерімен қалай байланысты екенін талдау;

3) Пәндерді оқыту кезегінің мәнділігі/қисындылығы – бағдарламаның логикалық құрылымын, пәндердің қаншалықты материалды жақсы игеруге ықпал ететін ретпен ұйымдастырылғандығын бағалау;

4) ББ мазмұнының кәсіптік стандарттарға және/немесе еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі – ББ-ның осы саладағы қолданыстағы кәсіби стандарттарға (олар бар болған жағдайда) және (немесе) қазіргі еңбек нарығының талаптарына қаншалықты сәйкес келетіндігін бағалау;

5) Элективті пәндер каталогы (ЭПК) және оның мәні – ББ икемділігі мен бейімділігін бағалау: элективті курстардың кеңдігі мен әртүрлілігі, сәйкес бағыттар мен мамандықтарды таңдау мүмкіндігі, студенттердің қажеттіліктері мен еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі, тәжірибеге бағытталған және инновациялық курстардың болуын бағалау.

ББ мазмұнын бағалау жүйесі келесі диапазондар бойынша бөлінеді:

- Өте жақсы – 9-10 балл арасы;
- Жақсы – 6-8 балл арасы;
- Қанағаттанарлық – 4-5 балл арасы;
- Қанағаттанарлықсыз – 0-3 балл арасы.

5-кесте. «Білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Сарапшының орташа бағасы	Балл
1.	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті	8,75	**4,38**
2.	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	8,58	**4,29**
3.	М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті	8,41	**4,21**
4.	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	8,25	**4,13**
5.	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	8,16	**4,08**
6.	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті	8,16	**4,08**

Дереккөз: «Атамекен» ҰКП мәліметтері

5-кестеде ББ мазмұнын сараптамалық бағалаудың қорытындысы ұсынылған, оған сәйкес жетекші орынды мынадай ЖЖОКБҰ иеленді: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті.

1.2 «Білім беру бағдарламасының жетістіктері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.2.1 «Академиялық ұтқырлық» критерийі

ЖЖОКБҰ студенттерінің белгілі бір уақыт кезеңіне елден тыс басқа білім беру немесе ғылыми мекемеге ауысуы студенттің жеке дамуы үшін маңызды және оған мәдени байуға мүмкіндік береді, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің тиімділігін, түлектердің отандық және халықаралық еңбек нарықтарындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады, жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының тәжірибесін зерделеу және игеру есебінен кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіреді және т. б.

ЖЖОКБҰ да академиялық ұтқырлық бағдарламасын іске асыруды талдау мақсатында оқу орындарынан мынадай құжаттар талап етілді:

- академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде студенттерді шетелдік оқу орындарына жіберу туралы ректор бұйрығының көшірмесі;
- академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде шетелдік оқу орындарының студенттерін қабылдау туралы ректор бұйрығының көшірмесі.

ЖЖОКБҰ академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде ұсынылған құжаттарды «Атамекен» ҰКП менеджерлері талдап, келесі қорытындылар жасады:

6-кесте. «Академиялық ұтқырлық» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ контингенті	Академиялық ұтқырлық бағдарламаларын қолданған білім алушылар саны	Балл
1.	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	307	8	**5,00**
2.	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	23	0	**0,00**
3.	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті	59	0	**0,00**
4.	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті	74	0	**0,00**
5.	М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті	20	0	**0,00**
6.	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	12	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

6-кестеде көрсетілген мәліметтерге сәйкес, академиялық ұтқырлық бағдарламасын қолданған білім алушы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде анықталды.

1.2.2 «Білім алушылардың ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары» критерийі

Қазіргі уақытта нарықтағы технологиялық даму ЖЖОКБҰ-да тиімді ғылыми-зерттеу процесін ұйымдастыруды талап етеді, тек жаңа білімді дамытуды ғана емес, сонымен қатар нарықта коммерциялық тұрғыдан дамыған, сұранысқа ие бизнес-идеяларды өндіруді талап етеді.

Студенттік бизнес-инкубаторлар мен зертханалар жастар ортасында кәсіпкерлік қызметтің оң бейнесін қалыптастырады, жастар арасында креативті және инновациялық әлеуетті іске асырады, сондай-ақ кәсіпкерлікке және инновациялық қызметке бағдарланған ұйымдар мен жастар қауымдастықтарын қолдайды, жастар кәсіпкерлігін ақпараттық, білім беру, қаржылық және мүліктік қолдаудың бірыңғай жүйесін құрады және қамтамасыз етеді. Бұдан басқа, жастарды кәсіпкерлік қызметке білім беру, әдістемелік және ақпараттық даярлауды көрсетеді, жастар құрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің санын арттырады, жоғары білім, бизнес және өндірістік сала арасындағы өзара іс-қимыл мен әлеуметтік әріптестік үшін жағдайлар жасайды.

Сондықтан «Атамекен» ҰКП зерттеу бағытындағы пункттердің бірі ЖЖОКБҰ студенттерінің шығармашылық жетістіктерін дәріптеу және енгізу болып табылады.

Студенттердің ғылыми зерттеулерін талдау мақсатында оқу орындарынан электрондық форматта растайтын құжат (патент және авторлық құқық туралы куәлік) талап етілді:

7-кесте. «Білім алушылардың ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Ғылыми жобалардың атауы	Балл
1	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	1. Тулегенов Талгат Конысбаевич Сошник для внесения семян и удобрений в разные заданные глубины заделки 2. Тулегенов Талгат Конысбаевич Сошник для внесения семян и удобрений в разные заданные глубины заделки	**5,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

7-кестеде көрсетілген ЖЖОКБҰ-да түлектердің ғылыми жобаларының бар екендігі расталған: С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті.

1.2.3 «Магистратурада/резидентурада оқуды жалғастырған түлектердің үлесі» критерийі

Қазақстанда Еуропалық жоғары білім беру аймағына (European Higher Education Area (EHEA)) кіре отырып, кадрларды даярлаудың үш деңгейлі моделін: бакалавриат, магистратура және PhD докторантураны енгізуді қамтитын жоғары білім беру жүйесін айтарлықтай қайта құрылымдау жүргізілді. Бакалавриат аяқталғаннан кейін түлектердің одан әрі дамуы үшін әртүрлі мүмкіндіктері бар, мысалы, мамандық бойынша жұмыс іздеу, екінші жоғары білім алу немесе магистратураға түсу.

Магистратура біліктілікті арттыруда және таңдаған мамандығы бойынша білімді тереңдетуде шешуші рөл атқарады, бұл оны кәсіби қалыптасудың маңызды кезеңіне айналдырады. Жыл сайын магистрлік бағдарламалар барған сайын танымал бола бастады, ал магистрлер еңбек нарығында сұранысқа ие бола бастады, бұл қазіргі заманғы экономика жағдайында білім берудің осы деңгейінің өзектілігін көрсетеді.

Бұл критерий бойынша жиналған деректер 8-кестедегідей болды.

8-кесте. «Магистратурада/резидентурада оқуды жалғастырған түлектердің үлесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Магистранттар үлесі			Балл
		Түлектер саны	Түлектер арасында магистратурада оқуды жалғастырғандар саны	үлес %	
1.	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	46	3	6,52%	**5,00**
2.	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті	26	1	3,85%	**2,95**
3.	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	6	0	0,00%	**0,00**
4.	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті	15	0	0,00%	**0,00**
5.	М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті	15	0	0,00%	**0,00**
6.	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	8	0	0,00%	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

8-кестеде осы критерий бойынша 2024 жылғы түлектерді талдау қорытындыларын көруге болады, түлектердің жалпы саны 116 болса, оның ішінде 4-і түлек әрі қарай магистратурада оқуын жалғастырған, бұл 3,4%

құрайды. Кестеге сәйкес магистратураға түскен түлектердің ең көп үлесі С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіне тиесілі.

1.2.4 «Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы» критерийі

Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсу үшін іріктеу емтихандарының нысандарының бірі.

Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы – жоғары ҰБТ нәтижелерін көрсеткен талапкерлердің көбінесе қай ЖЖОКБҰ таңдайтынын анықтайтын көрсеткіш. Бұл көрсеткіш ЖЖОКБҰ деңгейін және талапкерлер арасында оның сұранысын анықтауға мүмкіндік береді.

9-кесте. «Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Талапкерлердің орташа ҰБТ балы	Балл
1.	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	60	**2,15**
2.	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті	59	**2,12**
3.	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті	57	**2,04**
4.	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	57	**2,03**
5.	М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті	53	**1,89**
6.	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	52	**1,86**

Дереккөз: «Ұлттық тестілеу орталығы» РМК

9-кестеде көрсетілгендей, ББ бойынша 2024-2025 оқу жылында жоғары оқу орнына оқуға түскен талапкерлердің орташа балы 56 балды құраған. Салыстырмалы түрде жоғары балл жинаған талапкерлер келесі ЖЖОКБҰ-ны таңдаған: С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті.

1.2.5 «Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі

Шетелдік студенттер өз елдерінде қазақ тілі мен мәдени дәстүрлерінің таралуына ықпал ете отырып, Қазақстандағы заманауи білім беру жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Олардың еліміздің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқуы біздің университеттерге

деген халықаралық сұраныс деігейін көрсетеді және олардың рейтингінің жоғарылауына тікелей әсер етеді.

«Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі білім беру бағдарламаларының студенттерді шетелден тарту қабілетін көрсетеді. Бұл шетелдік студенттер үшін білім беру бағдарламалары мен жоғары оқу орындарының нақты тартымдылығын объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Осы критерийді растау үшін ЖЖОКБҰ келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- шетелдік студенттерді қабылдау туралы бұйрықтар;
- шетелдік студенттердің төлқұжаттарының көшірмелері.

10-кесте. «Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Шетелдік студенттер үлесі			Бал л
		ББ контингенті	Шетелдік студенттер саны	үлес, %	
1.	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті	74	2	2,70%	**5,00**
2.	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	307	3	0,98%	**1,81**
3.	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	23	0	0,00%	**0,00**
4.	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті	59	0	0,00%	**0,00**
5.	М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті	20	0	0,00%	**0,00**
6.	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	12	0	0,00%	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

10-кестеде шетелдік студенттердің «Аграрлық техника және технология» ББ жалпы контингентіне қатынасын көруге болады, бұл 1,13% құрайды. Шетелдік студенттердің контингенті тек Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті мен С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде анықталды.

1.3 «ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.3.1 «ЖЖОКБҰ студенттері мен оқытушыларының арақатынасы» критерийі

Студенттер мен оқытушылардың арақатынасы ЖЖОКБҰ ұсынатын білім сапасына әсер ететін негізгі көрсеткіштердің бірі. Бұл критерий оқытуға жеке көзқарас деңгейін және әр студентке оқытушы тарапынан жеткілікті көңіл бөлінетін қолайлы білім беру ортасын құру мүмкіндігін көрсетеді.

Студенттердің оқытушыларға қатынасының төмендігі оқытушылар құрамы жеке кеңес беруге, жұмыстарды тексеруге, ғылыми зерттеулерді басқаруға және практикалық дайындыққа көбірек уақыт бөле отырып, оқушылармен тиімдірек әрекеттесе алуына көбірек мүмкіндік береді. Бұл әсіресе тәжірибеге бағытталған оқытудың жоғары дәрежесін және тереңдетілген зерттеулерді қажет ететін бағдарламалар үшін өте маңызды.

Ал бір ПОҚ шаққанда білім алушылар санының тым көп болуы оқытушыларға шамадан тыс жүктемелер артылатындығын көрсетуі мүмкін, бұл білім беру процесінің сапасын төмендетуі және студенттердің оқуға қызығушылығына теріс әсер етуі мүмкін. Қазіргі білім беру стандарттары мен еңбек нарығының талаптары жағдайында студенттер мен оқытушылар саны арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті сақтау ЖЖОКБҰ бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторына айналады.

Осылайша, осы критерийді талдау оқу орнының оқу жүктемесін ақылға қонымды бөлуді қолдай отырып және оқыту сапасын қамтамасыз ете отырып, білім беру қызметтерінің жоғары деңгейін қаншалықты қамтамасыз ете алатынын бағалауға мүмкіндік береді.

Біздің тарапымыздан ЖЖОКБҰ-да ПОҚ сапасы бойынша берілген мәліметтерді тексеру кезінде мынадай нормативтік құқықтық актілердің іске асырылуы да ескеріледі: Сот төрелігі академиясын, әскери, арнаулы оқу орындарын, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары профессор-оқытушылар құрамының жалпы санын есептеу үшін білім алушылар санының оқытушыларға орташа арақатынасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 606 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада № 17670 болып тіркелген).

11-кесте. «ЖЖОКБҰ студенттері мен оқытушыларының арақатынасы» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ штаттық ПОҚ саны	ЖЖОКБҰ контингенті	Бір ПОҚ-қа шаққандағы білім алушылар саны	Балл
1	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	929	12917	14	**5,00**
2	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	291	4666	16	**4,34**
3	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті	436	7147	16	**4,24**
4	М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті	116	1944	17	**4,15**
5	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті	471	9031	19	**3,63**
6	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	1163	22327	19	**3,62**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

11-кестеде оқытушылардың ЖЖОКБҰ-ның жалпы контингентіне қатынасын көруге болады. Осы критерий бойынша үздік көрсеткіш С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде тіркелді, ол университетте бір оқытушыға орташа есеппен 14 білім алушы келеді.

1.3.2 «Дәрежелі оқытушылардың үлесі» критерийі

Дәрежелі оқытушылардың үлесі профессор-оқытушылар құрамының академиялық біліктілігі мен кәсібилігінің маңызды көрсеткіші. Ғылыми дәрежесі (ғылыми дәрежесі және (немесе) философия докторы PhD/бейіні бойынша доктор (академиялық) дәрежесі және (немесе) ғылыми атағы және «өнер» кадрларын даярлау үшін «ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы» спорттық атағы) бар оқытушылар ЖЖОКБҰ-да білім мен ғылыми қызметтің жоғары деңгейін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Оқу орнында дәрежелі оқытушылардың едәуір санының болуы оның іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылыми әзірлемелердің нәтижелерін білім беру процесіне кіріктіру, сондай-ақ халықаралық ғылыми жобаларға қатысу мүмкіндігі туралы куәландырады. Бұл тез өзгеретін кәсіби орта жағдайында жұмысқа дайын жоғары білікті мамандарды қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасайды.

Сонымен қатар, дәрежелі оқытушылар педагогикалық құзыреттіліктің жоғары деңгейіне ие, бұл оларға білімді тиімді жеткізуге, студенттерде сыни ойлау мен аналитикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай

оқытушылардың жоғары үлесі оқу орнының академиялық стандарттарға бейілділігін және білім беру бағдарламаларының сапасын үздіксіз жетілдіруге ұмтылысын көрсетеді.

Бұл критерий ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының академиялық және кәсіптік даярлықтың қазіргі заманғы талаптарына қаншалықты сәйкес келетіндігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді, сондай-ақ оның ғылыми және білім беру орталығы ретіндегі беделін нығайтуға ықпал етеді.

12-кесте. «Дәрежелі оқытушылардың үлесі» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ штаттық ПОҚ саны	Штаттық дәрежелі ПОҚ саны	Үлес, (%)	Бал л
1.	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті	436	265	60,7%	**5,00**
2.	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	929	548	58,9%	**4,85**
3.	М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті	116	65	56,0%	**4,61**
4.	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	291	133	45.7%	**3,76**
5.	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті	471	199	42,2%	**3,48**
6.	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	1163	367	31,5%	**2,60**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

12-кестеде бұл ББ бойынша рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ-ның дәрежелі ПОҚ үлесі орта есеппен 4,0 % құрайтынын көруге болады. Дәрежелі ПОҚ-ның ең көп үлесі мынадай ЖЖОКБҰ-да жұмыс істейді: Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті.

1.3.3 «Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі

«Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі білім беру процесінің қаржылық қамтамасыз етілуін және оқу орнының оқытудың негізгі аспектілеріне қаражат салуға дайындығын бағалауға мүмкіндік беретін маңызды көрсеткіштердің бірі. Бұл критерийде бағдарламалық қамтамасыз ету және кітапхана қорын дамыту шығындары ескеріледі.

Бағдарламалық қамтамасыз ету шығындары әртүрлі пәндерге арналған арнайы бағдарламалар, оқу процесін басқару жүйелері және оқытудың тиімділігі мен интерактивтілігін арттыратын басқа да цифрлық құралдар сияқты оқу процестеріне қажетті лицензиялық бағдарламаларды сатып алу және жаңарту шығындарын қамтиды. Бұл ББ өзектілігін сақтау және студенттерді заманауи технологиялармен жұмыс істеуге дайындау үшін маңызды.

Кітапхана қорын дамыту шығындарына студенттердің өзекті және сапалы оқу және ғылыми ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін қажетті жаңа оқулықтарды, ғылыми әдебиеттерді, электрондық ресурстар мен дерекқорларды сатып алу шығындары кіреді. Кітапхана қорын дамыту білімді тереңдетуге және ғылыми зерттеулер жүргізуге ықпал ететін академиялық ортаның маңызды құрамдас бөлігі.

13-кесте. «Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ контингенті	1 студентке шаққандағы шығындар көлемі (теңге)	Балл
1.	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті	7147	53068,00	**5,00**
2.	М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті	1944	35787,00	**3,60**
3.	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	4666	31123,20	**3,22**
4.	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	22327	11075,35	**1,59**
5.	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	12917	3998,00	**1,02**
6.	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті	9031	3800,30	**1,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

13-кестеде көрсетілген 1 студентке бөлінген қаражатты талдау бойынша келесі ЖЖОКБҰ жоғары нәтиже көрсетті: Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті және Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті.

1.3.4 «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі

«Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі оқытушыларды қаржылық қолдау деңгейін және жанама түрде оқу орнындағы білім беру процесінің сапасын көрсететін маңызды көрсеткіш. Медианалық жалақы – оқытушылардың жартысы жалақыны осы деңгейден жоғары, ал екінші жартысы төмен алатын бөліну нүктесі. Бұл көрсеткіштің орташа жалақыдан айырмашылығы, оған өте жоғары немесе өте төмен жалақы сияқты шекті мәндер әсер етпейді.

Медианалық жалақы деңгейі оқытушылардың мотивациясымен және олардың жұмысқа қанағаттануымен тығыз байланысты. Жалақының жоғары деңгейі университетке білікті мамандарды тартуға және ұстап қалуға мүмкіндік береді, ол дегеніміз оқыту мен ғылыми қызметтің сапасына оң әсер етеді. Лайықты жалақы алатын оқытушылар үнемі кәсіби дамуға, ғылыми зерттеулерге қатысуға және студенттермен белсенді қарым-қатынасқа ынталы болады.

Сонымен қатар, медианалық жалақы көрсеткіші ЖЖОКБҰ-ның қаржылық тұрақтылығын және оның басқа оқу орындарымен салыстырғанда бәсекеге қабілетті жалақы деңгейін ұстап тұру қабілетін көрсете алады.

14-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ПОҚ медианалық жалақысы (теңге)	Балл
1.	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті	484686,5	**5,00**
2.	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті	531021,3	**4,75**
3.	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	465758,9	**3,75**
4.	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	416974,5	**3,49**
5.	М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті	430834,4	**3,27**
6.	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	402483,8	**1,00**

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

14-кестеде «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі бойынша талдау нәтижелерін көрсетілген: «Аграрлық техника және технология» ББ бойынша ПОҚ орташа медианалық жалақысы 2025 жылы 455 293 теңгені құрады. ББ бойынша рейтингке қатысқан ЖЖОКБҰ арасында Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті – 531 021 теңге, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті – 484 686 теңге көрсеткіштерін көрсетіп, алғашқы орындарды иеленді.

1.4 «Түлектердің мансаптық перспективалары» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.4.1 «Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі» критерийі

«Түлектердің мансаптық перспективалары» критерийлер тобы түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді. Топ үш критерийден тұрады: түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі, түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы, түлектердің медианалық жалақысы. Бұл критерийлер бойынша білім беру бағдарламаларының 2024 жылғы түлектері талданады. Олардың оқу бітіргеннен кейін, 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңдегі зейнетақы жарналары арқылы талдау жүргізіледі.

«Жұмысқа орналасу деңгейі» көрсеткіші түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін тікелей көрсетеді. Бұл өлшем «тұрақты жұмыспен қамту» және «шартты жұмыспен қамту»болып бөлінеді.

Тұрақты жұмысқа орналасу – 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңде қатарынан кемінде 3 ай тұрақты зейнетақы жарналарын алған жұмысқа орналастырылған түлектердің пайызын көрсететін көрсеткіш.

Шартты жұмыспен қамту – 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңде тұрақты емес негізде зейнетақы аударымдарын алған түлектердің пайызын көрсететін көрсеткіш (яғни тұрақты жұмыспен қамту жағдайларын қоспағанда, тұрақсыз табыс).

Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін неғұрлым сенімді есептеу үшін жалпы түлектер санынан мынадай санаттар алынып тасталды:

- Магистратурада (резидентурада) оқуды жалғастырған түлектер;
- Шетел азаматтары;
- Декреттік демалыстағы түлектер;
- Мерзімді әскери қызметке шақырылған түлектер;
- Шетелде білім алатын түлектер;
- Шетелде жұмыс істейтін түлектер;
- 1-2 топтағы мүгедектігі бар түлектер;
- Күш құрылымдарының қызметкерлері;
- Жас ерекшелігіне байланысты есептелмейтін түлектер (1996 жылғы және одан үлкен);
- Қайтыс болған түлектер.

Түлектердің саны 5 адамнан аз болатын келесі ЖЖОКБҰ-да есептеулер тек статистикалық деректер бойынша және сараптамалық бөлім бойынша жүргізілді, өйткені «түлектердің мансаптық перспективалары» блогы бойынша есептеу үшін деректердің аздығына байланысты көрсеткіштер дұрыс болмауы мүмкін: Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті.

2-диаграмма. : «Аграрлық техника және технология» ББ бойынша түлектердің жалпы саны мен құрамы



2-диаграммаға сәйкес ББ бойынша түлектердің жалпы саны 103 адамды құрады, оның ішінде: декреттік демалыста – 6; магистратурада (резидентурада) оқуды жалғастырғандар – 4; шетел азаматтары – 3; 1996 жылғы және одан үлкен – 8.

15-кесте. «Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Түлектердің жалпы саны	Жұмысқа орналасу деңгейі, %	Тұрақты жұмыс, %	Шартты жұмыс, %	Балл
1	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті	15	100%	87%	13%	**4,60**
2	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	45	89%	71%	18%	**3,91**
3	М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті	12	92%	67%	25%	**3,83**
4	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті	19	63%	58%	5%	**3,00**
5	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	5	80%	40%	40%	**2,80**

*	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	-	-	-	-	-

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*

— - рейтингке қатыспаған

15-кестеге сәйкес, : «Аграрлық техника және технология» ББ бойынша жұмысқа орналасудың орташа деңгейі 84,7% құрады. Жұмысқа орналасу пайызы жоғары ЖЖОКБҰ: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті. Себебі түлектерінің жұмысқа орналасу деңгейі 100% құрайды. Ал Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті 63,2% соңғы позицияға орналасты.

3-диаграмма. Түлектерің жұмысқа орналасу деңгейі



3-диаграммадан ББ бойынша түлектердің 69%-ы тұрақты, ал 17%-ы шартты түрде жұмыс істейтінін көруге болады. Түлектердің 14%-ы жұмысқа орналаспаған.

16-кесте. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін салыстырмалы талдау

№	ЖЖОКБҰ атауы	Жұмысқа орналасу деңгейі, %		
		2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.
1	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті	85%	-	100%
2	М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті	-	-	92%
3	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	78%	90%	89%
4	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	100%	100%	80%
5	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті	83%	57%	63%
6	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	86%	88%	-

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері
** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*
— - рейтингке қатыспаған

16-кестедегі салыстырмалы талдауға сәйкес бұл критерий бойынша өткен жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда келесі оқу орындарының көрсеткіштері жақсарған: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті. Ал көрсеткіштердің нашарлауы мынадай ЖЖОКБҰ-да байқалады: Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті.

4-диаграмма. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін салыстырмалы талдау



4-диаграмма еңбек нарығында ББ түлектеріне сұраныстың динамикасын көрсетеді. Алдыңғы рейтингтермен салыстырғанда осы критерий көрсеткіштері жақсарды: 2023 жылы жұмысқа орналасудың орташа деңгейі - 86%, 2024 жылы - 84%, ал 2025 жылы - 85% құрады.

1.4.2 «Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы» критерийі

Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы түлектердің оқуды бітіргеннен кейін қаншалықты жылдам жұмыс таба алатынын көрсететін маңызды көрсеткіш. Бұл көрсеткіш нақты білім беру бағдарламасы мен ЖЖОКБҰ дайындаған еңбек нарығындағы мамандардың сұраныс деңгейін көрсетеді.

Жұмыс іздеудің қысқа кезеңі түлектердің жоғары бәсекеге қабілеттілігін, оқу орнының жақсы беделін және білім беру бағдарламасының жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкестігін көрсетеді. Жұмыс іздеудің ұзақ кезеңі түлектердің жеткіліксіз дайындығын, олардың дағдыларының еңбек нарығының талаптарына сәйкес келмеуін немесе белгілі бір салада жұмысқа орналасудың жалпы күрделілігін көрсетуі мүмкін.

Жұмыс іздеу ұзақтығын талдау білім беру ұйымдарына өз бағдарламаларының тиімділігін бағалауға және қажет болған жағдайда түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелерін жақсарту үшін түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

17-кесте. «Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Жұмыс іздеу ұзақтығы (аймен)	Балл
1.	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті	1,53	**4,76**
2.	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	1,75	**4,66**
3.	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті	1,93	**4,58**
4.	М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті	2,62	**4,27**
5.	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	2,97	**4,10**
*	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	-	-

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*

— - рейтингке қатыспаған

17-кестеде түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығының нәтижелері көрсетілген. Келесі ЖЖОКБҰ-да түлектер 2 айдан аз уақыт ішінде жұмысқа орналасқан: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті және Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті.

5-диаграмма. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығын салыстырмалы талдау



5-диаграмма еңбек нарығында «Аграрлық техника және технология» ББ бойынша түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығындағы өзгерістерді көрсетеді. Өткен жылдармен салыстырғанда осы критерийдің көрсеткіштері жақсарған.

Бұл өзгерістер ББ түлектеріне сұраныс динамикасын көрсетеді. 2023 жылы жұмыс іздеудің орташа ұзақтығы 2,60 айды, 2024 жылы 4,00 айды, ал 2025 жылы 2,16 айды құрады.

1.4.3 «Түлектердің медианалық жалақысы» критерийі

Медианалық жалақы оқуды бітіргеннен кейінгі алғашқы жылы жұмысқа орналасқан түлектердің табыс деңгейін көрсетеді. Жоғары бастапқы жалақы көбінесе білім беру бағдарламасының сапасының және оны кәсіби ортаның мойындауының көрсеткіші.

Түлектердің медианалық жалақысы туралы мәліметтер оқу орнын таңдау кезінде талапкерлер үшін бағдар бола алады, өйткені олар осы бағдарламаның түлектерінің жұмысқа орналасу және лайықты жалақы алу үшін жақсы перспективалары бар екеніне сенімді бола алады. Сонымен қатар, медианалық жалақысы жоғары бағдарламалар жұмыс берушілердің де назарын аударады, бұл тез мансаптық өсу мен тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады.

Есепте соңғы үш жылдағы түлектердің медианалық жалақысының динамикасы қарастырылады, бұл еңбек нарығындағы трендтерді анықтауға және белгілі бір білім беру бағдарламаларының түлектерінің қаншалықты табысты екенін бағалауға мүмкіндік береді.

18-кесте. «Түлектердің медианалық жалақысы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Медианалық жалақы, теңге	Балл
1.	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	209372,1	**5,00**
2.	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті	170011,4	**4,63**
3.	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті	179648,1	**4,44**
4.	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	153491,3	**4,13**
5.	М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті	121310,6	**3,59**
*	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	-	-

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*

— - рейтингке қатыспаған

18-кестеде осы критерий бойынша талдау көрсетілген. Осы көрсеткіш бойынша С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті көшбасшы қатарында. Ал ең төменгі көрсеткішті М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті көрсетті.

2 Білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі

Білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі білім беру процесінің сапасын, түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін, сондай-ақ жоғары оқу орындары қызметінің жалпы көрсеткіштерін көрсететін барлық критерийлерді жан-жақты талдаудың нәтижесі болып табылады. Бұл бөлімде критерийлердің бірнеше тобы бойынша бағалау негізінде қалыптастырылған «Аграрлық техника және технология» ББ бойынша қорытынды рейтинг ұсынылған: білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері, түлектердің мансаптық перспективалары.

2025 жылғы рейтинг жоғарыда аталған блоктар бойынша топтастырылған 17 критерий негізінде құрылды. Әрбір критерийдің жалпы бағалау процесінде оның маңыздылығын көрсететін белгілі бір салмағы бар.

Қорытынды рейтингтің негізгі мақсаты – талапкерлерге, жұмыс берушілерге және басқа да мүдделі тараптарға ақпараттандырылған таңдау жасауға көмектесетін білім беру бағдарламаларына объективті баға беру. Сондай-ақ, рейтинг нәтижелері ЖЖОКБҰ үшін өздерінің білім беру бағдарламаларын жетілдіру және олардың ұлттық және халықаралық деңгейлердегі бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағытында бағдар бола алады.

19-кесте. : «Аграрлық техника және технология» ББ бойынша қорытынды рейтинг

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ атауы	Жалпы қорытынды	Рейтингтегі орны
1.	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	6В08701 Агроинженерия	3,450	1/6
2.	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті	6В08701 Аграрлық техника және технология	3,372	2/6
3.	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті	6В08701 Аграрлық техника және технология	3,136	3/6
4.	М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті	6В08716 Аграрлық техника және технология	3,090	4/6
5.	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	6В08710 Аграрлық техника және технология	2,828	5/6
*	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	6В08700 Аграрлық техника және технология	1,001	*

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты рейтингте орын алмады*

19-кестеде «Аграрлық техника және технология» ББ бойынша 2025 жылғы рейтингті талдау қорытындылары ұсынылған. Жетекші орынды С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті иеленді.

20-кесте. 2023-2025 жылдардағы : «Аграрлық техника және технология» ББ бойынша рейтингтегі орындары

№	ЖЖОКБҰ атауы	Рейтингтегі орны		
		2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.
1	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	5/7	1/5	1/6
2	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті	4/7	-	2/6
3	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті	6/7	5/5	3/6
4	М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті	-	-	4/6
5	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	1/7	3/5	5/6
*	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	3/7	4/5	-
*	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	2/7	-	-
*	Ғ. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті	-	2/5	-

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты рейтингте орын алмады*
— - рейтингке қатыспаған

20-кестеде 2023-2025 жылдары «Аграрлық техника және технология» ББ бойынша рейтингке қатысқан оқу орындарының рейтингте алған орындары салыстырылды.

2023 жылы рейтинг көшбасшылары қатарында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті болды.

2024 жылы көшбасшылар тізімі өзгерді: С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті және Ғ. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті.

2025 жылы көшбасшылар болды: С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті.

2025 жылғы білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында «Аграрлық техника және технология» саласында мамандар даярлаудың әртүрлілігі мен сапасын көрсетеді. Талдау көрсеткендей, еңбек нарығының талаптары мен халықаралық стандарттарға бейімделе отырып, өз бағдарламаларын белсенді түрде жетілдіретін білім беру мекемелері жетекші орындарға ие болды.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті сияқты университеттердің жоғары нәтижелері олардың бәсекеге қабілеттілігін және түлектерінің сұранысын растайды. Бұл оқу орындары түлектердің жұмысқа

орналасу деңгейі, орташа жалақы және білім беру бағдарламаларының сапасы сияқты бірқатар критерийлер бойынша жоғары нәтижелер көрсетті.

Рейтинг нәтижелері талапкерлер, жұмыс берушілер және жоғары оқу орындары үшін құнды бағдар болып табылады, әрбір білім беру бағдарламасының мықты жақтарын анықтауға көмектеседі. Болашақта білім беру стандарттарын жақсарту және халықаралық ынтымақтастықты арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру Қазақстанның білім беру жүйесін одан әрі дамыту үшін маңызды қадам болады.

Қорытынды

2025 жылғы ББ бойынша білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін жақсарту үшін елеулі жетістіктер мен салаларды анықтауға мүмкіндік берді. Рейтингте жетекші орындарды білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері, түлектердің мансаптық перспективалары сияқты критерийлер топтары бойынша жоғары нәтижелер көрсете алған университеттер иеленді.

Талдау көрсеткендей, рейтингтің жоғарғы қатарында тұрған ЖЖОКБҰ студенттерді теориялық біліммен ғана емес, сонымен қатар еңбек нарығында сұранысқа ие практикалық дағдылармен қамтамасыз ете отырып, өздерінің білім беру бағдарламаларын жетілдіру бойынша белсенді жұмыс істейді. Алдыңғы қатардағы жоғары оқу орындары жұмыс берушілермен өзара іс-қимылға және халықаралық сапа стандарттарын интеграциялауға ерекше назар аударатынын атап өту керек, себебі бұл олардың түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай арттырады.

Сонымен бірге, есеп назар аударуды қажет ететін кейбір кемшіліктерді анықтады. Мысалы, бірқатар ЖЖОКБҰ-да студенттердің академиялық ұтқырлығы мен ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары, шетелдік студенттер үлесі бойынша төмен көрсеткіштер байқалады, бұл осы бағыттарды одан әрі дамыту қажеттігін көрсетеді. Сондай-ақ, оқу орындарының бір студентке шаққандағы қаржылық шығындар көлемінде айтарлықтай айырмашылықтар байқалды.

Рейтинг нәтижелері барлық мүдделі тараптар үшін маңызды құрал. Талапкерлер мен олардың ата-аналары үшін рейтинг оқу орнын таңдау кезінде бағдар, жұмыс берушілер үшін – мамандарды даярлау сапасының индикаторы, ал жоғары оқу орындарының өздері үшін – өз бағдарламаларын жақсартуға және бәсекелестік ортадағы позицияларын нығайтуға ынталандыру ретінде қызмет етеді.

Қорытындыны келесідей жасауға болады: елеулі жетістіктерге қарамастан, Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі жаңғыртуды және жаңа сын-тегеуріндерге бейімделуді жалғастыруда. Әр ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының жоғары деңгейін қолдап қана қоймай, еңбек нарығындағы өзгерістер мен қоғамның қажеттіліктерін ескере отырып, оларды үнемі жақсартуға ұмтылуы тиіс. 2025 жылғы қорытынды рейтинг жаһандық аренада қазақстандық білім берудің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ете отырып, осы мақсаттарға қол жеткізу жолындағы маңызды қадамдардың бірі. Білім беру бағдарламаларын жетілдіруді жалғастыру және түлектерді тез өзгеретін әлемде табысты кәсіби қызмет үшін қажетті білім мен дағдылармен қамтамасыз ету үшін жан-жақты жұмыс жасау өте маңызды.

Қосымша 1

«Аграрлық техника және технология» ББ бойынша рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ тізімі

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ атауы
1	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	6В08700 Аграрлық техника және технология
2	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті	6В08701 Аграрлық техника және технология
3	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	6В08701 Агроинженерия
4	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті	6В08701 Аграрлық техника және технология
5	М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті	6В08716 Аграрлық техника және технология
6	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	6В08710 Аграрлық техника және технология

6В014 Жалпы дамудың пәндік мамандырылған мұғалімдерін даярлау бағыты
В007 Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы тобы
«Бейнелеу өнері және сызу (білім беру)» білім беру бағдарламасы бойынша рейтингіні қалыптастыру есебі

Кіріспе

Қазақстанның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі экономиканың түрлі салалары үшін жоғары білікті мамандарды даярлауда шешуші рөлдердің бірін атқарады. Еңбек нарығының қарқынды дамуы мен халықаралық интеграция жағдайында білім беру сапасы ғана емес, сонымен қатар білім беру бағдарламаларының қазіргі заманғы сын-қатерлерге бейімделу қабілеті де маңызды. Білім беру мекемелері жұмысының тиімділігін бағалаудың маңызды құралы - мамандарды даярлау деңгейін, түлектердің бәсекеге қабілеттілігін және білім беру бағдарламаларының сапасын объективті бағалауға мүмкіндік беретін рейтингілер жасау.

Бұл есепте 2025 жылғы Қазақстанның жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі – ББ) талданады. Осы талдау шеңберінде түлектердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға және олардың еңбек нарығындағы сұранысына әсер ететін негізгі көрсеткіштер бойынша ББ кешенді салыстырмалы шолу жүргізілді.

Білім беру бағдарламаларының рейтингін қалыптастыру үшін негіздеме:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы.

2. «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы.

3. «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімшелеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығы.

4. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және білім беру жүйесіне тексеру парақтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы №166 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы №116 бірлескен бұйрығы.

Бұл есептің мақсаты – білім беру бағдарламаларына жан-жақты талдау жүргізу және осы талдау негізінде қорытынды рейтинг жасау. Рейтинг жасау барысында білім беру процесінің барлық маңызды компоненттерін қамтитын әртүрлі критерийлер тобы ескерілді. Олардың ішінде: білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері және түлектердің мансаптық перспективалары. Бұл блоктардың әрқайсысы жалпы рейтингте белгілі бір салмаққа ие, бұл бағалауды мүмкіндігінше объективті және жан-жақты етуге мүмкіндік береді.

Бұл есептің негізгі міндеті – білім беру бағдарламаларының жағдайы туралы нақты және құрылымдық түсінік беру. «Бейнелеу өнері және сызу (білім беру)» ББ бойынша 2025 жылғы рейтингке 23 ЖЖОКБҰ қатысты (1-қосымша). Кейбір ЖЖОКБҰ осы ББ бойынша түлектерінің санының аз болуына байланысты рейтингте орын алған жоқ (ББ бойынша 2024 жылғы түлек саны 5 түлектен аз), олардың ішінде Қызылорда ашық университеті мен Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау бар.

1 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларының деректерін талдау

1.1 «Білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.1.1 «Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен әзірлеу және келісу» критерийі

ББ мазмұнын болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі мен бәсекеге қабілеттілігінің тиімділігін арттыру үшін әлеуетті немесе негізгі жұмыс берушілермен келісу қажет. Жұмыс берушілер білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде ұсыныстар, пәндердің мазмұнына өзгерістер енгізе алады, сондай-ақ зерттелетін тақырыптар мен материалдардың өзектілігі бойынша ұсыныстар мен ескертулер бере алады. Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен келісу түлектердің табысты жұмысқа орналасуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады.

ЖЖОКБҰ бұл критерий бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған ББ бойынша құжаттардың мынадай тізбесін ұсыну қажет: модульдік білім беру бағдарламасы (МББ), элективті пәндер каталогы (ЭПК), жұмыс берушіден хат, келісу хаттамасы, жұмыс берушінің рецензиясы, ұсынымдық хат, анықтама-негіздеме, ББ сараптамасы.

Осы критерийді есептеу кезінде ББ келісуге қатысатын жұмыс берушілердің санына басты назар аударылды. Бір мамандықтағы жұмыс берушілер әр түрлі болуы мүмкін, сәйкесінше, жұмыс берушілер саны неғұрлым көп болса, жұмыс ерекшеліктерін ұсыну туралы көзқарастар мен пікірлер соғұрлым көп болады.

1-кесте. «Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен әзірлеу және келісу» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ келісілген жұмыс берушілер саны	Балл
1	Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті	6	**5,00**
2	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	6	**5,00**
3	Шымкент университеті	5	**4,33**
4	Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты	5	**4,33**
5	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	5	**4,33**
6	Жұмабек Ахметұлы Тәшенов атындағы университет	4	**3,67**
7	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	4	**3,67**
8	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	4	**3,67**
9	Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті	3	**3,00**
10	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	3	**3,00**
11	Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық институты	3	**3,00**

12	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті	3	**3,00**
13	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	3	**3,00**
14	Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты	2	**2,33**
15	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	2	**2,33**
16	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	2	**2,33**
17	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	1	**1,67**
18	І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті	1	**1,67**
19	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті	1	**1,67**
20	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	1	**1,67**
21	Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті	1	**1,67**
22	Қызылорда ашық университеті	1	**1,67**
23	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	3	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

1-кестеде осы критерий бойынша нәтижелер берілген: Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті мен Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті жетекші орынға ие болды, өйткені олардың білім беру бағдарламалары жұмыс берушілердің ең көп санымен келісілген.

1.1.2 «Профессор-оқытушылар құрамының практикалық жұмыс тәжірибесі» критерийі

Профессор-оқытушылар құрамының (ПОҚ) практикалық жұмыс тәжірибесі білім беру үдерісі сапасының маңызды құрамдас бөлігі. Тиісті кәсіби салада нақты тәжірибесі бар оқытушылар студенттерге пән туралы тереңірек және қолданбалы түсінік бере алады. Олар оқу процесіне практикадан, қолданылатын әдістер мен технологиялардан өзекті мысалдар келтіре алады, бұл студенттерді кәсіби қызметке неғұрлым тиімді дайындауға ықпал етеді.

Сонымен қатар, оқытушылардың практикалық тәжірибесі оларға саланың қазіргі тенденцияларын жақсырақ бағдарлауға және оқу бағдарламаларын еңбек нарығының өзгеретін талаптарына бейімдеуге мүмкіндік береді, осылайша түлектердің жоғары бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

ББ бойынша осы көрсеткішті анықтау үшін мынадай құжаттар талап етілді: ЖЖОКБҰ кадрлар бөлімінен оқытушылардың жұмыс өтілі туралы бекітілген анықтама.

2025 жылғы рейтинг әдістемесіне сәйкес 2010 жылғы 1 қаңтар мен 2025 жылғы 1 мамыр аралығында практикалық тәжірибесі бар оқытушылар есепке алынады.

2-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының практикалық жұмыс тәжірибесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Практикалық жұмыс өтілі бар оқытушылар саны (айлар)		Балл
		саны	өтілі	
1	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	11	610	**3,27**
2	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	1	180	**2,97**
3	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	4	552	**2,68**
4	Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті	1	180	**2,63**
5	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	1	180	**2,53**
6	Қызылорда ашық университеті	1	144	**2,53**
7	І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті	1	124	**2,08**
8	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті	3	331	**1,99**
9	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	5	431	**1,87**
10	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	2	206	**1,82**
11	Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты	2	218	**1,80**
12	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті	6	516	**1,70**
13	Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті	1	81	**1,53**
14	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	2	131	**1,32**
15	Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты	2	112	**1,28**
16	Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті	1	37	**0,89**
17	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	1	42	**0,81**
18	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	3	74	**0,77**
19	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	1	24	**0,53**
20	Жұмабек Ахметұлы Тәшенов атындағы университет	2	46	**0,41**
21	Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық институты	0	0	**0,00**
22	Шымкент университеті	0	0	**0,00**

23	«Мирас» униерситеті	0	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

2-кестеден көріп отырғанымыздай, рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ-ның көпшілігінде ЖЖОКБҰ құрылымынан тыс жұмыс тәжірибесі бар оқытушылар бар. Бұл критерийдің көшбасшылары: Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті.

1.1.3 «Профессор-оқытушылар құрамының жетістіктері» критерийі

«Профессорлық-оқытушылық құрамның жетістіктері» критерийі білім беру бағдарламаларының сапасын бағалауда маңызды рөл атқарады, өйткені ол білім беру процесіне қатысатын мұғалімдердің кәсібилігі мен құзыреттілігінің деңгейін көрсетеді. Рейтинг әдіснамасына сәйкес, бұл критерий соңғы жылдардағы профессорлық-оқытушылық құрамның жетістіктерін жан-жақты бағалауға мүмкіндік беретін бірнеше ішкі критерийлерді қамтиды.

Атап айтқанда, 2015-2025 жылдар аралығында «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағына ие болған оқытушылар есепке алынады, бұл олардың педагогикалық еңбегін ЖЖОКБҰ деңгейінде мойындағанын көрсетеді. Сол кезеңде «Үздік ғылыми қызметкер» атағын алған ПОҚ да ескеріледі, бұл олардың ғылыми зерттеулерге және академиялық қоғамдастықтың дамуына қосқан үлесін көрсетеді.

3-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының жетістіктері» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атанған ПОҚ саны	«Үздік ғылыми қызметкер» сыйлығының иегерлері	Балл
1	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	2	0	**2,50**
2	Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті	1	0	**1,25**
3	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	1	0	**1,25**
4	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	1	0	**1,25**
5	Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты	0	0	**0,00**
6	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	0	0	**0,00**
7	І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті	0	0	**0,00**

8	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	0	0	**0,00**
9	Жұмабек Ахметұлы Тәшенов атындағы университет	0	0	**0,00**
10	Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті	0	0	**0,00**
11	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті	0	0	**0,00**
12	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	0	0	**0,00**
13	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	0	0	**0,00**
14	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	0	0	**0,00**
15	Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық институты	0	0	**0,00**
16	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті	0	0	**0,00**
17	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	0	0	**0,00**
18	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	0	0	**0,00**
19	Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті	0	0	**0,00**
20	Шымкент университеті	0	0	**0,00**
21	Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты	0	0	**0,00**
22	Қызылорда ашық университеті	0	0	**0,00**
23	«Мирас» униерситеті	0	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

3-кестеден көріп отырғанымыздай, осы критерий бойынша Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті жетекші орынға ие болды.

1.1.4 «Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу» критерийі

Білім беру және кәсіптік ұйымдардың бағдарламаны аккредиттеуі бағдарламаның жоғары сапа стандарттарына сәйкестігінің көрсеткіші және оны ұлттық және халықаралық деңгейде тану және мойындау ретінде қарастырылады.

Дәл осы себепті ББ-ның мамандандырылған аккредиттеуден өткені туралы сертификаты сұралды. Бұл критерий бойынша балл білім беру бағдарламасы аккредиттеуден өткен мекеме мен аккредиттеуден өткені туралы сертификаттың жарамдылық ұзақтығына байланысты есептелді.

Ұсынылған мәліметтерге сәйкес **«**Бейнелеу өнері және сызу (білім беру)**»** ББ бойынша рейтингке қатысатын 23 ЖЖОКБҰ-ның 22-і мамандандырылған аккредиттеуден өткен.

4-кесте. «Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Аккредитациялық орган атауы	Балл
1	Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты	IAAR	**5,00**
2	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	IAAR	**5,00**
3	І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті	IQAA	**5,00**
4	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	ARQA	**5,00**
5	Жұмабек Ахметұлы Тәшенов атындағы университет	IQAA	**5,00**
6	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті	IAAR	**5,00**
7	Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті	IAAR	**5,00**
8	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	IQAA	**5,00**
9	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	IQAA	**5,00**
10	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	IAAR	**5,00**
11	Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық институты	ARQA	**5,00**
12	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті	НКЦА (NKCA)	**5,00**
13	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	IAAR	**5,00**
14	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	CAAAE	**5,00**
15	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	IAAR	**5,00**
16	Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті	IQAA	**5,00**
17	Шымкент университеті	НКЦА (NKCA)	**5,00**
18	Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты	IQAA	**5,00**
19	Қызылорда ашық университеті	CAAAE	**5,00**
20	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	IQAA	**5,00**
21	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	ARQA	**5,00**
22	«Мирас» униерситеті	IQAA	**5,00**
23	Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

4-кестеге сәйкес, осы критерий бойынша 23 ЖЖОКБҰ-ның 22-і мамандандырылған аккредиттеуден өткен болса, ал Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті өтпегендігін байқауға болады.

1-диаграмма. Аккредиттеу органдары бөлінісіндегі аккредиттелген білім беру бағдарламалары



Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

1-диаграммадан көріп отырғанымыздай, 22 ББ-ның 8-і IQAA - Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігінде аккредиттеуден өтсе, ал тағы 7-і IAAR – Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі аккредиттеуінен өткен.

1.1.5 «Білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау» критерийі

Тиісті салалардан сарапшыларды тарту арқылы білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау білім беру сапасын қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылады. Кәсіби саласында терең білімі мен тәжірибесі бар сарапшылар оқу бағдарламаларының еңбек нарығының заманауи талаптары мен кәсіби стандарттарға қаншалықты сәйкес келетінін объективті бағалай алады. Олар мазмұндағы олқылықтарды анықтап, оқу жоспарларын жаңартуды және жаңа пәндерді немесе оқыту әдістерін енгізуді ұсына алады. Мұндай сараптамалық бағалау білім беру мекемелеріне бағдарламаларды өзгермелі жағдайларға бейімдеуге, мамандарды даярлауды жақсартуға және соның салдарынан түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектеседі. Сарапшыларды тарту сонымен қатар білім беру жүйесі мен индустрия арасындағы байланысты нығайтады, бұл жұмыс берушілердің қажеттіліктерін жақсы түсінуге және білім беру бағдарламаларының практикалық маңыздылығын арттыруға ықпал етеді.

Сарапшылардың ББ бағалауы мынадай критерийлер бойынша жүргізіледі:

1) ББ-ның тәжірибеге бағдарлануы – ББ-ның білім мен дағдыларды практикалық қолдануға қаншалықты бағытталғанын бағалау;

2) Пәндердің берілген оқу нәтижелеріне логикалық өзара байланысы және сәйкестігі – бағдарлама ішіндегі пәндер бір-бірімен және оқытудың соңғы нәтижелерімен қалай байланысты екенін талдау;

3) Пәндерді оқыту кезегінің мәнділігі/қисындылығы – бағдарламаның логикалық құрылымын, пәндердің қаншалықты материалды жақсы игеруге ықпал ететін ретпен ұйымдастырылғандығын бағалау;

4) ББ мазмұнының кәсіптік стандарттарға және/немесе еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі – ББ-ның осы саладағы қолданыстағы кәсіби стандарттарға (олар бар болған жағдайда) және (немесе) қазіргі еңбек нарығының талаптарына қаншалықты сәйкес келетіндігін бағалау;

5) Элективті пәндер каталогы (ЭПК) және оның мәні – ББ икемділігі мен бейімділігін бағалау: элективті курстардың кеңдігі мен әртүрлілігі, сәйкес бағыттар мен мамандықтарды таңдау мүмкіндігі, студенттердің қажеттіліктері мен еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі, тәжірибеге бағытталған және инновациялық курстардың болуын бағалау.

ББ мазмұнын бағалау жүйесі келесі диапазондар бойынша бөлінеді:

- Өте жақсы – 9-10 балл арасы;
- Жақсы – 6-8 балл арасы;
- Қанағаттанарлық – 4-5 балл арасы;
- Қанағаттанарлықсыз – 0-3 балл арасы.

5-кесте. «Білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Сарапшының орташа бағасы	Балл
1	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	7,67	**3,84**
2	І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті	7,58	**3,79**
3	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті	7,50	**3,75**
4	Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты	7,42	**3,71**
5	Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті	7,33	**3,67**
6	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	7,33	**3,67**
7	Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті	7,33	**3,67**
8	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	7,33	**3,67**
9	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	7,17	**3,59**
10	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті	7,17	**3,59**
11	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	7,08	**3,54**
12	Жұмабек Ахметұлы Тәшенов атындағы университет	7,08	**3,54**
13	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	7,08	**3,54**
14	Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық институты	7,08	**3,54**
15	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	7,08	**3,54**
16	Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты	7,08	**3,54**
17	Қызылорда ашық университеті	7,08	**3,54**
18	Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті	7,00	**3,50**

19	Шымкент университеті	7,00	**3,50**
20	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	6,92	**3,46**
21	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	6,75	**3,38**
22	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	6,67	**3,34**
23	«Мирас» униерситеті	0,00	**0,00**

Дереккөз: «Атамекен» ҰКП мәліметтері

5-кестеде ББ мазмұнын сараптамалық бағалаудың қорытындысы ұсынылған, оған сәйкес жетекші орынды М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ЖЖОКБҰ иеленді.

1.2 «Білім беру бағдарламасының жетістіктері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.2.1 «Академиялық ұтқырлық» критерийі

ЖЖОКБҰ студенттерінің белгілі бір уақыт кезеңіне елден тыс басқа білім беру немесе ғылыми мекемеге ауысуы студенттің жеке дамуы үшін маңызды және оған мәдени байуға мүмкіндік береді, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің тиімділігін, түлектердің отандық және халықаралық еңбек нарықтарындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады, жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының тәжірибесін зерделеу және игеру есебінен кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіреді және т. б.

ЖЖОКБҰ да академиялық ұтқырлық бағдарламасын іске асыруды талдау мақсатында оқу орындарынан мынадай құжаттар талап етілді:

- академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде студенттерді шетелдік оқу орындарына жіберу туралы ректор бұйрығының көшірмесі;
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті және Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті сияқты университеттердің жоғары нәтижелері олардың бәсекеге қабілеттілігін және түлектерінің сұранысын растайды. Бұл оқу орындары түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі, орташа жалақы және білім беру бағдарламаларының сапасы сияқты бірқатар критерийлер бойынша жоғары нәтижелер көрсетті.

Рейтинг нәтижелері талапкерлер, жұмыс берушілер және жоғары оқу орындары үшін құнды бағдар болып табылады, әрбір білім беру бағдарламасының мықты жақтарын анықтауға көмектеседі. Болашақта білім беру стандарттарын жақсарту және халықаралық ынтымақтастықты арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру Қазақстанның білім беру жүйесін одан әрі дамыту үшін маңызды қадам болады.

Қорытынды

2025 жылғы ББ бойынша білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін жақсарту үшін елеулі жетістіктер мен салаларды анықтауға мүмкіндік берді. Рейтингте жетекші орындарды білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері, түлектердің мансаптық перспективалары сияқты критерийлер топтары бойынша жоғары нәтижелер көрсете алған университеттер иеленді.

Талдау көрсеткендей, рейтингтің жоғарғы қатарында тұрған ЖЖОКБҰ студенттерді теориялық біліммен ғана емес, сонымен қатар еңбек нарығында сұранысқа ие практикалық дағдылармен қамтамасыз ете отырып, өздерінің білім беру бағдарламаларын жетілдіру бойынша белсенді жұмыс істейді. Алдыңғы қатардағы жоғары оқу орындары жұмыс берушілермен өзара іс-қимылға және халықаралық сапа стандарттарын интеграциялауға ерекше назар аударатынын атап өту керек, себебі бұл олардың түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай арттырады.

Сонымен бірге, есеп назар аударуды қажет ететін кейбір кемшіліктерді анықтады. Мысалы, бірқатар ЖЖОКБҰ-да студенттердің академиялық ұтқырлығы мен ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары, шетелдік студенттер үлесі бойынша төмен көрсеткіштер байқалады, бұл осы бағыттарды одан әрі дамыту қажеттігін көрсетеді. Сондай-ақ, оқу орындарының бір студентке шаққандағы қаржылық шығындар көлемінде айтарлықтай айырмашылықтар байқалды.

Рейтинг нәтижелері барлық мүдделі тараптар үшін маңызды құрал. Талапкерлер мен олардың ата-аналары үшін рейтинг оқу орнын таңдау кезінде бағдар, жұмыс берушілер үшін – мамандарды даярлау сапасының индикаторы, ал жоғары оқу орындарының өздері үшін – өз бағдарламаларын жақсартуға және бәсекелестік ортадағы позицияларын нығайтуға ынталандыру ретінде қызмет етеді.

Қорытындыны келесідей жасауға болады: елеулі жетістіктерге қарамастан, Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі жаңғыртуды және жаңа сын-тегеуріндерге бейімделуді жалғастыруда. Әр ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының жоғары деңгейін қолдап қана қоймай, еңбек нарығындағы өзгерістер мен қоғамның қажеттіліктерін ескере отырып, оларды үнемі жақсартуға ұмтылуы тиіс. 2025 жылғы қорытынды рейтинг жаһандық аренада қазақстандық білім берудің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ете отырып, осы мақсаттарға қол жеткізу жолындағы маңызды қадамдардың бірі. Білім беру бағдарламаларын жетілдіруді жалғастыру және түлектерді тез өзгеретін әлемде табысты кәсіби қызмет үшін қажетті білім мен дағдылармен қамтамасыз ету үшін жан-жақты жұмыс жасау өте маңызды.

Қосымша 1

«Бейнелеу өнері және сызу (білім беру)» ББ бойынша рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ тізімі

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ атауы
1	Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты	6В01408 Көркем білім ІР
2	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	6В01403 Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау
3	І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті	6В01406 Көркем еңбек, графика және жобалау
4	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	6В01416 Көркем білім ІР
5	Жұмабек Ахметұлы Тәшенов атындағы университет	6В01403 Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау
6	Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті	6В01405 Бейнелеу өнері, көркем еңбек және графика
7	А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті	6В01406 Бейнелеу өнері, көркем еңбек, графика және дизайн
8	Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті	6В01402 Бейнелеу өнері, Көркем еңбек, графика және дизайн
9	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	6В01478 Көркемдік білім (ІР)
10	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	6В01404Көркем еңбек және сызу мұғалімін даярлау
11	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	6В02113 Бейнелеу өнері (живопись)
12	Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық институты	6В01471Көркем еңбек, графика және жобалау
13	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті	6В01405 Бейнелеу өнері, көркем еңбек, графика және жобалау
14	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	6В01409 Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау
15	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	6В01412 Көркем білім (ІР)
16	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	6В01404 Бейнелеу өнері және көркем еңбек
17	Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті	6В01401 Бейнелеу өнері мен сызу мәдениеті және спорт
18	Шымкент университеті	6В01405 Көркем еңбек және жобалау
19	Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты	6В01405 Көркем еңбек және сызу
20	Қызылорда ашық университеті	6В01408 Бейнелеу өнері және сызу (визуалды өнер, көркем еңбек, графика және жобалау)
21	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	6В01451 Еңбек технологиясы және сызу

22	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	6В01406 Бейнелеу өнері, көркем еңбек, графика және жобалау
23	«Мирас» университеті	6В01403 Көркемдік білім беру, графика және жобалау мұғалімі

6В101 Денсаулық сақтау даярлау бағыты
ВМ086 Медицина білім беру бағдарламасы тобы
«Жалпы медицина» білім беру бағдарламасы бойынша рейтингіні қалыптастыру есебі

Кіріспе

Қазақстанның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі экономиканың түрлі салалары үшін жоғары білікті мамандарды даярлауда шешуші рөлдердің бірін атқарады. Еңбек нарығының қарқынды дамуы мен халықаралық интеграция жағдайында білім беру сапасы ғана емес, сонымен қатар білім беру бағдарламаларының қазіргі заманғы сын-қатерлерге бейімделу қабілеті де маңызды. Білім беру мекемелері жұмысының тиімділігін бағалаудың маңызды құралы - мамандарды даярлау деңгейін, түлектердің бәсекеге қабілеттілігін және білім беру бағдарламаларының сапасын объективті бағалауға мүмкіндік беретін рейтингілер жасау.

Бұл есепте 2025 жылғы Қазақстанның жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі – ББ) талданады. Осы талдау шеңберінде түлектердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға және олардың еңбек нарығындағы сұранысына әсер ететін негізгі көрсеткіштер бойынша ББ кешенді салыстырмалы шолу жүргізілді.

Білім беру бағдарламаларының рейтингін қалыптастыру үшін негіздеме:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы.

2. «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы.

3. «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімшелеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығы.

4. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және білім беру жүйесіне тексеру парақтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы №166 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы №116 бірлескен бұйрығы.

Бұл есептің мақсаты – білім беру бағдарламаларына жан-жақты талдау жүргізу және осы талдау негізінде қорытынды рейтинг жасау. Рейтинг жасау барысында білім беру процесінің барлық маңызды компоненттерін қамтитын

әртүрлі критерийлер тобы ескерілді. Олардың ішінде: білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері және түлектердің мансаптық перспективалары. Бұл блоктардың әрқайсысы жалпы рейтингте белгілі бір салмаққа ие, бұл бағалауды мүмкіндігінше объективті және жан-жақты етуге мүмкіндік береді.

Бұл есептің негізгі міндеті – білім беру бағдарламаларының жағдайы туралы нақты және құрылымдық түсінік беру. «Жалпы медицина» ББ бойынша 2025 жылғы рейтингке 10 ЖЖОКБҰ қатысты (1-қосымша).

Кейбір ЖЖОКБҰ осы ББ бойынша түлектерінің санының аз болуына байланысты рейтингте орын алған жоқ (ББ бойынша 2024 жылғы түлек саны 5 түлектен аз), олардың ішінде Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті мен Каспий қоғамдық университеті бар.

Кейбір ЖЖОКБҰ осы ББ бойынша түлектерінің санының аз болуына байланысты рейтингте орын алған жоқ (ББ бойынша 2024 жылғы түлек саны 5 түлектен аз), олардың ішінде Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті мен Каспий қоғамдық университеті бар.

1 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларының деректерін талдау

1.1 «Білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.1.1 «Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен әзірлеу және келісу» критерийі

ББ мазмұнын болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі мен бәсекеге қабілеттілігінің тиімділігін арттыру үшін әлеуетті немесе негізгі жұмыс берушілермен келісу қажет. Жұмыс берушілер білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде ұсыныстар, пәндердің мазмұнына өзгерістер енгізе алады, сондай-ақ зерттелетін тақырыптар мен материалдардың өзектілігі бойынша ұсыныстар мен ескертулер бере алады. Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен келісу түлектердің табысты жұмысқа орналасуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады.

ЖЖОКБҰ бұл критерий бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған ББ бойынша құжаттардың мынадай тізбесін ұсыну қажет: модульдік білім беру бағдарламасы (МББ), элективті пәндер каталогы (ЭПК), жұмыс берушіден хат, келісу хаттамасы, жұмыс берушінің рецензиясы, ұсынымдық хат, анықтама-негіздеме, ББ сараптамасы.

Осы критерийді есептеу кезінде ББ келісуге қатысатын жұмыс берушілердің санына басты назар аударылды. Бір мамандықтағы жұмыс берушілер әр түрлі болуы мүмкін, сәйкесінше, жұмыс берушілер саны неғұрлым көп болса, жұмыс ерекшеліктерін ұсыну туралы көзқарастар мен пікірлер соғұрлым көп болады.

1-кесте. «Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен әзірлеу және келісу» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ келісілген жұмыс берушілер саны	Балл
1	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	62	**5,00**
2	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	11	**1,71**
3	Семей медицина университеті	8	**1,52**
4	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	5	**1,32**
5	Қарағанды Медицина Университеті	5	**1,32**
6	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	2	**1,13**
7	Каспий қоғамдық университеті	2	**1,13**
8	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	1	**1,06**
9	Астана медицина университеті	1	**1,06**
10	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

1-кестеде осы критерий бойынша нәтижелер берілген: С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті жетекші орынға ие болды, өйткені оның білім беру бағдарламалары жұмыс берушілердің ең көп санымен келісілген.

1.1.2 «Профессор-оқытушылар құрамының практикалық жұмыс тәжірибесі» критерийі

Профессор-оқытушылар құрамының (ПОҚ) практикалық жұмыс тәжірибесі білім беру үдерісі сапасының маңызды құрамдас бөлігі. Тиісті кәсіби салада нақты тәжірибесі бар оқытушылар студенттерге пән туралы тереңірек және қолданбалы түсінік бере алады. Олар оқу процесіне практикадан, қолданылатын әдістер мен технологиялардан өзекті мысалдар келтіре алады, бұл студенттерді кәсіби қызметке неғұрлым тиімді дайындауға ықпал етеді.

Сонымен қатар, оқытушылардың практикалық тәжірибесі оларға саланың қазіргі тенденцияларын жақсырақ бағдарлауға және оқу бағдарламаларын еңбек нарығының өзгеретін талаптарына бейімдеуге мүмкіндік береді, осылайша түлектердің жоғары бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

ББ бойынша осы көрсеткішті анықтау үшін мынадай құжаттар талап етілді: ЖЖОКБҰ кадрлар бөлімінен оқытушылардың жұмыс өтілі туралы бекітілген анықтама.

2025 жылғы рейтинг әдістемесіне сәйкес 2010 жылғы 1 қаңтар мен 2025 жылғы 1 мамыр аралығында практикалық тәжірибесі бар оқытушылар есепке алынады.

2-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының практикалық жұмыс тәжірибесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Практикалық жұмыс өтілі бар оқытушылар саны (айлар)		Балл
		саны	өтілі	
1.	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	467	54420	**5,00**
2.	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	404	47131	**3,36**
3.	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	62	7180	**3,35**
4.	Астана медицина университеті	302	31370	**2,81**
5.	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	149	16305	**2,81**
6.	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	36	3848	**2,59**
7.	Семей медицина университеті	40	4084	**2,48**
8.	Каспий қоғамдық университеті	184	8672	**2,16**
9.	Қарағанды Медицина Университеті	307	20892	**1,95**

10.	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	110	5436	**0,27**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

2-кестеден көріп отырғанымыздай, рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ-ның көпшілігінде ЖЖОКБҰ құрылымынан тыс жұмыс тәжірибесі бар оқытушылар бар. Бұл критерийдің көшбасшылары: Қазақстан-Ресей медициналық университеті, С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті, Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті.

1.1.3 «Профессор-оқытушылар құрамының жетістіктері» критерийі

«Профессорлық-оқытушылық құрамның жетістіктері» критерийі білім беру бағдарламаларының сапасын бағалауда маңызды рөл атқарады, өйткені ол білім беру процесіне қатысатын мұғалімдердің кәсібилігі мен құзыреттілігінің деңгейін көрсетеді. Рейтинг әдіснамасына сәйкес, бұл критерий соңғы жылдардағы профессорлық-оқытушылық құрамның жетістіктерін жан-жақты бағалауға мүмкіндік беретін бірнеше ішкі критерийлерді қамтиды.

Атап айтқанда, 2015-2025 жылдар аралығында «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағына ие болған оқытушылар есепке алынады, бұл олардың педагогикалық еңбегін ЖЖОКБҰ деңгейінде мойындағанын көрсетеді. Сол кезеңде «Үздік ғылыми қызметкер» атағын алған ПОҚ да ескеріледі, бұл олардың ғылыми зерттеулерге және академиялық қоғамдастықтың дамуына қосқан үлесін көрсетеді.

3-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының жетістіктері» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атанған ПОҚ саны	«Үздік ғылыми қызметкер» сыйлығының иегерлері	Балл
1.	Астана медицина университеті	3	2	**5,00**
2.	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	3	0	**2,50**
3.	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	3	0	**2,50**
4.	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	1	1	**2,08**
5.	Семей медицина университеті	0	0	**0,00**
6.	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	0	0	**0,00**
7.	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	0	0	**0,00**

8.	Каспий қоғамдық университеті	0	0	**0,00**
9.	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	0	0	**0,00**
10	Қарағанды Медицина Университеті	0	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

3-кестеден көріп отырғанымыздай, осы критерий бойынша Астана медицина университеті жетекші орынға ие болды.

1.1.4 «Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу» критерийі

Білім беру және кәсіптік ұйымдардың бағдарламаны аккредиттеуі бағдарламаның жоғары сапа стандарттарына сәйкестігінің көрсеткіші және оны ұлттық және халықаралық деңгейде тану және мойындау ретінде қарастырылады.

Дәл осы себепті ББ-ның мамандандырылған аккредиттеуден өткені туралы сертификаты сұралды. Бұл критерий бойынша балл білім беру бағдарламасы аккредиттеуден өткен мекеме мен аккредиттеуден өткені туралы сертификаттың жарамдылық ұзақтығына байланысты есептелді.

Ұсынылған мәліметтерге сәйкес, «Жалпы медицина» ББ бойынша рейтингке қатысатын 10 ЖЖОКБҰ-ның 10-ы мамандандырылған аккредиттеуден өткен.

4-кесте. «Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Аккредитациялық орган атауы	Балл
1	Семей медицина университеті	ECAQA	**5,00**
2	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	IAAR	**5,00**
3	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	ECAQA	**5,00**
4	Астана медицина университеті	IAAR	**5,00**
5	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	ECAQA	**5,00**
6	Каспий қоғамдық университеті	ECAQA	**3,00**
7	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	IQAA	**5,00**
8	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	IAAR	**5,00**
9	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	IAAR	**5,00**
10	Қарағанды Медицина Университеті	IAAR	**5,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

4-кестеге сәйкес, осы критерий бойынша барлық ЖЖОКБҰ аккредиттеуден өткендігін көруге болады.

1-диаграмма. Аккредиттеу органдары бөлінісіндегі аккредиттелген білім беру бағдарламалары



Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

1-диаграммадан көріп отырғанымыздай, 10 ББ-ның 5-і IAAR – Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінде өткен.

1.1.5 «Білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау» критерийі

Тиісті салалардан сарапшыларды тарту арқылы білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау білім беру сапасын қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылады. Кәсіби саласында терең білімі мен тәжірибесі бар сарапшылар оқу бағдарламаларының еңбек нарығының заманауи талаптары мен кәсіби стандарттарға қаншалықты сәйкес келетінін объективті бағалай алады. Олар мазмұндағы олқылықтарды анықтап, оқу жоспарларын жаңартуды және жаңа пәндерді немесе оқыту әдістерін енгізуді ұсына алады. Мұндай сараптамалық бағалау білім беру мекемелеріне бағдарламаларды өзгермелі жағдайларға бейімдеуге, мамандарды даярлауды жақсартуға және соның салдарынан түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектеседі. Сарапшыларды тарту сонымен қатар білім беру жүйесі мен индустрия арасындағы байланысты нығайтады, бұл жұмыс берушілердің қажеттіліктерін жақсы түсінуге және білім беру бағдарламаларының практикалық маңыздылығын арттыруға ықпал етеді.

Сарапшылардың ББ бағалауы мынадай критерийлер бойынша жүргізіледі:

1) ББ-ның тәжірибеге бағдарлануы – ББ-ның білім мен дағдыларды практикалық қолдануға қаншалықты бағытталғанын бағалау;

2) Пәндердің берілген оқу нәтижелеріне логикалық өзара байланысы және сәйкестігі – бағдарлама ішіндегі пәндер бір-бірімен және оқытудың соңғы нәтижелерімен қалай байланысты екенін талдау;

3) Пәндерді оқыту кезегінің мәнділігі/қисындылығы – бағдарламаның логикалық құрылымын, пәндердің қаншалықты материалды жақсы игеруге ықпал ететін ретпен ұйымдастырылғандығын бағалау;

4) ББ мазмұнының кәсіптік стандарттарға және/немесе еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі – ББ-ның осы саладағы қолданыстағы кәсіби стандарттарға (олар бар болған жағдайда) және (немесе) қазіргі еңбек нарығының талаптарына қаншалықты сәйкес келетіндігін бағалау;

5) Элективті пәндер каталогы (ЭПК) және оның мәні – ББ икемділігі мен бейімділігін бағалау: элективті курстардың кеңдігі мен әртүрлілігі, сәйкес бағыттар мен мамандықтарды таңдау мүмкіндігі, студенттердің қажеттіліктері мен еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі, тәжірибеге бағытталған және инновациялық курстардың болуын бағалау.

ББ мазмұнын бағалау жүйесі келесі диапазондар бойынша бөлінеді:

- Өте жақсы – 9-10 балл арасы;
- Жақсы – 6-8 балл арасы;
- Қанағаттанарлық – 4-5 балл арасы;
- Қанағаттанарлықсыз – 0-3 балл арасы.

5-кесте. «Білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Сарапшының орташа бағасы	Балл
1.	Қарағанды Медицина Университеті	8,75	**4,38**
2.	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	8,25	**4,13**
3.	Каспий қоғамдық университеті	8,08	**4,04**
4.	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	7,83	**3,92**
5.	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	7,83	**3,92**
6.	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	7,75	**3,88**
7.	Семей медицина университеті	7,67	**3,84**
8.	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	7,58	**3,79**
9.	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	7,33	**3,67**
10.	Астана медицина университеті	6,92	**3,46**

Дереккөз: «Атамекен» ҰКП мәліметтері

5-кестеде ББ мазмұнын сараптамалық бағалаудың қорытындысы ұсынылған, оған сәйкес жетекші орында мынадай ЖЖОКБҰ иеленді: Қарағанды Медицина Университеті.

1.2 «Білім беру бағдарламасының жетістіктері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.2.1 «Академиялық ұтқырлық» критерийі

ЖЖОКБҰ студенттерінің белгілі бір уақыт кезеңіне елден тыс басқа білім беру немесе ғылыми мекемеге ауысуы студенттің жеке дамуы үшін маңызды және оған мәдени байуға мүмкіндік береді, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің тиімділігін, түлектердің отандық және халықаралық еңбек нарықтарындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады, жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының тәжірибесін зерделеу және игеру есебінен кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіреді және т. б.

ЖЖОКБҰ да академиялық ұтқырлық бағдарламасын іске асыруды талдау мақсатында оқу орындарынан мынадай құжаттар талап етілді:

- академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде студенттерді шетелдік оқу орындарына жіберу туралы ректор бұйрығының көшірмесі;
- академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде шетелдік оқу орындарының студенттерін қабылдау туралы ректор бұйрығының көшірмесі.

ЖЖОКБҰ академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде ұсынылған құжаттарды «Атамекен» ҰКП менеджерлері талдап, келесі қорытындылар жасады:

6-кесте. «Академиялық ұтқырлық» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ контингенті	Академиялық ұтқырлық бағдарламаларын қолданған білім алушылар саны	Балл
1.	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	770	50	**5,00**
2.	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	5152	254	**3,80**
3.	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	4247	70	**1,27**
4.	Семей медицина университеті	3678	57	**1,19**
5.	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	2244	21	**1,00**
6.	Астана медицина университеті	4230	37	**0,67**
7.	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	2673	13	**0,37**
8.	Каспий қоғамдық университеті	1294	2	**0,12**
9.	Қарағанды Медицина Университеті	2912	4	**0,11**
10.	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	785	1	**0,10**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

6-кестеде көрсетілген мәліметтерге сәйкес, келесі ЖЖОКБҰ жоғары көрсеткіштерді көрсетті: Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті, С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті.

1.2.2 «Білім алушылардың ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары» критерийі

Қазіргі уақытта нарықтағы технологиялық даму ЖЖОКБҰ-да тиімді ғылыми-зерттеу процесін ұйымдастыруды талап етеді, тек жаңа білімді дамытуды ғана емес, сонымен қатар нарықта коммерциялық тұрғыдан дамыған, сұранысқа ие бизнес-идеяларды өндіруді талап етеді.

Студенттік бизнес-инкубаторлар мен зертханалар жастар ортасында кәсіпкерлік қызметтің оң бейнесін қалыптастырады, жастар арасында креативті және инновациялық әлеуетті іске асырады, сондай-ақ кәсіпкерлікке және инновациялық қызметке бағдарланған ұйымдар мен жастар қауымдастықтарын қолдайды, жастар кәсіпкерлігін ақпараттық, білім беру, қаржылық және мүліктік қолдаудың бірыңғай жүйесін құрады және қамтамасыз етеді. Бұдан басқа, жастарды кәсіпкерлік қызметке білім беру, әдістемелік және ақпараттық даярлауды көрсетеді, жастар құрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің санын арттырады, жоғары білім, бизнес және өндірістік сала арасындағы өзара іс-қимыл мен әлеуметтік әріптестік үшін жағдайлар жасайды.

Сондықтан «Атамекен» ҰКП зерттеу бағытындағы пункттердің бірі ЖЖОКБҰ студенттерінің шығармашылық жетістіктерін дәріптеу және енгізу болып табылады.

Студенттердің ғылыми зерттеулерін талдау мақсатында оқу орындарынан электрондық форматта растайтын құжат (патент және авторлық құқық туралы куәлік) талап етілді:

Ұсынылған құжаттар негізінде келесі мәліметтер алынды:

7-кесте. «Білім алушылардың ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Ғылыми жобалардың саны	Балл
1	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	1. Кадыров Жандос Жанибекович «наложения микрохирургического сосудистого анастомоза» 2. Құттықожа Шыңғыс Жәнібекұлы «использование госпитальной шкалы гамильтона у больных коронавирусной инфекцией» 3. Кадыров жандос жанибекович standard operating procedures of microsurgical vascular Anastomosis 4. Жарылкасынов арман	**5,00**

		Жалгасбекович «микрохирургиялық тамыр анастомозының стандартты Операциялық орындау тәртіптері» 5. Аманжол дана маратқызы ««основы микрохирургии» Учебно-методическое пособие для студентов факультета Общей медицины» 6. Темирова Гаухар Казиевна "Fundamentals of microsurgery" Educational and methodological manual for students of the Faculty of General Medicine» 7. Кожахметова анеля болатбековна «жарнама саласындағы тілдерді манипуляциялау» 8. Луговая анна александровна «выпадание волос у пациентов после covid-19 в актобе» 9. Лұқпанова солидат Махсатқызы «зертханалық егеуқұйрықтың құйрық венасын катетерлеудің Стандартты операциялық процедуралары» 10. Темирова гаухар казиевна «стандартные операционные процедуры катетеризация Дорсальной вены хвоста лабораторной крысы» 11. Кадыров жандос жанибекович «standard operating procedures vein catheterization of a Laboratory rat’s tail» 12. Иниятова қымбат сәбитқызы «нейрофизиологические изменения у подростков под влиянием Буллинга (литературный обзор)» 13. Маликова ариназ маликқызы «микроструктурная организация поджелудочной железы при Инфаркте миокарда (сообщение 1)» 14. Есқара фариза қуанышқызы «адаптация концентраций и временных интервалов действия Изопропанола для достижения оптимальных результатов при подготовке Гистологических препаратов» 15. Байжекенов таубай бекжанович «послеоперационный парез кишечника, профилактика и Коррекция» 16. Темирова гаухар казиевна «тәжірибелік жануардағы лимфа тамырларының инъекциялау Және оны микрохирургиялық тәжірибеде қолданудың алғашқы қадамдары» 17. Жұмабек бексұлтан жандосұлы «жедел миокард инфарктісі кезіндегі жүрек тіндеріндегі Патомарфологиялық өзгерістер» 18. Товекелова роза молдагалықызы «әділетті қазақстан қалыптастыруда «қаңтар» оқиғасының рөлі»	

		19. Күзембаева аяжан нұрсұлтанқызы «cea correlation with tumor staging used for the disease course monitoring in patients with Colorectal carcinoma» 20. Қуанова арайлым рзаханқызы «жастар арасында патриотизмнің маңызы мен ролі» 21. Карабаева альбина елмировна «results of valvel bronchoblock in patients with pulmonary tuberculosis» 22. Байназарова ақмарал ғабдолқызы «патронаждық мейірбикелердің ана сүтімен емізудің Артықшылықтары туралы білімі» 23. Сапарбаева арайлым абаевна «о вербальной культуре врача» 24. Жапарова жаңылхан ергенқызы «магниттік-резонанстық томография кезіндегі адам асқазанының қалыпты Анатомиясы» 25. Мұратова Мәдина Құрманғазықызы «Пластикалық және реконструктивті хирургиядағы топографиялық анатомияның рөлі» әдеби шолу» 26. Бисенқұлова Ақжайна Жәнібекқызы «мультисистемные проявления острых респираторных вирусных инфекций при беременности» 27. қази әлсаид серікұлы «влияние социальных факторов на психологическое здоровье молодежи (на примере студентов зкму им. марата оспанова)» 28. танаева анжела қайратқызы «патоморфологические изменения миокарда при covid-19» 29. Ахметжанов әлішер алмасұлы «патоморфологические изменения миокарда при covid-20» 30. Узақбаева назерке қуантайқызы «патоморфологические изменения миокарда при covid-21» 31. Жақсылық назым бауыржанқызы «метастазы при раке молочной железы у женщин» 32. Маралова саида темиржановна «гестационный сахарный диабет» 33. Наурызбай сымбат нурадинқызы «қазақ тіліндегі жарнамалардың тілдік сипаты» 34. Мұхамеди орынгүл бекболатқызы «assessment of asthenia in patients with type 2 diabetes in aktobe» 35. Сәрсенбай жұлдыз нұрболқызы «авс/ven әдісі бойынша ақтөбе қалалық ауруханасының 2023 жылғы стероидты емес қабынуға қарсы препараттарға қаржылай шығындарын талдау»	

		36. Дикаева айгерім асқарқызы «медициналық жоо-дағы студенттердің тамақтану тәртібінің эмоцияналдық және психикалық жағдайына тигізер әсері» 37. Тілеш жайнагүл жұмажанқызы «analysis of financial costs of anti-bacterial drugs used in aktobe city hospital in 2023 according to abc/ven method» 38. Сәрсенбай жұлдыз нұрболқызы «связь эмпатии и личностных свойств у студентов западноказахстанского медицинского университета» 39. Тілеш қаракөз өтепқалиқызы «abc/ven әдісі бойынша ақтөбе қалалық ауруханасының 2023 жылғы антикоагулянттық препараттарға қаржылай шығындарын талдау» 40. Габдулов тайман тулегенович «изимбергенов намаз изимбергенович – основоположник хирургии западного казахстана, академик национальной академии наук» 41. Сагингалиев нурхан маратович «ақтөбе облысында өкпе туберкулезімен ауыратын науқастарда кездесетін қант диабеті» 42. Абдукаримов абдусамат абдувахидұлы «проявление аллергических реакций проживающих в актюбинской области» 43. Сагингалиев нурхан маратович «формирование современной речевой среды у студентов медиков» 44. Набиуллин Асылхан Диасұлы «әртүрлі беткейлерді дезинфекциялауға арналған антисептикалық заттардың тиімділігі (үстел, есік тұтқалары)» 45. Сагингалиев Нурхан Маратович «“тірі су” аппаратының ауыз суын тазарту тиімділігі» 46. Нурдовлетов Канатбай Хыдыргалыевич «созылмалы бүйрек ауруы бар науқастарда пневмония кезіндегі антибактериалды препараттардың мөлшерленуі» 47. Өмірхалиева Арайлым Өмірбекқызы «қазіргі әлеуметтік желілердегі тілдік мәдениет» 48. Жетес Ақгүл Алдабергенқызы «сравнительные показатели буллинг среды среди школьников сельской местности актюбинской области» 49. Сәрсенбай Жұлдыз Нұрболқызы «ыбырай алтынсарин: жалпыұлттық педагогиканың қалыптасу тенденциялары» 50. Қожамұратова Жанбота Бауыржанқызы «резистентті артериялық гипертензия: дәрігерлердің хабардарлығы және емдеу тиімділігі»	

		51. Қапанова ақжан русланқызы «анализ случаев постнеонатальной смертности в гп №1» 52. Саркулов таир маратович «мочекаменная болезнь в структуре урологического стационара» 53. Бақыткерей Альфия Ермекбайқызы "Digital Histolab.KZ” 54. Гарифоллин алишер радикович «patterns of using invasive prenatal testing for identifying chromosomal anomalies in the aktobe region» 55. Амирханова регина сапаргалиевна «дистанционная ударно-волновая литотрипсия в лечении камней мочеточника» 56. Жексен Әлішер Бағдатұлы “Aqyldy Anatom” 57. Ерсайын Амина Біржанқызы “genoguide” - электронды генетикалық медициналық кітапша	
2	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	1. Рахманбердиева жібек нұрболқызы «құрамында жатаған жебіршөбі (thymus serpyllum) сұйық сығындысы бар жөтелге қарсы шырын шығаратын өндірісті жобалауда ендірістік энергия шырынын азайту үшін жаңа технологияларды пайдалану» 2. Айдар аружан нақыпбекқызы «құртқа қарсы әсері бар таблетка шығаратын өндірісті жобалауда тәуекелге бағдарланған тәсілдеме негізінде фармацевтикалық кәсіпорындардың еңбекті қорғауды басқару жүйесіне аудит жүргізу әдісін әзірлеу» 3. Әсілхан арафат бақтиярқызы «жөтелге арналған пастилкаларды 1 циклда 110 000 орама өнімділікпен шығаратын өндірісті жобалау» 4. Құлыбек аружан бахытжанқызы «жатаған жебіршөбінің шырынын 1 күнде 23000 орама (флаконда 160 мл-ден) өнімділікпен шығаратын өндірісті жобалау» 5. Жолшиева марат мөлдірқызы «құрамында антибактериалды препараттары бар балаларға арналған суспензияны айына 34 000 орама өнімділікпен шығаратын өндірісті жобалау» 6. Турсункулова аида усенқызы «құрамында силодозин бар қатты желатинді капсулаларды шығаратын өндірісті жобалау» 7. Серікбаева тұрсынай пернеханқызы «жатаған жебіршөбінің сығындысын 1 циклда 14000 орама (флаконда 30 мл-ден) өнімділікпен шығаратын өндірісті жобалау»	**0,98**

3	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	1. Куватбаева урнисям алимжановна «методы лечения при врожденной и посттравматической рубцовой синдактилии у детей: опыт университетской клиники «аксай» и центральная детская неотложная медицинская больница г. Алматы (алматы-казахстан)» 2. Сурашова макпал калибековна «разработка пациент-ориентированной программы менеджмента реабилитации пациентов с хронической сердечной недостаточностью и сохранной фракцией выброса для медико-социальных организаций и абиотических факторах»	**0,33**
4	Астана медицина университеті	1. Ибрагимов шаһкарим Жамаладенулы «вопросы реализации некоторых прав медицинских работников» 2. Әмір ұлжалғас амандыққызы «ауыз қуысы микробиотасына электрондық темекінің (вейп) әсер»	**0,18**
5	Қарағанды Медицина Университеті	1. Авромиди иван константинович «двухкомпонентный фиксатор для внутрикостного остеосинтеза»	**0,13**
6	Семей медицина университеті	1. Дюсупова асылжан алмасовна «самоблокирующийся штифт для закрытого интрамедуллярного остеосинтеза»	**0,10**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

7-кестеде көрсетілген ЖЖОКБҰ-да түлектердің ғылыми жобаларының бар екендігі расталған: М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Қазақстан-Ресей медициналық университеті, Астана медицина университеті, Қарағанды Медицина Университеті, Семей медицина университеті.

1.2.3 «Магистратурада/резидентурада оқуды жалғастырған түлектердің үлесі» критерийі

Қазақстанда Еуропалық жоғары білім беру аймағына (European Higher Education Area (EHEA)) кіре отырып, кадрларды даярлаудың үш деңгейлі моделін: бакалавриат, магистратура және PhD докторантураны енгізуді қамтитын жоғары білім беру жүйесін айтарлықтай қайта құрылымдау жүргізілді. Бакалавриат аяқталғаннан кейін түлектердің одан әрі дамуы үшін әртүрлі мүмкіндіктері бар, мысалы, мамандық бойынша жұмыс іздеу, екінші жоғары білім алу немесе магистратураға түсу.

Магистратура біліктілікті арттыруда және таңдаған мамандығы бойынша білімді тереңдетуде шешуші рөл атқарады, бұл оны кәсіби қалыптасудың маңызды кезеңіне айналдырады. Жыл сайын магистрлік

бағдарламалар барған сайын танымал бола бастады, ал магистрлер еңбек нарығында сұранысқа ие бола бастады, бұл қазіргі заманғы экономика жағдайында білім берудің осы деңгейінің өзектілігін көрсетеді.

Бұл критерий бойынша жиналған деректер 8-кестедегідей болды.

8-кесте. «Магистратурада/резидентурада оқуды жалғастырған түлектердің үлесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Магистранттар үлесі			Бал л
		Түлектер саны	Түлектер арасында магистратурада оқуды жалғастырғандар саны	үлес %	
1.	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	688	530	77,1%	**5,00**
2.	Қарағанды Медицина Университеті	309	217	70,3%	**4,56**
3.	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	435	259	59,5%	**3,86**
4.	Семей медицина университеті	327	187	57,3%	**3,71**
5.	Астана медицина университеті	810	454	56,1%	**3,64**
6.	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	213	91	42,7%	**2,77**
7.	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	12	5	41,6%	**2,70**
8.	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	283	95	33,5%	**2,18**
9.	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	806	0	0,00%	**0,00**
10.	Каспий қоғамдық университеті	76	0	0,00%	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

8-кестеде осы критерий бойынша 2024 жылғы түлектерді талдау қорытындыларын көруге болады, түлектердің жалпы саны 3959 болса, оның ішінде 1838 түлек әрі қарай магистратурада оқуын жалғастырған, бұл 46,4% құрайды. Кестеге сәйкес магистратураға түскен түлектердің ең көп үлесі келесі оқу орындарына тиесілі: С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті, Қарағанды Медицина Университеті.

1.2.4 «Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы» критерийі

Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсу үшін іріктеу емтихандарының нысандарының бірі.

Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы – жоғары ҰБТ нәтижелерін көрсеткен талапкерлердің көбінесе қай ЖЖОКБҰ таңдайтынын анықтайтын көрсеткіш. Бұл көрсеткіш ЖЖОКБҰ деңгейін және талапкерлер арасында оның сұранысын анықтауға мүмкіндік береді.

9-кесте. «Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Талапкерлердің орташа ҰБТ балы	Балл
1.	Астана медицина университеті	113	**4,04**
2.	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	110	**3,92**
3.	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	106	**3,78**
4.	Қарағанды Медицина Университеті	104	**3,70**
5.	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	102	**3,63**
6.	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	97	**3,46**
7.	Семей медицина университеті	85	**3,03**
8.	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	82	**2,94**
9.	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	74	**2,64**
10.	Каспий қоғамдық университеті	0	**0,00**

Дереккөз: «Ұлттық тестілеу орталығы» РМК

9-кестеде көрсетілгендей, ББ бойынша 2024-2025 оқу жылында жоғары оқу орнына оқуға түскен талапкерлердің орташа балы 87 балды құраған. Салыстырмалы түрде жоғары балл жинаған талапкерлер келесі ЖЖОКБҰ-ны таңдаған: Астана медицина университеті, Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті.

1.2.5 «Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі

Шетелдік студенттер өз елдерінде қазақ тілі мен мәдени дәстүрлерінің таралуына ықпал ете отырып, Қазақстандағы заманауи білім беру жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Олардың еліміздің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқуы біздің университеттерге

деген халықаралық сұраныс деігейін көрсетеді және олардың рейтингінің жоғарылауына тікелей әсер етеді.

«Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі білім беру бағдарламаларының студенттерді шетелден тарту қабілетін көрсетеді. Бұл шетелдік студенттер үшін білім беру бағдарламалары мен жоғары оқу орындарының нақты тартымдылығын объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Осы критерийді растау үшін ЖЖОКБҰ келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- шетелдік студенттерді қабылдау туралы бұйрықтар;
- шетелдік студенттердің төлқұжаттарының көшірмелері.

10-кесте. «Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Шетелдік студенттер үлесі			Бал л
		ББ контингенті	Шетелдік студенттер саны	үлес, %	
1	Каспий қоғамдық университеті	1294	1294	100%	**5,00**
2	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	2673	1379	51,5%	**2,58**
3	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	5152	2594	50,3%	**2,52**
4	Қарағанды Медицина Университеті	2912	1291	44,3%	**2,22**
5	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	785	324	41,2%	**2,06**
6	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	4247	1001	23,5%	**1,18**
7	Семей медицина университеті	3678	826	22,4%	**1,12**
8	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	770	134	17,4%	**0,87**
9	Астана медицина университеті	4230	412	9,7%	**0,49**
10	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	2244	0	0,00%	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

10-кестеде шетелдік студенттердің «Жалпы медицина» ББ жалпы контингентіне қатынасын көруге болады, бұл 18% құрайды. Шетелдік студенттердің контингентке шаққандағы ең көп үлесі Каспий қоғамдық университетінде.

1.3 «ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.3.1 «ЖЖОКБҰ студенттері мен оқытушыларының арақатынасы» критерийі

Студенттер мен оқытушылардың арақатынасы ЖЖОКБҰ ұсынатын білім сапасына әсер ететін негізгі көрсеткіштердің бірі. Бұл критерий оқытуға жеке көзқарас деңгейін және әр студентке оқытушы тарапынан жеткілікті көңіл бөлінетін қолайлы білім беру ортасын құру мүмкіндігін көрсетеді.

Студенттердің оқытушыларға қатынасының төмендігі оқытушылар құрамы жеке кеңес беруге, жұмыстарды тексеруге, ғылыми зерттеулерді басқаруға және практикалық дайындыққа көбірек уақыт бөле отырып, оқушылармен тиімдірек әрекеттесе алуына көбірек мүмкіндік береді. Бұл әсіресе тәжірибеге бағытталған оқытудың жоғары дәрежесін және тереңдетілген зерттеулерді қажет ететін бағдарламалар үшін өте маңызды.

Ал бір ПОҚ шаққанда білім алушылар санының тым көп болуы оқытушыларға шамадан тыс жүктемелер артылатындығын көрсетуі мүмкін, бұл білім беру процесінің сапасын төмендетуі және студенттердің оқуға қызығушылығына теріс әсер етуі мүмкін. Қазіргі білім беру стандарттары мен еңбек нарығының талаптары жағдайында студенттер мен оқытушылар саны арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті сақтау ЖЖОКБҰ бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторына айналады.

Осылайша, осы критерийді талдау оқу орнының оқу жүктемесін ақылға қонымды бөлуді қолдай отырып және оқыту сапасын қамтамасыз ете отырып, білім беру қызметтерінің жоғары деңгейін қаншалықты қамтамасыз ете алатынын бағалауға мүмкіндік береді.

Біздің тарапымыздан ЖЖОКБҰ-да ПОҚ сапасы бойынша берілген мәліметтерді тексеру кезінде мынадай нормативтік құқықтық актілердің іске асырылуы да ескеріледі: Сот төрелігі академиясын, әскери, арнаулы оқу орындарын, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары профессор-оқытушылар құрамының жалпы санын есептеу үшін білім алушылар санының оқытушыларға орташа арақатынасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 606 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада № 17670 болып тіркелген).

11-кесте. «ЖЖОКБҰ студенттері мен оқытушыларының арақатынасы» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ штаттық ПОҚ саны	ЖЖОКБҰ контингенті	Бір ПОҚ-қа шаққандағы білім алушылар саны	Балл
1.	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	686	6676	10	**5,00**
2.	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	440	5642	13	**3,79**
3.	Астана медицина университеті	887	11667	13	**3,70**
4.	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	1097	14540	13	**3,67**
5.	Қарағанды Медицина Университеті	598	8220	14	**3,54**
6.	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	517	7279	14	**3,46**
7.	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	763	10978	14	**3,38**
8.	Каспий қоғамдық университеті	312	4496	14	**3,38**
9.	Семей медицина университеті	407	6182	15	**3,20**
10.	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	457	7979	60	**2,79**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

11-кестеде оқытушылардың ЖЖОКБҰ-ның жалпы контингентіне қатынасын көруге болады. Осы критерий бойынша үздік көрсеткіш Қазақстан-Ресей медициналық университетінде тіркелді, ол университетте бір оқытушыға орташа есеппен 10 білім алушы келеді.

1.3.2 «Дәрежелі оқытушылардың үлесі» критерийі

Дәрежелі оқытушылардың үлесі профессор-оқытушылар құрамының академиялық біліктілігі мен кәсібилігінің маңызды көрсеткіші. Ғылыми дәрежесі (ғылыми дәрежесі және (немесе) философия докторы PhD/бейіні бойынша доктор (академиялық) дәрежесі және (немесе) ғылыми атағы және «өнер» кадрларын даярлау үшін «ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы» спорттық атағы) бар оқытушылар ЖЖОКБҰ-да білім мен ғылыми қызметтің жоғары деңгейін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Оқу орнында дәрежелі оқытушылардың едәуір санының болуы оның іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылыми әзірлемелердің нәтижелерін білім беру процесіне кіріктіру, сондай-ақ халықаралық ғылыми жобаларға қатысу мүмкіндігі туралы куәландырады. Бұл тез өзгеретін кәсіби

орта жағдайында жұмысқа дайын жоғары білікті мамандарды қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасайды.

Сонымен қатар, дәрежелі оқытушылар педагогикалық құзыреттіліктің жоғары деңгейіне ие, бұл оларға білімді тиімді жеткізуге, студенттерде сыни ойлау мен аналитикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай оқытушылардың жоғары үлесі оқу орнының академиялық стандарттарға бейілділігін және білім беру бағдарламаларының сапасын үздіксіз жетілдіруге ұмтылысын көрсетеді.

Бұл критерий ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының академиялық және кәсіптік даярлықтың қазіргі заманғы талаптарына қаншалықты сәйкес келетіндігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді, сондай-ақ оның ғылыми және білім беру орталығы ретіндегі беделін нығайтуға ықпал етеді.

12-кесте. «Дәрежелі оқытушылардың үлесі» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ штаттық ПОҚ саны	Штаттық дәрежелі ПОҚ саны	Үлес, (%)	Бал л
1.	Каспий қоғамдық университеті	312	168	53,8%	**5,00**
2.	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	763	396	51,9%	**4,82**
3.	Семей медицина университеті	407	197	48,4%	**4,49**
4.	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	1097	503	45,8%	**4,26**
5.	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	686	308	44,9%	**4,17**
6.	Қарағанды Медицина Университеті	598	267	44,6%	**4,15**
7.	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	440	196	44,5%	**4,14**
8.	Астана медицина университеті	887	393	44,3%	**4,11**
9.	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	517	217	41,9%	**3,90**
10.	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	457	158	34,5%	**3,21**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

12-кестеде бұл ББ бойынша рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ-ның дәрежелі ПОҚ үлесі орта есеппен 42% құрайтынын көруге болады. Дәрежелі ПОҚ-ның ең көп үлесі мынадай ЖЖОКБҰ-да жұмыс істейді: Каспий қоғамдық университеті, Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті

1.3.3 «Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі

«Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі білім беру процесінің қаржылық қамтамасыз етілуін және оқу орнының оқытудың негізгі аспектілеріне қаражат салуға дайындығын бағалауға мүмкіндік беретін маңызды көрсеткіштердің бірі. Бұл критерийде бағдарламалық қамтамасыз ету және кітапхана қорын дамыту шығындары ескеріледі.

Бағдарламалық қамтамасыз ету шығындары әртүрлі пәндерге арналған арнайы бағдарламалар, оқу процесін басқару жүйелері және оқытудың тиімділігі мен интерактивтілігін арттыратын басқа да цифрлық құралдар сияқты оқу процестеріне қажетті лицензиялық бағдарламаларды сатып алу және жаңарту шығындарын қамтиды. Бұл ББ өзектілігін сақтау және студенттерді заманауи технологиялармен жұмыс істеуге дайындау үшін маңызды.

Кітапхана қорын дамыту шығындарына студенттердің өзекті және сапалы оқу және ғылыми ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін қажетті жаңа оқулықтарды, ғылыми әдебиеттерді, электрондық ресурстар мен дерекқорларды сатып алу шығындары кіреді. Кітапхана қорын дамыту білімді тереңдетуге және ғылыми зерттеулер жүргізуге ықпал ететін академиялық ортаның маңызды құрамдас бөлігі.

13-кесте. «Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ контингенті	1 студентке шаққандағы шығындар көлемі (теңге)	Балл
1.	Қарағанды Медицина Университеті	8220	91318,00	**5,00**
2.	Семей медицина университеті	6182	51441,62	**3,14**
3.	Астана медицина университеті	11667	43069,00	**2,74**
4.	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	7279	24798,40	**1,89**
5.	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	6676	20670,00	**1,70**
6.	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	5642	16348,00	**1,49**
7.	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	7979	7358,70	**1,07**
8.	Каспий қоғамдық университеті	4496	7381,15	**1,07**
9.	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	14540	6294,00	**1,02**
10.	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	10978	5783,29	**1,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

13-кестеде көрсетілген 1 студентке бөлінген қаражатты талдау бойынша келесі ЖЖОКБҰ жоғары нәтиже көрсетті: Қарағанды Медицина Университеті.

1.3.4 «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі

«Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі оқытушыларды қаржылық қолдау деңгейін және жанама түрде оқу орнындағы білім беру процесінің сапасын көрсететін маңызды көрсеткіш. Медианалық жалақы – оқытушылардың жартысы жалақыны осы деңгейден жоғары, ал екінші жартысы төмен алатын бөліну нүктесі. Бұл көрсеткіштің орташа жалақыдан айырмашылығы, оған өте жоғары немесе өте төмен жалақы сияқты шекті мәндер әсер етпейді.

Медианалық жалақы деңгейі оқытушылардың мотивациясымен және олардың жұмысқа қанағаттануымен тығыз байланысты. Жалақының жоғары деңгейі университетке білікті мамандарды тартуға және ұстап қалуға мүмкіндік береді, ол дегеніміз оқыту мен ғылыми қызметтің сапасына оң әсер етеді. Лайықты жалақы алатын оқытушылар үнемі кәсіби дамуға, ғылыми зерттеулерге қатысуға және студенттермен белсенді қарым-қатынасқа ынталы болады.

Сонымен қатар, медианалық жалақы көрсеткіші ЖЖОКБҰ-ның қаржылық тұрақтылығын және оның басқа оқу орындарымен салыстырғанда бәсекеге қабілетті жалақы деңгейін ұстап тұру қабілетін көрсете алады.

14-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ПОҚ медианалық жалақысы (теңге)	Балл
1.	Қарағанды Медицина Университеті	725310,0	**5,00**
2.	Семей медицина университеті	721234,0	**4,53**
3.	Астана медицина университеті	718566,5	**4,19**
4.	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	574074,6	**3,65**
5.	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	658242,8	**3,63**
6.	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	628211,1	**3,34**
7.	Каспий қоғамдық университеті	531702,5	**2,42**
8.	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	489515,0	**2,35**
9.	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	428287,3	**2,05**
10.	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	359303,4	**1,00**

Дереккөз: ҚР ҚР ҒЖБМ мәліметтері

14-кестеде «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі бойынша талдау нәтижелерін көрсетілген: «Жалпы медицина» ББ бойынша ПОҚ орташа медианалық жалақысы 2025 жылы 583 444 теңгені құрады. ББ бойынша рейтингке қатысқан ЖЖОКБҰ арасында Қарағанды Медицина Университеті - 725 310 теңге, Семей медицина университеті- 721 234 теңге көрсеткіштерін көрсетіп, алғашқы орындарды иеленді.

1.4 «Түлектердің мансаптық перспективалары» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.4.1 «Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі» критерийі

«Түлектердің мансаптық перспективалары» критерийлер тобы түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді. Топ үш критерийден тұрады: түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі, түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы, түлектердің медианалық жалақысы. Бұл критерийлер бойынша білім беру бағдарламаларының 2024 жылғы түлектері талданады. Олардың оқу бітіргеннен кейін, 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңдегі зейнетақы жарналары арқылы талдау жүргізіледі.

«Жұмысқа орналасу деңгейі» көрсеткіші түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін тікелей көрсетеді. Бұл өлшем «тұрақты жұмыспен қамту» және «шартты жұмыспен қамту»болып бөлінеді.

Тұрақты жұмысқа орналасу – 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңде қатарынан кемінде 3 ай тұрақты зейнетақы жарналарын алған жұмысқа орналастырылған түлектердің пайызын көрсететін көрсеткіш.

Шартты жұмыспен қамту – 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңде тұрақты емес негізде зейнетақы аударымдарын алған түлектердің пайызын көрсететін көрсеткіш (яғни тұрақты жұмыспен қамту жағдайларын қоспағанда, тұрақсыз табыс).

Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін неғұрлым сенімді есептеу үшін жалпы түлектер санынан мынадай санаттар алынып тасталды:

- Магистратурада (резидентурада) оқуды жалғастырған түлектер;
- Шетел азаматтары;
- Декреттік демалыстағы түлектер;
- Мерзімді әскери қызметке шақырылған түлектер;
- Шетелде білім алатын түлектер;
- Шетелде жұмыс істейтін түлектер;
- 1-2 топтағы мүгедектігі бар түлектер;
- Күш құрылымдарының қызметкерлері;
- Жас ерекшелігіне байланысты есептелмейтін түлектер (1996 жылғы және одан үлкен);
- Қайтыс болған түлектер.

2-диаграмма. «Жалпы медицина» ББ бойынша түлектердің жалпы саны мен құрамы



2-диаграммаға сәйкес ББ бойынша түлектердің жалпы саны 3959 адамды құрады, оның ішінде: декреттік демалыста – 691; мерзімді әскери қызметке шақырылғандар – 4; магистратурада (резидентурада) оқуды жалғастырғандар – 1831; шетелде білім алатын түлектер – 8; шетел азаматтары – 127; 1-2 топтағы мүгедектігі бар түлектер – 1; 1996 жылғы және одан үлкен – 234.

15-кесте. «Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Түлектердің жалпы саны	Жұмысқа орналасу деңгейі, %	Тұрақты жұмыс, %	Шартты жұмыс, %	Балл
1	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	435	100%	98%	2%	**4,94**
2	Астана медицина университеті	810	98%	95%	3%	**4,82**
3	Қарағанды Медицина Университеті	309	97%	96%	1%	**4,81**
4	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	688	97%	96%	1%	**4,80**
5	Семей медицина университеті	327	97%	89%	8%	**4,60**
6	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	283	95%	88%	7%	**4,52**
7	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	213	93%	88%	5%	**4,48**

8	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	806	60%	48%	12%	**2,64**
*	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	12	*	*	*	*
*	Каспий қоғамдық университеті	76	*	*	*	*

Дереккөз: ҚР ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*

15-кестеге сәйкес, «Жалпы медицина» ББ бойынша жұмысқа орналасудың орташа деңгейі 92% құрады. Жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары ЖЖОКБҰ: М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті және оның түлектерінің жұмысқа орналасу деңгейі 100 % жеткен. Ең төменгі позицияны Қазақстан-Ресей медициналық университеті иеленді, онда онда жұмысқа орналасу пайызы 60% құрайды.

3-диаграмма. Түлектерің жұмысқа орналасу деңгейі



3-диаграммадан ББ бойынша түлектердің 72,%-ы тұрақты, ал 9%-ы шартты түрде жұмыс істейтінін көруге болады. Түлектердің 19%-ы жұмысқа орналаспаған.

16-кесте. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін салыстырмалы талдау

№	ЖЖОКБҰ атауы	Жұмысқа орналасу деңгейі, %		
		2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.
1	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	98%	92%	100 %
2	Астана медицина университеті	76%	95%	98%
3	Қарағанды Медицина Университеті	100%	86%	97%
4	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	97%	96%	97%
5	Семей медицина университеті	97%	87%	97%
6	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	87%	83%	95%

7	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	92%	91%	93%
8	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	94%	92%	60%
*	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	-	100%	-
*	Каспий қоғамдық университеті	-	-	-

Дереккөз: ҚР ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*
— - рейтингке қатыспаған

16-кестедегі салыстырмалы талдауға сәйкес бұл критерий бойынша өткен жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда келесі оқу орындарының көрсеткіштері жақсарған: М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Астана медицина университеті, Қарағанды Медицина Университеті, С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті, Семей медицина университеті, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті.

Ал көрсеткіштердің нашарлауы мынадай ЖЖОКБҰ-да байқалады: Қазақстан-Ресей медициналық университеті.

4-диаграмма. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін салыстырмалы талдау



4-диаграмма еңбек нарығында ББ түлектеріне сұраныстың динамикасын көрсетеді. Алдыңғы рейтингтермен салыстырғанда осы критерий көрсеткіштері жақсарды: 2023 жылы жұмысқа орналасудың орташа деңгейі - 93%, 2024 жылы - 91%, ал 2025 жылы - 92% құрады.

1.4.2 «Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы» критерийі

Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы түлектердің оқуды бітіргеннен кейін қаншалықты жылдам жұмыс таба алатынын көрсететін маңызды көрсеткіш. Бұл көрсеткіш нақты білім беру бағдарламасы мен ЖЖОКБҰ дайындаған еңбек нарығындағы мамандардың сұраныс деңгейін көрсетеді.

Жұмыс іздеудің қысқа кезеңі түлектердің жоғары бәсекеге қабілеттілігін, оқу орнының жақсы беделін және білім беру бағдарламасының жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкестігін көрсетеді. Жұмыс іздеудің ұзақ кезеңі түлектердің жеткіліксіз дайындығын, олардың дағдыларының еңбек нарығының талаптарына сәйкес келмеуін немесе белгілі бір салада жұмысқа орналасудың жалпы күрделілігін көрсетуі мүмкін.

Жұмыс іздеу ұзақтығын талдау білім беру ұйымдарына өз бағдарламаларының тиімділігін бағалауға және қажет болған жағдайда түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелерін жақсарту үшін түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

17-кесте. «Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Жұмыс іздеу ұзақтығы (аймен)	Балл
1.	Қарағанды Медицина Университеті	2,00	**4,55**
2.	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	2,36	**4,38**
3.	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	2,57	**4,28**
4.	Семей медицина университеті	2,84	**4,17**
5.	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	3,03	**4,08**
6.	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	3,05	**4,07**
7.	Астана медицина университеті	3,32	**3,95**
8.	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	3,41	**3,91**
*	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	*	*
*	Каспий қоғамдық университеті	*	*

Дереккөз: ҚР ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*

17-кестеде түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығының нәтижелері көрсетілген. Келесі ЖЖОКБҰ-да түлектер 2 айдан аз уақыт ішінде жұмысқа орналасқан: Қарағанды Медицина Университеті.

5-диаграмма. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығын салыстырмалы талдау



5-диаграмма еңбек нарығында «Жалпы медицина» ББ бойынша түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығындағы өзгерістерді көрсетеді. Өткен жылдармен салыстырғанда осы критерийдің көрсеткіштері нашарлаған. Бұл өзгерістер ББ түлектеріне сұраныс динамикасын көрсетеді. 2023 жылы жұмыс іздеудің орташа ұзақтығы 2,60 айды, 2024 жылы 3,10 айды, ал 2025 жылы 2,82 айды құрады.

1.4.3 «Түлектердің медианалық жалақысы» критерийі

Медианалық жалақы оқуды бітіргеннен кейінгі алғашқы жылы жұмысқа орналасқан түлектердің табыс деңгейін көрсетеді. Жоғары бастапқы жалақы көбінесе білім беру бағдарламасының сапасының және оны кәсіби ортаның мойындауының көрсеткіші.

Түлектердің медианалық жалақысы туралы мәліметтер оқу орнын таңдау кезінде талапкерлер үшін бағдар бола алады, өйткені олар осы бағдарламаның түлектерінің жұмысқа орналасу және лайықты жалақы алу үшін жақсы перспективалары бар екеніне сенімді бола алады. Сонымен қатар, медианалық жалақысы жоғары бағдарламалар жұмыс берушілердің де назарын аударады, бұл тез мансаптық өсу мен тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады.

Есепте соңғы үш жылдағы түлектердің медианалық жалақысының динамикасы қарастырылады, бұл еңбек нарығындағы трендтерді анықтауға және белгілі бір білім беру бағдарламаларының түлектерінің қаншалықты табысты екенін бағалауға мүмкіндік береді.

18-кесте. «Түлектердің медианалық жалақысы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Медианалық жалақы, теңге	Балл
1.	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	371033,3	**5,00**
2.	Қарағанды Медицина Университеті	352835,0	**4,66**
3.	Астана медицина университеті	329302,0	**4,08**
4.	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	308685,6	**4,08**
5.	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	276023,3	**3,98**
6.	Семей медицина университеті	289346,0	**3,83**
7.	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	301464,3	**3,82**
8.	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	210663,3	**2,97**
*	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	*	*
*	Каспий қоғамдық университеті	*	*

Дереккөз: ҚР ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*

18-кестеде осы критерий бойынша талдау көрсетілген. Осы көрсеткіш бойынша көшбасшылар: М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, Қарағанды Медицина Университеті. Ең төменгі көрсеткішті Қазақстан-Ресей медициналық университеті көрсетті.

2 Білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі

Білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі білім беру процесінің сапасын, түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін, сондай-ақ жоғары оқу орындары қызметінің жалпы көрсеткіштерін көрсететін барлық критерийлерді жан-жақты талдаудың нәтижесі болып табылады. Бұл бөлімде критерийлердің бірнеше тобы бойынша бағалау негізінде қалыптастырылған «Жалпы медицина» ББ бойынша қорытынды рейтинг ұсынылған: білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері, түлектердің мансаптық перспективалары.

2025 жылғы рейтинг жоғарыда аталған блоктар бойынша топтастырылған 17 критерий негізінде құрылды. Әрбір критерийдің жалпы бағалау процесінде оның маңыздылығын көрсететін белгілі бір салмағы бар.

Қорытынды рейтингтің негізгі мақсаты – талапкерлерге, жұмыс берушілерге және басқа да мүдделі тараптарға ақпараттандырылған таңдау жасауға көмектесетін білім беру бағдарламаларына объективті баға беру. Сондай-ақ, рейтинг нәтижелері ЖЖОКБҰ үшін өздерінің білім беру бағдарламаларын жетілдіру және олардың ұлттық және халықаралық деңгейлердегі бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағытында бағдар бола алады.

19-кесте. «Жалпы медицина» ББ бойынша қорытынды рейтинг

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ атауы	Жалпы қорытынды	Рейтингтегі орны
1	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	5В130100 - Жалпы медицина	4,097	1/8
2	Қарағанды Медицина Университеті	«6В10102» Жалпы медицина	3,856	2/8
3	Астана медицина университеті	6В10123 Медицина	3,767	3/8
4	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	6В10188-Медицина	3,667	4/8
5	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	6ВМ10109 "Медицина"	3,637	5/8
6	Семей медицина университеті	6В10110 Жалпы медицина	3,606	6/8
7	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	6В10101"Жалпы медицина"	3,476	7/8
8	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	6В10113 Медицина	2,773	8/8
*	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	6В10101 Жалпы медицина (интернатура)	1,210	*
*	Каспий қоғамдық университеті	6В10124 Медицина	1,082	*

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты рейтингте орын алмады*

19-кестеде «Жалпы медицина» ББ бойынша 2025 жылғы рейтингті талдау қорытындылары ұсынылған. Жетекші орынды С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті, Қарағанды Медицина Университеті иеленді.

20-кесте. 2023-2025 жылдардағы «Жалпы медицина» ББ бойынша рейтингтегі орындары

№	ЖЖОКБҰ атауы	Рейтингтегі орны		
		2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.
1	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	1/9	1/9	1/8
2	Қарағанды Медицина Университеті	2/9	4 /9	2/8
3	Астана медицина университеті	8/9	2/9	3/8
4	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	6/9	7/9	4/8
5	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	5/9	8/9	5/8
6	Семей медицина университеті	4/9	3/9	6/8
7	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	7/9	9/9	7/8
8	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	3/9	5/9	8/8
*	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	-	6/9	*
*	Каспий қоғамдық университеті	-	-	*

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты рейтингте орын алмады*
— - рейтингке қатыспаған

20-кестеде 2023-2025 жылдары «Жалпы медицина» ББ бойынша рейтингке қатысқан оқу орындарының рейтингте алған орындары салыстырылды.

2023 жылы рейтинг көшбасшылары қатарында С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті, Қарағанды Медицина Университеті және Қазақстан-Ресей медициналық университеті болды.

2024 жылы көшбасшылар тізімі сәл өзгерді: С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университетімен қоса Астана медицина университеті де жетекші орнды алды.

Ал 2025 жылы С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университетімен бірге Қарағанды Медицина Университеті де көшбасшылар қатарынан көрінді.

2025 жылғы білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында «Жалпы медицина» саласында мамандар даярлаудың әртүрлілігі мен сапасын көрсетеді. Талдау көрсеткендей, еңбек нарығының талаптары мен халықаралық стандарттарға бейімделе отырып, өз бағдарламаларын белсенді түрде жетілдіретін білім беру мекемелері жетекші орындарға ие болды.

С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті, Қарағанды Медицина Университеті сияқты университеттердің жоғары нәтижелері олардың бәсекеге қабілеттілігін және түлектерінің сұранысын растайды. Бұл оқу орындары түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі, орташа жалақы және білім беру бағдарламаларының сапасы сияқты бірқатар критерийлер бойынша жоғары нәтижелер көрсетті.

Рейтинг нәтижелері талапкерлер, жұмыс берушілер және жоғары оқу орындары үшін құнды бағдар болып табылады, әрбір білім беру бағдарламасының мықты жақтарын анықтауға көмектеседі. Болашақта білім беру стандарттарын жақсарту және халықаралық ынтымақтастықты арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру Қазақстанның білім беру жүйесін одан әрі дамыту үшін маңызды қадам болады.

Қорытынды

2025 жылғы ББ бойынша білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін жақсарту үшін елеулі жетістіктер мен салаларды анықтауға мүмкіндік берді. Рейтингте жетекші орындарды білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері, түлектердің мансаптық перспективалары сияқты критерийлер топтары бойынша жоғары нәтижелер көрсете алған университеттер иеленді.

Талдау көрсеткендей, рейтингтің жоғарғы қатарында тұрған ЖЖОКБҰ студенттерді теориялық біліммен ғана емес, сонымен қатар еңбек нарығында сұранысқа ие практикалық дағдылармен қамтамасыз ете отырып, өздерінің білім беру бағдарламаларын жетілдіру бойынша белсенді жұмыс істейді. Алдыңғы қатардағы жоғары оқу орындары жұмыс берушілермен өзара іс-қимылға және халықаралық сапа стандарттарын интеграциялауға ерекше назар аударатынын атап өту керек, себебі бұл олардың түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай арттырады.

Сонымен бірге, есеп назар аударуды қажет ететін кейбір кемшіліктерді анықтады. Мысалы, бірқатар ЖЖОКБҰ-да студенттердің академиялық ұтқырлығы мен ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары, шетелдік студенттер үлесі бойынша төмен көрсеткіштер байқалады, бұл осы бағыттарды одан әрі дамыту қажеттігін көрсетеді. Сондай-ақ, оқу орындарының бір студентке шаққандағы қаржылық шығындар көлемінде айтарлықтай айырмашылықтар байқалды.

Рейтинг нәтижелері барлық мүдделі тараптар үшін маңызды құрал. Талапкерлер мен олардың ата-аналары үшін рейтинг оқу орнын таңдау кезінде бағдар, жұмыс берушілер үшін – мамандарды даярлау сапасының индикаторы, ал жоғары оқу орындарының өздері үшін – өз бағдарламаларын жақсартуға және бәсекелестік ортадағы позицияларын нығайтуға ынталандыру ретінде қызмет етеді.

Қорытындыны келесідей жасауға болады: елеулі жетістіктерге қарамастан, Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі жаңғыртуды және жаңа сын-тегеуріндерге бейімделуді жалғастыруда. Әр ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының жоғары деңгейін қолдап қана қоймай, еңбек нарығындағы өзгерістер мен қоғамның қажеттіліктерін ескере отырып, оларды үнемі жақсартуға ұмтылуы тиіс. 2025 жылғы қорытынды рейтинг жаһандық аренада қазақстандық білім берудің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ете отырып, осы мақсаттарға қол жеткізу жолындағы маңызды қадамдардың бірі. Білім беру бағдарламаларын жетілдіруді жалғастыру және түлектерді тез өзгеретін әлемде табысты кәсіби қызмет үшін қажетті білім мен дағдылармен қамтамасыз ету үшін жан-жақты жұмыс жасау өте маңызды.

Қосымша 1

«Жалпы медицина» ББ бойынша рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ тізімі

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ атауы
1	Астана медицина университеті	6В10123 Медицина
2	Каспий қоғамдық университеті	6В10124 Медицина
3	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	6В10188 Медицина
4	Қазақстан-Ресей медициналық университеті	6В10113 Медицина
5	Қарағанды Медицина Университеті	6В10113 Медицина
6	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	6В10109 Медицина
7	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	6В10115 Медицина
8	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	6В10116 Медицина
9	Семей медицина университеті	6В10114 Медицина
10	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	6В10104 Медицина

6В014 Жалпы дамудың пәндік мамандырылған мұғалімдерін даярлаудаярлау бағыты
В004 Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы тобы
«Бастапқы әскери дайындық» білім беру бағдарламасы бойынша рейтингіні қалыптастыру есебі

Кіріспе

Қазақстанның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі экономиканың түрлі салалары үшін жоғары білікті мамандарды даярлауда шешуші рөлдердің бірін атқарады. Еңбек нарығының қарқынды дамуы мен халықаралық интеграция жағдайында білім беру сапасы ғана емес, сонымен қатар білім беру бағдарламаларының қазіргі заманғы сын-қатерлерге бейімделу қабілеті де маңызды. Білім беру мекемелері жұмысының тиімділігін бағалаудың маңызды құралы - мамандарды даярлау деңгейін, түлектердің бәсекеге қабілеттілігін және білім беру бағдарламаларының сапасын объективті бағалауға мүмкіндік беретін рейтингілер жасау.

Бұл есепте 2025 жылғы Қазақстанның жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі – ББ) талданады. Осы талдау шеңберінде түлектердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға және олардың еңбек нарығындағы сұранысына әсер ететін негізгі көрсеткіштер бойынша ББ кешенді салыстырмалы шолу жүргізілді.

Білім беру бағдарламаларының рейтингін қалыптастыру үшін негіздеме:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы.

2. «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы.

3. «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімшелеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығы.

4. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және білім беру жүйесіне тексеру парақтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы №166 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы №116 бірлескен бұйрығы.

Бұл есептің мақсаты – білім беру бағдарламаларына жан-жақты талдау жүргізу және осы талдау негізінде қорытынды рейтинг жасау. Рейтинг жасау барысында білім беру процесінің барлық маңызды компоненттерін қамтитын әртүрлі критерийлер тобы ескерілді. Олардың ішінде: білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері және түлектердің мансаптық перспективалары. Бұл блоктардың әрқайсысы жалпы рейтингте белгілі бір салмаққа ие, бұл бағалауды мүмкіндігінше объективті және жан-жақты етуге мүмкіндік береді.

Бұл есептің негізгі міндеті – білім беру бағдарламаларының жағдайы туралы нақты және құрылымдық түсінік беру. «Бастапқы әскери дайындық» ББ бойынша 2025 жылғы рейтингке 15 ЖЖОКБҰ қатысты (1-қосымша).

1 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларының деректерін талдау

1.1 «Білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.1.1 «Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен әзірлеу және келісу» критерийі

ББ мазмұнын болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі мен бәсекеге қабілеттілігінің тиімділігін арттыру үшін әлеуетті немесе негізгі жұмыс берушілермен келісу қажет. Жұмыс берушілер білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде ұсыныстар, пәндердің мазмұнына өзгерістер енгізе алады, сондай-ақ зерттелетін тақырыптар мен материалдардың өзектілігі бойынша ұсыныстар мен ескертулер бере алады. Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен келісу түлектердің табысты жұмысқа орналасуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады.

ЖЖОКБҰ бұл критерий бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған ББ бойынша құжаттардың мынадай тізбесін ұсыну қажет: модульдік білім беру бағдарламасы (МББ), элективті пәндер каталогы (ЭПК), жұмыс берушіден хат, келісу хаттамасы, жұмыс берушінің рецензиясы, ұсынымдық хат, анықтама-негіздеме, ББ сараптамасы.

Осы критерийді есептеу кезінде ББ келісуге қатысатын жұмыс берушілердің санына басты назар аударылды. Бір мамандықтағы жұмыс берушілер әр түрлі болуы мүмкін, сәйкесінше, жұмыс берушілер саны неғұрлым көп болса, жұмыс ерекшеліктерін ұсыну туралы көзқарастар мен пікірлер соғұрлым көп болады.

1-кесте. «Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен әзірлеу және келісу» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ келісілген жұмыс берушілер саны	Балл
1	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	9	**5,00**
2	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	5	**3,22**
3	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	5	**3,22**
4	Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты	5	**3,22**
5	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	4	**2,78**
6	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	4	**2,78**
7	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	3	**2,33**
8	І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті	2	**1,89**

9	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	1	**1,44**
10	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	1	**1,44**
11	Қызылорда «Болашақ» университеті	1	**1,44**
12	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	1	**1,44**
13	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	1	**1,44**
14	Орталық Азия Инновациялық Университеті	1	**1,44**
15	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

1-кестеде осы критерий бойынша ең жоғары нәтиже берген: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті өйткені оның білім беру бағдарламасы жұмыс берушілердің ең көп санымен келісілген.

1.1.2 «Профессор-оқытушылар құрамының практикалық жұмыс тәжірибесі» критерийі

Профессор-оқытушылар құрамының (ПОҚ) практикалық жұмыс тәжірибесі білім беру үдерісі сапасының маңызды құрамдас бөлігі. Тиісті кәсіби салада нақты тәжірибесі бар оқытушылар студенттерге пән туралы тереңірек және қолданбалы түсінік бере алады. Олар оқу процесіне практикадан, қолданылатын әдістер мен технологиялардан өзекті мысалдар келтіре алады, бұл студенттерді кәсіби қызметке неғұрлым тиімді дайындауға ықпал етеді.

Сонымен қатар, оқытушылардың практикалық тәжірибесі оларға саланың қазіргі тенденцияларын жақсырақ бағдарлауға және оқу бағдарламаларын еңбек нарығының өзгеретін талаптарына бейімдеуге мүмкіндік береді, осылайша түлектердің жоғары бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

ББ бойынша осы көрсеткішті анықтау үшін мынадай құжаттар талап етілді: ЖЖОКБҰ кадрлар бөлімінен оқытушылардың жұмыс өтілі туралы бекітілген анықтама.

2025 жылғы рейтинг әдістемесіне сәйкес 2010 жылғы 1 қаңтар мен 2025 жылғы 1 мамыр аралығында практикалық тәжірибесі бар оқытушылар есепке алынады.

2-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының практикалық жұмыс тәжірибесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Практикалық жұмыс өтілі бар оқытушылар саны (айлар)		Балл
		саны	өтілі	
1	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	3	540	**5,00**
2	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	1	176	**3,58**
3	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	5	434	**3,00**
4	Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты	4	326	**2,86**
5	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	3	312	**2,78**
6	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	3	298	**2,50**
7	І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті	4	339	**2,28**
8	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	6	369	**2,09**
9	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	2	195	**1,99**
10	Орталық Азия Инновациялық Университеті	6	494	**1,87**
11	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	2	111	**1,43**
12	Қызылорда «Болашақ» университеті	3	124	**0,86**
13	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	0	0	**0,00**
14	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	0	0	**0,00**
15	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	0	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

2-кестеден көріп отырғанымыздай, рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ-ның көпшілігінде ЖЖОКБҰ құрылымынан тыс жұмыс тәжірибесі бар оқытушылар бар. Бұл критерийдің көшбасшылары: Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті, Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті.

1.1.3 «Профессор-оқытушылар құрамының жетістіктері» критерийі

«Профессорлық-оқытушылық құрамның жетістіктері» критерийі білім беру бағдарламаларының сапасын бағалауда маңызды рөл атқарады, өйткені ол білім беру процесіне қатысатын мұғалімдердің кәсібилігі мен құзыреттілігінің деңгейін көрсетеді. Рейтинг әдіснамасына сәйкес, бұл критерий соңғы жылдардағы профессорлық-оқытушылық құрамның жетістіктерін жан-жақты бағалауға мүмкіндік беретін бірнеше ішкі критерийлерді қамтиды.

Атап айтқанда, 2015-2025 жылдар аралығында «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағына ие болған оқытушылар есепке алынады, бұл олардың педагогикалық еңбегін ЖЖОКБҰ деңгейінде мойындағанын көрсетеді. Сол кезеңде «Үздік ғылыми қызметкер» атағын алған ПОҚ да ескеріледі, бұл олардың ғылыми зерттеулерге және академиялық қоғамдастықтың дамуына қосқан үлесін көрсетеді.

3-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының жетістіктері» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атанған ПОҚ саны	«Үздік ғылыми қызметкер» сыйлығының иегерлері	Балл
1	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	2	0	**2,50**
2	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	0	0	**0,00**
3	І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті	0	0	**0,00**
4	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	0	0	**0,00**
5	Қызылорда «Болашақ» университеті	0	0	**0,00**
6	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	0	0	**0,00**
7	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	0	0	**0,00**
8	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	0	0	**0,00**
9	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	0	0	**0,00**
10	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	0	0	**0,00**
11	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	0	0	**0,00**

12	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	0	0	**0,00**
13	Орталық Азия Инновациялық Университеті	0	0	**0,00**
14	Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты	0	0	**0,00**
15	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	0	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

3-кестеден көріп отырғанымыздай, осы критерий бойынша тек М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті.

1.1.4 «Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу» критерийі

Білім беру және кәсіптік ұйымдардың бағдарламаны аккредиттеуі бағдарламаның жоғары сапа стандарттарына сәйкестігінің көрсеткіші және оны ұлттық және халықаралық деңгейде тану және мойындау ретінде қарастырылады.

Дәл осы себепті ББ-ның мамандандырылған аккредиттеуден өткені туралы сертификаты сұралды. Бұл критерий бойынша балл білім беру бағдарламасы аккредиттеуден өткен мекеме мен аккредиттеуден өткені туралы сертификаттың жарамдылық ұзақтығына байланысты есептелді.

Ұсынылған мәліметтерге сәйкес, «Бастапқы әскери дайындық» ББ бойынша рейтингке қатысатын 15 ЖЖОКБҰ-ның 15-і де мамандандырылған аккредиттеуден өткен.

4-кесте. «Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Аккредитациялық орган атауы	Балл
1	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	IQAA	**5,00**
2	І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті	CAAAE	**5,00**
3	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	IQAA	**5,00**
4	Қызылорда «Болашақ» университеті	НКЦА (NKCA)	**5,00**
5	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	IQAA	**5,00**
6	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	IQAA	**5,00**
7	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	IAAR	**5,00**

8	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	IAAR	**5,00**
9	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	IAAR	**5,00**
10	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	IAAR	**5,00**
11	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Өзге	**5,00**
12	Орталық Азия Инновациялық Университеті	Өзге	**5,00**
13	Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты	IQAA	**5,00**
14	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	IQAA	**5,00**
15	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	CAAAE	**5,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

4-кестеге сәйкес, осы критерий бойынша барлық ЖЖОКБҰ аккредиттеуден өткендігін көруге болады.

1-диаграмма. Аккредиттеу органдары бөлінісіндегі аккредиттелген білім беру бағдарламалары



Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

1-диаграммадан көріп отырғанымыздай, 15 ББ-ның 6-ы IQAA - Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігінде, 4-і IAAR – Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі аккредиттеуден өткен.

1.1.5 «Білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау» критерийі

Тиісті салалардан сарапшыларды тарту арқылы білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау білім беру сапасын қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылады. Кәсіби саласында терең білімі мен тәжірибесі бар сарапшылар оқу бағдарламаларының еңбек нарығының заманауи талаптары мен кәсіби стандарттарға қаншалықты сәйкес келетінін объективті бағалай алады. Олар мазмұндағы олқылықтарды анықтап, оқу жоспарларын жаңартуды және жаңа пәндерді немесе оқыту әдістерін енгізуді ұсына алады. Мұндай сараптамалық бағалау білім беру мекемелеріне бағдарламаларды өзгермелі жағдайларға бейімдеуге, мамандарды даярлауды жақсартуға және соның салдарынан түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектеседі. Сарапшыларды тарту сонымен қатар білім беру жүйесі мен индустрия арасындағы байланысты нығайтады, бұл жұмыс берушілердің қажеттіліктерін жақсы түсінуге және білім беру бағдарламаларының практикалық маңыздылығын арттыруға ықпал етеді.

Сарапшылардың ББ бағалауы мынадай критерийлер бойынша жүргізіледі:

1) ББ-ның тәжірибеге бағдарлануы – ББ-ның білім мен дағдыларды практикалық қолдануға қаншалықты бағытталғанын бағалау;

2) Пәндердің берілген оқу нәтижелеріне логикалық өзара байланысы және сәйкестігі – бағдарлама ішіндегі пәндер бір-бірімен және оқытудың соңғы нәтижелерімен қалай байланысты екенін талдау;

3) Пәндерді оқыту кезегінің мәнділігі/қисындылығы – бағдарламаның логикалық құрылымын, пәндердің қаншалықты материалды жақсы игеруге ықпал ететін ретпен ұйымдастырылғандығын бағалау;

4) ББ мазмұнының кәсіптік стандарттарға және/немесе еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі – ББ-ның осы саладағы қолданыстағы кәсіби стандарттарға (олар бар болған жағдайда) және (немесе) қазіргі еңбек нарығының талаптарына қаншалықты сәйкес келетіндігін бағалау;

5) Элективті пәндер каталогы (ЭПК) және оның мәні – ББ икемділігі мен бейімділігін бағалау: элективті курстардың кеңдігі мен әртүрлілігі, сәйкес бағыттар мен мамандықтарды таңдау мүмкіндігі, студенттердің қажеттіліктері мен еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі, тәжірибеге бағытталған және инновациялық курстардың болуын бағалау.

ББ мазмұнын бағалау жүйесі келесі диапазондар бойынша бөлінеді:

- Өте жақсы – 9-10 балл арасы;
- Жақсы – 6-8 балл арасы;
- Қанағаттанарлық – 4-5 балл арасы;
- Қанағаттанарлықсыз – 0-3 балл арасы.

5-кесте. «Білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Сарапшының орташа бағасы	Балл
1	Орталық Азия Инновациялық Университеті	8,25	**4,13**
2	Қызылорда «Болашақ» университеті	7,58	**3,79**
3	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	7,42	**3,71**
4	І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті	7,08	**3,54**
5	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	7,08	**3,54**
6	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	7,08	**3,54**
7	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	7,08	**3,54**
8	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	6,83	**3,42**
9	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	6,83	**3,42**
10	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	6,83	**3,42**
11	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	6,67	**3,34**
12	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	6,58	**3,29**
13	Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты	6,42	**3,21**
14	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	5,40	**2,70**
15	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	4,17	**2,09**

Дереккөз: «Атамекен» ҰКП мәліметтері

5-кестеде ББ мазмұнын сараптамалық бағалаудың қорытындысы ұсынылған, оған сәйкес жетекші орынды Орталық Азия Инновациялық Университеті иеленді.

1.2 «Білім беру бағдарламасының жетістіктері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.2.1 «Академиялық ұтқырлық» критерийі

ЖЖОКБҰ студенттерінің белгілі бір уақыт кезеңіне елден тыс басқа білім беру немесе ғылыми мекемеге ауысуы студенттің жеке дамуы үшін маңызды және оған мәдени байуға мүмкіндік береді, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің тиімділігін, түлектердің отандық және халықаралық еңбек нарықтарындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады, жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының тәжірибесін зерделеу және игеру есебінен кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіреді және т. б.

ЖЖОКБҰ да академиялық ұтқырлық бағдарламасын іске асыруды талдау мақсатында оқу орындарынан мынадай құжаттар талап етілді:

- академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде студенттерді шетелдік оқу орындарына жіберу туралы ректор бұйрығының көшірмесі;
- академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде шетелдік оқу орындарының студенттерін қабылдау туралы ректор бұйрығының көшірмесі.

ЖЖОКБҰ академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде ұсынылған құжаттарды «Атамекен» ҰКП менеджерлері талдап, келесі қорытындылар жасады:

6-кесте. «Академиялық ұтқырлық» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ контингенті	Академиялық ұтқырлық бағдарламаларын қолданған білім алушылар саны	Балл
1	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	125	3	**5,00**
2	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	142	0	**0,00**
3	І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті	170	0	**0,00**
4	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	147	0	**0,00**
5	Қызылорда «Болашақ» университеті	485	0	**0,00**
6	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	56	0	**0,00**
7	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	104	0	**0,00**

8	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	130	0	**0,00**
9	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	41	0	**0,00**
10	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	221	0	**0,00**
11	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	226	0	**0,00**
12	Орталық Азия Инновациялық Университеті	385	0	**0,00**
13	Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты	108	0	**0,00**
14	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	105	0	**0,00**
15	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	177	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

6-кестеде көрсетілген мәліметтерге сәйкес, академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде студенттер тек М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде бар.

1.2.2 «Білім алушылардың ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары» критерийі

Қазіргі уақытта нарықтағы технологиялық даму ЖЖОКБҰ-да тиімді ғылыми-зерттеу процесін ұйымдастыруды талап етеді, тек жаңа білімді дамытуды ғана емес, сонымен қатар нарықта коммерциялық тұрғыдан дамыған, сұранысқа ие бизнес-идеяларды өндіруді талап етеді.

Студенттік бизнес-инкубаторлар мен зертханалар жастар ортасында кәсіпкерлік қызметтің оң бейнесін қалыптастырады, жастар арасында креативті және инновациялық әлеуетті іске асырады, сондай-ақ кәсіпкерлікке және инновациялық қызметке бағдарланған ұйымдар мен жастар қауымдастықтарын қолдайды, жастар кәсіпкерлігін ақпараттық, білім беру, қаржылық және мүліктік қолдаудың бірыңғай жүйесін құрады және қамтамасыз етеді. Бұдан басқа, жастарды кәсіпкерлік қызметке білім беру, әдістемелік және ақпараттық даярлауды көрсетеді, жастар құрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің санын арттырады, жоғары білім, бизнес және өндірістік сала арасындағы өзара іс-қимыл мен әлеуметтік әріптестік үшін жағдайлар жасайды.

Сондықтан «Атамекен» ҰКП зерттеу бағытындағы пункттердің бірі ЖЖОКБҰ студенттерінің шығармашылық жетістіктерін дәріптеу және енгізу болып табылады.

Студенттердің ғылыми зерттеулерін талдау мақсатында оқу орындарынан электрондық форматта растайтын құжат (патент және авторлық құқық туралы куәлік) талап етілді:

Ұсынылған құжаттар негізінде келесі мәліметтер алынды:

ЖЖОКБҰ ұсынған деректерге сәйкес, жоғары оқу орындарының ешқайсысында ғылыми-кәсіпкерлік бастамалардың болу фактісі расталған жоқ.

1.2.3 «Магистратурада/резидентурада оқуды жалғастырған түлектердің үлесі» критерийі

Қазақстанда Еуропалық жоғары білім беру аймағына (European Higher Education Area (EHEA)) кіре отырып, кадрларды даярлаудың үш деңгейлі моделін: бакалавриат, магистратура және PhD докторантураны енгізуді қамтитын жоғары білім беру жүйесін айтарлықтай қайта құрылымдау жүргізілді. Бакалавриат аяқталғаннан кейін түлектердің одан әрі дамуы үшін әртүрлі мүмкіндіктері бар, мысалы, мамандық бойынша жұмыс іздеу, екінші жоғары білім алу немесе магистратураға түсу.

Магистратура біліктілікті арттыруда және таңдаған мамандығы бойынша білімді тереңдетуде шешуші рөл атқарады, бұл оны кәсіби қалыптасудың маңызды кезеңіне айналдырады. Жыл сайын магистрлік бағдарламалар барған сайын танымал бола бастады, ал магистрлер еңбек нарығында сұранысқа ие бола бастады, бұл қазіргі заманғы экономика жағдайында білім берудің осы деңгейінің өзектілігін көрсетеді.

Бұл критерий бойынша жиналған деректер 8-кестедегідей болды.

8-кесте. «Магистратурада/резидентурада оқуды жалғастырған түлектердің үлесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Магистранттар үлесі			Балл
		Түлектер саны	Түлектер арасында магистратурада оқуды жалғастырғандар саны	үлес %	
1	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	11	2	18,2%	**5,00**
2	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	36	2	5,56%	**1,53**
3	Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты	41	2	4,88%	**1,34**
4	І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті	30	1	3,33%	**0,92**
5	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	26	0	0,00%	**0,00**
6	Қызылорда «Болашақ» университеті	17	0	0,00%	**0,00**
7	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	12	0	0,00%	**0,00**

8	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	43	0	0,00%	**0,00**
9	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	15	0	0,00%	**0,00**
10	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	34	0	0,00%	**0,00**
11	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	20	0	0,00%	**0,00**
12	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	28	0	0,00%	**0,00**
13	Орталық Азия Инновациялық Университеті	67	0	0,00%	**0,00**
14	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	27	0	0,00%	**0,00**
15	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	60	0	0,00%	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

8-кестеде осы критерий бойынша 2024 жылғы түлектерді талдау қорытындыларын көруге болады, түлектердің жалпы саны 467 болса, оның ішінде 7 түлек әрі қарай магистратурада оқуын жалғастырған, бұл 1,49% құрайды. Кестеге сәйкес магистратураға түскен түлектердің ең көп үлесі келесі оқу орындарына тиесілі: Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті, М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты.

1.2.4 «Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы» критерийі

Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсу үшін іріктеу емтихандарының нысандарының бірі.

Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы – жоғары ҰБТ нәтижелерін көрсеткен талапкерлердің көбінесе қай ЖЖОКБҰ таңдайтынын анықтайтын көрсеткіш. Бұл көрсеткіш ЖЖОКБҰ деңгейін және талапкерлер арасында оның сұранысын анықтауға мүмкіндік береді.

9-кесте. «Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Талапкерлердің орташа ҰБТ балы	Балл
1	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	114	**4,08**
2	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	107	**3,84**
3	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	59	**2,11**
4	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	55	**1,96**

5	Қызылорда «Болашақ» университеті	50	**1,77**
6	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	49	**1,75**
7	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	49	**1,74**
8	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	45	**1,61**
9	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	45	**1,60**
10	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	43	**1,55**
11	Орталық Азия Инновациялық Университеті	42	**1,49**
12	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	41	**1,45**
13	І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті	38	**1,36**
14	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	37	**1,34**
15	Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты	34	**1,20**

Дереккөз: «Ұлттық тестілеу орталығы» РМК

9-кестеде көрсетілгендей, ББ бойынша 2024-2025 оқу жылында жоғары оқу орнына оқуға түскен талапкерлердің орташа балы 54 балды құраған. Салыстырмалы түрде жоғары балл жинаған талапкерлер келесі ЖЖОКБҰ-ны таңдаған: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті.

1.2.5 «Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі

Шетелдік студенттер өз елдерінде қазақ тілі мен мәдени дәстүрлерінің таралуына ықпал ете отырып, Қазақстандағы заманауи білім беру жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Олардың еліміздің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқуы біздің университеттерге деген халықаралық сұраныс деігейін көрсетеді және олардың рейтингінің жоғарылауына тікелей әсер етеді.

«Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі білім беру бағдарламаларының студенттерді шетелден тарту қабілетін көрсетеді. Бұл шетелдік студенттер үшін білім беру бағдарламалары мен жоғары оқу орындарының нақты тартымдылығын объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Осы критерийді растау үшін ЖЖОКБҰ келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- шетелдік студенттерді қабылдау туралы бұйрықтар;
- шетелдік студенттердің төлқұжаттарының көшірмелері.

10-кесте. «Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Шетелдік студенттер үлесі			Балл
		ББ контингенті	Шетелдік студенттер саны	үлес, %	
1	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	105	5	4.76%	**5,00**
2	Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті	41	1	2,44%	**2,56**
3	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті	125	3	2,40%	**2,52**
4	М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті	142	0	0,00%	**0,00**
5	І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті	170	0	0,00%	**0,00**
6	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті	147	0	0,00%	**0,00**
7	Қызылорда «Болашақ» университеті	485	0	0,00%	**0,00**
8	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	56	0	0,00%	**0,00**
9	Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті	104	0	0,00%	**0,00**
10	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	130	0	0,00%	**0,00**
11	Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті	221	0	0,00%	**0,00**
12	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	226	0	0,00%	**0,00**
13	Орталық Азия Инновациялық Университеті	385	0	0,00%	**0,00**
14	Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты	108	0	0,00%	**0,00**
15	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	177	0	0,00%	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

10-кестеде шетелдік студенттердің «Бастапқы әскери дайындық» ББ жалпы контингентіне қатынасын көруге болады, бұл 0,34% құрайды. Шетелдік студенттердің контингентке шаққандағы ең көп үлесі М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде анықталды.

1.3 «ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.3.1 «ЖЖОКБҰ студенттері мен оқытушыларының арақатынасы» критерийі

Студенттер мен оқытушылардың арақатынасы ЖЖОКБҰ ұсынатын білім сапасына әсер ететін негізгі көрсеткіштердің бірі. Бұл критерий оқытуға жеке көзқарас деңгейін және әр студентке оқытушы тарапынан жеткілікті көңіл бөлінетін қолайлы білім беру ортасын құру мүмкіндігін көрсетеді.

Студенттердің оқытушыларға қатынасының төмендігі оқытушылар құрамы жеке кеңес беруге, жұмыстарды тексеруге, ғылыми зерттеулерді басқаруға және практикалық дайындыққа көбірек уақыт бөле отырып, оқушылармен тиімдірек әрекеттесе алуына көбірек мүмкіндік береді. Бұл әсіресе тәжірибеге бағытталған оқытудың жоғары дәрежесін және тереңдетілген зерттеулерді қажет ететін бағдарламалар үшін өте маңызды.

Ал бір ПОҚ шаққанда білім алушылар санының тым көп болуы оқытушыларға шамадан тыс жүктемелер артылатындығын көрсетуі мүмкін, бұл білім беру процесінің сапасын төмендетуі және студенттердің оқуға қызығушылығына теріс әсер етуі мүмкін. Қазіргі білім беру стандарттары мен еңбек нарығының талаптары жағдайында студенттер мен оқытушылар саны арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті сақтау ЖЖОКБҰ бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторына айналады.

Осылайша, осы критерийді талдау оқу орнының оқу жүктемесін ақылға қонымды бөлуді қолдай отырып және оқыту сапасын қамтамасыз ете отырып, білім беру қызметтерінің жоғары деңгейін қаншалықты қамтамасыз ете алатынын бағалауға мүмкіндік береді.

Біздің тарапымыздан ЖЖОКБҰ-да ПОҚ сапасы бойынша берілген мәліметтерді тексеру кезінде мынадай нормативтік құқықтық актілердің іске асырылуы да ескеріледі: Сот төрелігі академиясын, әскери, арнаулы оқу орындарын, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары профессор-оқытушылар құрамының жалпы санын есептеу үшін білім алушылар санының оқытушыларға орташа арақатынасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 606 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада № 17670 болып тіркелген).

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

6-кестеде көрсетілген мәліметтерге сәйкес, келесі ЖЖОКБҰ жоғары көрсеткіштерді көрсетті: Астана медицина университеті, С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті.

1.2.2 «Білім алушылардың ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары» критерийі

Қазіргі уақытта нарықтағы технологиялық даму ЖЖОКБҰ-да тиімді ғылыми-зерттеу процесін ұйымдастыруды талап етеді, тек жаңа білімді дамытуды ғана емес, сонымен қатар нарықта коммерциялық тұрғыдан дамыған, сұранысқа ие бизнес-идеяларды өндіруді талап етеді.

Студенттік бизнес-инкубаторлар мен зертханалар жастар ортасында кәсіпкерлік қызметтің оң бейнесін қалыптастырады, жастар арасында креативті және инновациялық әлеуетті іске асырады, сондай-ақ кәсіпкерлікке және инновациялық қызметке бағдарланған ұйымдар мен жастар қауымдастықтарын қолдайды, жастар кәсіпкерлігін ақпараттық, білім беру, қаржылық және мүліктік қолдаудың бірыңғай жүйесін құрады және қамтамасыз етеді. Бұдан басқа, жастарды кәсіпкерлік қызметке білім беру, әдістемелік және ақпараттық даярлауды көрсетеді, жастар құрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің санын арттырады, жоғары білім, бизнес және өндірістік сала арасындағы өзара іс-қимыл мен әлеуметтік әріптестік үшін жағдайлар жасайды.

Сондықтан «Атамекен» ҰКП зерттеу бағытындағы пункттердің бірі ЖЖОКБҰ студенттерінің шығармашылық жетістіктерін дәріптеу және енгізу болып табылады.

Студенттердің ғылыми зерттеулерін талдау мақсатында оқу орындарынан электрондық форматта растайтын құжат (патент және авторлық құқық туралы куәлік) талап етілді:

Ұсынылған құжаттар негізінде келесі мәліметтер алынды:

7-кесте. «Білім алушылардың ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Ғылыми жобалардың атауы	Балл
1	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	1. Тлеумагамбетова Асем Куанышбековна рабочая тетрадь для аудиторной и внеаудиторной работы по дисциплине «Общая гигиена» студента 2. Амангелдіқызы Айгерім «Марат оспанов атындағы бқму медицина факультеті 2-курс студенттерінің күн режимін гигиеналық бағалау» 3 Байқадамова Жаңылсын Байқадамқызы «Марат оспанов атындағы бқму медицина факультеті 2-курс студенттерінің күн режимін гигиеналық бағалау» 4. Сапарбаева Жайна Саматқызы «Марат оспанов атындағы бқму медицина факультеті 2-курс студенттерінің күн режимін гигиеналық бағалау» 5. Байқадамова Жаңылсын Байқадамқызы «Ақтөбе қалалық сауда орындарындағы	**5,00**

		балалар ойыншықтарын санитарлық-гигиеналық бағалау» 6. Байқадамова Жаңылсын Байқадамқызы «Ақтөбе қалалық сауда орындарындағы балалар ойыншықтарын санитарлық-гигиеналық бағалау» 7. Сапарбаева Жайна Саматқызы «Ақтөбе қалалық сауда орындарындағы балалар ойыншықтарын санитарлық-гигиеналық бағалау» 8. Нұрболатқызы Айдана «Ақтөбе қалалық сауда орындарындағы балалар ойыншықтарын санитарлық-гигиеналық бағалау»	
2	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	1. Кусаинова Динара Нуртасовна «Практическая модель оказания медико-психологической и социальной помощи на уровне ПМСП для пациентов с впервые выявленным онкологическим заболеванием»	**0,30**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

7-кестеде көрсетілген ЖЖОКБҰ-да түлектердің ғылыми жобаларының бар екендігі расталған: М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті.

1.2.3 «Магистратурада/резидентурада оқуды жалғастырған түлектердің үлесі» критерийі

Қазақстанда Еуропалық жоғары білім беру аймағына (European Higher Education Area (EHEA)) кіре отырып, кадрларды даярлаудың үш деңгейлі моделін: бакалавриат, магистратура және PhD докторантураны енгізуді қамтитын жоғары білім беру жүйесін айтарлықтай қайта құрылымдау жүргізілді. Бакалавриат аяқталғаннан кейін түлектердің одан әрі дамуы үшін әртүрлі мүмкіндіктері бар, мысалы, мамандық бойынша жұмыс іздеу, екінші жоғары білім алу немесе магистратураға түсу.

Магистратура біліктілікті арттыруда және таңдаған мамандығы бойынша білімді тереңдетуде шешуші рөл атқарады, бұл оны кәсіби қалыптасудың маңызды кезеңіне айналдырады. Жыл сайын магистрлік бағдарламалар барған сайын танымал бола бастады, ал магистрлер еңбек нарығында сұранысқа ие бола бастады, бұл қазіргі заманғы экономика жағдайында білім берудің осы деңгейінің өзектілігін көрсетеді.

Бұл критерий бойынша жиналған деректер 8-кестедегідей болды.

8-кесте. «Магистратурада/резидентурада оқуды жалғастырған түлектердің үлесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Магистранттар үлесі			Бал л
		Түлектер саны	Түлектер арасында магистратурада оқуды жалғастырғандар саны	үлес %	
1.	Астана медицина университеті	24	12	50,0%	**5,00**
2.	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	22	10	45,4%	**4,89**
3.	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	32	9	28,1%	**3,04**
4.	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	20	5	25,0%	**2,95**
5.	Қарағанды Медицина Университеті	22	4	18,1%	**1,57**
6.	Семей медицина университеті	9	0	0,00%	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

8-кестеде осы критерий бойынша 2024 жылғы түлектерді талдау қорытындыларын көруге болады, түлектердің жалпы саны 129 болса, оның ішінде 40 түлек әрі қарай магистратурада оқуын жалғастырған, бұл 3,2% құрайды. Кестеге сәйкес магистратураға түскен түлектердің ең көп үлесі келесі оқу орынға тиесілі: Астана медицина университеті.

1.2.4 «Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы» критерийі

Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсу үшін іріктеу емтихандарының нысандарының бірі.

Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы – жоғары ҰБТ нәтижелерін көрсеткен талапкерлердің көбінесе қай ЖЖОКБҰ таңдайтынын анықтайтын көрсеткіш. Бұл көрсеткіш ЖЖОКБҰ деңгейін және талапкерлер арасында оның сұранысын анықтауға мүмкіндік береді.

9-кесте. «Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Талапкерлердің орташа ҰБТ балы	Балл
1.	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	110	**3,93**
2.	Қарағанды Медицина Университеті	96	**3,43**
3.	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	92	**3,29**
4.	Астана медицина университеті	85	**3,04**
5.	Семей медицина университеті	83	**2,97**
6.	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	66	**2,35**

Дереккөз: «Ұлттық тестілеу орталығы» РМК

9-кестеде көрсетілгендей, ББ бойынша 2024-2025 оқу жылында жоғары оқу орнына оқуға түскен талапкерлердің орташа балы 88,7 балды құраған. Салыстырмалы түрде жоғары балл жинаған талапкерлер келесі ЖЖОКБҰ-ны таңдаған: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қарағанды Медицина Университеті.

1.2.5 «Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі

Шетелдік студенттер өз елдерінде қазақ тілі мен мәдени дәстүрлерінің таралуына ықпал ете отырып, Қазақстандағы заманауи білім беру жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Олардың еліміздің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқуы біздің университеттерге деген халықаралық сұраныс деңгейін көрсетеді және олардың рейтингісінің жоғарылауына тікелей әсер етеді.

«Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі білім беру бағдарламаларының студенттерді шетелден тарту қабілетін көрсетеді. Бұл шетелдік студенттер үшін білім беру бағдарламалары мен жоғары оқу орындарының нақты тартымдылығын объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Осы критерийді растау үшін ЖЖОКБҰ келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- шетелдік студенттерді қабылдау туралы бұйрықтар;
- шетелдік студенттердің төлқұжаттарының көшірмелері.

10-кесте. «Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Шетелдік студенттер үлесі			Бал л
		ББ контингенті	Шетелдік студенттер саны	үлес, %	
1.	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	98	33	33,6%	**5,00**
2.	Семей медицина университеті	78	0	0,00%	**0,00**
3.	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	160	0	0,00%	**0,00**
4.	Астана медицина университеті	139	0	0,00%	**0,00**
5.	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	77	0	0,00%	**0,00**
6.	Қарағанды Медицина Университеті	75	0	0,00%	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

10-кестеде шетелдік студенттердің «Қоғамдық денсаулық сақтау» ББ жалпы контингентіне қатынасын көруге болады, бұл 19% құрайды. Шетелдік студенттердің контингентке шаққандағы үлесі тек Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде анықталды.

1.3 «ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.3.1 «ЖЖОКБҰ студенттері мен оқытушыларының арақатынасы» критерийі

Студенттер мен оқытушылардың арақатынасы ЖЖОКБҰ ұсынатын білім сапасына әсер ететін негізгі көрсеткіштердің бірі. Бұл критерий оқытуға жеке көзқарас деңгейін және әр студентке оқытушы тарапынан жеткілікті көңіл бөлінетін қолайлы білім беру ортасын құру мүмкіндігін көрсетеді.

Студенттердің оқытушыларға қатынасының төмендігі оқытушылар құрамы жеке кеңес беруге, жұмыстарды тексеруге, ғылыми зерттеулерді басқаруға және практикалық дайындыққа көбірек уақыт бөле отырып, оқушылармен тиімдірек әрекеттесе алуына көбірек мүмкіндік береді. Бұл әсіресе тәжірибеге бағытталған оқытудың жоғары дәрежесін және тереңдетілген зерттеулерді қажет ететін бағдарламалар үшін өте маңызды.

Ал бір ПОҚ шаққанда білім алушылар санының тым көп болуы оқытушыларға шамадан тыс жүктемелер артылатындығын көрсетуі мүмкін, бұл білім беру процесінің сапасын төмендетуі және студенттердің оқуға қызығушылығына теріс әсер етуі мүмкін. Қазіргі білім беру стандарттары мен еңбек нарығының талаптары жағдайында студенттер мен оқытушылар саны арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті сақтау ЖЖОКБҰ бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторына айналады.

Осылайша, осы критерийді талдау оқу орнының оқу жүктемесін ақылға қонымды бөлуді қолдай отырып және оқыту сапасын қамтамасыз ете отырып, білім беру қызметтерінің жоғары деңгейін қаншалықты қамтамасыз ете алатынын бағалауға мүмкіндік береді.

Біздің тарапымыздан ЖЖОКБҰ-да ПОҚ сапасы бойынша берілген мәліметтерді тексеру кезінде мынадай нормативтік құқықтық актілердің іске асырылуы да ескеріледі: Сот төрелігі академиясын, әскери, арнаулы оқу орындарын, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары профессор-оқытушылар құрамының жалпы санын есептеу үшін білім алушылар санының оқытушыларға орташа арақатынасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 606 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада № 17670 болып тіркелген).

11-кесте. «ЖЖОКБҰ студенттері мен оқытушыларының арақатынасы» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ штаттық ПОҚ саны	ЖЖОКБҰ контингенті	Бір ПОҚ-қа шаққандағы білім алушылар саны	Балл
1.	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	2175,00	28441,00	13	**5,00**
2.	Астана медицина университеті	887,00	11667,00	13	**4,97**
3.	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	1097,00	14540,00	13	**4,93**
4.	Қарағанды Медицина Университеті	598,00	8220,00	14	**4,76**
5.	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	517,00	7279,00	14	**4,64**
6.	Семей медицина университеті	407,00	6182,00	15	**4,30**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

11-кестеде оқытушылардың ЖЖОКБҰ-ның жалпы контингентіне қатынасын көруге болады. Осы критерий бойынша үздік көрсеткіш Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, ол университетте бір оқытушыға орташа есеппен 13 білім алушы келеді.

1.3.2 «Дәрежелі оқытушылардың үлесі» критерийі

Дәрежелі оқытушылардың үлесі профессор-оқытушылар құрамының академиялық біліктілігі мен кәсібилігінің маңызды көрсеткіші. Ғылыми дәрежесі (ғылыми дәрежесі және (немесе) философия докторы PhD/бейіні бойынша доктор (академиялық) дәрежесі және (немесе) ғылыми атағы және «өнер» кадрларын даярлау үшін «ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы» спорттық атағы) бар оқытушылар ЖЖОКБҰ-да білім мен ғылыми қызметтің жоғары деңгейін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Оқу орнында дәрежелі оқытушылардың едәуір санының болуы оның іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылыми әзірлемелердің нәтижелерін білім беру процесіне кіріктіру, сондай-ақ халықаралық ғылыми жобаларға қатысу мүмкіндігі туралы куәландырады. Бұл тез өзгеретін кәсіби орта жағдайында жұмысқа дайын жоғары білікті мамандарды қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасайды.

Сонымен қатар, дәрежелі оқытушылар педагогикалық құзыреттіліктің жоғары деңгейіне ие, бұл оларға білімді тиімді жеткізуге, студенттерде сыни ойлау мен аналитикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай оқытушылардың жоғары үлесі оқу орнының академиялық стандарттарға

бейілділігін және білім беру бағдарламаларының сапасын үздіксіз жетілдіруге ұмтылысын көрсетеді.

Бұл критерий ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының академиялық және кәсіптік даярлықтың қазіргі заманғы талаптарына қаншалықты сәйкес келетіндігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді, сондай-ақ оның ғылыми және білім беру орталығы ретіндегі беделін нығайтуға ықпал етеді.

12-кесте. «Дәрежелі оқытушылардың үлесі» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ штаттық ПОҚ саны	Штаттық дәрежелі ПОҚ саны	Үлес, (%)	Балл
1.	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	2175	1336	61,4%	**5,00**
2.	Семей медицина университеті	407	197	48,4%	**3,94**
3.	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	1097	503	45,8%	**3,73**
4.	Қарағанды Медицина Университеті	598	267	44,7%	**3,63**
5.	Астана медицина университеті	887	393	44,2%	**3,61**
6.	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	517	217	42,0%	**3,42**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

12-кестеде бұл ББ бойынша рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ-ның дәрежелі ПОҚ үлесі орта есеппен 47,8 % құрайтынын көруге болады. Дәрежелі ПОҚ-ның ең көп үлесі мынадай ЖЖОКБҰ-да жұмыс істейді: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

1.3.3 «Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі

«Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі білім беру процесінің қаржылық қамтамасыз етілуін және оқу орнының оқытудың негізгі аспектілеріне қаражат салуға дайындығын бағалауға мүмкіндік беретін маңызды көрсеткіштердің бірі. Бұл критерийде бағдарламалық қамтамасыз ету және кітапхана қорын дамыту шығындары ескеріледі.

Бағдарламалық қамтамасыз ету шығындары әртүрлі пәндерге арналған арнайы бағдарламалар, оқу процесін басқару жүйелері және оқытудың тиімділігі мен интерактивтілігін арттыратын басқа да цифрлық құралдар сияқты оқу процестеріне қажетті лицензиялық бағдарламаларды сатып алу және жаңарту шығындарын қамтиды. Бұл ББ өзектілігін сақтау және

студенттерді заманауи технологиялармен жұмыс істеуге дайындау үшін маңызды.

Кітапхана қорын дамыту шығындарына студенттердің өзекті және сапалы оқу және ғылыми ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін қажетті жаңа оқулықтарды, ғылыми әдебиеттерді, электрондық ресурстар мен дерекқорларды сатып алу шығындары кіреді. Кітапхана қорын дамыту білімді тереңдетуге және ғылыми зерттеулер жүргізуге ықпал ететін академиялық ортаның маңызды құрамдас бөлігі.

13-кесте. «Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ контингенті	1 студентке шаққандағы шығындар көлемі (теңге)	Балл
1.	Қарағанды Медицина Университеті	8220	91318,00	**5,00**
2.	Семей медицина университеті	6182	51441,62	**3,12**
3.	Астана медицина университеті	11667	43069,30	**2,73**
4.	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	7279	24798,40	**1,87**
5.	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	28441	13547,14	**1,34**
6.	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	14540	6294,00	**1,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

13-кестеде көрсетілген 1 студентке бөлінген қаражатты талдау бойынша келесі ЖЖОКБҰ жоғары нәтиже көрсетті: Қарағанды Медицина Университеті, Семей медицина университеті.

1.3.4 «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі

«Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі оқытушыларды қаржылық қолдау деңгейін және жанама түрде оқу орнындағы білім беру процесінің сапасын көрсететін маңызды көрсеткіш. Медианалық жалақы – оқытушылардың жартысы жалақыны осы деңгейден жоғары, ал екінші жартысы төмен алатын бөліну нүктесі. Бұл көрсеткіштің орташа жалақыдан айырмашылығы, оған өте жоғары немесе өте төмен жалақы сияқты шекті мәндер әсер етпейді.

Медианалық жалақы деңгейі оқытушылардың мотивациясымен және олардың жұмысқа қанағаттануымен тығыз байланысты. Жалақының жоғары деңгейі университетке білікті мамандарды тартуға және ұстап қалуға мүмкіндік береді, ол дегеніміз оқыту мен ғылыми қызметтің сапасына оң әсер етеді. Лайықты жалақы алатын оқытушылар үнемі кәсіби дамуға, ғылыми

зерттеулерге қатысуға және студенттермен белсенді қарым-қатынасқа ынталы болады.

Сонымен қатар, медианалық жалақы көрсеткіші ЖЖОКБҰ-ның қаржылық тұрақтылығын және оның басқа оқу орындарымен салыстырғанда бәсекеге қабілетті жалақы деңгейін ұстап тұру қабілетін көрсете алады.

14-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ПОҚ медианалық жалақысы (теңге)	Балл
1.	Қарағанды Медицина Университеті	725310,0	**5,00**
2.	Семей медицина университеті	721234,0	**4,10**
3.	Астана медицина университеті	718566,5	**3,43**
4.	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	574074,6	**2,40**
5.	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	658242,8	**2,36**
6.	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	584038,9	**1,00**

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

14-кестеде «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі бойынша талдау нәтижелерін көрсетілген: «Қоғамдық денсаулық сақтау» ББ бойынша ПОҚ орташа медианалық жалақысы 2025 жылы 663 577 теңгені құрады. ББ бойынша рейтингке қатысқан ЖЖОКБҰ арасында Қарағанды Медицина Университеті – 725 310 теңге, Семей медицина университеті – 721 234 теңге көрсеткіштерін көрсетіп, алғашқы орындарды иеленді.

1.4 «Түлектердің мансаптық перспективалары» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.4.1 «Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі» критерийі

«Түлектердің мансаптық перспективалары» критерийлер тобы түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді. Топ үш критерийден тұрады: түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі, түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы, түлектердің медианалық жалақысы. Бұл критерийлер бойынша білім беру бағдарламаларының 2024 жылғы түлектері талданады. Олардың оқу бітіргеннен кейін, 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңдегі зейнетақы жарналары арқылы талдау жүргізіледі.

«Жұмысқа орналасу деңгейі» көрсеткіші түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін тікелей көрсетеді. Бұл өлшем «тұрақты жұмыспен қамту» және «шартты жұмыспен қамту»болып бөлінеді.

Тұрақты жұмысқа орналасу – 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңде қатарынан кемінде 3 ай тұрақты зейнетақы жарналарын алған жұмысқа орналастырылған түлектердің пайызын көрсететін көрсеткіш.

Шартты жұмыспен қамту – 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңде тұрақты емес негізде зейнетақы аударымдарын алған түлектердің пайызын көрсететін көрсеткіш (яғни тұрақты жұмыспен қамту жағдайларын қоспағанда, тұрақсыз табыс).

Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін неғұрлым сенімді есептеу үшін жалпы түлектер санынан мынадай санаттар алынып тасталды:

- Магистратурада (резидентурада) оқуды жалғастырған түлектер;
- Шетел азаматтары;
- Декреттік демалыстағы түлектер;
- Мерзімді әскери қызметке шақырылған түлектер;
- Шетелде білім алатын түлектер;
- Шетелде жұмыс істейтін түлектер;
- 1-2 топтағы мүгедектігі бар түлектер;
- Күш құрылымдарының қызметкерлері;
- Жас ерекшелігіне байланысты есептелмейтін түлектер (1996 жылғы және одан үлкен);
- Қайтыс болған түлектер.

2-диаграмма. «Қоғамдық денсаулық сақтау» ББ бойынша түлектердің жалпы саны мен құрамы



2-диаграммаға сәйкес ББ бойынша түлектердің жалпы саны 129 адамды құрады, оның ішінде: декреттік демалыста – 9; магистратурада (резидентурада) оқуды жалғастырғандар – 39; шетелде білім алатын түлектер – 1; 1-2 топтағы мүгедектігі бар түлектер – 3; 1996 жылғы және одан үлкен – 13.

15-кесте. «Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Түлектердің жалпы саны	Жұмысқа орналасу деңгейі, %	Тұрақты жұмыс, %	Шартты жұмыс, %	Балл
1.	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	32	94%	94%	0%	**4,69**
2.	Қарағанды Медицина Университеті	22	96%	91%	5%	**4,64**
3.	Астана медицина университеті	24	96%	88%	8%	**4,54**
4.	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	20	95%	80%	15%	**4,30**
5.	Семей медицина университеті	9	89%	78%	11%	**4,11**
6.	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	22	100%	68%	32%	**4,05**

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*

15-кестеге сәйкес, ««Қоғамдық денсаулық сақтау»» ББ бойынша жұмысқа орналасудың орташа деңгейі 94,8% құрады. Жұмысқа орналасу көрсеткіші ең жоғары ЖЖОКБҰ: С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті және оның түлектерінің жұмысқа орналасу деңгейі 94,0%-дан асады. Ал Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің көрсеткіші 100% болғанымен, шартты жұмысқа орналасу деңгейі 32% құрады, сол себептен соңғы позициядан орын алды.

3-диаграмма. Түлектерің жұмысқа орналасу деңгейі



3-диаграммадан ББ бойынша түлектердің 84,0%-ы тұрақты, ал 11,0 %-ы шартты түрде жұмыс істейтінін көруге болады. Түлектердің 5,0 %-ы жұмысқа орналаспаған.

16-кесте. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін салыстырмалы талдау

№	ЖЖОКБҰ атауы	Жұмысқа орналасу деңгейі, %		
		2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.
1	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	92%	69%	100%
2	Астана медицина университеті	86%	81%	96%
3	Қарағанды Медицина Университеті	100%	88%	96%
4	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	96%	84%	95%
5	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	94%	81%	94%
6	Семей медицина университеті	91%	90%	89%

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*
— - рейтингке қатыспаған

16-кестедегі салыстырмалы талдауға сәйкес бұл критерий бойынша өткен жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда көрсеткіштері 100,0% Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Ал көрсеткіштердің нашарлауы мынадай ЖЖОКБҰ-да байқалады: Семей медицина университеті.

4-диаграмма. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін салыстырмалы талдау



4-диаграмма еңбек нарығында ББ түлектеріне сұраныстың динамикасын көрсетеді. Алдыңғы рейтингтермен салыстырғанда осы критерий көрсеткіштері жақсарды: 2023 жылы жұмысқа орналасудың орташа деңгейі - 93%, 2024 жылы - 82%, ал 2025 жылы - 95% құрады.

1.4.2 «Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы» критерийі

Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы түлектердің оқуды бітіргеннен кейін қаншалықты жылдам жұмыс таба алатынын көрсететін маңызды көрсеткіш. Бұл көрсеткіш нақты білім беру бағдарламасы мен ЖЖОКБҰ дайындаған еңбек нарығындағы мамандардың сұраныс деңгейін көрсетеді.

Жұмыс іздеудің қысқа кезеңі түлектердің жоғары бәсекеге қабілеттілігін, оқу орнының жақсы беделін және білім беру бағдарламасының жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкестігін көрсетеді. Жұмыс іздеудің ұзақ кезеңі түлектердің жеткіліксіз дайындығын, олардың дағдыларының еңбек нарығының талаптарына сәйкес келмеуін немесе белгілі бір салада жұмысқа орналасудың жалпы күрделілігін көрсетуі мүмкін.

Жұмыс іздеу ұзақтығын талдау білім беру ұйымдарына өз бағдарламаларының тиімділігін бағалауға және қажет болған жағдайда түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелерін жақсарту үшін түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

17-кесте. «Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Жұмыс іздеу ұзақтығы (аймен)	Балл
1.	Семей медицина университеті	1,67	**4,70**
2.	Қарағанды Медицина Университеті	1,79	**4,64**
3.	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	2,15	**4,48**
4.	Астана медицина университеті	2,14	**4,48**
5.	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	3,00	**4,09**
6.	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	3,24	**3,98**

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*

17-кестеде түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығының нәтижелері көрсетілген. Келесі ЖЖОКБҰ-да түлектер 2 айдан аз уақыт ішінде жұмысқа орналасқан: Семей медицина университеті, Қарағанды Медицина Университеті.

5-диаграмма. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығын салыстырмалы талдау



5-диаграмма еңбек нарығында «Қоғамдық денсаулық сақтау» ББ бойынша түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығындағы өзгерістерді көрсетеді. Өткен жылдармен салыстырғанда осы критерийдің көрсеткіштері жақсарған. Бұл өзгерістер ББ түлектеріне сұраныс динамикасын көрсетеді. 2023 жылы жұмыс іздеудің орташа ұзақтығы 2,50 айды, 2024 жылы 4,00, айды, ал 2025 жылы 2,33 айды құрады.

1.4.3 «Түлектердің медианалық жалақысы» критерийі

Медианалық жалақы оқуды бітіргеннен кейінгі алғашқы жылы жұмысқа орналасқан түлектердің табыс деңгейін көрсетеді. Жоғары бастапқы жалақы көбінесе білім беру бағдарламасының сапасының және оны кәсіби ортаның мойындауының көрсеткіші.

Түлектердің медианалық жалақысы туралы мәліметтер оқу орнын таңдау кезінде талапкерлер үшін бағдар бола алады, өйткені олар осы бағдарламаның түлектерінің жұмысқа орналасу және лайықты жалақы алу үшін жақсы перспективалары бар екеніне сенімді бола алады. Сонымен қатар, медианалық жалақысы жоғары бағдарламалар жұмыс берушілердің де назарын аударады, бұл тез мансаптық өсу мен тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады.

Есепте соңғы үш жылдағы түлектердің медианалық жалақысының динамикасы қарастырылады, бұл еңбек нарығындағы трендтерді анықтауға және белгілі бір білім беру бағдарламаларының түлектерінің қаншалықты табысты екенін бағалауға мүмкіндік береді.

18-кесте. «Түлектердің медианалық жалақысы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Медианалық жалақы, теңге	Балл
1	Семей медицина университеті	362588,6	**5,00**
2	Астана медицина университеті	327365,0	**3,72**
3	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	246854,1	**1,76**
4	Қарағанды Медицина Университеті	203097,7	**1,22**
5	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	221053,9	**1,13**
6	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	187496,7	**1,00**

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*

18-кестеде осы критерий бойынша талдау көрсетілген. Осы көрсеткіш бойынша көшбасшы: Семей медицина университеті.

2 Білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі

Білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі білім беру процесінің сапасын, түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін, сондай-ақ жоғары оқу орындары қызметінің жалпы көрсеткіштерін көрсететін барлық критерийлерді жан-жақты талдаудың нәтижесі болып табылады. Бұл бөлімде критерийлердің бірнеше тобы бойынша бағалау негізінде қалыптастырылған «Қоғамдық денсаулық сақтау» ББ бойынша қорытынды рейтинг ұсынылған: білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері, түлектердің мансаптық перспективалары.

2025 жылғы рейтинг жоғарыда аталған блоктар бойынша топтастырылған 17 критерий негізінде құрылды. Әрбір критерийдің жалпы бағалау процесінде оның маңыздылығын көрсететін белгілі бір салмағы бар.

Қорытынды рейтингтің негізгі мақсаты – талапкерлерге, жұмыс берушілерге және басқа да мүдделі тараптарға ақпараттандырылған таңдау жасауға көмектесетін білім беру бағдарламаларына объективті баға беру. Сондай-ақ, рейтинг нәтижелері ЖЖОКБҰ үшін өздерінің білім беру бағдарламаларын жетілдіру және олардың ұлттық және халықаралық деңгейлердегі бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағытында бағдар бола алады.

19-кесте. «Қоғамдық денсаулық сақтау» ББ бойынша қорытынды рейтинг

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ атауы	Жалпы қорытынды	Рейтингтегі орны
1	Астана медицина университеті	6В10119 Қоғамдық денсаулық	3,634	1/6
2	Қарағанды Медицина Университеті	6В10112 Қоғамдық денсаулық	3,386	2/6
3	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	6В10112 Қоғамдық денсаулық	3,366	3/6
4	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	6В10105 Қоғамдық денсаулық	3,340	4/6
5	Семей медицина университеті	6В10106 Қоғамдық денсаулық сақтау	3,269	5/6
6	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	6В10108 Қоғамдық денсаулық	3,160	6/6

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты рейтингте орын алмады*

19-кестеде «Қоғамдық денсаулық сақтау» ББ бойынша 2025 жылғы рейтингті талдау қорытындылары ұсынылған. Жетекші орынды Астана медицина университеті, Қарағанды Медицина Университеті, С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық иеленді.

20-кесте. 2023-2025 жылдардағы «Қоғамдық денсаулық сақтау» ББ бойынша рейтингтегі орындары

№	ЖЖОКБҰ атауы	Рейтингтегі орны		
		2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.
1	Астана медицина университеті	5/8	2/8	1/6
2	Қарағанды Медицина Университеті	1/8	1/8	2/6
3	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	2/8	6/8	3/6
4	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	7/8	7/8	4/6
5	Семей медицина университеті	4/8	3/8	5/6
6	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	3/8	4/8	6/6

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты рейтингте орын алмады*
— - рейтингке қатыспаған

20-кестеде 2023-2025 жылдары «Қоғамдық денсаулық сақтау» ББ бойынша рейтингке қатысқан оқу орындарының рейтингте алған орындары салыстырылды.

2023 жылы рейтинг көшбасшылары қатарында Қарағанды Медицина Университеті, С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті болды.

2024 жылы көшбасшылар тізімі сәл өзгерді: Қарағанды Медицина Университеті, Астана медицина Университеті орын алды.

2025 жылы көшбасшылар өзгеріссіз қалды.

2025 жылғы білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында «Қоғамдық денсаулық сақтау» саласында мамандар даярлаудың әртүрлілігі мен сапасын көрсетеді. Талдау көрсеткендей, еңбек нарығының талаптары мен халықаралық стандарттарға бейімделе отырып, өз бағдарламаларын белсенді түрде жетілдіретін білім беру мекемелері жетекші орындарға ие болды.

Астана медицина университеті, Қарағанды Медицина Университеті сияқты университеттердің жоғары нәтижелері олардың бәсекеге қабілеттілігін және түлектерінің сұранысын растайды. Бұл оқу орындары түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі, орташа жалақы және білім беру бағдарламаларының сапасы сияқты бірқатар критерийлер бойынша жоғары нәтижелер көрсетті.

Рейтинг нәтижелері талапкерлер, жұмыс берушілер және жоғары оқу орындары үшін құнды бағдар болып табылады, әрбір білім беру бағдарламасының мықты жақтарын анықтауға көмектеседі. Болашақта білім беру стандарттарын жақсарту және халықаралық ынтымақтастықты арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру Қазақстанның білім беру жүйесін одан әрі дамыту үшін маңызды қадам болады.

Қорытынды

2025 жылғы ББ бойынша білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін жақсарту үшін елеулі жетістіктер мен салаларды анықтауға мүмкіндік берді. Рейтингте жетекші орындарды білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері, түлектердің мансаптық перспективалары сияқты критерийлер топтары бойынша жоғары нәтижелер көрсете алған университеттер иеленді.

Талдау көрсеткендей, рейтингтің жоғарғы қатарында тұрған ЖЖОКБҰ студенттерді теориялық біліммен ғана емес, сонымен қатар еңбек нарығында сұранысқа ие практикалық дағдылармен қамтамасыз ете отырып, өздерінің білім беру бағдарламаларын жетілдіру бойынша белсенді жұмыс істейді. Алдыңғы қатардағы жоғары оқу орындары жұмыс берушілермен өзара іс-қимылға және халықаралық сапа стандарттарын интеграциялауға ерекше назар аударатынын атап өту керек, себебі бұл олардың түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай арттырады.

Сонымен бірге, есеп назар аударуды қажет ететін кейбір кемшіліктерді анықтады. Мысалы, бірқатар ЖЖОКБҰ-да студенттердің академиялық ұтқырлығы мен ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары, шетелдік студенттер үлесі бойынша төмен көрсеткіштер байқалады, бұл осы бағыттарды одан әрі дамыту қажеттігін көрсетеді. Сондай-ақ, оқу орындарының бір студентке шаққандағы қаржылық шығындар көлемінде айтарлықтай айырмашылықтар байқалды.

Рейтинг нәтижелері барлық мүдделі тараптар үшін маңызды құрал. Талапкерлер мен олардың ата-аналары үшін рейтинг оқу орнын таңдау кезінде бағдар, жұмыс берушілер үшін – мамандарды даярлау сапасының индикаторы, ал жоғары оқу орындарының өздері үшін – өз бағдарламаларын жақсартуға және бәсекелестік ортадағы позицияларын нығайтуға ынталандыру ретінде қызмет етеді.

Қорытындыны келесідей жасауға болады: елеулі жетістіктерге қарамастан, Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі жаңғыртуды және жаңа сын-тегеуріндерге бейімделуді жалғастыруда. Әр ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының жоғары деңгейін қолдап қана қоймай, еңбек нарығындағы өзгерістер мен қоғамның қажеттіліктерін ескере отырып, оларды үнемі жақсартуға ұмтылуы тиіс. 2025 жылғы қорытынды рейтинг жаһандық аренада қазақстандық білім берудің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ете отырып, осы мақсаттарға қол жеткізу жолындағы маңызды қадамдардың бірі. Білім беру бағдарламаларын жетілдіруді жалғастыру және түлектерді тез өзгеретін әлемде табысты кәсіби қызмет үшін қажетті білім мен дағдылармен қамтамасыз ету үшін жан-жақты жұмыс жасау өте маңызды.

Қосымша 1

«Қоғамдық денсаулық сақтау» ББ бойынша рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ тізімі

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ атауы
1	Семей медицина университеті	6В10106 Қоғамдық денсаулық сақтау
2	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	6В10112 Қоғамдық денсаулық
3	Астана медицина университеті	6В10119 Қоғамдық денсаулық
4	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	6В10105 Қоғамдық денсаулық
5	М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті	6В10108 Қоғамдық денсаулық
6	Қарағанды Медицина Университеті	6В10112 Қоғамдық денсаулық

6В072 Өндірістік және өңдеу салаларыдаярлау бағыты
В164 Аспап жасау білім беру бағдарламасы тобы
«Аспап жасау» білім беру бағдарламасы бойынша рейтингіні қалыптастыру есебі

Кіріспе

Қазақстанның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі экономиканың түрлі салалары үшін жоғары білікті мамандарды даярлауда шешуші рөлдердің бірін атқарады. Еңбек нарығының қарқынды дамуы мен халықаралық интеграция жағдайында білім беру сапасы ғана емес, сонымен қатар білім беру бағдарламаларының қазіргі заманғы сын-қатерлерге бейімделу қабілеті де маңызды. Білім беру мекемелері жұмысының тиімділігін бағалаудың маңызды құралы - мамандарды даярлау деңгейін, түлектердің бәсекеге қабілеттілігін және білім беру бағдарламаларының сапасын объективті бағалауға мүмкіндік беретін рейтингілер жасау.

Бұл есепте 2025 жылғы Қазақстанның жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі – ББ) талданады. Осы талдау шеңберінде түлектердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға және олардың еңбек нарығындағы сұранысына әсер ететін негізгі көрсеткіштер бойынша ББ кешенді салыстырмалы шолу жүргізілді.

Білім беру бағдарламаларының рейтингін қалыптастыру үшін негіздеме:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы.

2. «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы.

3. «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімшелеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығы.

4. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және білім беру жүйесіне тексеру парақтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы №166 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы №116 бірлескен бұйрығы.

Бұл есептің мақсаты – білім беру бағдарламаларына жан-жақты талдау жүргізу және осы талдау негізінде қорытынды рейтинг жасау. Рейтинг жасау барысында білім беру процесінің барлық маңызды компоненттерін қамтитын

әртүрлі критерийлер тобы ескерілді. Олардың ішінде: білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері және түлектердің мансаптық перспективалары. Бұл блоктардың әрқайсысы жалпы рейтингте белгілі бір салмаққа ие, бұл бағалауды мүмкіндігінше объективті және жан-жақты етуге мүмкіндік береді.

Бұл есептің негізгі міндеті – білім беру бағдарламаларының жағдайы туралы нақты және құрылымдық түсінік беру. «Аспап жасау» ББ бойынша 2025 жылғы рейтингке 5 ЖЖОКБҰ қатысты (1-қосымша).

1 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларының деректерін талдау

1.1 «Білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.1.1 «Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен әзірлеу және келісу» критерийі

ББ мазмұнын болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі мен бәсекеге қабілеттілігінің тиімділігін арттыру үшін әлеуетті немесе негізгі жұмыс берушілермен келісу қажет. Жұмыс берушілер білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде ұсыныстар, пәндердің мазмұнына өзгерістер енгізе алады, сондай-ақ зерттелетін тақырыптар мен материалдардың өзектілігі бойынша ұсыныстар мен ескертулер бере алады. Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен келісу түлектердің табысты жұмысқа орналасуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады.

ЖЖОКБҰ бұл критерий бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған ББ бойынша құжаттардың мынадай тізбесін ұсыну қажет: модульдік білім беру бағдарламасы (МББ), элективті пәндер каталогы (ЭПК), жұмыс берушіден хат, келісу хаттамасы, жұмыс берушінің рецензиясы, ұсынымдық хат, анықтама-негіздеме, ББ сараптамасы.

Осы критерийді есептеу кезінде ББ келісуге қатысатын жұмыс берушілердің санына басты назар аударылды. Бір мамандықтағы жұмыс берушілер әр түрлі болуы мүмкін, сәйкесінше, жұмыс берушілер саны неғұрлым көп болса, жұмыс ерекшеліктерін ұсыну туралы көзқарастар мен пікірлер соғұрлым көп болады.

1-кесте. «Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен әзірлеу және келісу» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ келісілген жұмыс берушілер саны	Балл
1.	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	5	**5,00**
2.	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	4	**3,67**
3.	Торайғыров университеті	2	**1,00**
4.	Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті	2	**1,00**
5.	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	2	**1,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

1-кестеде осы критерий бойынша нәтижелер берілген: М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті мен Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті жетекші орынға ие болды, өйткені олардың

білім беру бағдарламалары жұмыс берушілердің ең көп санымен келісілген.

1.1.2 «Профессор-оқытушылар құрамының практикалық жұмыс тәжірибесі» критерийі

Профессор-оқытушылар құрамының (ПОҚ) практикалық жұмыс тәжірибесі білім беру үдерісі сапасының маңызды құрамдас бөлігі. Тиісті кәсіби салада нақты тәжірибесі бар оқытушылар студенттерге пән туралы тереңірек және қолданбалы түсінік бере алады. Олар оқу процесіне практикадан, қолданылатын әдістер мен технологиялардан өзекті мысалдар келтіре алады, бұл студенттерді кәсіби қызметке неғұрлым тиімді дайындауға ықпал етеді.

Сонымен қатар, оқытушылардың практикалық тәжірибесі оларға саланың қазіргі тенденцияларын жақсырақ бағдарлауға және оқу бағдарламаларын еңбек нарығының өзгеретін талаптарына бейімдеуге мүмкіндік береді, осылайша түлектердің жоғары бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

ББ бойынша осы көрсеткішті анықтау үшін мынадай құжаттар талап етілді: ЖЖОКБҰ кадрлар бөлімінен оқытушылардың жұмыс өтілі туралы бекітілген анықтама.

2025 жылғы рейтинг әдістемесіне сәйкес 2010 жылғы 1 қаңтар мен 2025 жылғы 1 мамыр аралығында практикалық тәжірибесі бар оқытушылар есепке алынады.

2-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының практикалық жұмыс тәжірибесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Практикалық жұмыс өтілі бар оқытушылар саны (айлар)		Балл
		саны	өтілі	
1.	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	3	337	**4,53**
2.	Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті	4	496	**2,64**
3.	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	1	130	**2,52**
4.	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	5	177	**1,00**
5.	Торайғыров университеті	1	41	**0,72**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

2-кестеден көріп отырғанымыздай, рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ-ның көпшілігінде ЖЖОКБҰ құрылымынан тыс жұмыс тәжірибесі бар оқытушылар бар. Бұл критерийдің көшбасшылары: Академик Е.А.Бөкетов

атындағы Қарағанды университеті, Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті.

1.1.3 «Профессор-оқытушылар құрамының жетістіктері» критерийі

«Профессорлық-оқытушылық құрамның жетістіктері» критерийі білім беру бағдарламаларының сапасын бағалауда маңызды рөл атқарады, өйткені ол білім беру процесіне қатысатын мұғалімдердің кәсібилігі мен құзыреттілігінің деңгейін көрсетеді. Рейтинг әдіснамасына сәйкес, бұл критерий соңғы жылдардағы профессорлық-оқытушылық құрамның жетістіктерін жан-жақты бағалауға мүмкіндік беретін бірнеше ішкі критерийлерді қамтиды.

Атап айтқанда, 2015-2025 жылдар аралығында «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағына ие болған оқытушылар есепке алынады, бұл олардың педагогикалық еңбегін ЖЖОКБҰ деңгейінде мойындағанын көрсетеді. Сол кезеңде «Үздік ғылыми қызметкер» атағын алған ПОҚ да ескеріледі, бұл олардың ғылыми зерттеулерге және академиялық қоғамдастықтың дамуына қосқан үлесін көрсетеді.

3-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының жетістіктері» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атанған ПОҚ саны	«Үздік ғылыми қызметкер» сыйлығының иегерлері	Балл
1.	Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті	6	0	**2,50**
2.	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	4	0	**1,67**
3.	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	2	0	**0,83**
4.	Торайғыров университеті	1	0	**0,42**
5.	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	0	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

3-кестеден көріп отырғанымыздай, осы критерий бойынша Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті жетекші орындарға ие болды.

1.1.4 «Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу» критерийі

Білім беру және кәсіптік ұйымдардың бағдарламаны аккредиттеуі бағдарламаның жоғары сапа стандарттарына сәйкестігінің көрсеткіші және оны ұлттық және халықаралық деңгейде тану және мойындау ретінде қарастырылады.

Дәл осы себепті ББ-ның мамандандырылған аккредиттеуден өткені туралы сертификаты сұралды. Бұл критерий бойынша балл білім беру бағдарламасы аккредиттеуден өткен мекеме мен аккредиттеуден өткені туралы сертификаттың жарамдылық ұзақтығына байланысты есептелді.

Ұсынылған мәліметтерге сәйкес, «Аспап жасау» ББ бойынша рейтингке қатысатын 5 ЖЖОКБҰ-ның 5-і де мамандандырылған аккредиттеуден өткен.

4-кесте. «Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Аккредитациялық орган атауы	Балл
1.	Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті	IAAR	**5,00**
2.	Торайғыров университеті	CAAAE	**3,57**
3.	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	НКЦА (NKCA)	**3,57**
4.	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	IQAA	**3,57**
5.	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	CAAAE	**2,14**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

4-кестеге сәйкес, осы критерий бойынша барлық ЖЖОКБҰ аккредиттеуден өткендігін көруге болады.

1-диаграмма. Аккредиттеу органдары бөлінісіндегі аккредиттелген білім беру бағдарламалары



Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

1-диаграммадан көріп отырғанымыздай, 5 ББ-ның 2-і САААЕ - Орталық Азия білім жүйесін аккредиттеуден өткен.

1.1.5 «Білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау» критерийі

Тиісті салалардан сарапшыларды тарту арқылы білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау білім беру сапасын қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылады. Кәсіби саласында терең білімі мен тәжірибесі бар сарапшылар оқу бағдарламаларының еңбек нарығының заманауи талаптары мен кәсіби стандарттарға қаншалықты сәйкес келетінін объективті бағалай алады. Олар мазмұндағы олқылықтарды анықтап, оқу жоспарларын жаңартуды және жаңа пәндерді немесе оқыту әдістерін енгізуді ұсына алады. Мұндай сараптамалық бағалау білім беру мекемелеріне бағдарламаларды өзгермелі жағдайларға бейімдеуге, мамандарды даярлауды жақсартуға және соның салдарынан түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектеседі. Сарапшыларды тарту сонымен қатар білім беру жүйесі мен индустрия арасындағы байланысты нығайтады, бұл жұмыс берушілердің қажеттіліктерін жақсы түсінуге және білім беру бағдарламаларының практикалық маңыздылығын арттыруға ықпал етеді.

Сарапшылардың ББ бағалауы мынадай критерийлер бойынша жүргізіледі:

1) ББ-ның тәжірибеге бағдарлануы – ББ-ның білім мен дағдыларды практикалық қолдануға қаншалықты бағытталғанын бағалау;

2) Пәндердің берілген оқу нәтижелеріне логикалық өзара байланысы және сәйкестігі – бағдарлама ішіндегі пәндер бір-бірімен және оқытудың соңғы нәтижелерімен қалай байланысты екенін талдау;

3) Пәндерді оқыту кезегінің мәнділігі/қисындылығы – бағдарламаның логикалық құрылымын, пәндердің қаншалықты материалды жақсы игеруге ықпал ететін ретпен ұйымдастырылғандығын бағалау;

4) ББ мазмұнының кәсіптік стандарттарға және/немесе еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі – ББ-ның осы саладағы қолданыстағы кәсіби стандарттарға (олар бар болған жағдайда) және (немесе) қазіргі еңбек нарығының талаптарына қаншалықты сәйкес келетіндігін бағалау;

5) Элективті пәндер каталогы (ЭПК) және оның мәні – ББ икемділігі мен бейімділігін бағалау: элективті курстардың кеңдігі мен әртүрлілігі, сәйкес бағыттар мен мамандықтарды таңдау мүмкіндігі, студенттердің қажеттіліктері мен еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі, тәжірибеге бағытталған және инновациялық курстардың болуын бағалау.

ББ мазмұнын бағалау жүйесі келесі диапазондар бойынша бөлінеді:

- Өте жақсы – 9-10 балл арасы;
- Жақсы – 6-8 балл арасы;
- Қанағаттанарлық – 4-5 балл арасы;
- Қанағаттанарлықсыз – 0-3 балл арасы.

5-кесте. «Білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Сарапшының орташа бағасы	Балл
1.	Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті	8,75	**4,38**
2.	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	8,58	**4,29**
3.	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	8,50	**4,25**
4.	Торайғыров университеті	8,33	**4,17**
5.	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	8,25	**4,13**

Дереккөз: «Атамекен» ҰКП мәліметтері

5-кестеде ББ мазмұнын сараптамалық бағалаудың қорытындысы ұсынылған, оған сәйкес жетекші орынды мынадай ЖЖОКБҰ иеленді: Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті.

1.2 «Білім беру бағдарламасының жетістіктері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.2.1 «Академиялық ұтқырлық» критерийі

ЖЖОКБҰ студенттерінің белгілі бір уақыт кезеңіне елден тыс басқа білім беру немесе ғылыми мекемеге ауысуы студенттің жеке дамуы үшін маңызды және оған мәдени байуға мүмкіндік береді, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің тиімділігін, түлектердің отандық және халықаралық еңбек нарықтарындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады, жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының тәжірибесін зерделеу және игеру есебінен кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіреді және т. б.

ЖЖОКБҰ да академиялық ұтқырлық бағдарламасын іске асыруды талдау мақсатында оқу орындарынан мынадай құжаттар талап етілді:

- академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде студенттерді шетелдік оқу орындарына жіберу туралы ректор бұйрығының көшірмесі;
- академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде шетелдік оқу орындарының студенттерін қабылдау туралы ректор бұйрығының көшірмесі.

ЖЖОКБҰ академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде ұсынылған құжаттарды «Атамекен» ҰКП менеджерлері талдап, келесі қорытындылар жасады:

6-кесте. «Академиялық ұтқырлық» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ контингенті	Академиялық ұтқырлық бағдарламаларын қолданған білім алушылар саны	Балл
1.	Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті	85	2	**5,00**
2.	Торайғыров университеті	18	0	**0,00**
3.	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	26	0	**0,00**
4.	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	132	0	**0,00**
5.	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	26	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

6-кестеде көрсетілген мәліметтерге сәйкес, тек Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде студенттерді шетелдік оқу орнында жіберді.

1.2.2 «Білім алушылардың ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары» критерийі

Қазіргі уақытта нарықтағы технологиялық даму ЖЖОКБҰ-да тиімді ғылыми-зерттеу процесін ұйымдастыруды талап етеді, тек жаңа білімді дамытуды ғана емес, сонымен қатар нарықта коммерциялық тұрғыдан дамыған, сұранысқа ие бизнес-идеяларды өндіруді талап етеді.

Студенттік бизнес-инкубаторлар мен зертханалар жастар ортасында кәсіпкерлік қызметтің оң бейнесін қалыптастырады, жастар арасында креативті және инновациялық әлеуетті іске асырады, сондай-ақ кәсіпкерлікке және инновациялық қызметке бағдарланған ұйымдар мен жастар қауымдастықтарын қолдайды, жастар кәсіпкерлігін ақпараттық, білім беру, қаржылық және мүліктік қолдаудың бірыңғай жүйесін құрады және қамтамасыз етеді. Бұдан басқа, жастарды кәсіпкерлік қызметке білім беру, әдістемелік және ақпараттық даярлауды көрсетеді, жастар құрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің санын арттырады, жоғары білім, бизнес және өндірістік сала арасындағы өзара іс-қимыл мен әлеуметтік әріптестік үшін жағдайлар жасайды.

Сондықтан «Атамекен» ҰКП зерттеу бағытындағы пункттердің бірі ЖЖОКБҰ студенттерінің шығармашылық жетістіктерін дәріптеу және енгізу болып табылады.

Студенттердің ғылыми зерттеулерін талдау мақсатында оқу орындарынан электрондық форматта растайтын құжат (патент және авторлық құқық туралы куәлік) талап етілді:

Ұсынылған құжаттар негізінде келесі мәліметтер алынды:

7-кесте. «Білім алушылардың ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Ғылыми жобалардың атауы	Балл
1	Торайғыров университеті	Жасанды интеллект көмегімен ым тілі қосымшасы	**5,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

7-кестеде көрсетілген ЖЖОКБҰ-да түлектердің ғылыми жобаларының бар екендігі расталған: Торайғыров университеті.

1.2.3 «Магистратурада/резидентурада оқуды жалғастырған түлектердің үлесі» критерийі

Қазақстанда Еуропалық жоғары білім беру аймағына (European Higher Education Area (EHEA)) кіре отырып, кадрларды даярлаудың үш деңгейлі моделін: бакалавриат, магистратура және PhD докторантураны енгізуді қамтитын жоғары білім беру жүйесін айтарлықтай қайта құрылымдау жүргізілді. Бакалавриат аяқталғаннан кейін түлектердің одан әрі дамуы үшін әртүрлі мүмкіндіктері бар, мысалы, мамандық бойынша жұмыс іздеу, екінші жоғары білім алу немесе магистратураға түсу.

Магистратура біліктілікті арттыруда және таңдаған мамандығы бойынша білімді тереңдетуде шешуші рөл атқарады, бұл оны кәсіби қалыптасудың маңызды кезеңіне айналдырады. Жыл сайын магистрлік бағдарламалар барған сайын танымал бола бастады, ал магистрлер еңбек нарығында сұранысқа ие бола бастады, бұл қазіргі заманғы экономика жағдайында білім берудің осы деңгейінің өзектілігін көрсетеді.

Бұл критерий бойынша жиналған деректер 8-кестедегідей болды.

8-кесте. «Магистратурада/резидентурада оқуды жалғастырған түлектердің үлесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Магистранттар үлесі			Бал л
		Түлектер саны	Түлектер арасында магистратурада оқуды жалғастырғандар саны	үлес %	
1	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	38	10	26,3%	**5,00**
2	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	6	1	16,7%	**3,17**
3	Торайғыров университеті	8	0	0,00%	**0,00**
4	Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті	8	0	0,00%	**0,00**
5	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	7	0	0,00%	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

8-кестеде осы критерий бойынша 2024 жылғы түлектерді талдау қорытындыларын көруге болады, түлектердің жалпы саны 67 болса, оның ішінде 11 түлек әрі қарай магистратурада оқуын жалғастырған, бұл 43% құрайды. Кестеге сәйкес магистратураға түскен түлектер тек келесі оқу

орындарына тиесілі: Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті.

1.2.4 «Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы» критерийі

Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсу үшін іріктеу емтихандарының нысандарының бірі.

Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы – жоғары ҰБТ нәтижелерін көрсеткен талапкерлердің көбінесе қай ЖЖОКБҰ таңдайтынын анықтайтын көрсеткіш. Бұл көрсеткіш ЖЖОКБҰ деңгейін және талапкерлер арасында оның сұранысын анықтауға мүмкіндік береді.

9-кесте. «Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Талапкерлердің орташа ҰБТ балы	Балл
1.	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	90	**3,20**
2.	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	69	**2,45**
3.	Торайғыров университеті	63	**2,23**
4.	Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті	60	**2,14**
5.	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	0	**0,00**

Дереккөз: «Ұлттық тестілеу орталығы» РМК

9-кестеде көрсетілгендей, ББ бойынша 2024-2025 оқу жылында жоғары оқу орнына оқуға түскен талапкерлердің орташа балы 56 балды құраған. Салыстырмалы түрде жоғары балл жинаған талапкерлер келесі ЖЖОКБҰ-ны таңдаған: Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті.

1.2.5 «Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі

Шетелдік студенттер өз елдерінде қазақ тілі мен мәдени дәстүрлерінің таралуына ықпал ете отырып, Қазақстандағы заманауи білім беру жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Олардың еліміздің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқуы біздің университеттерге

деген халықаралық сұраныс деігейін көрсетеді және олардың рейтингінің жоғарылауына тікелей әсер етеді.

«Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі білім беру бағдарламаларының студенттерді шетелден тарту қабілетін көрсетеді. Бұл шетелдік студенттер үшін білім беру бағдарламалары мен жоғары оқу орындарының нақты тартымдылығын объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Осы критерийді растау үшін ЖЖОКБҰ келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- шетелдік студенттерді қабылдау туралы бұйрықтар;
- шетелдік студенттердің төлқұжаттарының көшірмелері.

10-кесте. «Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Шетелдік студенттер үлесі			Бал л
		ББ контингенті	Шетелдік студенттер саны	үлес, %	
1.	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	26	1	3.85%	**5,00**
2.	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	26	1	3.85%	**5,00**
3.	Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті	85	1	1.18%	**1,53**
4.	Торайғыров университеті	18	0	0.00%	**0,00**
5.	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	132	0	0.00%	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

10-кестеде шетелдік студенттердің «Аспап жасау» ББ жалпы контингентіне қатынасын көруге болады, бұл 1,02 % құрайды. Шетелдік студенттердің контингентке шаққандағы ең көп үлесі келесі оқу орындарында анықталды: М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті.

1.3 «ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.3.1 «ЖЖОКБҰ студенттері мен оқытушыларының арақатынасы» критерийі

Студенттер мен оқытушылардың арақатынасы ЖЖОКБҰ ұсынатын білім сапасына әсер ететін негізгі көрсеткіштердің бірі. Бұл критерий оқытуға жеке көзқарас деңгейін және әр студентке оқытушы тарапынан жеткілікті көңіл бөлінетін қолайлы білім беру ортасын құру мүмкіндігін көрсетеді.

Студенттердің оқытушыларға қатынасының төмендігі оқытушылар құрамы жеке кеңес беруге, жұмыстарды тексеруге, ғылыми зерттеулерді басқаруға және практикалық дайындыққа көбірек уақыт бөле отырып, оқушылармен тиімдірек әрекеттесе алуына көбірек мүмкіндік береді. Бұл әсіресе тәжірибеге бағытталған оқытудың жоғары дәрежесін және тереңдетілген зерттеулерді қажет ететін бағдарламалар үшін өте маңызды.

Ал бір ПОҚ шаққанда білім алушылар санының тым көп болуы оқытушыларға шамадан тыс жүктемелер артылатындығын көрсетуі мүмкін, бұл білім беру процесінің сапасын төмендетуі және студенттердің оқуға қызығушылығына теріс әсер етуі мүмкін. Қазіргі білім беру стандарттары мен еңбек нарығының талаптары жағдайында студенттер мен оқытушылар саны арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті сақтау ЖЖОКБҰ бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторына айналады.

Осылайша, осы критерийді талдау оқу орнының оқу жүктемесін ақылға қонымды бөлуді қолдай отырып және оқыту сапасын қамтамасыз ете отырып, білім беру қызметтерінің жоғары деңгейін қаншалықты қамтамасыз ете алатынын бағалауға мүмкіндік береді.

Біздің тарапымыздан ЖЖОКБҰ-да ПОҚ сапасы бойынша берілген мәліметтерді тексеру кезінде мынадай нормативтік құқықтық актілердің іске асырылуы да ескеріледі: Сот төрелігі академиясын, әскери, арнаулы оқу орындарын, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары профессор-оқытушылар құрамының жалпы санын есептеу үшін білім алушылар санының оқытушыларға орташа арақатынасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 606 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада № 17670 болып тіркелген).

11-кесте. «ЖЖОКБҰ студенттері мен оқытушыларының арақатынасы» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ штаттық ПОҚ саны	ЖЖОКБҰ контингенті	Бір ПОҚ-қа шаққандағы білім алушылар саны	Балл
1.	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	396,00	5606,00	15	**5,00**
2.	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	885,00	13916,00	16	**4,50**
3.	Торайғыров университеті	511,00	8878,00	17	**4,07**
4.	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	823,00	14443,00	18	**4,03**
5.	Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті	226,00	5804,00	26	**2,76**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

11-кестеде оқытушылардың ЖЖОКБҰ-ның жалпы контингентіне қатынасын көруге болады. Осы критерий бойынша үздік көрсеткіш М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде тіркелді, ол университетте бір оқытушыға орташа есеппен 15 білім алушы келеді.

1.3.2 «Дәрежелі оқытушылардың үлесі» критерийі

Дәрежелі оқытушылардың үлесі профессор-оқытушылар құрамының академиялық біліктілігі мен кәсібилігінің маңызды көрсеткіші. Ғылыми дәрежесі (ғылыми дәрежесі және (немесе) философия докторы PhD/бейіні бойынша доктор (академиялық) дәрежесі және (немесе) ғылыми атағы және «өнер» кадрларын даярлау үшін «ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы» спорттық атағы) бар оқытушылар ЖЖОКБҰ-да білім мен ғылыми қызметтің жоғары деңгейін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Оқу орнында дәрежелі оқытушылардың едәуір санының болуы оның іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылыми әзірлемелердің нәтижелерін білім беру процесіне кіріктіру, сондай-ақ халықаралық ғылыми жобаларға қатысу мүмкіндігі туралы куәландырады. Бұл тез өзгеретін кәсіби орта жағдайында жұмысқа дайын жоғары білікті мамандарды қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасайды.

Сонымен қатар, дәрежелі оқытушылар педагогикалық құзыреттіліктің жоғары деңгейіне ие, бұл оларға білімді тиімді жеткізуге, студенттерде сыни ойлау мен аналитикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай оқытушылардың жоғары үлесі оқу орнының академиялық стандарттарға

бейілділігін және білім беру бағдарламаларының сапасын үздіксіз жетілдіруге ұмтылысын көрсетеді.

Бұл критерий ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының академиялық және кәсіптік даярлықтың қазіргі заманғы талаптарына қаншалықты сәйкес келетіндігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді, сондай-ақ оның ғылыми және білім беру орталығы ретіндегі беделін нығайтуға ықпал етеді.

12-кесте. «Дәрежелі оқытушылардың үлесі» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ штаттық ПОҚ саны	Штаттық дәрежелі ПОҚ саны	Үлес, (%)	Балл
1	Торайғыров университеті	511	299	58.5%	**5,00**
2	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	823	447	54.3%	**4,64**
3	Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті	226	108	47.7%	**4,08**
4	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	885	336	37.8%	**3,24**
5	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	396	140	35.3%	**3,02**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

12-кестеде бұл ББ бойынша рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ-ның дәрежелі ПОҚ үлесі орта есеппен 46.7 % құрайтынын көруге болады. Дәрежелі ПОҚ-ның ең көп үлесі мынадай ЖЖОКБҰ-да жұмыс істейді: Торайғыров университеті, Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті.

1.3.3 «Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі

«Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі критерийі білім беру процесінің қаржылық қамтамасыз етілуін және оқу орнының оқытудың негізгі аспектілеріне қаражат салуға дайындығын бағалауға мүмкіндік беретін маңызды көрсеткіштердің бірі. Бұл критерийде бағдарламалық қамтамасыз ету және кітапхана қорын дамыту шығындары ескеріледі.

Бағдарламалық қамтамасыз ету шығындары әртүрлі пәндерге арналған арнайы бағдарламалар, оқу процесін басқару жүйелері және оқытудың тиімділігі мен интерактивтілігін арттыратын басқа да цифрлық құралдар

сияқты оқу процестеріне қажетті лицензиялық бағдарламаларды сатып алу және жаңарту шығындарын қамтиды. Бұл ББ өзектілігін сақтау және студенттерді заманауи технологиялармен жұмыс істеуге дайындау үшін маңызды.

Кітапхана қорын дамыту шығындарына студенттердің өзекті және сапалы оқу және ғылыми ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін қажетті жаңа оқулықтарды, ғылыми әдебиеттерді, электрондық ресурстар мен дерекқорларды сатып алу шығындары кіреді. Кітапхана қорын дамыту білімді тереңдетуге және ғылыми зерттеулер жүргізуге ықпал ететін академиялық ортаның маңызды құрамдас бөлігі.

13-кесте. «Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ контингенті	1 студентке шаққандағы шығындар көлемі (теңге)	Балл
1	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	14443,00	13982,00	**5,00**
2	Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті	5804,00	13040,00	**4,64**
3	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	13916,00	5563,46	**1,78**
4	Торайғыров университеті	8878,00	5092,18	**1,60**
5	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	5606,00	3511,00	**1,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

13-кестеде көрсетілген 1 студентке бөлінген қаражатты талдау бойынша келесі ЖЖОКБҰ жоғары нәтиже көрсетті: Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті.

1.3.4 «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі

«Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі оқытушыларды қаржылық қолдау деңгейін және жанама түрде оқу орнындағы білім беру процесінің сапасын көрсететін маңызды көрсеткіш. Медианалық жалақы – оқытушылардың жартысы жалақыны осы деңгейден жоғары, ал екінші жартысы төмен алатын бөліну нүктесі. Бұл көрсеткіштің орташа жалақыдан айырмашылығы, оған өте жоғары немесе өте төмен жалақы сияқты шекті мәндер әсер етпейді.

Медианалық жалақы деңгейі оқытушылардың мотивациясымен және олардың жұмысқа қанағаттануымен тығыз байланысты. Жалақының жоғары деңгейі университетке білікті мамандарды тартуға және ұстап қалуға

мүмкіндік береді, ол дегеніміз оқыту мен ғылыми қызметтің сапасына оң әсер етеді. Лайықты жалақы алатын оқытушылар үнемі кәсіби дамуға, ғылыми зерттеулерге қатысуға және студенттермен белсенді қарым-қатынасқа ынталы болады.

Сонымен қатар, медианалық жалақы көрсеткіші ЖЖОКБҰ-ның қаржылық тұрақтылығын және оның басқа оқу орындарымен салыстырғанда бәсекеге қабілетті жалақы деңгейін ұстап тұру қабілетін көрсете алады.

14-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ПОҚ медианалық жалақысы (теңге)	Балл
1	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	518832,2	**5,00**
2	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	554746,4	**4,81**
3	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	497805,0	**4,68**
4	Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті	489887,3	**2,70**
5	Торайғыров университеті	380524,9	**1,00**

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

14-кестеде «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі бойынша талдау нәтижелерін көрсетілген: «Аспап жасау» ББ бойынша ПОҚ орташа медианалық жалақысы 2025 жылы 488 359 теңгені құрады. ББ бойынша рейтингке қатысқан ЖЖОКБҰ арасында Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті – 554 474 теңге, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті – 518 832 теңге көрсеткіштерін көрсетіп, алғашқы орындарды иеленді.

1.4 «Түлектердің мансаптық перспективалары» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.4.1 «Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі» критерийі

«Түлектердің мансаптық перспективалары» критерийлер тобы түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді. Топ үш критерийден тұрады: түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі, түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы, түлектердің медианалық жалақысы. Бұл критерийлер бойынша білім беру бағдарламаларының 2024 жылғы түлектері талданады. Олардың оқу бітіргеннен кейін, 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңдегі зейнетақы жарналары арқылы талдау жүргізіледі.

«Жұмысқа орналасу деңгейі» көрсеткіші түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін тікелей көрсетеді. Бұл өлшем «тұрақты жұмыспен қамту» және «шартты жұмыспен қамту»болып бөлінеді.

Тұрақты жұмысқа орналасу – 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңде қатарынан кемінде 3 ай тұрақты зейнетақы жарналарын алған жұмысқа орналастырылған түлектердің пайызын көрсететін көрсеткіш.

Шартты жұмыспен қамту – 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңде тұрақты емес негізде зейнетақы аударымдарын алған түлектердің пайызын көрсететін көрсеткіш (яғни тұрақты жұмыспен қамту жағдайларын қоспағанда, тұрақсыз табыс).

Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін неғұрлым сенімді есептеу үшін жалпы түлектер санынан мынадай санаттар алынып тасталды:

- Магистратурада (резидентурада) оқуды жалғастырған түлектер;
- Шетел азаматтары;
- Декреттік демалыстағы түлектер;
- Мерзімді әскери қызметке шақырылған түлектер;
- Шетелде білім алатын түлектер;
- Шетелде жұмыс істейтін түлектер;
- 1-2 топтағы мүгедектігі бар түлектер;
- Күш құрылымдарының қызметкерлері;
- Жас ерекшелігіне байланысты есептелмейтін түлектер (1996 жылғы және одан үлкен);
- Қайтыс болған түлектер.

2-диаграмма. «Аспап жасау» ББ бойынша түлектердің жалпы саны мен құрамы



2-диаграммаға сәйкес ББ бойынша түлектердің жалпы саны 59 адамды құрады, оның ішінде: декреттік демалыста – 1; мерзімді әскери қызметке шақырылғандар – 1; магистратурада (резидентурада) оқуды жалғастырғандар – 11; 1996 жылғы және одан үлкен – 1.

15-кесте. «Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Түлектердің жалпы саны	Жұмысқа орналасу деңгейі, %	Тұрақты жұмыс, %	Шартты жұмыс, %	Балл
1.	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	33	88%	85%	3%	**4,30**
2.	Торайғыров университеті	7	100%	57%	43%	**3,71**
3.	Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті	8	100%	38%	62%	**3,13**
4.	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	6	100%	33%	67%	**3,00**
5.	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	5	80%	40%	40%	**2,80**

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*

15-кестеге сәйкес, «Аспап жасау» ББ бойынша жұмысқа орналасудың орташа деңгейі 93,6% құрады. Жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары ЖЖОКБҰ: Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, оның түлектерінің жұмысқа орналасу деңгейі 87,9%-дан асады. Соңғы позицияда М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті болды, онда жұмысқа орналасудың жалпы пайызы 80,0%-дан төмен.

3-диаграмма. Түлектерің жұмысқа орналасу деңгейі



3-диаграммадан ББ бойынша түлектердің 66%-ы тұрақты, ал 23%-ы шартты түрде жұмыс істейтінін көруге болады. Түлектердің 9%-ы жұмысқа орналаспаған.

16-кесте. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін салыстырмалы талдау

№	ЖЖОКБҰ атауы	Жұмысқа орналасу деңгейі, %		
		2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.
1	Торайғыров университеті	83%	-	100%
2	Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті	92%	88%	100%
3	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	100%	86%	100%
4	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	94%	91%	88%
5	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	80%	-	80%

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*

— - рейтингке қатыспаған

16-кестедегі салыстырмалы талдауға сәйкес бұл критерий бойынша өткен жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда келесі оқу орындарының көрсеткіштері жақсарған: Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті, Торайғыров университеті, Академик Е.А.Бөкетов

атындағы Қарағанды университеті. Ал көрсеткіштердің нашарлауы мынадай Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде байқалады.

4-диаграмма. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін салыстырмалы талдау



4-диаграмма еңбек нарығында ББ түлектеріне сұраныстың динамикасын көрсетеді. Алдыңғы рейтингтермен салыстырғанда осы критерий көрсеткіштері жақсарды: 2023 жылы жұмысқа орналасудың орташа деңгейі - 90%, 2024 жылы - 88%, ал 2025 жылы – 94% құрады.

1.4.2 «Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы» критерийі

Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы түлектердің оқуды бітіргеннен кейін қаншалықты жылдам жұмыс таба алатынын көрсететін маңызды көрсеткіш. Бұл көрсеткіш нақты білім беру бағдарламасы мен ЖЖОКБҰ дайындаған еңбек нарығындағы мамандардың сұраныс деңгейін көрсетеді.

Жұмыс іздеудің қысқа кезеңі түлектердің жоғары бәсекеге қабілеттілігін, оқу орнының жақсы беделін және білім беру бағдарламасының жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкестігін көрсетеді. Жұмыс іздеудің ұзақ кезеңі түлектердің жеткіліксіз дайындығын, олардың дағдыларының еңбек нарығының талаптарына сәйкес келмеуін немесе белгілі бір салада жұмысқа орналасудың жалпы күрделілігін көрсетуі мүмкін.

Жұмыс іздеу ұзақтығын талдау білім беру ұйымдарына өз бағдарламаларының тиімділігін бағалауға және қажет болған жағдайда түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелерін жақсарту үшін түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

17-кесте. «Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Жұмыс іздеу ұзақтығы (аймен)	Балл
1.	Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті	1,00	**5,00**
2.	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	1,50	**4,77**
3.	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	3,00	**4,09**
4.	Торайғыров университеті	3,50	**3,86**
5.	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	3,64	**3,80**

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*

17-кестеде түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығының нәтижелері көрсетілген. Келесі ЖЖОКБҰ-да түлектер 2 айдан аз уақыт ішінде жұмысқа орналасқан: Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті.

5-диаграмма. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығын салыстырмалы талдау



5-диаграмма еңбек нарығында «Аспап жасау» ББ бойынша түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығындағы өзгерістерді көрсетеді. Өткен жылдармен салыстырғанда осы критерийдің көрсеткіштері жақсарған. Бұл өзгерістер ББ түлектеріне сұраныс динамикасын көрсетеді. 2023 жылы жұмыс іздеудің орташа ұзақтығы 2,70 айды, 2024 жылы 3,90 айды, ал 2025 жылы 2,50 айды құрады.

1.4.3 «Түлектердің медианалық жалақысы» критерийі

Медианалық жалақы оқуды бітіргеннен кейінгі алғашқы жылы жұмысқа орналасқан түлектердің табыс деңгейін көрсетеді. Жоғары бастапқы жалақы көбінесе білім беру бағдарламасының сапасының және оны кәсіби ортаның мойындауының көрсеткіші.

Түлектердің медианалық жалақысы туралы мәліметтер оқу орнын таңдау кезінде талапкерлер үшін бағдар бола алады, өйткені олар осы бағдарламаның түлектерінің жұмысқа орналасу және лайықты жалақы алу үшін жақсы перспективалары бар екеніне сенімді бола алады. Сонымен қатар, медианалық жалақысы жоғары бағдарламалар жұмыс берушілердің де назарын аударады, бұл тез мансаптық өсу мен тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады.

Есепте соңғы үш жылдағы түлектердің медианалық жалақысының динамикасы қарастырылады, бұл еңбек нарығындағы трендтерді анықтауға және белгілі бір білім беру бағдарламаларының түлектерінің қаншалықты табысты екенін бағалауға мүмкіндік береді.

18-кесте. «Түлектердің медианалық жалақысы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Медианалық жалақы, теңге	Балл
1.	Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті	325101,2	**5,00**
2.	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	185068,4	**2,60**
3.	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	203160,0	**2,57**
4.	Торайғыров университеті	164690,2	**2,23**
5.	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	116418,9	**1,00**

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты «түлектердің мансаптық перспективалары» тобы бойынша нәтижелері есепке алынбайды*

18-кестеде осы критерий бойынша талдау көрсетілген. Осы көрсеткіш бойынша көшбасшы: Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті. Ең төменгі көрсеткіш М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде.

2 Білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі

Білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі білім беру процесінің сапасын, түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін, сондай-ақ жоғары оқу орындары қызметінің жалпы көрсеткіштерін көрсететін барлық критерийлерді жан-жақты талдаудың нәтижесі болып табылады. Бұл бөлімде критерийлердің бірнеше тобы бойынша бағалау негізінде қалыптастырылған «Аспап жасау» ББ бойынша қорытынды рейтинг ұсынылған: білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері, түлектердің мансаптық перспективалары.

2025 жылғы рейтинг жоғарыда аталған блоктар бойынша топтастырылған 17 критерий негізінде құрылды. Әрбір критерийдің жалпы бағалау процесінде оның маңыздылығын көрсететін белгілі бір салмағы бар.

Қорытынды рейтингтің негізгі мақсаты – талапкерлерге, жұмыс берушілерге және басқа да мүдделі тараптарға ақпараттандырылған таңдау жасауға көмектесетін білім беру бағдарламаларына объективті баға беру. Сондай-ақ, рейтинг нәтижелері ЖЖОКБҰ үшін өздерінің білім беру бағдарламаларын жетілдіру және олардың ұлттық және халықаралық деңгейлердегі бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағытында бағдар бола алады.

19-кесте. «Аспап жасау» ББ бойынша қорытынды рейтинг

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ атауы	Жалпы қорытынды	Рейтингтегі орны
1	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	6В07113 Робототехника және мехатроника	3,273	1/5
2	Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті	6В07109 Медициналық инжиниринг (Медициналық техника)	3,270	2/5
3	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	6В07104 Аспап жасау	3,077	3/5
4	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	6В07106 Робототехникалық, интеллектуалдық жүйелер және аспап жасау	2,987	4/5
5	Торайғыров университеті	6В07112 Аспап жасау	2,714	5/5

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты рейтингте орын алмады*

19-кестеде «Аспап жасау» ББ бойынша 2025 жылғы рейтингті талдау қорытындылары ұсынылған. Жетекші орынды Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті сияқты ЖЖОКБҰ иеленді.

20-кесте. 2023-2025 жылдардағы «Аспап жасау» ББ бойынша рейтингтегі орындары

№	ЖЖОКБҰ атауы	Рейтингтегі орны		
		2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.
1	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	2/7	2/5	1/5
2	Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті	4/7	3/5	2/5
3	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	1/7	4/5	3/5
4	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	7/7	-	4/5
5	Торайғыров университеті	6/7	-	5/5
*	Г. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті	-	1/5	-

** - түлектер саны 5-тен аз болуына байланысты рейтингте орын алмады*
— - рейтингке қатыспаған

20-кестеде 2023-2025 жылдары «Аспап жасау» ББ бойынша рейтингке қатысқан оқу орындарының рейтингте алған орындары салыстырылды.

2023 жылы рейтинг көшбасшылары қатарында Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті болды.

2024 жылы көшбасшылар тізімінде Г. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті және Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті тұрақтады.

2025 жылы көшбасшы қатарында Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті алдыңғы қатарға шығып, өз орнын сақтап қалды.

Үш жыл бойы М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Торайғыров университеті соңғы орындарды иеленді.

2025 жылғы білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында «Аспап жасау» ББ саласында мамандар даярлаудың әртүрлілігі мен сапасын көрсетеді. Талдау көрсеткендей, еңбек нарығының талаптары мен халықаралық стандарттарға бейімделе отырып, өз бағдарламаларын белсенді түрде жетілдіретін білім беру мекемелері жетекші орындарға ие болды.

Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті және Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті сияқты университеттердің жоғары нәтижелері олардың бәсекеге қабілеттілігін және түлектерінің сұранысын растайды. Бұл оқу орындары түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі, орташа жалақы және білім беру бағдарламаларының сапасы сияқты бірқатар критерийлер бойынша жоғары нәтижелер көрсетті.

Рейтинг нәтижелері талапкерлер, жұмыс берушілер және жоғары оқу орындары үшін құнды бағдар болып табылады, әрбір білім беру

бағдарламасының мықты жақтарын анықтауға көмектеседі. Болашақта білім беру стандарттарын жақсарту және халықаралық ынтымақтастықты арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру Қазақстанның білім беру жүйесін одан әрі дамыту үшін маңызды қадам болады.

Қорытынды

2025 жылғы ББ бойынша білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін жақсарту үшін елеулі жетістіктер мен салаларды анықтауға мүмкіндік берді. Рейтингте жетекші орындарды білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері, түлектердің мансаптық перспективалары сияқты критерийлер топтары бойынша жоғары нәтижелер көрсете алған университеттер иеленді.

Талдау көрсеткендей, рейтингтің жоғарғы қатарында тұрған ЖЖОКБҰ студенттерді теориялық біліммен ғана емес, сонымен қатар еңбек нарығында сұранысқа ие практикалық дағдылармен қамтамасыз ете отырып, өздерінің білім беру бағдарламаларын жетілдіру бойынша белсенді жұмыс істейді. Алдыңғы қатардағы жоғары оқу орындары жұмыс берушілермен өзара іс-қимылға және халықаралық сапа стандарттарын интеграциялауға ерекше назар аударатынын атап өту керек, себебі бұл олардың түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай арттырады.

Сонымен бірге, есеп назар аударуды қажет ететін кейбір кемшіліктерді анықтады. Мысалы, бірқатар ЖЖОКБҰ-да студенттердің академиялық ұтқырлығы мен ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары, шетелдік студенттер үлесі бойынша төмен көрсеткіштер байқалады, бұл осы бағыттарды одан әрі дамыту қажеттігін көрсетеді. Сондай-ақ, оқу орындарының бір студентке шаққандағы қаржылық шығындар көлемінде айтарлықтай айырмашылықтар байқалды.

Рейтинг нәтижелері барлық мүдделі тараптар үшін маңызды құрал. Талапкерлер мен олардың ата-аналары үшін рейтинг оқу орнын таңдау кезінде бағдар, жұмыс берушілер үшін – мамандарды даярлау сапасының индикаторы, ал жоғары оқу орындарының өздері үшін – өз бағдарламаларын жақсартуға және бәсекелестік ортадағы позицияларын нығайтуға ынталандыру ретінде қызмет етеді.

Қорытындыны келесідей жасауға болады: елеулі жетістіктерге қарамастан, Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі жаңғыртуды және жаңа сын-тегеуріндерге бейімделуді жалғастыруда. Әр ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының жоғары деңгейін қолдап қана қоймай, еңбек нарығындағы өзгерістер мен қоғамның қажеттіліктерін ескере отырып, оларды үнемі жақсартуға ұмтылуы тиіс. 2025 жылғы қорытынды рейтинг жаһандық аренада қазақстандық білім берудің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ете отырып, осы мақсаттарға қол жеткізу жолындағы маңызды қадамдардың бірі. Білім беру бағдарламаларын жетілдіруді жалғастыру және түлектерді тез өзгеретін әлемде табысты кәсіби қызмет үшін қажетті білім мен дағдылармен қамтамасыз ету үшін жан-жақты жұмыс жасау өте маңызды.

Қосымша 1

«Аспап жасау» ББ бойынша рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ тізімі

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ атауы
1	Торайғыров университеті	6В07112 Аспап жасау
2	М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті	6В07106 Робототехникалық, интеллектуалдық жүйелер және аспап жасау
3	Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті	6В07109 Медициналық инжиниринг (Медициналық техника)
4	Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті	6В07113 Робототехника және мехатроника
5	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	6В07104 Аспап жасау

6В022 Гуманитарлық ғылымдар даярлау бағыты
В033 Дін және теология білім беру бағдарламасы тобы
«Діントану» білім беру бағдарламасы бойынша
рейтингіні қалыптастыру есебі

Кіріспе

Қазақстанның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі экономиканың түрлі салалары үшін жоғары білікті мамандарды даярлауда шешуші рөлдердің бірін атқарады. Еңбек нарығының қарқынды дамуы мен халықаралық интеграция жағдайында білім беру сапасы ғана емес, сонымен қатар білім беру бағдарламаларының қазіргі заманғы сын-қатерлерге бейімделу қабілеті де маңызды. Білім беру мекемелері жұмысының тиімділігін бағалаудың маңызды құралы - мамандарды даярлау деңгейін, түлектердің бәсекеге қабілеттілігін және білім беру бағдарламаларының сапасын объективті бағалауға мүмкіндік беретін рейтингілер жасау.

Бұл есепте 2025 жылғы Қазақстанның жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі – ББ) талданады. Осы талдау шеңберінде түлектердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға және олардың еңбек нарығындағы сұранысына әсер ететін негізгі көрсеткіштер бойынша ББ кешенді салыстырмалы шолу жүргізілді.

Білім беру бағдарламаларының рейтингін қалыптастыру үшін негіздеме:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы.

2. «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы.

3. «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімшелеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығы.

4. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және білім беру жүйесіне тексеру парақтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы №166 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы №116 бірлескен бұйрығы.

Бұл есептің мақсаты – білім беру бағдарламаларына жан-жақты талдау жүргізу және осы талдау негізінде қорытынды рейтинг жасау. Рейтинг жасау барысында білім беру процесінің барлық маңызды компоненттерін қамтитын

әртүрлі критерийлер тобы ескерілді. Олардың ішінде: білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері және түлектердің мансаптық перспективалары. Бұл блоктардың әрқайсысы жалпы рейтингте белгілі бір салмаққа ие, бұл бағалауды мүмкіндігінше объективті және жан-жақты етуге мүмкіндік береді.

Бұл есептің негізгі міндеті – білім беру бағдарламаларының жағдайы туралы нақты және құрылымдық түсінік беру. «Дінтану» ББ бойынша 2025 жылғы рейтингке 7 ЖЖОКБҰ қатысты (1-қосымша).

1 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларының деректерін талдау

1.1 «Білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.1.1 «Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен әзірлеу және келісу» критерийі

ББ мазмұнын болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі мен бәсекеге қабілеттілігінің тиімділігін арттыру үшін әлеуетті немесе негізгі жұмыс берушілермен келісу қажет. Жұмыс берушілер білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде ұсыныстар, пәндердің мазмұнына өзгерістер енгізе алады, сондай-ақ зерттелетін тақырыптар мен материалдардың өзектілігі бойынша ұсыныстар мен ескертулер бере алады. Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен келісу түлектердің табысты жұмысқа орналасуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады.

ЖЖОКБҰ бұл критерий бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған ББ бойынша құжаттардың мынадай тізбесін ұсыну қажет: модульдік білім беру бағдарламасы (МББ), элективті пәндер каталогы (ЭПК), жұмыс берушіден хат, келісу хаттамасы, жұмыс берушінің рецензиясы, ұсынымдық хат, анықтама-негіздеме, ББ сараптамасы.

Осы критерийді есептеу кезінде ББ келісуге қатысатын жұмыс берушілердің санына басты назар аударылды. Бір мамандықтағы жұмыс берушілер әр түрлі болуы мүмкін, сәйкесінше, жұмыс берушілер саны неғұрлым көп болса, жұмыс ерекшеліктерін ұсыну туралы көзқарастар мен пікірлер соғұрлым көп болады.

1-кесте. «Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен әзірлеу және келісу» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ келісілген жұмыс берушілер саны	Балл
1	С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті	4	**5,00**
2	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	3	**4,00**
3	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	3	**4,00**
4	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	1	**2,00**
5	«Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университеті	1	**2,00**
6	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	1	**2,00**
7	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

1-кестеде осы критерий бойынша нәтижелер берілген: С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті жетекші орынға ие болды, өйткені олардың білім беру

бағдарламалары жұмыс берушілердің ең көп санымен келісілген.

1.1.2 «Профессор-оқытушылар құрамының практикалық жұмыс тәжірибесі» критерийі

Профессор-оқытушылар құрамының (ПОҚ) практикалық жұмыс тәжірибесі білім беру үдерісі сапасының маңызды құрамдас бөлігі. Тиісті кәсіби салада нақты тәжірибесі бар оқытушылар студенттерге пән туралы тереңірек және қолданбалы түсінік бере алады. Олар оқу процесіне практикадан, қолданылатын әдістер мен технологиялардан өзекті мысалдар келтіре алады, бұл студенттерді кәсіби қызметке неғұрлым тиімді дайындауға ықпал етеді.

Сонымен қатар, оқытушылардың практикалық тәжірибесі оларға саланың қазіргі тенденцияларын жақсырақ бағдарлауға және оқу бағдарламаларын еңбек нарығының өзгеретін талаптарына бейімдеуге мүмкіндік береді, осылайша түлектердің жоғары бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

ББ бойынша осы көрсеткішті анықтау үшін мынадай құжаттар талап етілді: ЖЖОКБҰ кадрлар бөлімінен оқытушылардың жұмыс өтілі туралы бекітілген анықтама.

2025 жылғы рейтинг әдістемесіне сәйкес 2010 жылғы 1 қаңтар мен 2025 жылғы 1 мамыр аралығында практикалық тәжірибесі бар оқытушылар есепке алынады.

2-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының практикалық жұмыс тәжірибесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Практикалық жұмыс өтілі бар оқытушылар саны (айлар)		Балл
		саны	өтілі	
1	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	9	634	**4,42**
2	«Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университеті	7	642	**3,98**
3	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	2	126	**2,59**
4	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	2	104	**2,42**
5	С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті	0	0	**0,00**
6	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	0	0	**0,00**
7	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	0	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

2-кестеден көріп отырғанымыздай, рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ-ның көпшілігінде ЖЖОКБҰ құрылымынан тыс жұмыс тәжірибесі бар оқытушылар бар. Бұл критерийдің көшбасшылары: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университеті.

1.1.3 «Профессор-оқытушылар құрамының жетістіктері» критерийі

«Профессорлық-оқытушылық құрамның жетістіктері» критерийі білім беру бағдарламаларының сапасын бағалауда маңызды рөл атқарады, өйткені ол білім беру процесіне қатысатын мұғалімдердің кәсібилігі мен құзыреттілігінің деңгейін көрсетеді. Рейтинг әдіснамасына сәйкес, бұл критерий соңғы жылдардағы профессорлық-оқытушылық құрамның жетістіктерін жан-жақты бағалауға мүмкіндік беретін бірнеше ішкі критерийлерді қамтиды.

Атап айтқанда, 2015-2025 жылдар аралығында «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағына ие болған оқытушылар есепке алынады, бұл олардың педагогикалық еңбегін ЖЖОКБҰ деңгейінде мойындағанын көрсетеді. Сол кезеңде «Үздік ғылыми қызметкер» атағын алған ПОҚ да ескеріледі, бұл олардың ғылыми зерттеулерге және академиялық қоғамдастықтың дамуына қосқан үлесін көрсетеді.

3-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының жетістіктері» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атанған ПОҚ саны	«Үздік ғылыми қызметкер» сыйлығының иегерлері	Балл
1	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	3	3	**5,00**
2	«Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университеті	1	0	**0,83**
3	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	1	0	**0,83**
4	С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті	0	0	**0,00**
5	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	0	0	**0,00**
6	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	0	0	**0,00**
7	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	0	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

3-кестеден көріп отырғанымыздай, осы критерий бойынша Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жетекші орынға ие болды.

1.1.4 «Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу» критерийі

Білім беру және кәсіптік ұйымдардың бағдарламаны аккредиттеуі бағдарламаның жоғары сапа стандарттарына сәйкестігінің көрсеткіші және оны ұлттық және халықаралық деңгейде тану және мойындау ретінде қарастырылады.

Дәл осы себепті ББ-ның мамандандырылған аккредиттеуден өткені туралы сертификаты сұралды. Бұл критерий бойынша балл білім беру бағдарламасы аккредиттеуден өткен мекеме мен аккредиттеуден өткені туралы сертификаттың жарамдылық ұзақтығына байланысты есептелді.

Ұсынылған мәліметтерге сәйкес, «Дінтану» ББ бойынша рейтингке қатысатын 7 ЖЖОКБҰ-ның барлығы мамандандырылған аккредиттеуден өткен.

4-кесте. «Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Аккредитациялық орган атауы	Балл
1	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	ACQUIN	**5,00**
2	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	НКЦА (NKCA)	**4,76**
3	С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті	IQAA	**3,40**
4	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	ARQA	**3,40**
5	«Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университеті	IQAA	**3,40**
6	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	IQAA	**3,40**
7	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	IAAR	**3,40**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

4-кестеге сәйкес, осы критерий бойынша келесі ЖЖОКБҰ алдыңғы қатардан көрінді: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті.

1-диаграмма. Аккредиттеу органдары бөлінісіндегі аккредиттелген білім беру бағдарламалары



Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

1-диаграммадан көріп отырғанымыздай, 7 ББ-ның 3-і IQAA - Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігінде аккредиттеуден өткен.

1.1.5 «Білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау» критерийі

Тиісті салалардан сарапшыларды тарту арқылы білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау білім беру сапасын қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылады. Кәсіби саласында терең білімі мен тәжірибесі бар сарапшылар оқу бағдарламаларының еңбек нарығының заманауи талаптары мен кәсіби стандарттарға қаншалықты сәйкес келетінін объективті бағалай алады. Олар мазмұндағы олқылықтарды анықтап, оқу жоспарларын жаңартуды және жаңа пәндерді немесе оқыту әдістерін енгізуді ұсына алады. Мұндай сараптамалық бағалау білім беру мекемелеріне бағдарламаларды өзгермелі жағдайларға бейімдеуге, мамандарды даярлауды жақсартуға және соның салдарынан түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектеседі. Сарапшыларды тарту сонымен қатар білім беру жүйесі мен индустрия арасындағы байланысты нығайтады, бұл жұмыс берушілердің қажеттіліктерін жақсы түсінуге және білім беру бағдарламаларының практикалық маңыздылығын арттыруға ықпал етеді.

Сарапшылардың ББ бағалауы мынадай критерийлер бойынша жүргізіледі:

1) ББ-ның тәжірибеге бағдарлануы – ББ-ның білім мен дағдыларды практикалық қолдануға қаншалықты бағытталғанын бағалау;

2) Пәндердің берілген оқу нәтижелеріне логикалық өзара байланысы және сәйкестігі – бағдарлама ішіндегі пәндер бір-бірімен және оқытудың соңғы нәтижелерімен қалай байланысты екенін талдау;

3) Пәндерді оқыту кезегінің мәнділігі/қисындылығы – бағдарламаның логикалық құрылымын, пәндердің қаншалықты материалды жақсы игеруге ықпал ететін ретпен ұйымдастырылғандығын бағалау;

4) ББ мазмұнының кәсіптік стандарттарға және/немесе еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі – ББ-ның осы саладағы қолданыстағы кәсіби стандарттарға (олар бар болған жағдайда) және (немесе) қазіргі еңбек нарығының талаптарына қаншалықты сәйкес келетіндігін бағалау;

5) Элективті пәндер каталогы (ЭПК) және оның мәні – ББ икемділігі мен бейімділігін бағалау: элективті курстардың кеңдігі мен әртүрлілігі, сәйкес бағыттар мен мамандықтарды таңдау мүмкіндігі, студенттердің қажеттіліктері мен еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі, тәжірибеге бағытталған және инновациялық курстардың болуын бағалау.

ББ мазмұнын бағалау жүйесі келесі диапазондар бойынша бөлінеді:

- Өте жақсы – 9-10 балл арасы;
- Жақсы – 6-8 балл арасы;
- Қанағаттанарлық – 4-5 балл арасы;
- Қанағаттанарлықсыз – 0-3 балл арасы.

5-кесте. «Білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Сарапшының орташа бағасы	Балл
1	С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті	9,92	**4,96**
2	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	8,75	**4,38**
3	«Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университеті	8,42	**4,21**
4	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	8,42	**4,21**
5	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	8,25	**4,13**
6	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	8,08	**4,04**
7	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	7,17	**3,58**

Дереккөз: «Атамекен» ҰКП мәліметтері

5-кестеде ББ мазмұнын сараптамалық бағалаудың қорытындысы ұсынылған, оған сәйкес жетекші орындарды мынадай ЖЖОКБҰ иеленді: С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті мен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.

1.2 «Білім беру бағдарламасының жетістіктері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.2.1 «Академиялық ұтқырлық» критерийі

ЖЖОКБҰ студенттерінің белгілі бір уақыт кезеңіне елден тыс басқа білім беру немесе ғылыми мекемеге ауысуы студенттің жеке дамуы үшін маңызды және оған мәдени байуға мүмкіндік береді, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің тиімділігін, түлектердің отандық және халықаралық еңбек нарықтарындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады, жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының тәжірибесін зерделеу және игеру есебінен кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіреді және т. б.

ЖЖОКБҰ да академиялық ұтқырлық бағдарламасын іске асыруды талдау мақсатында оқу орындарынан мынадай құжаттар талап етілді:

- академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде студенттерді шетелдік оқу орындарына жіберу туралы ректор бұйрығының көшірмесі;
- академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде шетелдік оқу орындарының студенттерін қабылдау туралы ректор бұйрығының көшірмесі.

ЖЖОКБҰ академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде ұсынылған құжаттарды «Атамекен» ҰКП менеджерлері талдап, келесі қорытындылар жасады:

6-кесте. «Академиялық ұтқырлық» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ контингенті	Академиялық ұтқырлық бағдарламаларын қолданған білім алушылар саны	Балл
1	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	99	4	**5,00**
2	«Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университеті	203	2	**1,22**
3	С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті	65	0	**0,00**
4	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	96	0	**0,00**
5	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	19	0	**0,00**
6	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	155	0	**0,00**
7	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	86	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

6-кестеде көрсетілген мәліметтерге сәйкес, келесі ЖЖОКБҰ жоғары көрсеткіштерді көрсетті: Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті мен «Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университеті.

1.2.2 «Білім алушылардың ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары» критерийі

Қазіргі уақытта нарықтағы технологиялық даму ЖЖОКБҰ-да тиімді ғылыми-зерттеу процесін ұйымдастыруды талап етеді, тек жаңа білімді дамытуды ғана емес, сонымен қатар нарықта коммерциялық тұрғыдан дамыған, сұранысқа ие бизнес-идеяларды өндіруді талап етеді.

Студенттік бизнес-инкубаторлар мен зертханалар жастар ортасында кәсіпкерлік қызметтің оң бейнесін қалыптастырады, жастар арасында креативті және инновациялық әлеуетті іске асырады, сондай-ақ кәсіпкерлікке және инновациялық қызметке бағдарланған ұйымдар мен жастар қауымдастықтарын қолдайды, жастар кәсіпкерлігін ақпараттық, білім беру, қаржылық және мүліктік қолдаудың бірыңғай жүйесін құрады және қамтамасыз етеді. Бұдан басқа, жастарды кәсіпкерлік қызметке білім беру, әдістемелік және ақпараттық даярлауды көрсетеді, жастар құрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің санын арттырады, жоғары білім, бизнес және өндірістік сала арасындағы өзара іс-қимыл мен әлеуметтік әріптестік үшін жағдайлар жасайды.

Сондықтан «Атамекен» ҰКП зерттеу бағытындағы пункттердің бірі ЖЖОКБҰ студенттерінің шығармашылық жетістіктерін дәріптеу және енгізу болып табылады.

Студенттердің ғылыми зерттеулерін талдау мақсатында оқу орындарынан электрондық форматта растайтын құжат (патент және авторлық құқық туралы куәлік) талап етілді:

ЖЖОКБҰ ұсынған деректерге сәйкес, жоғары оқу орындарының ешқайсысында ғылыми-кәсіпкерлік бастамалардың болу фактісі расталған жоқ.

1.2.3 «Магистратурада/резидентурада оқуды жалғастырған түлектердің үлесі» критерийі

Қазақстанда Еуропалық жоғары білім беру аймағына (European Higher Education Area (EHEA)) кіре отырып, кадрларды даярлаудың үш деңгейлі моделін: бакалавриат, магистратура және PhD докторантураны енгізуді қамтитын жоғары білім беру жүйесін айтарлықтай қайта құрылымдау жүргізілді. Бакалавриат аяқталғаннан кейін түлектердің одан әрі дамуы үшін әртүрлі мүмкіндіктері бар, мысалы, мамандық бойынша жұмыс іздеу, екінші жоғары білім алу немесе магистратураға түсу.

Магистратура біліктілікті арттыруда және таңдаған мамандығы бойынша білімді тереңдетуде шешуші рөл атқарады, бұл оны кәсіби қалыптасудың маңызды кезеңіне айналдырады. Жыл сайын магистрлік бағдарламалар барған сайын танымал бола бастады, ал магистрлер еңбек нарығында сұранысқа ие бола бастады, бұл қазіргі заманғы экономика жағдайында білім берудің осы деңгейінің өзектілігін көрсетеді.

Бұл критерий бойынша жиналған деректер 7-кестедегідей болды.

7-кесте. «Магистратурада/резидентурада оқуды жалғастырған түлектердің үлесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Магистранттар үлесі			Балл
		Түлектер саны	Түлектер арасында магистратурада оқуды жалғастырғандар саны	үлес %	
1	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	9	2	22,2%	**5,00**
2	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	10	2	20,0%	**4,50**
3	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	20	3	15,0%	**3,38**
4	«Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университеті	48	6	12,5%	**2,81**
5	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	30	3	10,0%	**2,25**
6	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	12	1	8,3%	**1,88**
7	С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті	25	1	4,0%	**0,90**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

7-кестеде осы критерий бойынша 2024 жылғы түлектерді талдау қорытындыларын көруге болады, түлектердің жалпы саны 154 болса, оның ішінде 18 түлек әрі қарай магистратурада оқуын жалғастырған, бұл 12% құрайды. Кестеге сәйкес магистратураға түскен түлектердің ең көп үлесі келесі оқу орындарына тиесілі: Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.

1.2.4 «Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы» критерийі

Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсу үшін іріктеу емтихандарының нысандарының бірі.

Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы – жоғары ҰБТ нәтижелерін көрсеткен талапкерлердің көбінесе қай ЖЖОКБҰ таңдайтынын анықтайтын көрсеткіш. Бұл көрсеткіш ЖЖОКБҰ деңгейін және талапкерлер арасында оның сұранысын анықтауға мүмкіндік береді.

8-кесте. «Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Талапкерлердің орташа ҰБТ балы	Балл
1	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	77,29	**2,76**
2	С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті	63,08	**2,25**
3	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	62,05	**2,22**
4	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	62,11	**2,22**
5	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	46,55	**1,66**
6	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	36,18	**1,29**
7	«Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университеті	34,21	**1,22**

Дереккөз: «Ұлттық тестілеу орталығы» РМК

8-кестеде көрсетілгендей, ББ бойынша 2024-2025 оқу жылында жоғары оқу орнына оқуға түскен талапкерлердің орташа балы 54 балды құраған. Салыстырмалы түрде жоғары балл жинаған талапкерлер келесі ЖЖОКБҰ-ны таңдаған: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті.

1.2.5 «Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі

Шетелдік студенттер өз елдерінде қазақ тілі мен мәдени дәстүрлерінің таралуына ықпал ете отырып, Қазақстандағы заманауи білім беру жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Олардың еліміздің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқуы біздің университеттерге деген халықаралық сұраныс деігейін көрсетеді және олардың рейтингінің жоғарылауына тікелей әсер етеді.

«Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі білім беру бағдарламаларының студенттерді шетелден тарту қабілетін көрсетеді. Бұл шетелдік студенттер үшін білім беру бағдарламалары мен жоғары оқу орындарының нақты тартымдылығын объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Осы критерийді растау үшін ЖЖОКБҰ келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- шетелдік студенттерді қабылдау туралы бұйрықтар;
- шетелдік студенттердің төлқұжаттарының көшірмелері.

9-кесте. «Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Шетелдік студенттер үлесі			Балл
		ББ контингенті	Шетелдік студенттер саны	үлес, %	
1	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	99	8	8,1%	**5,00**
2	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	86	4	4,7%	**2,88**
3	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	96	4	4,2%	**2,58**
4	С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті	65	2	3,1%	**1,90**
5	«Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университеті	203	3	1,5%	**0,91**
6	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	155	1	0,6%	**0,40**
7	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	19	0	0,0%	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

9-кестеде шетелдік студенттердің «Дінтану» ББ жалпы контингентіне қатынасын көруге болады, бұл 3% құрайды. Шетелдік студенттердің контингентке шаққандағы ең көп үлесі келесі оқу орындарында анықталды: Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті мен Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті.

1.3 «ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.3.1 «ЖЖОКБҰ студенттері мен оқытушыларының арақатынасы» критерийі

Студенттер мен оқытушылардың арақатынасы ЖЖОКБҰ ұсынатын білім сапасына әсер ететін негізгі көрсеткіштердің бірі. Бұл критерий оқытуға жеке көзқарас деңгейін және әр студентке оқытушы тарапынан жеткілікті көңіл бөлінетін қолайлы білім беру ортасын құру мүмкіндігін көрсетеді.

Студенттердің оқытушыларға қатынасының төмендігі оқытушылар құрамы жеке кеңес беруге, жұмыстарды тексеруге, ғылыми зерттеулерді басқаруға және практикалық дайындыққа көбірек уақыт бөле отырып, оқушылармен тиімдірек әрекеттесе алуына көбірек мүмкіндік береді. Бұл әсіресе тәжірибеге бағытталған оқытудың жоғары дәрежесін және тереңдетілген зерттеулерді қажет ететін бағдарламалар үшін өте маңызды.

Ал бір ПОҚ шаққанда білім алушылар санының тым көп болуы оқытушыларға шамадан тыс жүктемелер артылатындығын көрсетуі мүмкін, бұл білім беру процесінің сапасын төмендетуі және студенттердің оқуға қызығушылығына теріс әсер етуі мүмкін. Қазіргі білім беру стандарттары мен еңбек нарығының талаптары жағдайында студенттер мен оқытушылар саны арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті сақтау ЖЖОКБҰ бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторына айналады.

Осылайша, осы критерийді талдау оқу орнының оқу жүктемесін ақылға қонымды бөлуді қолдай отырып және оқыту сапасын қамтамасыз ете отырып, білім беру қызметтерінің жоғары деңгейін қаншалықты қамтамасыз ете алатынын бағалауға мүмкіндік береді.

Біздің тарапымыздан ЖЖОКБҰ-да ПОҚ сапасы бойынша берілген мәліметтерді тексеру кезінде мынадай нормативтік құқықтық актілердің іске асырылуы да ескеріледі: Сот төрелігі академиясын, әскери, арнаулы оқу орындарын, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары профессор-оқытушылар құрамының жалпы санын есептеу үшін білім алушылар санының оқытушыларға орташа арақатынасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 606 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада № 17670 болып тіркелген).

10-кесте. «ЖЖОКБҰ студенттері мен оқытушыларының арақатынасы» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ штаттық ПОҚ саны	ЖЖОКБҰ контингенті	Бір ПОҚ-қа шаққандағы білім алушылар саны	Балл
1	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	2175	28441	13,1	**5,00**
2	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	763	10978	14,4	**4,54**
3	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	885	13916	15,7	**4,16**
4	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	1370	25914	18,9	**3,46**
5	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	872	17207	19,7	**3,31**
6	«Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университеті	152	3095	20,4	**3,21**
7	С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті	288	7787	27,0	**2,42**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

10-кестеде оқытушылардың ЖЖОКБҰ-ның жалпы контингентіне қатынасын көруге болады. Осы критерий бойынша үздік көрсеткіш Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде тіркелді, ол университетте бір оқытушыға орташа есеппен 13 білім алушы келеді.

1.3.2 «Дәрежелі оқытушылардың үлесі» критерийі

Дәрежелі оқытушылардың үлесі профессор-оқытушылар құрамының академиялық біліктілігі мен кәсібилігінің маңызды көрсеткіші. Ғылыми дәрежесі (ғылыми дәрежесі және (немесе) философия докторы PhD/бейіні бойынша доктор (академиялық) дәрежесі және (немесе) ғылыми атағы және «өнер» кадрларын даярлау үшін «ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы» спорттық атағы) бар оқытушылар ЖЖОКБҰ-да білім мен ғылыми қызметтің жоғары деңгейін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Оқу орнында дәрежелі оқытушылардың едәуір санының болуы оның іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылыми әзірлемелердің нәтижелерін білім беру процесіне кіріктіру, сондай-ақ халықаралық ғылыми жобаларға қатысу мүмкіндігі туралы куәландырады. Бұл тез өзгеретін кәсіби орта жағдайында жұмысқа дайын жоғары білікті мамандарды қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасайды.

Сонымен қатар, дәрежелі оқытушылар педагогикалық құзыреттіліктің жоғары деңгейіне ие, бұл оларға білімді тиімді жеткізуге, студенттерде сыни

ойлау мен аналитикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай оқытушылардың жоғары үлесі оқу орнының академиялық стандарттарға бейілділігін және білім беру бағдарламаларының сапасын үздіксіз жетілдіруге ұмтылысын көрсетеді.

Бұл критерий ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының академиялық және кәсіптік даярлықтың қазіргі заманғы талаптарына қаншалықты сәйкес келетіндігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді, сондай-ақ оның ғылыми және білім беру орталығы ретіндегі беделін нығайтуға ықпал етеді.

11-кесте. «Дәрежелі оқытушылардың үлесі» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ штаттық ПОҚ саны	Штаттық дәрежелі ПОҚ саны	Үлес, (%)	Балл
1	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	1370	1014	74,0%	**5,00**
2	С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті	288	180	62,5%	**4,22**
3	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	2175	1336	61,4%	**4,15**
4	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	872	502	57,6%	**3,89**
5	«Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университеті	152	86	56,6%	**3,82**
6	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	763	396	51,9%	**3,51**
7	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	885	366	41,4%	**2,79**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

11-кестеде бұл ББ бойынша рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ-ның дәрежелі ПОҚ үлесі орта есеппен 58% құрайтынын көруге болады. Дәрежелі ПОҚ-ның ең көп үлесі мынадай ЖЖОКБҰ-да жұмыс істейді: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.

1.3.3 «Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі

«Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі білім беру процесінің қаржылық қамтамасыз етілуін және оқу орнының оқытудың негізгі аспектілеріне қаражат салуға дайындығын бағалауға мүмкіндік беретін маңызды көрсеткіштердің бірі. Бұл критерийде бағдарламалық қамтамасыз ету және кітапхана қорын дамыту шығындары

ескеріледі.

Бағдарламалық қамтамасыз ету шығындары әртүрлі пәндерге арналған арнайы бағдарламалар, оқу процесін басқару жүйелері және оқытудың тиімділігі мен интерактивтілігін арттыратын басқа да цифрлық құралдар сияқты оқу процестеріне қажетті лицензиялық бағдарламаларды сатып алу және жаңарту шығындарын қамтиды. Бұл ББ өзектілігін сақтау және студенттерді заманауи технологиялармен жұмыс істеуге дайындау үшін маңызды.

Кітапхана қорын дамыту шығындарына студенттердің өзекті және сапалы оқу және ғылыми ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін қажетті жаңа оқулықтарды, ғылыми әдебиеттерді, электрондық ресурстар мен дерекқорларды сатып алу шығындары кіреді. Кітапхана қорын дамыту білімді тереңдетуге және ғылыми зерттеулер жүргізуге ықпал ететін академиялық ортаның маңызды құрамдас бөлігі.

12-кесте. «Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ контингенті	1 студентке шаққандағы шығындар көлемі (теңге)	Балл
1	С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті	7787	43838	**5,00**
2	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	25914	42419	**4,85**
3	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	28441	13547	**1,83**
4	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	17207	13401	**1,82**
5	«Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университеті	3095	10591	**1,53**
6	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	10978	5783	**1,02**
7	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	13916	5563	**1,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

12-кестеде көрсетілген «Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі бойынша келесі ЖЖОКБҰ жоғары нәтиже көрсетті: С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.

1.3.4 «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі

«Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі оқытушыларды қаржылық қолдау деңгейін және жанама түрде оқу

орнындағы білім беру процесінің сапасын көрсететін маңызды көрсеткіш. Медианалық жалақы – оқытушылардың жартысы жалақыны осы деңгейден жоғары, ал екінші жартысы төмен алатын бөліну нүктесі. Бұл көрсеткіштің орташа жалақыдан айырмашылығы, оған өте жоғары немесе өте төмен жалақы сияқты шекті мәндер әсер етпейді.

Медианалық жалақы деңгейі оқытушылардың мотивациясымен және олардың жұмысқа қанағаттануымен тығыз байланысты. Жалақының жоғары деңгейі университетке білікті мамандарды тартуға және ұстап қалуға мүмкіндік береді, ол дегеніміз оқыту мен ғылыми қызметтің сапасына оң әсер етеді. Лайықты жалақы алатын оқытушылар үнемі кәсіби дамуға, ғылыми зерттеулерге қатысуға және студенттермен белсенді қарым-қатынасқа ынталы болады.

Сонымен қатар, медианалық жалақы көрсеткіші ЖЖОКБҰ-ның қаржылық тұрақтылығын және оның басқа оқу орындарымен салыстырғанда бәсекеге қабілетті жалақы деңгейін ұстап тұру қабілетін көрсете алады.

Әдістемеге сәйкес осы критерийді саралау кезінде оқытушы жұмыс істейтін аймақтың күнкөріс деңгейі есепке алынады.

13-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ПОҚ медианалық жалақысы (теңге)	Балл
1	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	707984,0	**5,00**
2	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	673821,9	**4,33**
3	«Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университеті	623485,7	**3,43**
4	С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті	595369,0	**2,82**
5	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	584038,9	**2,69**
6	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	497805,0	**2,07**
7	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	428287,3	**1,00**

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

13-кестеде «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі бойынша талдау нәтижелерін көрсетілген: «Дінтану» ББ бойынша ПОҚ орташа медианалық жалақысы 2025 жылы 587 256 теңгені құрады. ББ бойынша рейтингке қатысқан ЖЖОКБҰ арасында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті – 707 984 теңге, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті – 673 822 теңге көрсеткіштерін көрсетіп, алғашқы орындарды иеленді.

1.4 «Түлектердің мансаптық перспективалары» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.4.1 «Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі» критерийі

«Түлектердің мансаптық перспективалары» критерийлер тобы түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді. Топ үш критерийден тұрады: түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі, түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы, түлектердің медианалық жалақысы. Бұл критерийлер бойынша білім беру бағдарламаларының 2024 жылғы түлектері талданады. Олардың оқу бітіргеннен кейін, 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңдегі зейнетақы жарналары арқылы талдау жүргізіледі.

«Жұмысқа орналасу деңгейі» көрсеткіші түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін тікелей көрсетеді. Бұл өлшем «тұрақты жұмыспен қамту» және «шартты жұмыспен қамту»болып бөлінеді.

Тұрақты жұмысқа орналасу – 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңде қатарынан кемінде 3 ай тұрақты зейнетақы жарналарын алған жұмысқа орналастырылған түлектердің пайызын көрсететін көрсеткіш.

Шартты жұмыспен қамту – 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңде тұрақты емес негізде зейнетақы аударымдарын алған түлектердің пайызын көрсететін көрсеткіш (яғни тұрақты жұмыспен қамту жағдайларын қоспағанда, тұрақсыз табыс).

Жұмыспен қамтылуды есептеу барысында тұрақты жұмыспен қамтылған түлектердің үлесі жоғары нәтиже береді.

Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін неғұрлым сенімді есептеу үшін жалпы түлектер санынан мынадай санаттар алынып тасталды:

- Магистратурада (резидентурада) оқуды жалғастырған түлектер;
- Шетел азаматтары;
- Декреттік демалыстағы түлектер;
- Мерзімді әскери қызметке шақырылған түлектер;
- Шетелде білім алатын түлектер;
- Шетелде жұмыс істейтін түлектер;
- 1-2 топтағы мүгедектігі бар түлектер;
- Күш құрылымдарының қызметкерлері;
- Жас ерекшелігіне байланысты есептелмейтін түлектер (1996 жылғы және одан үлкен);
- Қайтыс болған түлектер.

2-диаграмма. «Дінтану» ББ бойынша түлектердің жалпы саны мен құрамы



2-диаграммаға сәйкес ББ бойынша түлектердің жалпы саны 163 адамды құрады, оның ішінде: декреттік демалыста – 12; магистратурада (резидентурада) оқуды жалғастырғандар – 18; шетел азаматтары – 1; 1996 жылғы және одан үлкен – 9.

14-кесте. «Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Түлектердің жалпы саны	Жұмысқа орналасу деңгейі, %	Тұрақты жұмыс, %	Шартты жұмыс, %	Балл
1	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	17	94%	76%	18%	**4,18**
2	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	29	89%	79%	10%	**4,17**
3	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	10	90%	70%	20%	**3,90**
4	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	7	71%	71%	0%	**3,57**
5	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	9	89%	56%	33%	**3,44**
6	С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті	13	85%	54%	31%	**3,31**
7	«Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университеті	25	80%	56%	24%	**3,28**

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

14-кестеге сәйкес, «Дінтану» ББ бойынша жұмысқа орналасудың орташа деңгейі 85,5% құрады. Жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары ЖЖОКБҰ: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

3-диаграмма. Түлектерің жұмысқа орналасу деңгейі



3-диаграммадан ББ бойынша түлектердің 67%-ы тұрақты, ал 19%-ы шартты түрде жұмыс істейтінін көруге болады. Түлектердің 14%-ы жұмысқа орналаспаған.

15-кесте. 2024-2025 жылдардағы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін салыстырмалы талдау

№	ЖЖОКБҰ атауы	Жұмысқа орналасу деңгейі, %	
		2024 ж.	2025 ж.
1	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	82%	94%
2	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	84%	90%
3	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	73%	90%
4	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	67%	89%
5	С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті	–	85%
6	«Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті	84%	80%
7	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	100%	71%

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

— - рейтингке қатыспаған

15-кестедегі салыстырмалы талдау 2024 жылмен жасалған, себебі 2023 жылы «Дінтану» рейтингі болмаған. Талдауға сәйкес бұл критерий бойынша өткен жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда келесі оқу орындарының көрсеткіштері жақсарған: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті. Ал көрсеткіштердің нашарлауы

мынадай ЖЖОКБҰ-да байқалады: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университеті.

4-диаграмма. 2024-2025 жылдардағы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін салыстырмалы талдау



4-диаграмма еңбек нарығында ББ түлектеріне сұраныстың динамикасын көрсетеді. Алдыңғы рейтингтермен салыстырғанда осы критерий көрсеткіштері жақсарды: 2024 жылы жұмысқа орналасудың орташа деңгейі - 82%, ал 2025 жылы - 86% құрады.

1.4.2 «Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы» критерийі

Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы түлектердің оқуды бітіргеннен кейін қаншалықты жылдам жұмыс таба алатынын көрсететін маңызды көрсеткіш. Бұл көрсеткіш нақты білім беру бағдарламасы мен ЖЖОКБҰ дайындаған еңбек нарығындағы мамандардың сұраныс деңгейін көрсетеді.

Жұмыс іздеудің қысқа кезеңі түлектердің жоғары бәсекеге қабілеттілігін, оқу орнының жақсы беделін және білім беру бағдарламасының жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкестігін көрсетеді. Жұмыс іздеудің ұзақ кезеңі түлектердің жеткіліксіз дайындығын, олардың дағдыларының еңбек нарығының талаптарына сәйкес келмеуін немесе белгілі бір салада жұмысқа орналасудың жалпы күрделілігін көрсетуі мүмкін.

Жұмыс іздеу ұзақтығын талдау білім беру ұйымдарына өз бағдарламаларының тиімділігін бағалауға және қажет болған жағдайда түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелерін жақсарту үшін түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

16-кесте. «Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Жұмыс іздеу ұзақтығы (аймен)	Балл
1	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	1,50	**4,77**
2	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	1,67	**4,70**
3	С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті	1,93	**4,58**
4	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	2,60	**4,27**
5	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	2,65	**4,25**
6	«Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университеті	3,13	**4,03**
7	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	4,76	**3,29**

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

16-кестеде түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығының нәтижелері көрсетілген. Келесі ЖЖОКБҰ-да түлектер 2 айдан аз уақыт ішінде жұмысқа орналасқан: Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті.

5-диаграмма. 2024-2025 жылдардағы түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығын салыстырмалы талдау



5-диаграмма еңбек нарығында «Дінтану» ББ бойынша түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығындағы өзгерістерді көрсетеді. Өткен жылдармен салыстырғанда осы критерийдің көрсеткіштері жақсарған. Бұл өзгерістер ББ түлектеріне сұраныс динамикасын көрсетеді. 2024 жылы жұмыс іздеудің орташа ұзақтығы 3,90 айды, ал 2025 жылы 2,60 айды құрады.

1.4.3 «Түлектердің медианалық жалақысы» критерийі

Медианалық жалақы оқуды бітіргеннен кейінгі алғашқы жылы жұмысқа орналасқан түлектердің табыс деңгейін көрсетеді. Жоғары бастапқы жалақы көбінесе білім беру бағдарламасының сапасының және оны кәсіби ортаның мойындауының көрсеткіші.

Түлектердің медианалық жалақысы туралы мәліметтер оқу орнын таңдау кезінде талапкерлер үшін бағдар бола алады, өйткені олар осы бағдарламаның түлектерінің жұмысқа орналасу және лайықты жалақы алу үшін жақсы перспективалары бар екеніне сенімді бола алады. Сонымен қатар, медианалық жалақысы жоғары бағдарламалар жұмыс берушілердің де назарын аударады, бұл тез мансаптық өсу мен тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады.

Есепте соңғы үш жылдағы түлектердің медианалық жалақысының динамикасы қарастырылады, бұл еңбек нарығындағы трендтерді анықтауға және белгілі бір білім беру бағдарламаларының түлектерінің қаншалықты табысты екенін бағалауға мүмкіндік береді.

Әдістемеге сәйкес осы критерийді саралау кезінде түлек жұмыс істейтін аймақтың күнкөріс деңгейі есепке алынады.

17-кесте. «Түлектердің медианалық жалақысы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Медианалық жалақы, теңге	Балл
1	«Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университеті	207778,9	**5,00**
2	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	184032,4	**4,86**
3	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	168175,0	**3,71**
4	С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті	132839,8	**2,53**
5	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	85000,0	**1,42**
6	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	97009,3	**1,40**
7	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	85000,0	**1,00**

Дереккөз: ҚР ҚР ҒЖБМ мәліметтері

17-кестеде осы критерий бойынша талдау көрсетілген. Осы көрсеткіш бойынша көшбасшылар: «Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университеті мен Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетікөрсетті.

2 Білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі

Білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі білім беру процесінің сапасын, түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін, сондай-ақ жоғары оқу орындары қызметінің жалпы көрсеткіштерін көрсететін барлық критерийлерді жан-жақты талдаудың нәтижесі болып табылады. Бұл бөлімде критерийлердің бірнеше тобы бойынша бағалау негізінде қалыптастырылған «Дінтану» ББ бойынша қорытынды рейтинг ұсынылған: білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері, түлектердің мансаптық перспективалары.

2025 жылғы рейтинг жоғарыда аталған блоктар бойынша топтастырылған 17 критерий негізінде құрылды. Әрбір критерийдің жалпы бағалау процесінде оның маңыздылығын көрсететін белгілі бір салмағы бар.

Қорытынды рейтингтің негізгі мақсаты – талапкерлерге, жұмыс берушілерге және басқа да мүдделі тараптарға ақпараттандырылған таңдау жасауға көмектесетін білім беру бағдарламаларына объективті баға беру. Сондай-ақ, рейтинг нәтижелері ЖЖОКБҰ үшін өздерінің білім беру бағдарламаларын жетілдіру және олардың ұлттық және халықаралық деңгейлердегі бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағытында бағдар бола алады.

18-кесте. «Дінтану» ББ бойынша қорытынды рейтинг

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ атауы	Жалпы қорытынды	Рейтингтегі орны
1	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	6В02203 Дінтану	3,423	1/7
2	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	6В02228 Дінтану	3,313	2/7
3	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	6В02202 Дінтану	3,203	3/7
4	«Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университеті	6В02202 Дінтану	3,076	4/7
5	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	6В02206 Дінтану	2,995	5/7
6	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	6В02203 Дінтану және саясат	2,993	6/7
7	С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті	6В02203 Дінтану және философия	2,908	7/7

18-кестеде «Дінтану» ББ бойынша 2025 жылғы рейтингті талдау қорытындылары ұсынылған. Деректерге сәйкес, бірінші орынды Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті иеленді.

19-кесте. 2024-2025 жылдардағы «Дінтану» ББ бойынша рейтингтегі орындары

№	ЖЖОКБҰ атауы	Рейтингтегі орны	
		2024 ж.	2025 ж.
1	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	2 / 6	1/7
2	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	3 / 6	2/7
3	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	5 / 6	3/7
4	«Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті	6 / 6	4/7
5	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	1 / 6	5/7
6	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	4 / 6	6/7
7	С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті	–	7/7

— - рейтингке қатыспаған

19-кестеде 2024-2025 жылдары «Дінтану» ББ бойынша рейтингке қатысқан оқу орындарының рейтингте алған орындары салыстырылды.

2024 жылы екінші орын алған Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 2025 жылғы рейтингте бірінші орынға, ал үшінші орын Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті екінші орынға көтерілді.

2024 жылы рейтингке қатыспаған С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті 2025 жылғы рейтингте соңғы орынға табан тіреді.

2025 жылғы білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында «Дінтану» саласында мамандар даярлаудың әртүрлілігі мен сапасын көрсетеді. Талдау көрсеткендей, еңбек нарығының талаптары мен халықаралық стандарттарға бейімделе отырып, өз бағдарламаларын белсенді түрде жетілдіретін білім беру мекемелері жетекші орындарға ие болды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті сияқты университеттердің жоғары нәтижелері олардың бәсекеге қабілеттілігін және түлектерінің сұранысын растайды. Бұл оқу орны түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі, орташа жалақы және білім беру бағдарламаларының сапасы сияқты бірқатар критерийлер бойынша жоғары нәтижелер көрсетті.

Рейтинг нәтижелері талапкерлер, жұмыс берушілер және жоғары оқу орындары үшін құнды бағдар болып табылады, әрбір білім беру бағдарламасының мықты жақтарын анықтауға көмектеседі. Болашақта білім беру стандарттарын жақсарту және халықаралық ынтымақтастықты арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру Қазақстанның білім беру жүйесін одан әрі дамыту үшін маңызды қадам болады.

Қорытынды

2025 жылғы ББ бойынша білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін жақсарту үшін елеулі жетістіктер мен салаларды анықтауға мүмкіндік берді. Рейтингте жетекші орындарды білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері, түлектердің мансаптық перспективалары сияқты критерийлер топтары бойынша жоғары нәтижелер көрсете алған университеттер иеленді.

Талдау көрсеткендей, рейтингтің жоғарғы қатарында тұрған ЖЖОКБҰ студенттерді теориялық біліммен ғана емес, сонымен қатар еңбек нарығында сұранысқа ие практикалық дағдылармен қамтамасыз ете отырып, өздерінің білім беру бағдарламаларын жетілдіру бойынша белсенді жұмыс істейді. Алдыңғы қатардағы жоғары оқу орындары жұмыс берушілермен өзара іс-қимылға және халықаралық сапа стандарттарын интеграциялауға ерекше назар аударатынын атап өту керек, себебі бұл олардың түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай арттырады.

Сонымен бірге, есеп назар аударуды қажет ететін кейбір кемшіліктерді анықтады. Мысалы, бірқатар ЖЖОКБҰ-да студенттердің академиялық ұтқырлығы мен ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары, шетелдік студенттер үлесі бойынша төмен көрсеткіштер байқалады, бұл осы бағыттарды одан әрі дамыту қажеттігін көрсетеді. Сондай-ақ, оқу орындарының бір студентке шаққандағы қаржылық шығындар көлемінде айтарлықтай айырмашылықтар байқалды.

Рейтинг нәтижелері барлық мүдделі тараптар үшін маңызды құрал. Талапкерлер мен олардың ата-аналары үшін рейтинг оқу орнын таңдау кезінде бағдар, жұмыс берушілер үшін – мамандарды даярлау сапасының индикаторы, ал жоғары оқу орындарының өздері үшін – өз бағдарламаларын жақсартуға және бәсекелестік ортадағы позицияларын нығайтуға ынталандыру ретінде қызмет етеді.

Қорытындыны келесідей жасауға болады: елеулі жетістіктерге қарамастан, Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі жаңғыртуды және жаңа сын-тегеуріндерге бейімделуді жалғастыруда. Әр ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының жоғары деңгейін қолдап қана қоймай, еңбек нарығындағы өзгерістер мен қоғамның қажеттіліктерін ескере отырып, оларды үнемі жақсартуға ұмтылуы тиіс. 2025 жылғы қорытынды рейтинг жаһандық аренада қазақстандық білім берудің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ете отырып, осы мақсаттарға қол жеткізу жолындағы маңызды қадамдардың бірі. Білім беру бағдарламаларын жетілдіруді жалғастыру және түлектерді тез өзгеретін әлемде табысты кәсіби қызмет үшін қажетті білім мен дағдылармен қамтамасыз ету үшін жан-жақты жұмыс жасау өте маңызды.

Қосымша 1

«Дінтану» ББ бойынша рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ тізімі

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ атауы
1	С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті	6В02203 Дінтану және философия
2	Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	6В02206 Дінтану
3	«Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университеті	6В02202 Дінтану
4	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті	6В02203 Дінтану және саясат
5	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	6В02203 Дінтану
6	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	6В02202 Дінтану
7	Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті	6В02228 Дінтану

6В072 Өндірістік және өңдеу салалары даярлау бағыты
В072 Фармацевтикалық өндіріс технологиясы білім беру бағдарламасы тобы
«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша рейтингіні қалыптастыру есебі

Кіріспе

Қазақстанның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі экономиканың түрлі салалары үшін жоғары білікті мамандарды даярлауда шешуші рөлдердің бірін атқарады. Еңбек нарығының қарқынды дамуы мен халықаралық интеграция жағдайында білім беру сапасы ғана емес, сонымен қатар білім беру бағдарламаларының қазіргі заманғы сын-қатерлерге бейімделу қабілеті де маңызды. Білім беру мекемелері жұмысының тиімділігін бағалаудың маңызды құралы - мамандарды даярлау деңгейін, түлектердің бәсекеге қабілеттілігін және білім беру бағдарламаларының сапасын объективті бағалауға мүмкіндік беретін рейтингілер жасау.

Бұл есепте 2025 жылғы Қазақстанның жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі – ББ) талданады. Осы талдау шеңберінде түлектердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға және олардың еңбек нарығындағы сұранысына әсер ететін негізгі көрсеткіштер бойынша ББ кешенді салыстырмалы шолу жүргізілді.

Білім беру бағдарламаларының рейтингін қалыптастыру үшін негіздеме:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы.

2. «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы.

3. «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімшелеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығы.

4. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және білім беру жүйесіне тексеру парақтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы №166 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы №116 бірлескен бұйрығы.

Бұл есептің мақсаты – білім беру бағдарламаларына жан-жақты талдау жүргізу және осы талдау негізінде қорытынды рейтинг жасау. Рейтинг жасау

барысында білім беру процесінің барлық маңызды компоненттерін қамтитын әртүрлі критерийлер тобы ескерілді. Олардың ішінде: білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері және түлектердің мансаптық перспективалары. Бұл блоктардың әрқайсысы жалпы рейтингте белгілі бір салмаққа ие, бұл бағалауды мүмкіндігінше объективті және жан-жақты етуге мүмкіндік береді.

Бұл есептің негізгі міндеті – білім беру бағдарламаларының жағдайы туралы нақты және құрылымдық түсінік беру. «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» ББ бойынша 2025 жылғы рейтингке 7 ЖЖОКБҰ қатысты (1-қосымша).

1 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларының деректерін талдау

1.1 «Білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.1.1 «Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен әзірлеу және келісу» критерийі

ББ мазмұнын болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі мен бәсекеге қабілеттілігінің тиімділігін арттыру үшін әлеуетті немесе негізгі жұмыс берушілермен келісу қажет. Жұмыс берушілер білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде ұсыныстар, пәндердің мазмұнына өзгерістер енгізе алады, сондай-ақ зерттелетін тақырыптар мен материалдардың өзектілігі бойынша ұсыныстар мен ескертулер бере алады. Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен келісу түлектердің табысты жұмысқа орналасуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады.

ЖЖОКБҰ бұл критерий бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған ББ бойынша құжаттардың мынадай тізбесін ұсыну қажет: модульдік білім беру бағдарламасы (МББ), элективті пәндер каталогы (ЭПК), жұмыс берушіден хат, келісу хаттамасы, жұмыс берушінің рецензиясы, ұсынымдық хат, анықтама-негіздеме, ББ сараптамасы.

Осы критерийді есептеу кезінде ББ келісуге қатысатын жұмыс берушілердің санына басты назар аударылды. Бір мамандықтағы жұмыс берушілер әр түрлі болуы мүмкін, сәйкесінше, жұмыс берушілер саны неғұрлым көп болса, жұмыс ерекшеліктерін ұсыну туралы көзқарастар мен пікірлер соғұрлым көп болады.

1-кесте. «Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен әзірлеу және келісу» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ келісілген жұмыс берушілер саны	Балл
1	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	12	**5,00**
2	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	10	**4,27**
3	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	7	**3,18**
4	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	6	**2,82**
5	Қарағанды Медицина Университеті	5	**2,45**
6	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	2	**1,36**
7	Қарағанды индустриялық университеті	1	**1,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

1-кестеде осы критерий бойынша нәтижелер берілген: С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті мен М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті жетекші орындарға ие болды - оның білім беру бағдарламалары жұмыс берушілердің ең көп санымен келісілген.

1.1.2 «Профессор-оқытушылар құрамының практикалық жұмыс тәжірибесі» критерийі

Профессор-оқытушылар құрамының (ПОҚ) практикалық жұмыс тәжірибесі білім беру үдерісі сапасының маңызды құрамдас бөлігі. Тиісті кәсіби салада нақты тәжірибесі бар оқытушылар студенттерге пән туралы тереңірек және қолданбалы түсінік бере алады. Олар оқу процесіне практикадан, қолданылатын әдістер мен технологиялардан өзекті мысалдар келтіре алады, бұл студенттерді кәсіби қызметке неғұрлым тиімді дайындауға ықпал етеді.

Сонымен қатар, оқытушылардың практикалық тәжірибесі оларға саланың қазіргі тенденцияларын жақсырақ бағдарлауға және оқу бағдарламаларын еңбек нарығының өзгеретін талаптарына бейімдеуге мүмкіндік береді, осылайша түлектердің жоғары бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

ББ бойынша осы көрсеткішті анықтау үшін мынадай құжаттар талап етілді: ЖЖОКБҰ кадрлар бөлімінен оқытушылардың жұмыс өтілі туралы бекітілген анықтама.

2025 жылғы рейтинг әдістемесіне сәйкес 2010 жылғы 1 қаңтар мен 2025 жылғы 1 мамыр аралығында практикалық тәжірибесі бар оқытушылар есепке алынады.

2-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының практикалық жұмыс тәжірибесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Практикалық жұмыс өтілі бар оқытушылар саны (айлар)		Балл
		саны	өтілі	
1	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	22	1021	**3,00**
2	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	4	492	**2,63**
3	Қарағанды индустриялық университеті	2	187	**2,04**
4	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	7	647	**1,89**
5	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	35	2681	**1,80**
6	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	9	683	**1,51**
7	Қарағанды Медицина Университеті	17	1013	**1,06**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

2-кестеден көріп отырғанымыздай, рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ-ның барлығында ЖЖОКБҰ құрылымынан тыс жұмыс тәжірибесі бар оқытушылар бар. Бұл критерийдің көшбасшысы: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

1.1.3 «Профессор-оқытушылар құрамының жетістіктері» критерийі

«Профессорлық-оқытушылық құрамның жетістіктері» критерийі білім беру бағдарламаларының сапасын бағалауда маңызды рөл атқарады, өйткені ол білім беру процесіне қатысатын мұғалімдердің кәсібилігі мен құзыреттілігінің деңгейін көрсетеді. Рейтинг әдіснамасына сәйкес, бұл критерий соңғы жылдардағы профессорлық-оқытушылық құрамның жетістіктерін жан-жақты бағалауға мүмкіндік беретін бірнеше ішкі критерийлерді қамтиды.

Атап айтқанда, 2015-2025 жылдар аралығында «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағына ие болған оқытушылар есепке алынады, бұл олардың педагогикалық еңбегін ЖЖОКБҰ деңгейінде мойындағанын көрсетеді. Сол кезеңде «Үздік ғылыми қызметкер» атағын алған ПОҚ да ескеріледі, бұл олардың ғылыми зерттеулерге және академиялық қоғамдастықтың дамуына қосқан үлесін көрсетеді.

3-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының жетістіктері» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атанған ПОҚ саны	«Үздік ғылыми қызметкер» сыйлығының иегерлері	Балл
1	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	1	1	**2,69**
2	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	13	0	**2,50**
3	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	7	0	**1,35**
4	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	3	0	**0,58**
5	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	3	0	**0,58**
6	Қарағанды индустриялық университеті	1	0	**0,19**
7	Қарағанды Медицина Университеті	0	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

3-кестеден көріп отырғанымыздай, осы критерий бойынша Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жетекші орындарға ие болды.

1.1.4 «Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу» критерийі

Білім беру және кәсіптік ұйымдардың бағдарламаны аккредиттеуі бағдарламаның жоғары сапа стандарттарына сәйкестігінің көрсеткіші және оны ұлттық және халықаралық деңгейде тану және мойындау ретінде қарастырылады.

Дәл осы себепті ББ-ның мамандандырылған аккредиттеуден өткені туралы сертификаты сұралды. Бұл критерий бойынша балл білім беру бағдарламасы аккредиттеуден өткен мекеме мен аккредиттеуден өткені туралы сертификаттың жарамдылық ұзақтығына байланысты есептелді.

Ұсынылған мәліметтерге сәйкес, «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» ББ бойынша рейтингке қатысатын 7 ЖЖОКБҰ-ның барлығы да мамандандырылған аккредиттеуден өткен.

4-кесте. «Білім беру бағдарламаларын аккредиттеу» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Аккредитациялық орган атауы	Балл
1	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	ASIIN	**5,00**
2	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	IAAR	**3,40**
3	Қарағанды индустриялық университеті	IAAR	**3,40**
4	Қарағанды Медицина Университеті	ECAQA	**3,40**
5	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	CAAAE	**3,40**
6	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	IAAR	**3,40**
7	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	IQAA	**3,40**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

4-кестеге сәйкес, осы критерий бойынша келесі ЖЖОКБҰ алдыңғы қатардан көрінді: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

1-диаграмма. Аккредиттеу органдары бөлінісіндегі аккредиттелген білім беру бағдарламалары



Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

1-диаграммадан көріп отырғанымыздай, 7 ББ-ның 3-і IAAR – Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінде аккредиттеуден өткен.

1.1.5 «Білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау» критерийі

Тиісті салалардан сарапшыларды тарту арқылы білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау білім беру сапасын қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылады. Кәсіби саласында терең білімі мен тәжірибесі бар сарапшылар оқу бағдарламаларының еңбек нарығының заманауи талаптары мен кәсіби стандарттарға қаншалықты сәйкес келетінін объективті бағалай алады. Олар мазмұндағы олқылықтарды анықтап, оқу жоспарларын жаңартуды және жаңа пәндерді немесе оқыту әдістерін енгізуді ұсына алады. Мұндай сараптамалық бағалау білім беру мекемелеріне бағдарламаларды өзгермелі жағдайларға бейімдеуге, мамандарды даярлауды жақсартуға және соның салдарынан түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектеседі. Сарапшыларды тарту сонымен қатар білім беру жүйесі мен индустрия арасындағы байланысты нығайтады, бұл жұмыс берушілердің қажеттіліктерін жақсы түсінуге және білім беру бағдарламаларының практикалық маңыздылығын арттыруға ықпал етеді.

Сарапшылардың ББ бағалауы мынадай критерийлер бойынша жүргізіледі:

1) ББ-ның тәжірибеге бағдарлануы – ББ-ның білім мен дағдыларды практикалық қолдануға қаншалықты бағытталғанын бағалау;

2) Пәндердің берілген оқу нәтижелеріне логикалық өзара байланысы және сәйкестігі – бағдарлама ішіндегі пәндер бір-бірімен және оқытудың соңғы нәтижелерімен қалай байланысты екенін талдау;

3) Пәндерді оқыту кезегінің мәнділігі/қисындылығы – бағдарламаның логикалық құрылымын, пәндердің қаншалықты материалды жақсы игеруге ықпал ететін ретпен ұйымдастырылғандығын бағалау;

4) ББ мазмұнының кәсіптік стандарттарға және/немесе еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі – ББ-ның осы саладағы қолданыстағы кәсіби стандарттарға (олар бар болған жағдайда) және (немесе) қазіргі еңбек нарығының талаптарына қаншалықты сәйкес келетіндігін бағалау;

5) Элективті пәндер каталогы (ЭПК) және оның мәні – ББ икемділігі мен бейімділігін бағалау: элективті курстардың кеңдігі мен әртүрлілігі, сәйкес бағыттар мен мамандықтарды таңдау мүмкіндігі, студенттердің қажеттіліктері мен еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі, тәжірибеге бағытталған және инновациялық курстардың болуын бағалау.

ББ мазмұнын бағалау жүйесі келесі диапазондар бойынша бөлінеді:

- Өте жақсы – 9-10 балл арасы;
- Жақсы – 6-8 балл арасы;
- Қанағаттанарлық – 4-5 балл арасы;
- Қанағаттанарлықсыз – 0-3 балл арасы.

5-кесте. «Білім беру бағдарламаларының мазмұнын бағалау» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Сарапшының орташа бағасы	Балл
1	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	8,58	**4,29**
2	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	8,25	**4,13**
3	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	8,17	**4,08**
4	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	8,08	**4,04**
5	Қарағанды Медицина Университеті	7,83	**3,92**
6	Қарағанды индустриялық университеті	7,75	**3,88**
7	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	7,33	**3,67**

Дереккөз: «Атамекен» ҰКП мәліметтері

5-кестеде ББ мазмұнын сараптамалық бағалаудың қорытындысы ұсынылған, оған сәйкес жетекші орындарды мынадай ЖЖОКБҰ иеленді: С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

1.2 «Білім беру бағдарламасының жетістіктері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.2.1 «Академиялық ұтқырлық» критерийі

ЖЖОКБҰ студенттерінің белгілі бір уақыт кезеңіне елден тыс басқа білім беру немесе ғылыми мекемеге ауысуы студенттің жеке дамуы үшін маңызды және оған мәдени байуға мүмкіндік береді, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің тиімділігін, түлектердің отандық және халықаралық еңбек нарықтарындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады, жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының тәжірибесін зерделеу және игеру есебінен кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіреді және т. б.

ЖЖОКБҰ да академиялық ұтқырлық бағдарламасын іске асыруды талдау мақсатында оқу орындарынан мынадай құжаттар талап етілді:

- академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде студенттерді шетелдік оқу орындарына жіберу туралы ректор бұйрығының көшірмесі;
- академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде шетелдік оқу орындарының студенттерін қабылдау туралы ректор бұйрығының көшірмесі.

ЖЖОКБҰ академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде ұсынылған құжаттарды «Атамекен» ҰКП менеджерлері талдап, келесі қорытындылар жасады:

6-кесте. «Академиялық ұтқырлық» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ контингенті	Академиялық ұтқырлық бағдарламаларын қолданған білім алушылар саны	Балл
1	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	1463	28	**5,00**
2	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	323	6	**4,85**
3	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	552	10	**4,73**
4	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	668	3	**1,17**
5	Қарағанды индустриялық университеті	794	2	**0,66**
6	Қарағанды Медицина Университеті	895	0	**0,00**
7	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	535	0	**0,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

6-кестеде көрсетілген мәліметтерге сәйкес, келесі ЖЖОКБҰ жоғары көрсеткіштерді көрсетті: С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық

медициналық университеті мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

1.2.2 «Білім алушылардың ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары» критерийі

Қазіргі уақытта нарықтағы технологиялық даму ЖЖОКБҰ-да тиімді ғылыми-зерттеу процесін ұйымдастыруды талап етеді, тек жаңа білімді дамытуды ғана емес, сонымен қатар нарықта коммерциялық тұрғыдан дамыған, сұранысқа ие бизнес-идеяларды өндіруді талап етеді.

Студенттік бизнес-инкубаторлар мен зертханалар жастар ортасында кәсіпкерлік қызметтің оң бейнесін қалыптастырады, жастар арасында креативті және инновациялық әлеуетті іске асырады, сондай-ақ кәсіпкерлікке және инновациялық қызметке бағдарланған ұйымдар мен жастар қауымдастықтарын қолдайды, жастар кәсіпкерлігін ақпараттық, білім беру, қаржылық және мүліктік қолдаудың бірыңғай жүйесін құрады және қамтамасыз етеді. Бұдан басқа, жастарды кәсіпкерлік қызметке білім беру, әдістемелік және ақпараттық даярлауды көрсетеді, жастар құрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің санын арттырады, жоғары білім, бизнес және өндірістік сала арасындағы өзара іс-қимыл мен әлеуметтік әріптестік үшін жағдайлар жасайды.

Сондықтан «Атамекен» ҰКП зерттеу бағытындағы пункттердің бірі ЖЖОКБҰ студенттерінің шығармашылық жетістіктерін дәріптеу және енгізу болып табылады.

Студенттердің ғылыми зерттеулерін талдау мақсатында оқу орындарынан электрондық форматта растайтын құжат (патент және авторлық құқық туралы куәлік) талап етілді:

Ұсынылған құжаттар негізінде келесі мәліметтер алынды:

7-кесте. «Білім алушылардың ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Ғылыми жобалардың атауы	Балл
1	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	Құртқа қарсы әсері бар таблетка шығаратын өндірісті жобалауда тәуекелге бағдарланған тәсілдеме негізінде фармацевтикалық кәсіпорындардың еңбекті қорғауды басқару жүйесіне аудит жүргізу әдісін әзірлеу	**5,00**
		Жөтелге арналған пастилкаларды 1 циклда 110 000 орама өнімділікпен шығаратын өндірісті жобалау	
		Құрамында жатаған жебіршөбі (Thymus serpyllum) сұйық сығындысы бар жөтелге қарсы шырын шығаратын өндірісті жобалауда ендірістік энергия шырынын азайту үшін жаңа технологияларды пайдалану	
		Жатаған жебіршөбінің шырынын 1 күнде 23000 орама (флаконда 160 мл-ден) өнімділікпен шығаратын өндірісті жобалау	

		Жатаған жебіршөбінің сығындысын 1 циклда 14000 орама (флаконда 30 мл-ден) өнімділікпен шығаратын өндірісті жобалау	
		Құрамында жатаған жебіршөбі сығындысы бар шырынды 1 циклда 110 000 орама (флаконда 100 мл-ден) өнімділікпен шығаратын өндірісті жобалау	
		Құрамында антибактериалды препараттары бар балаларға арналған суспензияны айына 34 000 орама өнімділікпен шығаратын өндірісті жобалау	
		Құрамында силодозин бар қатты желатинді капсулаларды шығаратын өндірісті жобалау	
2	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	Кардиотоникалық әсері бар отандық өсімдік шикізатынан алынатын фитосубстанцияны әзірлеу (Ziziphora bungeana Juz.)	**2,06**
		Қарсыпаразиттік композиция	
		Антибактериалдық әсері бар күзгі жусан (Artemisia serotina Bunge) экстракты қосылған таблеткаларды дайындау және оларды алу тәсілі	
		Күзгі жусаннан (Artemisia serotina Bunge) экстракт алу тәсілі	
		Антиоксиданттық және ылғалдандырғыш әсері бар косметикалық композиция	
		Күзгі жусаннан (Artemisia serotina Bunge) эфир майын алу тәсілі	
		Антибиотик негізіндегі пломбалаушы тіс пастасының құрамы	
		Қауырсынды сұлышөп (Hieracium pilosella L.) экстракты қосылған қабынуға қарсы гель	
		Азия жалбызы (Mentha asiatica Boriss) шөбінің сұйық экстрактын алу тәсілі	

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

7-кестеде көрсетілген ЖЖОКБҰ-да түлектердің ғылыми жобаларының бар екендігі расталған: Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы мен С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті.

1.2.3 «Магистратурада/резидентурада оқуды жалғастырған түлектердің үлесі» критерийі

Қазақстанда Еуропалық жоғары білім беру аймағына (European Higher Education Area (EHEA)) кіре отырып, кадрларды даярлаудың үш деңгейлі моделін: бакалавриат, магистратура және PhD докторантураны енгізуді қамтитын жоғары білім беру жүйесін айтарлықтай қайта құрылымдау жүргізілді. Бакалавриат аяқталғаннан кейін түлектердің одан әрі дамуы үшін

әртүрлі мүмкіндіктері бар, мысалы, мамандық бойынша жұмыс іздеу, екінші жоғары білім алу немесе магистратураға түсу.

Магистратура біліктілікті арттыруда және таңдаған мамандығы бойынша білімді тереңдетуде шешуші рөл атқарады, бұл оны кәсіби қалыптасудың маңызды кезеңіне айналдырады. Жыл сайын магистрлік бағдарламалар барған сайын танымал бола бастады, ал магистрлер еңбек нарығында сұранысқа ие бола бастады, бұл қазіргі заманғы экономика жағдайында білім берудің осы деңгейінің өзектілігін көрсетеді.

Бұл критерий бойынша жиналған деректер 8-кестедегідей болды.

8-кесте. «Магистратурада/резидентурада оқуды жалғастырған түлектердің үлесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Магистранттар үлесі			Балл
		Түлектер саны	Түлектер арасында магистратурада оқуды жалғастырғандар саны	үлес %	
1	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	22	10	45,5%	**5,00**
2	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	446	65	14,6%	**1,60**
3	Қарағанды индустриялық университеті	93	6	6,5%	**0,71**
4	Қарағанды Медицина Университеті	107	6	5,6%	**0,62**
5	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	194	9	4,6%	**0,51**
6	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	126	4	3,2%	**0,35**
7	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	102	2	2,0%	**0,22**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

8-кестеде осы критерий бойынша 2024 жылғы түлектерді талдау қорытындыларын көруге болады, түлектердің жалпы саны 1090 болса, оның ішінде 102 түлек әрі қарай магистратурада оқуын жалғастырған, бұл 9% құрайды. Кестеге сәйкес магистратураға түскен түлектердің ең көп үлесі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне тиесілі.

1.2.4 «Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы» критерийі

Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсу үшін іріктеу емтихандарының нысандарының бірі.

Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы – жоғары ҰБТ нәтижелерін көрсеткен талапкерлердің көбінесе қай ЖЖОКБҰ таңдайтынын анықтайтын көрсеткіш. Бұл көрсеткіш ЖЖОКБҰ деңгейін және талапкерлер арасында оның сұранысын анықтауға мүмкіндік береді.

9-кесте. «Білім беру бағдарламасына оқуға түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Талапкерлердің орташа ҰБТ балы	Балл
1	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	85	**3,04**
2	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	85	**3,04**
3	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	72	**2,57**
4	Қарағанды Медицина Университеті	70	**2,49**
5	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	69	**2,46**
6	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	65	**2,30**
7	Қарағанды индустриялық университеті	62	**2,22**

Дереккөз: «Ұлттық тестілеу орталығы» РМК

9-кестеде көрсетілгендей, ББ бойынша 2024-2025 оқу жылында жоғары оқу орнына оқуға түскен талапкерлердің орташа балы 72 балды құраған. Салыстырмалы түрде жоғары балл жинаған талапкерлер келесі ЖЖОКБҰ-ны таңдаған: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті.

1.2.5 «Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі

Шетелдік студенттер өз елдерінде қазақ тілі мен мәдени дәстүрлерінің таралуына ықпал ете отырып, Қазақстандағы заманауи білім беру жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Олардың еліміздің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқуы біздің университеттерге деген халықаралық сұраныс деігейін көрсетеді және олардың рейтингінің жоғарылауына тікелей әсер етеді.

«Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі білім беру бағдарламаларының студенттерді шетелден тарту қабілетін көрсетеді. Бұл

шетелдік студенттер үшін білім беру бағдарламалары мен жоғары оқу орындарының нақты тартымдылығын объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Осы критерийді растау үшін ЖЖОКБҰ келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- шетелдік студенттерді қабылдау туралы бұйрықтар;
- шетелдік студенттердің төлқұжаттарының көшірмелері.

10-кесте. «Шетелдік студенттердің үлесі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Шетелдік студенттер үлесі			Балл
		ББ контингенті	Шетелдік студенттер саны	үлес, %	
1	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	668	76	11,4%	**5,00**
2	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	323	13	4,0%	**1,77**
3	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	552	9	1,6%	**0,72**
4	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	535	8	1,5%	**0,66**
5	Қарағанды индустриялық университеті	794	9	1,1%	**0,50**
6	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	1463	13	0,9%	**0,39**
7	Қарағанды Медицина Университеті	895	7	0,8%	**0,34**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

10-кестеде шетелдік студенттердің «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» ББ жалпы контингентіне қатынасын көруге болады, бұл 2,6% құрайды. Шетелдік студенттердің контингентке шаққандағы ең көп үлесі келесі оқу орындарында анықталды: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

1.3 «ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.3.1 «ЖЖОКБҰ студенттері мен оқытушыларының арақатынасы» критерийі

Студенттер мен оқытушылардың арақатынасы ЖЖОКБҰ ұсынатын білім сапасына әсер ететін негізгі көрсеткіштердің бірі. Бұл критерий оқытуға жеке көзқарас деңгейін және әр студентке оқытушы тарапынан жеткілікті көңіл бөлінетін қолайлы білім беру ортасын құру мүмкіндігін көрсетеді.

Студенттердің оқытушыларға қатынасының төмендігі оқытушылар құрамы жеке кеңес беруге, жұмыстарды тексеруге, ғылыми зерттеулерді басқаруға және практикалық дайындыққа көбірек уақыт бөле отырып, оқушылармен тиімдірек әрекеттесе алуына көбірек мүмкіндік береді. Бұл әсіресе тәжірибеге бағытталған оқытудың жоғары дәрежесін және тереңдетілген зерттеулерді қажет ететін бағдарламалар үшін өте маңызды.

Ал бір ПОҚ шаққанда білім алушылар санының тым көп болуы оқытушыларға шамадан тыс жүктемелер артылатындығын көрсетуі мүмкін, бұл білім беру процесінің сапасын төмендетуі және студенттердің оқуға қызығушылығына теріс әсер етуі мүмкін. Қазіргі білім беру стандарттары мен еңбек нарығының талаптары жағдайында студенттер мен оқытушылар саны арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті сақтау ЖЖОКБҰ бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторына айналады.

Осылайша, осы критерийді талдау оқу орнының оқу жүктемесін ақылға қонымды бөлуді қолдай отырып және оқыту сапасын қамтамасыз ете отырып, білім беру қызметтерінің жоғары деңгейін қаншалықты қамтамасыз ете алатынын бағалауға мүмкіндік береді.

Біздің тарапымыздан ЖЖОКБҰ-да ПОҚ сапасы бойынша берілген мәліметтерді тексеру кезінде мынадай нормативтік құқықтық актілердің іске асырылуы да ескеріледі: Сот төрелігі академиясын, әскери, арнаулы оқу орындарын, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары профессор-оқытушылар құрамының жалпы санын есептеу үшін білім алушылар санының оқытушыларға орташа арақатынасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 606 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада № 17670 болып тіркелген).

11-кесте. «ЖЖОКБҰ студенттері мен оқытушыларының арақатынасы» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ штаттық ПОҚ саны	ЖЖОКБҰ контингенті	Бір ПОҚ-қа шаққандағы білім алушылар саны	Балл
1	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	440	5642	12,8	**5,00**
2	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	2175	28441	13,1	**4,90**
3	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	1097	14540	13,3	**4,84**
4	Қарағанды Медицина Университеті	598	8220	13,7	**4,66**
5	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	885	13916	15,7	**4,08**
6	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	1163	22327	19,2	**3,34**
7	Қарағанды индустриялық университеті	123	2744	22,3	**2,87**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

11-кестеде оқытушылардың ЖЖОКБҰ-ның жалпы контингентіне қатынасын көруге болады. Осы критерий бойынша үздік көрсеткіш Оңтүстік Қазақстан медицина академиясында тіркелді, ол университетте бір оқытушыға орташа есеппен 13 білім алушы келеді.

1.3.2 «Дәрежелі оқытушылардың үлесі» критерийі

Дәрежелі оқытушылардың үлесі профессор-оқытушылар құрамының академиялық біліктілігі мен кәсібилігінің маңызды көрсеткіші. Ғылыми дәрежесі (ғылыми дәрежесі және (немесе) философия докторы PhD/бейіні бойынша доктор (академиялық) дәрежесі және (немесе) ғылыми атағы және «өнер» кадрларын даярлау үшін «ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы» спорттық атағы) бар оқытушылар ЖЖОКБҰ-да білім мен ғылыми қызметтің жоғары деңгейін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Оқу орнында дәрежелі оқытушылардың едәуір санының болуы оның іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылыми әзірлемелердің нәтижелерін білім беру процесіне кіріктіру, сондай-ақ халықаралық ғылыми жобаларға қатысу мүмкіндігі туралы куәландырады. Бұл тез өзгеретін кәсіби орта жағдайында жұмысқа дайын жоғары білікті мамандарды қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасайды.

Сонымен қатар, дәрежелі оқытушылар педагогикалық құзыреттіліктің жоғары деңгейіне ие, бұл оларға білімді тиімді жеткізуге, студенттерде сыни ойлау мен аналитикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Мұндай

оқытушылардың жоғары үлесі оқу орнының академиялық стандарттарға бейілділігін және білім беру бағдарламаларының сапасын үздіксіз жетілдіруге ұмтылысын көрсетеді.

Бұл критерий ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының академиялық және кәсіптік даярлықтың қазіргі заманғы талаптарына қаншалықты сәйкес келетіндігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді, сондай-ақ оның ғылыми және білім беру орталығы ретіндегі беделін нығайтуға ықпал етеді.

12-кесте. «Дәрежелі оқытушылардың үлесі» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ штаттық ПОҚ саны	Штаттық дәрежелі ПОҚ саны	Үлес, (%)	Балл
1	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	2175	1336	61,4%	**5,00**
2	Қарағанды индустриялық университеті	123	60	48,8%	**3,97**
3	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	1097	503	45,9%	**3,73**
4	Қарағанды Медицина Университеті	598	267	44,6%	**3,63**
5	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	440	196	44,5%	**3,63**
6	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	885	366	41,4%	**3,37**
7	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	1163	367	31,6%	**2,57**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

12-кестеде бұл ББ бойынша рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ-ның дәрежелі ПОҚ үлесі орта есеппен 46% құрайтынын көруге болады. Дәрежелі ПОҚ-ның ең көп үлесі мынадай ЖЖОКБҰ-да жұмыс істейді: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Қарағанды индустриялық университеті.

1.3.3 «Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі

«Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі білім беру процесінің қаржылық қамтамасыз етілуін және оқу орнының оқытудың негізгі аспектілеріне қаражат салуға дайындығын бағалауға мүмкіндік беретін маңызды көрсеткіштердің бірі. Бұл критерийде бағдарламалық қамтамасыз ету және кітапхана қорын дамыту шығындары ескеріледі.

Бағдарламалық қамтамасыз ету шығындары әртүрлі пәндерге арналған

арнайы бағдарламалар, оқу процесін басқару жүйелері және оқытудың тиімділігі мен интерактивтілігін арттыратын басқа да цифрлық құралдар сияқты оқу процестеріне қажетті лицензиялық бағдарламаларды сатып алу және жаңарту шығындарын қамтиды. Бұл ББ өзектілігін сақтау және студенттерді заманауи технологиялармен жұмыс істеуге дайындау үшін маңызды.

Кітапхана қорын дамыту шығындарына студенттердің өзекті және сапалы оқу және ғылыми ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін қажетті жаңа оқулықтарды, ғылыми әдебиеттерді, электрондық ресурстар мен дерекқорларды сатып алу шығындары кіреді. Кітапхана қорын дамыту білімді тереңдетуге және ғылыми зерттеулер жүргізуге ықпал ететін академиялық ортаның маңызды құрамдас бөлігі.

13-кесте. «Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ЖЖОКБҰ контингенті	1 студентке шаққандағы шығындар көлемі (теңге)	Балл
1	Қарағанды Медицина Университеті	8220	91318	**5,00**
2	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	5642	16348	**1,50**
3	Қарағанды индустриялық университеті	2744	15687	**1,47**
4	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	28441	13547	**1,37**
5	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	22327	11075	**1,26**
6	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	14540	6294	**1,03**
7	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	13916	5563	**1,00**

Дереккөз: ЖЖОКБҰ мәліметтері

13-кестеде көрсетілген Материалдық және оқу базасын дамытуға арналған шығындарды талдау бойынша келесі ЖЖОКБҰ жоғары нәтиже көрсетті: Қарағанды Медицина Университеті.

1.3.4 «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі

«Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі оқытушыларды қаржылық қолдау деңгейін және жанама түрде оқу орнындағы білім беру процесінің сапасын көрсететін маңызды көрсеткіш. Медианалық жалақы – оқытушылардың жартысы жалақыны осы деңгейден жоғары, ал екінші жартысы төмен алатын бөліну нүктесі. Бұл көрсеткіштің

орташа жалақыдан айырмашылығы, оған өте жоғары немесе өте төмен жалақы сияқты шекті мәндер әсер етпейді.

Медианалық жалақы деңгейі оқытушылардың мотивациясымен және олардың жұмысқа қанағаттануымен тығыз байланысты. Жалақының жоғары деңгейі университетке білікті мамандарды тартуға және ұстап қалуға мүмкіндік береді, ол дегеніміз оқыту мен ғылыми қызметтің сапасына оң әсер етеді. Лайықты жалақы алатын оқытушылар үнемі кәсіби дамуға, ғылыми зерттеулерге қатысуға және студенттермен белсенді қарым-қатынасқа ынталы болады.

Сонымен қатар, медианалық жалақы көрсеткіші ЖЖОКБҰ-ның қаржылық тұрақтылығын және оның басқа оқу орындарымен салыстырғанда бәсекеге қабілетті жалақы деңгейін ұстап тұру қабілетін көрсете алады.

Әдістемеге сәйкес осы критерийді саралау кезінде оқытушы жұмыс істейтін аймақтың күнкөріс деңгейі есепке алынады.

14-кесте. «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі бойынша ЖЖОКБҰ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	ПОҚ медианалық жалақысы (теңге)	Балл
1	Қарағанды Медицина Университеті	725310,0	**5,00**
2	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	658242,8	**3,63**
3	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	584038,9	**2,92**
4	Қарағанды индустриялық университеті	510403,6	**2,73**
5	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	497805,0	**2,60**
6	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	465758,9	**2,08**
7	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	359303,4	**1,00**

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

14-кестеде «Профессор-оқытушылар құрамының медианалық жалақысы» критерийі бойынша талдау нәтижелерін көрсетілген: «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» ББ бойынша ПОҚ орташа медианалық жалақысы 2025 жылы 542 980 теңгені құрады. ББ бойынша рейтингке қатысқан ЖЖОКБҰ арасында Қарағанды Медицина Университеті – 725 310 теңге, С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті – 658 243 теңге көрсеткіштерін көрсетіп, алғашқы орындарды иеленді.

1.4 «Түлектердің мансаптық перспективалары» критерийлер тобы бойынша талдау қорытындылары

1.4.1 «Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі» критерийі

«Түлектердің мансаптық перспективалары» критерийлер тобы түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді. Топ үш критерийден тұрады: түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі, түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы, түлектердің медианалық жалақысы. Бұл критерийлер бойынша білім беру бағдарламаларының 2024 жылғы түлектері талданады. Олардың оқу бітіргеннен кейін, 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңдегі зейнетақы жарналары арқылы талдау жүргізіледі.

«Жұмысқа орналасу деңгейі» көрсеткіші түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін тікелей көрсетеді. Бұл өлшем «тұрақты жұмыспен қамту» және «шартты жұмыспен қамту»болып бөлінеді.

Тұрақты жұмысқа орналасу – 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңде қатарынан кемінде 3 ай тұрақты зейнетақы жарналарын алған жұмысқа орналастырылған түлектердің пайызын көрсететін көрсеткіш.

Шартты жұмыспен қамту – 2024 жылдың тамызынан 2025 жылдың шілдесіне дейінгі кезеңде тұрақты емес негізде зейнетақы аударымдарын алған түлектердің пайызын көрсететін көрсеткіш (яғни тұрақты жұмыспен қамту жағдайларын қоспағанда, тұрақсыз табыс).

Жұмыспен қамтылуды есептеу барысында тұрақты жұмыспен қамтылған түлектердің үлесі жоғары нәтиже береді.

Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін неғұрлым сенімді есептеу үшін жалпы түлектер санынан мынадай санаттар алынып тасталды:

- Магистратурада (резидентурада) оқуды жалғастырған түлектер;
- Шетел азаматтары;
- Декреттік демалыстағы түлектер;
- Мерзімді әскери қызметке шақырылған түлектер;
- Шетелде білім алатын түлектер;
- Шетелде жұмыс істейтін түлектер;
- 1-2 топтағы мүгедектігі бар түлектер;
- Күш құрылымдарының қызметкерлері;
- Жас ерекшелігіне байланысты есептелмейтін түлектер (1996 жылғы және одан үлкен);
- Қайтыс болған түлектер.

2-диаграмма. «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» ББ бойынша түлектердің жалпы саны мен құрамы



2-диаграммаға сәйкес ББ бойынша түлектердің жалпы саны 1093 адамды құрады, оның ішінде: декреттік демалыста – 101; магистратурада (резидентурада) оқуды жалғастырғандар – 93; шетелде білім алатын түлектер – 9; шетел азаматтары – 20; 199 жылғы және одан үлкен – 3.

15-кесте. «Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Түлектердің жалпы саны	Жұмысқа орналасу деңгейі, %	Тұрақты жұмыс, %	Шартты жұмыс, %	Балл
1	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	95	95%	79%	16%	**4,26**
2	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	378	95%	76%	19%	**4,20**
3	Қарағанды Медицина Университеті	99	95%	74%	21%	**4,11**
4	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	16	100%	63%	37%	**3,88**
5	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	170	90%	67%	23%	**3,81**
6	Қарағанды индустриялық университеті	65	95%	52%	43%	**3,48**
7	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	71	87%	56%	31%	**3,44**

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

15-кестеге сәйкес, «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» ББ бойынша жұмысқа орналасудың орташа деңгейі 94% құрап, барлық оқу орындары жоғары нәтиже көрсетті.

3-диаграмма. Түлектерің жұмысқа орналасу деңгейі



3-диаграммадан ББ бойынша түлектердің 71%-ы тұрақты, ал 23%-ы шартты түрде жұмыс істейтінін көруге болады. Түлектердің 6%-ы жұмысқа орналаспаған.

16-кесте. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін салыстырмалы талдау

№	ЖЖОКБҰ атауы	Жұмысқа орналасу деңгейі, %		
		2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.
2	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	100%	89%	100%
1	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	93%	92%	96%
3	Қарағанды индустриялық университеті	–	76%	95%
4	Қарағанды Медицина Университеті	97%	88%	95%
6	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	97%	86%	95%
5	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	86%	84%	90%
7	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	–	40%	87%

Дереккөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

— - рейтингке қатыспаған

16-кестедегі салыстырмалы талдауға сәйкес бұл критерий бойынша өткен жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда келесі оқу орындарының көрсеткіштері жақсарған: С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті, Қарағанды индустриялық университеті, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті.

4-диаграмма. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін салыстырмалы талдау



4-диаграмма еңбек нарығында ББ түлектеріне сұраныстың динамикасын көрсетеді. 2024 жылғы рейтингпен салыстырғанда осы критерий көрсеткіштері жақсарды: 2023 жылы жұмысқа орналасудың орташа деңгейі - 95%, 2024 жылы - 79%, ал 2025 жылы - 94% құрады.

1.4.2 «Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы» критерийі

Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы түлектердің оқуды бітіргеннен кейін қаншалықты жылдам жұмыс таба алатынын көрсететін маңызды көрсеткіш. Бұл көрсеткіш нақты білім беру бағдарламасы мен ЖЖОКБҰ дайындаған еңбек нарығындағы мамандардың сұраныс деңгейін көрсетеді.

Жұмыс іздеудің қысқа кезеңі түлектердің жоғары бәсекеге қабілеттілігін, оқу орнының жақсы беделін және білім беру бағдарламасының жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкестігін көрсетеді. Жұмыс іздеудің ұзақ кезеңі түлектердің жеткіліксіз дайындығын, олардың дағдыларының еңбек нарығының талаптарына сәйкес келмеуін немесе белгілі бір салада жұмысқа орналасудың жалпы күрделілігін көрсетуі мүмкін.

Жұмыс іздеу ұзақтығын талдау білім беру ұйымдарына өз бағдарламаларының тиімділігін бағалауға және қажет болған жағдайда түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелерін жақсарту үшін түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

17-кесте. «Түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Жұмыс іздеу ұзақтығы (аймен)	Балл
1	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	1,66	**4,70**
2	Қарағанды Медицина Университеті	1,81	**4,63**
3	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	2,01	**4,54**
4	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	2,17	**4,47**

5	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	2,64	**4,25**
6	Қарағанды индустриялық университеті	2,68	**4,24**
7	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	2,67	**4,24**

Дерекқөз: ҚР ҒЖБМ мәліметтері

17-кестеде түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығының нәтижелері көрсетілген. Келесі ЖЖОКБҰ-да түлектер 2 айдан аз уақыт ішінде жұмысқа орналасқан: Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Қарағанды Медицина Университеті.

5-диаграмма. 2023-2025 жылдардағы түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығын салыстырмалы талдау



5-диаграмма еңбек нарығында «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» ББ бойынша түлектердің жұмыс іздеу ұзақтығындағы өзгерістерді көрсетеді. Өткен жылдармен салыстырғанда осы критерийдің көрсеткіштері жақсарған. Бұл өзгерістер ББ түлектеріне сұраныс динамикасын көрсетеді. 2023 жылы жұмыс іздеудің орташа ұзақтығы 2,55 айды, 2024 жылы 3,36 айды, ал 2025 жылы 2,23 айды құрады.

1.4.3 «Түлектердің медианалық жалақысы» критерийі

Медианалық жалақы оқуды бітіргеннен кейінгі алғашқы жылы жұмысқа орналасқан түлектердің табыс деңгейін көрсетеді. Жоғары бастапқы жалақы көбінесе білім беру бағдарламасының сапасының және оны кәсіби ортаның мойындауының көрсеткіші.

Түлектердің медианалық жалақысы туралы мәліметтер оқу орнын таңдау кезінде талапкерлер үшін бағдар бола алады, өйткені олар осы бағдарламаның түлектерінің жұмысқа орналасу және лайықты жалақы алу үшін жақсы перспективалары бар екеніне сенімді бола алады. Сонымен қатар, медианалық жалақысы жоғары бағдарламалар жұмыс берушілердің де назарын аударады, бұл тез мансаптық өсу мен тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады.

Есепте соңғы үш жылдағы түлектердің медианалық жалақысының динамикасы қарастырылады, бұл еңбек нарығындағы трендтерді анықтауға және белгілі бір білім беру бағдарламаларының түлектерінің қаншалықты табысты екенін бағалауға мүмкіндік береді.

Әдістемеге сәйкес осы критерийді саралау кезінде түлек жұмыс істейтін аймақтың күнкөріс деңгейі есепке алынады.

18-кесте. «Түлектердің медианалық жалақысы» критерийі бойынша ББ көрсеткіштері

№	ЖЖОКБҰ атауы	Медианалық жалақы, теңге	Балл
1	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	229593,2	**5,00**
2	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	192423,8	**3,79**
3	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	184501,6	**2,77**
4	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	157627,5	**1,96**
5	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	143293,4	**1,48**
6	Қарағанды Медицина Университеті	143125,0	**1,47**
7	Қарағанды индустриялық университеті	134444,9	**1,00**

Дереккөз: ҚР ҚР ҒЖБМ мәліметтері

18-кестеде осы критерий бойынша талдау көрсетілген. Осы көрсеткіш бойынша көшбасшылар: С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті мен Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы.

2 Білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі

Білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі білім беру процесінің сапасын, түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін, сондай-ақ жоғары оқу орындары қызметінің жалпы көрсеткіштерін көрсететін барлық критерийлерді жан-жақты талдаудың нәтижесі болып табылады. Бұл бөлімде критерийлердің бірнеше тобы бойынша бағалау негізінде қалыптастырылған «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» ББ бойынша қорытынды рейтинг ұсынылған: білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері, түлектердің мансаптық перспективалары.

2025 жылғы рейтинг жоғарыда аталған блоктар бойынша топтастырылған 17 критерий негізінде құрылды. Әрбір критерийдің жалпы бағалау процесінде оның маңыздылығын көрсететін белгілі бір салмағы бар.

Қорытынды рейтингтің негізгі мақсаты – талапкерлерге, жұмыс берушілерге және басқа да мүдделі тараптарға ақпараттандырылған таңдау жасауға көмектесетін білім беру бағдарламаларына объективті баға беру. Сондай-ақ, рейтинг нәтижелері ЖЖОКБҰ үшін өздерінің білім беру бағдарламаларын жетілдіру және олардың ұлттық және халықаралық деңгейлердегі бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағытында бағдар бола алады.

19-кесте. «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» ББ бойынша қорытынды рейтинг

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ атауы	Жалпы қорытынды	Рейтингтегі орны
1	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	6В07201 Фармацевтикалық өндіріс технологиясы	3,650	1/7
2	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	6В07201 Фармацевтикалық өндіріс технологиясы	3,640	2/7
3	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	6В07201 Фармацевтикалық өндіріс технологиясы	3,260	3/7
4	Қарағанды Медицина Университеті	6В07201 Фармацевтикалық өндіріс технологиясы	3,119	4/7
5	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	6В07201 Фармацевтикалық өндіріс технологиясы	3,018	5/7
6	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	6В07270 Фармацевтикалық өндіріс технологиясы	3,014	6/7
7	Қарағанды индустриялық университеті	6В07204 Фармацевтикалық өндіріс технологиясы	2,656	7/7

19-кестеде «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» ББ бойынша 2025 жылғы рейтингті талдау қорытындылары ұсынылған. Деректерге сәйкес,

биылғы рейтингте ТОП-2 құрамына С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті кірді.

20-кесте. 2023-2025 жылдардағы «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» ББ бойынша рейтингтегі орындары

№	ЖЖОКБҰ атауы	Рейтингтегі орны		
		2023 ж.	2024 ж.	2025 ж.
1	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	1 / 5	1 / 7	1/7
2	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	3 / 5	3 / 7	2/7
3	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	4 / 5	4 / 7	3/7
4	Қарағанды Медицина Университеті	2 / 5	2 / 7	4/7
5	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	5 / 5	5 / 7	5/7
6	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	–	7 / 7	6/7
7	Қарағанды индустриялық университеті	–	6 / 7	7/7

— - рейтингке қатыспаған

20-кестеде 2023-2025 жылдары «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» ББ бойынша рейтингке қатысқан оқу орындарының рейтингте алған орындары салыстырылды. С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті үш жылғы рейтингте де бірінші орын алған.

2025 жылы соңғы орын алған Қарағанды индустриялық университеті 2023 жылы рейтингке қатыспаған, ал 2024 жылы 7 оқу орнының арасында 6-орында болған.

2025 жылғы білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» саласында мамандар даярлаудың әртүрлілігі мен сапасын көрсетеді. Талдау көрсеткендей, еңбек нарығының талаптары мен халықаралық стандарттарға бейімделе отырып, өз бағдарламаларын белсенді түрде жетілдіретін білім беру мекемелері жетекші орындарға ие болды.

С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті сияқты университеттердің жоғары нәтижелері олардың бәсекеге қабілеттілігін және түлектерінің сұранысын растайды. Бұл оқу орындары түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі, орташа жалақы және білім беру бағдарламаларының сапасы сияқты бірқатар критерийлер бойынша жоғары нәтижелер көрсетті.

Рейтинг нәтижелері талапкерлер, жұмыс берушілер және жоғары оқу орындары үшін құнды бағдар болып табылады, әрбір білім беру бағдарламасының мықты жақтарын анықтауға көмектеседі. Болашақта білім беру стандарттарын жақсарту және халықаралық ынтымақтастықты арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру Қазақстанның білім беру жүйесін одан әрі дамыту үшін маңызды қадам болады.

Қорытынды

2025 жылғы ББ бойынша білім беру бағдарламаларының қорытынды рейтингі Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін жақсарту үшін елеулі жетістіктер мен салаларды анықтауға мүмкіндік берді. Рейтингте жетекші орындарды білім беру бағдарламаларының сапа көрсеткіштері, білім беру бағдарламасының жетістіктері, ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері, түлектердің мансаптық перспективалары сияқты критерийлер топтары бойынша жоғары нәтижелер көрсете алған университеттер иеленді.

Талдау көрсеткендей, рейтингтің жоғарғы қатарында тұрған ЖЖОКБҰ студенттерді теориялық біліммен ғана емес, сонымен қатар еңбек нарығында сұранысқа ие практикалық дағдылармен қамтамасыз ете отырып, өздерінің білім беру бағдарламаларын жетілдіру бойынша белсенді жұмыс істейді. Алдыңғы қатардағы жоғары оқу орындары жұмыс берушілермен өзара іс-қимылға және халықаралық сапа стандарттарын интеграциялауға ерекше назар аударатынын атап өту керек, себебі бұл олардың түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай арттырады.

Сонымен бірге, есеп назар аударуды қажет ететін кейбір кемшіліктерді анықтады. Мысалы, бірқатар ЖЖОКБҰ-да студенттердің академиялық ұтқырлығы мен ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары, шетелдік студенттер үлесі бойынша төмен көрсеткіштер байқалады, бұл осы бағыттарды одан әрі дамыту қажеттігін көрсетеді. Сондай-ақ, оқу орындарының бір студентке шаққандағы қаржылық шығындар көлемінде айтарлықтай айырмашылықтар байқалды.

Рейтинг нәтижелері барлық мүдделі тараптар үшін маңызды құрал. Талапкерлер мен олардың ата-аналары үшін рейтинг оқу орнын таңдау кезінде бағдар, жұмыс берушілер үшін – мамандарды даярлау сапасының индикаторы, ал жоғары оқу орындарының өздері үшін – өз бағдарламаларын жақсартуға және бәсекелестік ортадағы позицияларын нығайтуға ынталандыру ретінде қызмет етеді.

Қорытындыны келесідей жасауға болады: елеулі жетістіктерге қарамастан, Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі жаңғыртуды және жаңа сын-тегеуріндерге бейімделуді жалғастыруда. Әр ЖЖОКБҰ білім беру бағдарламаларының жоғары деңгейін қолдап қана қоймай, еңбек нарығындағы өзгерістер мен қоғамның қажеттіліктерін ескере отырып, оларды үнемі жақсартуға ұмтылуы тиіс. 2025 жылғы қорытынды рейтинг жаһандық аренада қазақстандық білім берудің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ете отырып, осы мақсаттарға қол жеткізу жолындағы маңызды қадамдардың бірі. Білім беру бағдарламаларын жетілдіруді жалғастыру және түлектерді тез өзгеретін әлемде табысты кәсіби қызмет үшін қажетті білім мен дағдылармен қамтамасыз ету үшін жан-жақты жұмыс жасау өте маңызды.

Қосымша 1

«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» ББ бойынша рейтингке қатысатын ЖЖОКБҰ тізімі

№	ЖЖОКБҰ атауы	ББ атауы
1	С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті	6В07201 Фармацевтикалық өндіріс технологиясы
2	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	6В07201 Фармацевтикалық өндіріс технологиясы
3	Қарағанды индустриялық университеті	6В07204 Фармацевтикалық өндіріс технологиясы
4	Қарағанды Медицина Университеті	6В07201 Фармацевтикалық өндіріс технологиясы
5	Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	6В07201 Фармацевтикалық өндіріс технологиясы
6	Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы	6В07201 Фармацевтикалық өндіріс технологиясы
7	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	6В07270 Фармацевтикалық өндіріс технологиясы